- Егер автокөлікті қараусыз қалдырмақшы болсаңыз, кілтті өзіңізбен алыңыз және тіпті автокөлікті гаражда немесе үйіңіздің алдындағы тротуарда қалдыратын болсаңыз да, барлық есіктерді құлыптаңыз.
- Автокөлікті жақсы жарықтандырылған және кең орындарға тұраққа қойған және ішінде бағалы заттарды қалдырмаған дұрыс.

■ Пайдаланылған газдар

- Пайдаланылған газдармен тыныстаудан сақтаныңыз. Олардың құрамында қауіпті түссіз, иісі жоқ газ — көміртек оксиді (CO) бар. Ол адамның ес-түсін жоғалтуына және тіпті өліміне алып келуі мүмкін.
- Газ шығару жүйесінің жылыстауларының немесе босап кеткен қосылыстарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Газ шығару жүйесін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Егер газ шығару жүйесінің дыбысының өзгергенін байқасаңыз, оны дереу тексеріңіз.
- Автокөліктің кіріп-шығуына қажетті уақытты есептемегенде қозғалтқыштың гаражда немесе басқа жабық үй-жайлардың ішінде жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Пайдаланылған газдар жинақталады және күрделі улануға алып келуі мүмкін.
- Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөліктің ішінде ұзақ уақыт отырмаңыз. Егер бұл амалсыз жағдай болса, онда автокөлік ашық алаңда тұруы, ал желдету немесе кондиционер жүйесі салонға сырттан ауа кіргізіп тұруы тиіс.
- Автокөлік қозғалған кезде жүксалғыш есігі жабық болуы тиіс. Жүксалғыш есігі ашық немесе толық жабылмаған күйде пайдаланылған газдар автокөлік ішіне кіреді.
- Автокөліктің желдету жүйесінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін ауа қармауыштардың торларынан қарды, жапырақтарды және басқа бөтен заттарды тазалап алып отырыңыз.
- Егер пайдаланылған газдар автокөлік салонына кірсе (және олардың иісін сезсеңіз), таза ауа кіргізу үшін терезелерді ашыңыз және кідірместен орын алған жағдайдың себебін анықтап, жойыңыз.

Газ шығару жүйесін тексеру

Газ шығару жүйесін тексеру келесі жағдайларда жүргізілуі тиіс.

1. Егер пайдаланылған газдардың иісін сезсеңіз.
2. Егер газ шығару жүйесінің дыбысының өзгергенін байқасаңыз.
3. Егер жол-көлік оқиғасында газ шығару жүйесіне зақым келген болса.
4. Автокөлікті қарап тексеру немесе жөндеу үшін көтергішпен көтерген әрбір жолы.

1-9. Жолсыз жерлерде жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Жолсыз жерде айдау

Ауыр жарақаттар алу немесе автокөлікті зақымдау қаупін барынша азайту үшін әрдайым келесі сақтық шараларын орындаңыз.

- Жолсыз жер жағдайларында жүрген кезде абай болыңыз. Қауіпті жерлермен жүрмеңіз.
- Жолсыз жер жағдайларында жүрген кезде екі қолыңыздың да бас бармақтарымен бірге саусақтарының руль дөңгелегін сыртқы жағынан ұстап отыруын қадағалаңыз.
- Құм, балшық, су немесе қар басқан жолмен жүріп өткеннен кейін әрдайым бірден тежеу жүйесінің тиімділігін тексеріңіз.
- Жүргізуші мен барлық жолаушылар автокөліктің қай жерде жүріп келе жатқанына қарамастан қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс.

⚠ ҚАУІП

- Биік шөп өскен, балшық, қиыршық тас, құм басқан жермен жүргеннен, судан кешіп өткеннен және т. б. кейін шанақтың түбінде және аспада шөптің, бұта бұтақтарының, қағаздың, шүберектердің, тастардың, құмның және т. с. с. қалып қоймағанына көз жеткізіңіз. Жоғарыда айтылған заттарды шанақ түбінен және аспадан тазалап алыңыз. Егер осылай жасамасаңыз, автокөлік тораптары бұзылуы немесе ол өртенуі мүмкін.
- Жолсыз немесе ойлы-қырлы жермен жүрген кезде жоғары жылдамдықты ұстауға, көлікпен секіруге, шұғыл бұрылу әрекеттерін жасауға, кедергілерге соқтығысуға және т. с. с. тыйым салынады. Бұл басқарымдылықты жоғалтуға немесе аударылуға, ауыр жарақаттар алуға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін. Мұндай жүргізу тәсілінің басқа нәтижесі автокөліктің жүріс бөлігінің қымбатқа түсетін жөндеу жұмысы болуы мүмкін.

1-10. Жаңбырда көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Тайғақ жолмен жүргізу

Жаңбыр кезінде көру мүмкіндігінің нашарлауына, әйнектердің булану ықтималдығына және жол төсемінің тайғанақтығына байланысты абайлап қозғалу қажет.

- Жаңбыр кезінде жоғары жылдамдықпен қозғалудан аулақ болу қажет, себебі дөңгелектер мен жол бетінің арасында су қабаты түзілуі мүмкін. Мұндайда автокөлік басқарымдылығын жоғалтады және тежеле алмай қалады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тайғақ жолда шұғыл тежелу, жылдамдықты күрт үдету және шұғыл маневр жасау дөңгелектердің тайғанауына алып келуі және автокөлікті бақылаудан айыруы мүмкін, бұл өз кезегінде жол-көлік оқиғасына ұшыратуы мүмкін.
- Иінді біліктің айналу жиілігін күрт өзгерту, мысалы, қозғалтқышпен тежелу автокөліктің бүйірге сырғуына алып келуі және жол-көлік оқиғасына ұшыратуы мүмкін.
- Шалшық судан кешіп өткеннен кейін тежегіш педалін жеңіл басып көріп, тежеу механизмдерінің тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Ылғал тежегіш қыспақтары қалыпты тежелуді қамтамасыз етпейді. Егер ылғал тежегіш қыспақтарына байланысты автокөліктің бір бортындағы тежеу механизмдері тиісінше жұмыс істемей тұрса, бұл оның басқарымдылығын нашарлатады және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

Су кедергісінен өту



Нөсер жауыннан және т. с. с. пайда болған су кедергісінен өткен кезде автокөлікке күрделі зақым келуі мүмкін. Егер су кедергісінен амалсыз өту қажет болса, оның тереңдігін тексеріңіз, сондай-ақ жайымен және абайлап қозғалыңыз.

1. Су кедергісінен өткенде қозғалтқыш, руль және тежеу жүйесі қалыпты істеп тұрғанын қадағалаңыз. Су кедергісінен баяу әрі бірқалыпты өту үшін төменгі берілісті қосып, акселератор педалін күрт баспаңыз. Әйтпесе су қозғалтқышқа тиіп кетуі мүмкін.
2. Акселератор педалін басқанда қозғалтқыш тұрақты істейтінін әрі жеткілікті қуатты үдететінін қадағалаңыз. Су кедергісінен өту кезінде тоқтауға, берілістерді ауыстырып қосуға және кілт бұрылу әрекеттерін жасауға тыйым салынады.
3. Автокөлік қозғалтқышы судан өтіп бара жатқанда сөніп қалса, оны бірден оталдыруға тырыспаңыз. Әйтпесе, қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін. Автокөлікті суы таяз қауіпсіз жерге сүйреп шығарыңыз да, қозғалтқыштың сөну себебін анықтаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер судың тереңдігі дөңгелек тоғынына дейін жетіп тұрса, су кедергісінен өтуге тыйым салынады.
- Қозғалтқыштың кіргізу жүйесіне немесе шығару түтігіне су кірген жағдайда қозғалтқышқа күрделі зақым келуі мүмкін.
- Су дөңгелек мойынтіректеріндегі жағармайды ығыстырып шығаруы, олардың коррозиясына және мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.
- Су кедергісінен өту трансмиссия агрегаттарының зақымдалуына алып келуі мүмкін. Су кедергісінен өткеннен кейін әрқашан автокөліктегі жұмыс сұйықтықтарының (мотор майы, трансмиссиялық сұйықтық және т. б.) ағып кеткенін не ағып кетпегенін көзбен тексеріңіз. Кез келген пайдалану сұйықтығының жылыстауы пайда болса, автокөлікті пайдалануды тоқтатыңыз, себебі бұл агрегаттардың істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Су кедергісінен өткеннен кейін тарту күші және тежелу тиімділігі азаяды. Тежелу жолы ұлғаяды. Тежегіш дискілерінің айналасына жиналып қалған құм мен балшық тежелу тиімділігіне әсер етуі және тежеу жүйесінің компоненттерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Су кедергісінен өту аяқталғаннан кейін тежеу механизмдерін кептіріп алу үшін тежегіш педалін бірнеше рет жеңіл басыңыз.

1-11. Қысқы жағдайларда көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Көлікті қысқы жағдайларда жүргізу бойынша кеңестер

- Салқындату сұйықтығы. Салқындату сұйықтығының нөлден төмен температураларда қатпайтын қабілетін сақтайтынына көз жеткізіңіз. Тек ұсынылған салқындату сұйықтығын ғана қолданыңыз. Салқындату сұйықтығының түрін таңдау туралы толығырақ ақпарат сәйкес бөлімде келтірілген.
- Аккумулятор батареясы және сымдар. Төмен температураларда кез келген аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмендейді. Сондықтан қысқы ауа райы жағдайларында қозғалтқышты оталдыру үшін аккумулятор батареясының жеткілікті заряд деңгейі болуы тиіс.
- Мотор майы. Қыста жергілікті температура жағдайларына сәйкес мотор майын таңдауға кеңес беріледі. Майдың төмен температурадағы тұтқырлығы неғұрлым төмен болса, оның төмен температурадағы аққыштығы соғұрлым жоғары және ол қоршаған ортаның төмен температуралары жағдайында қолдануға көбірек сәйкес келеді. !!!Бұл сөйлемді жойыңыз!!!
- Есіктердің құлыптары. Есіктердің құлыптары қатып қалатын жағдайлардан сақтаныңыз. Ол үшін оларды мұз қатудан қорғайтын құралмен немесе глицеринмен өңдеу қажет.
- Жуғыш сұйықтығы. Жуғышқа арналған қатпайтын сұйықтықты қолданыңыз. Оны ресми дилердің сервистік станцияларынан және автокөлік қосалқы бөлшектері дүкендерінен сатып алуға болады.
- Қанат астарлары. Жартықанаттардың астында қар мен мұздың жиналуына жол бермеңіз. Әйтпесе автокөлікті басқару қиындайды. Қысқы жағдайларда жол жүрген кезде мезгіл-мезгілімен тоқтау және қанат астарына қар мен мұздың жиналып қалмауын тексеріп отыру қажет. Жолда сізге қажет болуы мүмкін құрылғыларды алып жүруге кеңес беріледі. Оларға келесілер жатады: сырғытпайтын шынжырлар, әйнектерді тазалауға арналған қырғыш, құм немесе тұз қоры, сигналдық жыпылықтайтын шам, күрек, қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыруға арналған сымдар және т. б.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Салқындату сұйықтығының орнына суды қолдануға тыйым салынады.
- Жуғыш багына қозғалтқышқа арналған салқындату сұйықтығын және басқа сәйкес келмейтін сұйықтықтарды құюға тыйым салынады, себебі олар шанақтың лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

Автокөлікті мұз қатқан және қар басқан жолдармен жүргізу



Тайғақ, мысалы, мұз не қар басқан жолда жылдамдықты күрт үдету артқы дөңгелектердің оңға немесе солға сырғуына алып келуі мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайларда автокөлікті абайлап жүргізу және төмен жылдамдықпен қозғалу қажет.

Сонымен бірге егер автокөлік ылғал немесе шалшық басқан жолмен жүріп келе жатса, шинаның жолмен жанасу аймағында су қабаты түзілуі мүмкін. Бұл басқарымдылықтан айырылуға және тежеу сипаттамаларының нашарлауына алып келуі мүмкін. Мұз басқан немесе қарлы жолдарда орыннан қозғалғанда, дөңгелектерге түсетін айналу сәтін азайту және олар сырғып кетпеуі үшін 2-ші берілісті (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік) пайдалануға болады. Мұндай жағдайларда ESP жүйесін қосуға кеңес беріледі.

■ Батпаққа, қарға немесе мұзға батып қалған автокөлікті эвакуациялау

Егер жетекші дөңгелек батпаққа, қарға немесе мұзға батып қалса, автокөлікті ырғау арқылы шығаруға әрекет етіп көріңіз. Селектор тұтқасын/берілістерді ауыстыру тұтқасын алға жүру күйінен артқа жүру күйіне және керісінше кезекпен ауыстырыңыз, оның күйі өзгерген сайын акселератор педалін аздап басыңыз. Бұл кезде селектор тұтқасы/берілістерді ауыстыру тұтқасы ұзақ уақыт бойы алға немесе артқа жүру күйінде болмауы керек, себебі бұл беріліс қорабы бөлшектерінің шамадан тыс тозуына әкеледі.

Сырғытпайтын шынжырлар

Автокөлігіңіздің шиналарының өлшеміне сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырлар жиынтығын сатып алыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнату және шешіп алу кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

1. Сырғытпайтын шынжырларды қолдану бойынша жергілікті заңнама талаптарын сақтаңыз.
2. Сырғытпайтын шынжырларды қауіпсіз жерде орнатыңыз және шешіп алыңыз.
3. Сырғытпайтын шынжырларды өндірушінің нұсқаулығына сәйкес орнатыңыз.
4. Сырғытпайтын шынжырларды тек жетекші дөңгелектерге орнату керек.
5. Қалыңдығы 12 мм-ден аспайтын резеңке сырғытпайтын шынжырларды қолдануға кеңес беріледі. Әйтпесе шиналарды, дөңгелек дискілерін, дөңгелектердің жетек жүйесін, тежеу жүйесін, қанат астарларын және кірқалқандарды зақымдап алуыңыз мүмкін. Сырғытпайтын шынжырларды дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде автокөлікке келтірілген зақымдар кепілдікпен өтелмейді.
6. Дөңгелектер мен шиналар туралы қосымша ақпарат алу үшін ресми дилердің сервистік станциясына хабарласыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жол-көлік оқиғасының орын алу ықтималдығын барынша азайту үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз. Әйтпесе автокөлікті қауіпсіз пайдалану мүмкін болмай қалуы мүмкін және күрделі жарақаттар алу немесе опат болу қаупі туындайды.

- Сырғытпайтын шынжырларды пайдалануға қойылатын талаптар орналасқан жерге және жол түріне байланысты әртүрлі болады. Сырғытпайтын шынжырларды орнатпас бұрын жергілікті заңнаманың сәйкес талаптарымен танысып алыңыз.
- Таңдаған сырғытпайтын шынжырларыңыздың автокөлігіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Автокөлікке сырғытпайтын шынжырларды орнату оның басқарымдылығына әсер етеді, сондықтан автокөлікті абайлап жүргізіңіз. Сәйкес келмейтін сырғытпайтын шынжырларды пайдалану немесе оларды дұрыс орнатпау жол-көлік оқиғасына алып келуі және жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан және шешіп алған кезде өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Сырғытпайтын шынжырларды қауіпсіз жерде орнатыңыз және шешіп алыңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнатпас бұрын қозғалтқышты өшіріңіз (автоматты беріліс қорабының селектор тұтқасы бұл кезде P күйінде болуы керек). Қажет болса, апаттық аялдау белгісін қойыңыз.
- Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікпен 30 км/сағ-тан (немесе 30 км/сағ-тан төмен болса, шынжырлардың өндірушісі тарапынан белгіленген максималды жылдамдықтан) асатын жылдамдықпен жүруге тыйым салынады. Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікті жүргізген кезде жол төсеміндегі кедір-бұдырлар және шұңқырлар, жолдың шұғыл бұрылыстары және т. б. секілді қауіпті жол жағдайларынан сақтаныңыз. Руль дөңгелегін шұғыл бұрудан, жылдамдықты шұғыл үдетуден және баяулатудан және т. б. сақтаныңыз.

1-12. Киберқауіпсіздік туралы хабарлама

Киберқауіпсіздікті қолдау қызметінің жаңарту немесе доғару туралы хабарламасы

Компания тиісті бағдарламалық жасақтамада және **Internet of Vehicles** сервисінің жабдықтарында киберқауіпсіздікті қолдау қызметтерін ұсынды және бұл қызметті үнемі немесе тұрақсыз түрде жаңартып тұрады немесе тоқтатады.

Кәдеге жаратылған автокөлік желілік қауіпсіздік қызметін көрсетуін доғарады; Желілік қауіпсіздік қызметтері автокөлік өндірістен алынғаннан кейін 10 жыл бойы қажетті қызметтерді қолдап отыратын болады.

Біз клиенттерге веб-сайттағы хабарландырулар, электрондық хаттар, автокөліктегі жүйелер, ұялы телефонға мәтіндік хабарламалар жіберу, дауыстық қоңыраулар және т. б. арқылы хабарлама мазмұнының белгілі бір түрінде хабарлай аламыз.

Электрондық пошта, SMS және дауыстық қоңыраулар клиенттің есептік жазбасында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына және ұялы телефонға жіберіледі.

Кәдеге жарату немесе өзге тұлғаға сату жағдайына арналған киберқауіпсіздік туралы хабарлама

Көлік құралын сатар немесе кәдеге жаратуға өткізер алдында, яғни бұдан әрі көлік құралына иелік етуді доғармақшы болсаңыз, Сізге көлік құралының терминалындағы жеке ақпаратты өз бетіңізше тазалап өшіру қажет болады.

Егер бұрыс іс-әрекеттердің салдарынан көлік терминалының жеке ақпараты үшінші тарапқа берілетін болса, компания ешқандай жауапкершілік көтермейді.

Біздің дилерлік желіміз сәйкес ережелермен таныстырылған және кеңес алу үшін әрдайым өзіңізге ең жақын орналасқан дилерге жүгінуіңізге болады.

2-1. Аспаптар тақтасы (7-дюймдік) 27
Аспаптар тақтасына шолу 27
Ақпараттық дисплей 29
Баптау 31

2-2. Аспаптар тақтасы (12,3-дюймдік) 40
Аспаптар тақтасына шолу 40
Ақпараттық дисплей 42
Баптау 43

2-3. Аспаптар тақтасы (қос дисплей) 49
Аспаптар тақтасына шолу 49
Ақпараттық дисплей 51
Баптау 53

2-4. Индикаторлар мен дабылдар 54
Индикаторлар мен дабылдар 54

2-5. Руль 60
Дыбыс сигналы 60
Рульді жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 61
Рульдің күйін реттеу 61

2-6. Артқы көрініс айналары .. 62
«Күн» және «түн» режимдері қолмен реттелетін ішкі артқы көрініс айнасы 62
Автоматты түрде күңгірттелетін ішкі артқы көрініс айнасы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 63
Сыртқы артқы көрініс айналары 63
Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін жадқа сақтау функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) ... 65
Артқы жүрісті қосқанда сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде төмендету функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 65

2-7. Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштар 66
Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштарды басқару 66
Алдыңғы әйнек жуғышының бүріккіштерін жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 68
Тазартқыш щеткаларын ауыстыру 69

2-8. Жарықтандыру және жарық сигналын беру жүйесінің аспаптары 70

Сыртқы жарықтандыру құрылғылары 70

Салон жарығы 74

Фаралар жарығының өшуін кешіктіру функциясы 76

Қашықтан басқару пульті арқылы автокөлікті іздеу функциясы 77

Бейімделетін бас жарық жүйесі (AFS) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 77

Фаралар жарығын интеллектуалды басқару жүйесі (IHC) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 77

Фаралардың булануы 78

2-9. Орындық 79

Орындықтағы дұрыс күй ...79

Бассүйегіштер.....79

Алдыңғы орындықтар 80

Екінші қатардағы орындық 83

Орындықтарды жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 86

Орындықтарды желдету (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін).....87

Орындықтардың орналасуын жадта сақтау функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін).....88

Автокөлікке отыруды және одан түсуді жеңілдету функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін).....89

2-10. Қауіпсіздік белбеулері 90

Қауіпсіздік белбеулері.....90

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін).....94

2-11. Бала бекіту құрылғылары 95

Бала бекіту құрылғылары 95

Жоғарғы стропты бекіту 98

Бала бекіту құрылғысын орнату.....99

Артқы орындықта балалар қалғаны туралы еске салу (автокөліктің кейбір орындалу нұсқалары үшін).....105

2-1. Аспаптар тақтасы (7-дюймдік)

Аспаптар тақтасына шолу



1 Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші: қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Қыздырылмаған қозғалтқыш: Көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының төмен температурасын білдіреді. Бұл температура диапазонында қозғалтқыш иінді біліктің жоғары жылдамдықпен айналдырмауы керек және ауыр жүктемемен жұмыс істемеуі керек.

Қозғалтқыштың қызып кетуі: Көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының жоғарғы температурасын білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз орында тоқтатыңыз және қозғалтқыш бірнеше минут бос жұмыс істегеннен кейін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер көрсеткіш салқындату сұйықтығының төмен температура диапазонында тым ұзақ болса, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Егер көрсеткіш қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының жоғары температура диапазонында болса, салқындату жүйесінің кеңейту бағының қақпағын ашуға тыйым салынады. Қозғалтқыш салқындағаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болғанда пайдалануға тыйым салынады. Әйтпесе қозғалтқыштың қатты бұзылуы мүмкін.

2 Спидометр: Автокөліктің қозғалыс жылдамдығын км/сағ-та көрсету үшін қызмет етеді.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> Спидометрдің көрсеткіштеріне автокөлікке орнатылған шиналардың өлшемі әсер етеді. Спидометрдің дұрыс көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін ұсынылған өлшемдегі шиналарды пайдалану керек (қосымша ақпарат алу үшін «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).

3 Тахометр: Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін x 1000 айн/мин көрсету үшін қызмет етеді.

Автокөлікті сынап жүргізгеннен кейін қозғалтқышты иінді білігін 6000–8000 айн/мин жиілікпен жұмыс істетуге рұқсат етіледі (тахометрдің қызыл аймағы). Автокөлікті осы айналым диапазонында ұзақ уақыт пайдалануға тыйым салынады.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> - Автокөлікті сынаған кезде иінді білігінің айналу жиілігі жоғары қозғалтқышты істетіп қоюға болмайды.
> - Қозғалтқыштың айналу жиілігін 6000 айн/мин және одан жоғары диапазонда ұзақ уақыт ұстауға тыйым салынады, себебі бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

4 Отын деңгейінің көрсеткіші: Бакта қалған отын мөлшерін көрсетеді.


Егер отын деңгейінің көрсеткіші «E» диапазонында болса немесе отынның минималды деңгейінің дабылы жанса, бұл бактағы отынның жүріс қорының жеткіліксіздігін көрсетеді. Мүмкіндік туа салысымен автокөлікке отын құйыңыз.

> 📖 ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
>
> Жылдамдықты үдету, күрт тежеу, кілт бұрылыстардан өту немесе автокөлік еңісте қозғалған кезде деңгей көрсеткіштері дұрыс болмауы мүмкін.

Ақпараттық дисплей

Қалыпты дисплей режимі

Қалыпты режимде дисплейде келесі экрандар көрсетіледі. Оларды рульдегі « ◀ » немесе «▶» түймесімен ауыстыруға болады.




ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Bluetooth арқылы қоңырау шалу кезінде аспаптар тақтасында « » символы көрсетіледі.

Баптау экраны


Баптау экранында көрсетілетін экрандар төменде көрсетілген. Баптау экранына өту үшін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз. Рульдегі « ◀ » немесе «▶» түймесін басу арқылы баптау мәзіріне өтіңіз. Өзгерістерді растау үшін « ⧉ » енгізу түймесін тағы бір рет басып қалыңыз.



🕮 ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Ақпарат экрандарының кескіндері осы Нұсқаулықта тек анықтамалық мақсаттарда келтірілген. Олар нақты автокөлікке байланысты өзгеруі мүмкін.

Баптау

Уақытты орнату



OMT1D-1383

1-қадам. Дисплейде жеке параметрлерді баптау экраны көрсетілгенде, уақытты орнату мәзіріне ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Уақытты орнату экранына өту үшін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы жылды, айды, күнді және уақытты орнатыңыз. Енгізілген өзгерістерді сақтау және баптау экранын жабу үшін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Дыбыс сигналды беру жүйесі жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасының зуммері жұмыс істемейді.

Қозғалыс жылдамдығын асыру туралы ескерту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



OMT18-2390

Автокөлік белгіленген қозғалыс жылдамдығына жеткенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранында жылдамдықты асыру индикаторы « 120 » оның мәнін көрсете отырып жанады, сондай-ақ дыбыс сигналын беру жүйесі қосылады. Қозғалыс жылдамдығын асыру индикаторы автокөліктің қозғалыс жылдамдығы белгіленген жылдамдықтан 5 км/сағ-қа төмен түскеннен кейін ғана өшеді. Егер осыдан кейін жылдамдық тағы бір рет белгіленген жылдамдықтан асса, дыбыс сигналын беру жүйесі қайтадан қосылады.



1-қадам. «Vehicle settings» (Автокөлік баптаулары) түймесін басыңыз.

2-қадам. «Cluster» (Аспаптар тақтасы) түймесін басып, жылдамдық шектеуін белгілеу немесе жылдамдықты асыру туралы ескертуді өшіру үшін «Speed Alarm» (Жылдамдықты асыру туралы ескерту) таңдаңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
• Түймені басқан сайын жылдамдық шегі 5 км/сағ қадаммен дәйекті түрде өзгереді. • Жылдамдық шегін 30 км/сағ-тан 130 км/сағ-қа дейін орнатуға немесе өшіруге болады.

Жылдамдықты асыру туралы реттелмейтін ескерту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Автокөліктің жылдамдығы 120 км/сағ мәніне жеткенде, аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдықты асыру туралы ескерту пайда болады және зуммер қосылады. Жылдамдықты асыру туралы ескерту және дыбыстық сигнал беру жүйесі автокөлік жылдамдығы 115 км/сағ-тан төмен түскеннен кейін ғана өшеді. Егер осыдан кейін жылдамдық қайтадан 120 км/сағ-тан асса, ескерту қайтадан беріледі.

Жүргізушінің шаршау көрсеткіші



Сапар ұзақтығы белгіленген мәннен асқанда, ақпараттық дисплейде «Driving Time Over – h, Please Take A Rest» (Сапар ұзақтығы – сағаттан асты. Өтінемін, демалыңыз) хабарламасы пайда болады. Осымен бір уақытта дыбыстық сигнал беру жүйесі қосылады және жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторы «» жанады, бұл жүргізушіге демалуды ұсынады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Дыбыс сигналды беру жүйесі жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасының зуммері жұмыс істемейді.





OMT1D-1385

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесі арқылы жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын таңдаңыз, содан кейін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалып жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын баптау режиміне ауысыңыз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы ескерту мәнін белгілеңіз. Ол 0,5 сағат қадамымен артады/кемиді. Енгізілген өзгерістерді сақтау және баптау экранын жабу үшін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын 1-ден 4 сағатқа дейінгі аралықта бағдарламалауға немесе өшіруге болады. Әдепкі бойынша жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторы үшін 1 сағат мәні белгіленген.

Ақаулық туралы ескерту функциясы



OMT18-2370

Егер автокөліктің борттық диагностика жүйесі ақаулықты және қандай да бір жүйенің дұрыс жұмыс істемеуін анықтаса, онда қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін ақпараттық дисплейге кезекпен тиісті ескертулер шығарылады, мысалы: «Please Check ABS» (ABS жүйесін тексеріңіз). Бұл ескертулер ақаулық туралы ақпарат экранында сақталады.



OMT1D-1386

Дисплейде жеке параметрлерді баптау экраны көрсетілгенде, уақытты орнату мәзіріне ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Уақытты орнату экранына өту үшін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Бірнеше ақаулық туралы ескертулер болған жағдайда олар ақпараттық дисплейдің орталық бөлігінде көрсетіледі. Ақаулық туралы ескертуді оқу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ақаулық туралы ескерту пайда болған жағдайда, ескертудегі ақпарат негізінде автокөліктің жағдайын тексеріңіз. Егер ақаулықты өз бетіңізше жоя алмасаңыз, қозғалтқышты өшіріп, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.

Безендіру тақырыбын таңдау



OMT1D-1387

1-қадам. Дисплейде жеке параметрлерді баптау экраны көрсетілгенде, уақытты орнату мәзіріне ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Уақытты орнату экранына өту үшін « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы қажетті дизайн тақырыбын таңдаңыз. Енгізілген өзгерістерді сақтау және баптау экранын жабу үшін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін басып қалыңыз.

Орташа отын шығыны



OMT18-2450

Орташа отын шығыны көрсетіледі. Орташа отын шығыны қозғалтқышты соңғы іске қосқаннан бастап есептеледі. Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден біраз уақыт ағымдағы отын шығыны көрсетіледі. Орташа отын шығынының мәні шамамен әр 10 секунд сайын жаңартылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Орташа отын шығынын маршруттық компьютер есептейді және оны тек анықтамалық мән ретінде пайдалануға болады.





OMT1D-1388

1-қадам. Автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына өтіңіз, содан кейін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін басып қалу арқылы баптау режиміне өтіңіз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалып, орташа отын шығынын қалпына келтіру режиміне өтіңіз.

3-қадам. Орташа отын шығынын қалпына келтіру экранына өткеннен кейін, осы көрсеткішті қалпына келтіру үшін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Орташа отын шығынын маршруттық компьютер есептейді және оны тек анықтамалық мән ретінде пайдалануға болады.

Бір сапарда жүрілген жолдың мәні



OMT18-2480

Бір сапарда жүрілген жол көрсетіледі. Бұл көрсеткішті қалпына келтіргеннен кейін оны екі пункт арасындағы жүрілген жолды анықтау үшін пайдалануға болады.

Бір сапарда жүрілген жол есептегішінің көрсеткіштері 0-ден 9999,9 км-ге дейінгі аралықта болуы мүмкін. 9999,9 км жеткенде, бір сапарда жүрілген жол көрсеткіштері қалпына келтіріліп, оларды есептеу қайтадан басталады.



OMT1D-1389

1-қадам. Автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына өтіңіз, содан кейін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін басып қалу арқылы баптау режиміне өтіңіз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалып, орташа отын шығынын қалпына келтіру режиміне өтіңіз.

3-қадам. Бір сапарда жүрілген жол есептеуішінің көрсеткіштерін қалпына келтіру экранына өткеннен кейін рульдегі « ⧉ » енгізу түймесін ұзақ басу арқылы есептеуіш көрсеткіштерін қалпына келтіріңіз.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP)



OMT1D-1390

1-қадам. Автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына өтіңіз, содан кейін рульдегі « » енгізу түймесін басып қалу арқылы баптау режиміне өтіңіз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалып ESP жүйесінің экранына өтіңіз.

3-қадам. ESP жүйесінің экранына өткеннен кейін ESP жүйесін қосу немесе өшіру үшін рульдегі « » енгізу түймесін 5 секунд басып, ұстап тұрыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- ESP жүйесі қосылған кезде оны өшіру мүмкін емес.
- Жаңа автокөлікте әдепкі қалып бойынша ESP жүйесі қосулы тұрады.

Одометр



OMT18-2430

Автокөлікті пайдалана бастағаннан бергі жалпы жүрілген жолды көрсетеді. Одометр көрсеткіштері 0-ден 999 999 км-ге дейінгі аралықта болуы мүмкін. 999 999 км-ге жеткенде одометр көрсеткіштері өзгерісін тоқтатады.

Отынның жүріс қоры



OMT18-2440

Отынның жүріс қоры көрсетіледі. Бұл бакта қалған отынмен автокөлік жүре алатын максималды қашықтық (шамамен). Егер бакқа аз мөлшерде отын құйылса, дисплейдегі деректер өзгермеуі мүмкін.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Отынның жүріс қорын маршруттық компьютер есептейді және оны тек анықтамалық мән ретінде пайдалануға болады.

Лездік отын шығыны



OMT18-2470

Лездік отын шығыны көрсетіледі.

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден, сондай-ақ жылдамдатқанда лездік отын шығынының мәні өте үлкен болады. Бұл қалыпты жағдай.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Лездік отын шығыны маршруттық компьютермен есептеледі және тек анықтамалық мән ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету қажеттілігі туралы ескерту



OMT1D-1391

Жүргізушіге көлікке жоспарлы техникалық қызмет көрсету уақыты келгенін көрсетеді.

Жаңа автокөлікте бұл ескерту алғашқы техникалық қызмет көрсету уақыты келгенге дейін пайда болмайды. Автокөлікке алғашқы техникалық қызмет көрсету уақыты келгенде, ақпараттық дисплейде тиісті ескерту пайда болады.

Еске салуды қалпына келтіргеннен кейін келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүрілген жолдың есебі бағдарламаланған аралықтарға сәйкес қайтадан басталады. Автокөлікке кезекті техникалық қызмет көрсету уақыты келгенде, ақпараттық дисплейде тиісті ескерту пайда болады.

Қосылған беріліс индикаторы



OMT18-2520

Қолмен беріліс ауыстыру режимінде қосылған беріліс индикаторы қазіргі уақытта қандай берілістің қосулы екенін көрсетеді.

Жабылмаған есік индикаторы



OMT18-2530

Есіктердің бірінің жабық емес екенін көрсетеді.

Егер есіктердің бірі жабық болмаса, онда автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 3 км/сағ-тан төмен болғанда тиісті есіктің индикаторы жанады, бірақ зуммер қосылмайды. Егер автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 3 км/сағ-тан асса, тиісті есіктің индикаторы жыпылықтай бастайды және зуммер қосылады, бұл жүргізушіге есікті жабу қажеттілігі туралы ескертеді.

⚠ ҚАУІП
Кенеттен есік ашылған кезде жолаушылардың автокөліктен құлап, ауыр жарақат алуына немесе қаза болуына жол бермеу үшін кез келген ашық немесе толық жабылмаған есікпен автокөлікті жүргізуге тыйым салынады.

Артқа жүру кезіндегі көмек жүйесінің деректері




OMT18-2550

Артқа жүру кезіндегі көмек жүйесінің экраны қозғалтқышты іске қосқаннан және селектор тұтқасын R күйіне ауыстырғаннан кейін ақпараттық дисплейге шығарылады.

2-2. Аспаптар тақтасы (12,3-дюймдік)

Аспаптар тақтасына шолу



1 Спидометр: автокөліктің жылдамдығын км/сағ түрінде көрсету үшін қызмет етеді.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> Спидометрдің көрсеткіштеріне автокөлікке орнатылған шиналардың өлшемі әсер етеді. Спидометрдің дұрыс көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін ұсынылған өлшемдегі шиналарды пайдалану керек (қосымша ақпарат алу үшін «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).

2 Қалыпты дисплей режимі (күй жолағы): ағымдағы режимде қалыпты ақпаратты көрсетуге қызмет етеді.

3 Тахометр: қозғалтқыштың иінді білігінің x 1000 айн/мин айналу жиілігін көрсетеді.

Автокөлікті сынап жүргізгеннен кейін қозғалтқышты иінді білігін 6000–8000 айн/мин жиілікпен жұмыс істетуге рұқсат етіледі (тахометрдің қызыл аймағы). Автокөлікті осы айналым диапазонында ұзақ уақыт пайдалануға тыйым салынады.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> - Автокөлікті сынаған кезде иінді білігінің айналу жиілігі жоғары қозғалтқышты істетіп қоюға болмайды.
> - Қозғалтқыштың айналу жиілігін 6000 айн/мин және одан жоғары диапазонда ұзақ уақыт ұстауға тыйым салынады, себебі бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

4 Отын деңгейінің көрсеткіші: бактағы қалдық отын мөлшерін көрсетеді.

Егер отын деңгейінің көрсеткіші «E» диапазонында болса немесе отынның минималды деңгейінің дабылы жанса, бұл бактағы отынның жүріс қорының жеткіліксіздігін көрсетеді. Мүмкіндік туа салысымен автокөлікке отын құйыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Жылдамдықты үдету, күрт тежеу, кілт бұрылыстардан өту немесе автокөлік еңісте қозғалған кезде деңгей көрсеткіштері дұрыс болмауы мүмкін.

5 Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші: қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Қыздырылмаған қозғалтқыш: Көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының төмен температурасын білдіреді. Бұл температура диапазонында қозғалтқыш иінді біліктің жоғары жылдамдықпен айналдырмауы керек және ауыр жүктемемен жұмыс істемеуі керек.

Қозғалтқыштың қызып кетуі: Көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының жоғарғы температурасын білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз орында тоқтатыңыз және қозғалтқыш бірнеше минут бос жұмыс істегеннен кейін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер көрсеткіш салқындату сұйықтығының төмен температура диапазонында тым ұзақ болса, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Егер көрсеткіш қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының жоғары температура диапазонында болса, салқындату жүйесінің кеңейту бағының қақпағын ашуға тыйым салынады. Қозғалтқыш салқындағаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болғанда пайдалануға тыйым салынады. Әйтпесе қозғалтқыштың қатты бұзылуы мүмкін.

Ақпараттық дисплей


Қалыпты дисплей режимі

Қалыпты режимде дисплейде келесі экрандар көрсетіледі. Оларды рульдегі « ◀ » немесе «▶» түймесін басып қалу арқылы ауыстыруға болады.



Баптау экраны

Қалыпты дисплей режимінде баптау экранында көрсетілетін экрандар төменде көрсетілген. Баптау экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз. Экрандарды ауыстыру рульдегі « ◀ » немесе «▶» түймесін басу арқылы жүзеге асырылады. Баптау режиміне кіру үшін түйменің төменгі бөлігін қайта басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.



Баптау

Уақытты орнату



OMT1D-1343

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, уақытты орнату режиміне ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Уақытты орнату экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы күнді және уақытты орнатыңыз. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

Тілді таңдау



OMT1D-1344

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, уақытты орнату режиміне ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Тілді таңдау экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы тілді таңдаңыз: португал немесе ағылшын. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

Қозғалыс жылдамдығын асыру туралы ескерту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Автокөлік белгіленген жылдамдыққа жеткенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранында жылдамдықты асыру индикаторы «120» оның мәнін көрсете отырып жанады, сондай-ақ дыбыстық сигнал беру жүйесі қосылады. Жылдамдықты асыру индикаторы бұл кезде қызыл болып жанады. Жылдамдықты асыру индикаторы және дыбыстық сигнал беру жүйесі автокөлік жылдамдығы белгіленген жылдамдықтан 5 км/сағ-қа төмен түскеннен кейін ғана өшеді. Егер осыдан кейін жылдамдық қайтадан белгіленген жылдамдықтан асса, ескерту қайтадан беріледі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Кейбір жағдайларда жүргізушіге ескерту беру үшін аспаптар тақтасының дыбыстық дабылы да қосылуы мүмкін.



1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Автокөлікті жүргізу туралы ақпаратты көрсету экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы жылдамдықты асыру туралы ескерту экранына өтіңіз. Жылдамдықты асыру туралы ескерту экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

3-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы жылдамдық шектеуін белгіленген мәннен 5 км/сағ-қа азайтыңыз немесе арттырыңыз. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

4-қадам. Жылдамдықты асыру туралы ескертуді өшіру үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз. Осыдан кейін жылдамдықты асыру туралы ескертуді қосу және ескерту берілетін жылдамдықты белгілеу үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы бөлігін басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
• Түймені басқан сайын жылдамдық шегі 5 км/сағ қадаммен дәйекті түрде өзгереді. • Жылдамдық шегін 30 км/сағ-тан 130 км/сағ-қа дейін орнатуға немесе өшіруге болады.

Жылдамдықты асыру туралы реттелмейтін ескерту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Автокөліктің жылдамдығы 120 км/сағ мәніне жеткенде, аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдықты асыру туралы ескерту пайда болады және зуммер қосылады. Жылдамдықты асыру туралы ескерту және дыбыстық сигнал беру жүйесі автокөлік жылдамдығы 115 км/сағ-тан төмен түскеннен кейін ғана өшеді. Егер осыдан кейін жылдамдық қайтадан 120 км/сағ-тан асса, ескерту қайтадан беріледі.

Жүргізушінің шаршау көрсеткіші

Сапар ұзақтығы белгіленген мәннен асқанда, ақпараттық дисплейде «Driving time exceeds X, take a rest» (Сапар ұзақтығы X-тен асты. Өтінемін, демалыңыз) хабарламасы пайда болады. Бір уақытта 1 секундқа дыбыстық сигнал беру жүйесі қосылады және жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторы «» жанады, бұл жүргізушіге демалуды ұсынады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Кейбір жағдайларда жүргізушіге ескерту беру үшін аспаптар тақтасының дыбыстық дабылы да қосылуы мүмкін.



1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Автокөлікті жүргізу туралы ақпаратты көрсету экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы жылдамдықты асыру туралы ескерту экранына өтіңіз. Жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторының экранына өту үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз.

3-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторының қосылу уақытын белгіленген мәннен 0,5 сағатқа азайтыңыз немесе арттырыңыз. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

4-қадам. Жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын өшіру үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз. Осыдан кейін жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын қосу және осы индикатордың қосылу уақытын белгілеу үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы бөлігін басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын 1-ден 4 сағатқа дейінгі аралықта бағдарламалауға немесе өшіруге болады.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP)




1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Автокөлікті жүргізу туралы ақпаратты көрсету экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы ESP жүйесінің мәзірін таңдаңыз. ESP жүйесінің экранына өту үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз.

3-қадам. Рульдегі « ◀ » / « ▶ » түймесін басып қалу арқылы ESP жүйесін қосыңыз немесе өшіріңіз. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
• ESP жүйесі қосылған кезде оны өшіру мүмкін емес. • Жаңа автокөлікте әдепкі қалып бойынша ESP жүйесі қосулы тұрады.

Техникалық қызмет көрсету аралығын қалпына келтіру



OMT1D-1348

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Автокөлікті жүргізу туралы ақпаратты көрсету экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы техникалық қызмет көрсету аралығы экранының мәзірін таңдаңыз. Техникалық қызмет көрсету аралығының экранына өту үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз.

3-қадам. Аралықты қалпына келтіру үшін рульдегі «OK» түймесінің төменгі бөлігін басыңыз. Рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басып қалу арқылы YES (ИӘ) таңдаңыз. Техникалық қызмет көрсету аралығын қалпына келтіру және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

Ақаулық туралы ескерту

Егер автокөліктің борттық диагностика жүйесі қандай да бір жүйенің ақаулығын немесе дұрыс жұмыс істемеуін анықтаса, онда қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін ақпараттық дисплейге кезекпен тиісті ескертулер шығарылады. Олар ақаулық туралы ескерту экранында кейінірек қарау үшін сақталады.



OMT1D-1349

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, ақаулық туралы ескерту экранына ауысу үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Ақаулық туралы ескерту экранына өту үшін түйменің төменгі бөлігін басыңыз/рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.


2-қадам. Бірнеше ақаулық туралы ескертулер болған жағдайда олар ақпараттық дисплейге шығарылады. Ақаулық туралы ескертулерді қарау үшін рульдегі « ◀ » немесе « ▶ » түймесін басыңыз. Өзгерістерді сақтау және баптау экранына оралу үшін рульдегі «OK» түймесін басып қалыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Ақаулық туралы ескерту пайда болған жағдайда, ескертудегі ақпарат негізінде автокөліктің жағдайын тексеріңіз. Егер ақаулықты өз бетіңізше жоя алмасаңыз, қозғалтқышты өшіріп, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.

2-3. Аспаптар тақтасы (қос дисплей)

Аспаптар тақтасына шолу



1 Спидометр: автокөліктің жылдамдығын км/сағ түрінде көрсету үшін қызмет етеді.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> Спидометрдің көрсеткіштеріне автокөлікке орнатылған шиналардың өлшемі әсер етеді. Спидометрдің дұрыс көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін ұсынылған өлшемдегі шиналарды пайдалану керек (қосымша ақпарат алу үшін «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз).

2 Қалыпты дисплей режимі (күй жолағы): ағымдағы режимде қалыпты ақпаратты көрсету үшін қызмет етеді.

3 Тахометр: қозғалтқыштың иінді білігінің x 1000 айн/мин айналу жиілігін көрсетеді.

Автокөлікті сынап жүргізгеннен кейін қозғалтқышты иінді білігін 6000–8000 айн/мин жиілікпен жұмыс істетуге рұқсат етіледі (тахометрдің қызыл аймағы). Автокөлікті осы айналым диапазонында ұзақ уақыт пайдалануға тыйым салынады.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> - Автокөлікті сынаған кезде иінді білігінің айналу жиілігі жоғары қозғалтқышты істетіп қоюға болмайды.
> - Қозғалтқыштың айналу жиілігін 6000 айн/мин және одан жоғары диапазонда ұзақ уақыт ұстауға тыйым салынады, себебі бұл қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.

4 Отынның жүріс қоры: автокөлік бактағы қалған отынмен жүре алатын максималды қашықтық (шамамен) (өлшем бірлігі: км).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Отынның жүріс қорын маршруттық компьютер есептейді және оны тек анықтамалық мән ретінде пайдалануға болады.

5 Отын деңгейінің көрсеткіші: Отын деңгейінің көрсеткіші бакта қалған отын мөлшерін көрсетеді.

Егер отын деңгейінің көрсеткіші «E» диапазонында болса немесе отынның минималды деңгейінің дабылы жанса, бұл бактағы отынның жүріс қорының жеткіліксіздігін көрсетеді. Мүмкіндік туа салысымен автокөлікке отын құйыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Жылдамдықты үдету, күрт тежеу, кілт бұрылыстардан өту немесе автокөлік еңісте қозғалған кезде деңгей көрсеткіштері дұрыс болмауы мүмкін.

6 Қосылған беріліс индикаторы: Қосылған беріліс индикаторы қазіргі уақытта қандай беріліс қосылғанын көрсетеді.

Егер электронды басқару блогы берілісті ауыстыруды қажет деп санаса, қосылған беріліс индикаторының жанындағы көрсеткі пайда болады:

«▲» аралас жоғары беріліске ауысу қажет.

«▼» аралас төменгі беріліске ауысу қажет.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Бұл ақпарат тек анықтамалық мақсатта беріледі. Берілісті ауыстыру туралы шешімді жүргізуші нақты жол жағдайлары негізінде өзі қабылдауы керек.

7 Одометр: автокөліктің пайдалана бастағаннан бергі жалпы жүрілген жолын көрсетеді (өлшем бірлігі: км).

8 Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші: қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.

Қыздырылмаған қозғалтқыш: Көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «C» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының төмен температурасын білдіреді. Бұл температура диапазонында қозғалтқыш иінді біліктің жоғары жылдамдықпен айналдырмауы керек және ауыр жүктемемен жұмыс істемеуі керек.

Қозғалтқыштың қызып кетуі: Көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында орналасқан

Егер көрсеткіш «H» белгісінде немесе оның жанында болса, бұл салқындату сұйықтығының жоғарғы температурасын білдіреді. Автокөлікті көлік легінен алыс қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқышты бірнеше минут бос жүріспен жұмыс істетіп алғаннан кейін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер көрсеткіш салқындату сұйықтығының төмен температура диапазонында тым ұзақ болса, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Егер көрсеткіш қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының жоғары температура диапазонында болса, салқындату жүйесінің кеңейту бағының қақпағын ашуға тыйым салынады. Қозғалтқыш салқындағаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болғанда пайдалануға тыйым салынады. Әйтпесе қозғалтқыштың қатты бұзылуы мүмкін.

Ақпараттық дисплей

Қалыпты дисплей режимі

Қалыпты режимде дисплейде келесі экрандар көрсетіледі. Оларды рульдегі « ◀ » немесе «▶» түймесін басып қалу арқылы ауыстыруға болады.



Көлік жүргізу туралы ақпарат экраны

Дисплейде автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экраны көрсетілгенде келесі экрандарды ауыстыру үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз.



Ақаулар туралы ақпарат экраны


Дисплейде навигациялық жүйе экраны көрсетілгенде, келесі экрандарды ауыстыру үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз.



Ескертпе: AR-навигация экраны не аудиожүйе дисплейіне, не аспаптар тақтасының дисплейіне шығарылады. Ол бір уақытта аудиожүйе дисплейіне және аспаптар тақтасының дисплейіне шығарыла алмайды

Баптау

Безендіру тақырыбын таңдау



OMT1D-1343

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, дизайн тақырыбының экраны пайда болғанша рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Дизайн тақырыбының экранына өту үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Дисплейде дизайн тақырыбының экраны көрсетілгенде, тиісті мәзір элементін таңдау үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Растау үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP)



OMT1D-1347

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, ESP жүйесін баптау экраны пайда болғанша рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. ESP жүйесін баптауға өту үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.


2-қадам. Дисплейде ESP жүйесін баптау экраны көрсетілгенде, жүйені қосу немесе өшіру үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Растау үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жаңа автокөлікте әдепкі қалып бойынша ESP жүйесі қосулы тұрады.
- ESP жүйесі туралы қосымша ақпарат алу үшін «Тежеу күшін бақылау жүйелері» бөлімін қараңыз.

Ақаулық туралы ескерту

Егер автокөліктің борттық диагностика жүйесі қандай да бір жүйенің ақаулығын немесе дұрыс жұмыс істемеуін анықтаса, онда қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін ақпараттық дисплейге кезекпен тиісті ескертулер шығарылады. Олар ақаулық туралы ескерту экранында кейінірек қарау үшін сақталады.



OMT1D-1345

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, ақаулық туралы ескерту экраны пайда болғанша рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Ақаулық туралы ескерту экранына өту үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, ақаулық туралы ескертуді қарау үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз.

Техникалық қызмет көрсету аралығын қалпына келтіру



OMT1D-1344

1-қадам. Дисплейде баптау экраны көрсетілгенде, техникалық қызмет көрсету аралығын қалпына келтіру экраны пайда болғанша рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Техникалық қызмет көрсету аралығын қалпына келтіруді растау үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

2-қадам. Дисплейде ESP жүйесін баптау экраны көрсетілгенде, Yes (Иә)/No (Жоқ) таңдау үшін рульдегі «OK» түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басыңыз. Растау үшін «OK» түймесін басып қалыңыз.

Жылдамдықты асыру туралы реттелмейтін ескерту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Автокөліктің жылдамдығы 120 км/сағ мәніне жеткенде, аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдықты асыру туралы ескерту пайда болады және зуммер қосылады. Жылдамдықты асыру туралы ескерту және дыбыстық сигнал беру жүйесі автокөлік жылдамдығы 115 км/сағ-тан төмен түскеннен кейін ғана өшеді. Егер осыдан кейін жылдамдық қайтадан 120 км/сағ-тан асса, ескерту қайтадан беріледі.

2-4. Индикаторлар мен дабылдар

Индикаторлар мен дабылдар

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін кейбір дабылдар олардың дұрыстығын тексеру үшін қысқа уақытқа жанады, содан кейін сөнеді. Егер қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін кез келген дабыл жанып тұрса немесе жыпылықтаса, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Индикаторлар жүргізушіге автокөліктің белгілі бір жүйелерін немесе функцияларын қосу туралы ескертеді.

Дабылдар жүргізушіге автокөліктің белгілі бір жүйелерінің немесе функцияларының ақаулығы немесе жүргізушінің назарын қажет ететін басқа жағдайлар туралы ескертеді. Бұл жағдайда дабыл тұрақты жанып тұруы немесе жыпылықтауы мүмкін.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
Күндізгі жүріс жарықтарының индикаторы		Бұл индикатор қозғалтқыш оталғаннан кейін жанады.
Габарит шамдарының индикаторы		Бұл индикатор габарит шамдары қосылғанда жанады.
Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторлары		Сол немесе оң бұрылыс көрсеткіштері қосылған кезде тиісті индикатор жыпылықтайды. Апаттық жарық сигналын беру жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде екі индикатор бір уақытта жыпылықтайды.
Шалғай жарық индикаторы		Бұл индикатор шалғай жарық қосылған кезде немесе фаралардың шалғай жарығымен дабыл бергенде жанады.
Тұман фараларының индикаторы		Бұл индикатор тұман фаралары қосылғанда жанады.
Артқы тұман шамдарының индикаторы		Бұл индикатор артқы тұман шамдары қосылғанда жанады.
Фаралар жарығын ақылды басқару жүйесінің (IHC) индикаторы		Бұл индикатор фаралар жарығын ақылды басқару жүйесі (IHC) қосылып тұрғанын білдіреді
Фаралар жарығын ақылды басқару жүйесінің (IHC) ақаулығын білдіретін сигнал беруші		Бұл индикатор фара жарығын басқарудың интеллектуалды жүйесінің (IHC) ақаулығын көрсетеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
Жүргізушінің/ алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнал бергіші		Бұл сигнализатор жүргізушіге жүргізушінің/алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмағанын немесе толық тағылмағанын ескертеді. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
Артқы орындықтағы тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің сигнализаторы		Бұл сигнализатор жүргізушіге артқы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмағанын немесе толық тағылмағанын ескертеді. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
Тежеу жүйесі ақаулығының сигнал бергіші		Бұл дабыл жүргізушіге тежегіш сұйықтығының төмен деңгейі немесе тежеу жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі туралы ескертеді. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Электржетегі бар тұрақ тежегішінің индикаторы (EPB)		Бұл индикатор жүргізушіге электр жетегі бар тұрақ тежегішінің қазір қосулы екенін ескертеді. Электржетекті тұрақ тежегіші жұмыс істеп тұрғанда бұл индикатордың жыпылықтауы қалыпты жағдай және ешқандай шара қолдануды қажет етпейді. Кез келген басқа жағдайда бұл индикатордың жыпылықтауы ақаулықты көрсетеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
Электржетегі бар тұрақ тежегішінің (EPB) ақаулығын білдіретін дабыл		Бұл сигнал жүргізушіге электр жетегі бар тұрақ тежегішінің ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің индикаторы		Бұл индикатор автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің қазір жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.
Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) ақаулығының сигнал беруі		Бұл дабыл жүргізушіге тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
Басқарылатын еңіс жүйесінің индикаторы (HDC)		Бұл индикатор басқарылатын еңіс жүйесі (HDC) қазір жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.
Басқарылатын еңіс жүйесінің (HDC) ақаулығын білдіретін дабыл		Бұл дабыл жүргізушіге басқарылатын еңіс жүйесінің (HDC) ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESP) дабылы		Бұл сигналдың жыпылықтауы динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESP) қазір жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Егер бұл дабыл тұрақты жанып тұрса, бұл динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESP) ақаулығын көрсетеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
Динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESP) өшіру индикаторы		Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) өшірілгенде, оның өшіру индикаторы жанады, бұл жүргізушіге динамикалық тұрақтандыру жүйесінің өшірулі екенін ескертеді.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
Отынның минималды деңгейінің дабылы		Бұл дабыл жүргізушіге бактағы отынның таусылып жатқанын ескертеді. Мүмкіндік туа салысымен автокөлікке отын құйыңыз.
Қауіпсіздік жастықшасы жүйесінің (SRS) ақаулығын білдіретін дабыл		Бұл дабыл жүргізушіге қауіпсіздік жастықтары жүйесінің (SRS) ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
Бензиндік қозғалтқыштың күйе сүзгісінің индикаторы (GPF) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)		Бұл индикатордың қосылуы жүргізушіге бензин қозғалтқышының күйе сүзгісінің (GPF) бітеліп қалғанын ескертеді. Оны тазалау үшін жылдамдықты арттыру қажет.
Бензин қозғалтқышының күйе сүзгісінің (GPF) ақаулық сигналы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)		Бұл сигналдың қосылуы жүргізушіге бензин қозғалтқышының күйе сүзгісінің (GPF) ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
АКБ зарядтау жүйесіндегі ақаулық сигнализаторы		Бұл дабыл аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің жұмысын бақылауға қызмет етеді. Егер бұл дабыл қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін жанбаса немесе қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін жанса, мүмкіндік туа салысымен автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Қозғалтқышты қыздыру режимінің индикаторы		Бұл индикатор жүргізушіге қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының төмен температурасы және оның қыздыру режимінде екендігі туралы ескертеді. Салқындату сұйықтығының температурасы көтерілгенде, бұл индикатор сөніп, қозғалтқыштың жұмыс температурасына жеткенін көрсетеді.
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының қызып кету дабылы		Бұл дабыл жүргізушіге қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының қызып кетуі туралы ескертеді. Автокөлікті қауіпсіз орында тоқтатыңыз және қозғалтқыш бірнеше минут бос жұмыс істегеннен кейін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесінің (TPMS) ақаулық сигнализаторы		Бұл дабыл жүргізушіге шиналардағы қате ауа қысымы туралы ескертеді. Шиналардағы ауа қысымы тым жоғары немесе төмен емес пе және температура тым жоғары немесе төмен емес пе, тексеріңіз. Егер шиналардағы ауа қысымы қалыпты болса, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін мүмкіндік туа салысымен ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Электр руль күшейткішінің (EPS) ақаулығын білдіретін дабыл		Бұл сигнал бергіш жүргізушіге электрлік руль күшейткішінің ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Атауы	Индикатор	Сипаттамасы
Мотор майының төмен қысымын білдіретін дабыл		Бұл дабыл жүргізушіге мотор майының төмен қысымы туралы ескертеді. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Қозғалтқышты басқару жүйесінің (EPC) ақаулығын білдіретін дабыл	EPC	Бұл сигнал жүргізушіге қозғалтқышты басқару жүйесінің ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Қозғалтқыштың ақаулығын білдіретін дабыл		Бұл дабыл жүргізушіге қозғалтқыштың ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
Беріліс қорабы ақаулығының сигнал бергіші		Бұл дабыл жүргізушіге беріліс қорабының ақаулығы туралы ескертеді. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

2-5. Руль

Дыбыс сигналы




Дыбыс сигналын қосу үшін тиісті таңба орналасқан руль күпшегінің жапсырмасын басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Дыбыс сигналы жергілікті жол қозғалысы заңдары мен ережелеріне сәйкес қолданылуы керек.

Рульді жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Рульді жылытуды қосу үшін рульді жылыту ажыратқышын басыңыз. Бұл кезде сәйкес индикатор жанады. Рульді жылытуды өшіру үшін ажыратқышты тағы басыңыз. Индикатор сөнеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


Рульді жылыту төмендегі барлық шарттар орындалған жағдайда ғана жұмыс істейді:

- Қозғалтқыш жұмыс істейді.
- Борттық желідегі кернеу нормаға сәйкес келеді.
- Рульді жылыту ажыратқышы басылды.

Төменде келтірілген шарттардың кез келгені орын алған жағдайда руль дөңгелегінің жылытқышы өшеді:

- Қозғалтқышты өшіру.
- Рульді жылыту жүйесі 25 минут бойы жұмыс істейді.
- Рульді жылыту ажыратқышын қайта басу.
- Рульдің температурасы 52 °C-қа жеткенде, рульді жылыту жүйесі өшеді, содан кейін рульдің температурасы 50 °C-тан төмен түскенде қайта қосылады.

Рульдің күйін реттеу



Автокөлікті көлік легінен алыс жерде қауіпсіз орында тоқтатыңыз және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

1-қадам. Төмен түсіріп, рульдің орнын реттеу тұтқасын жіберіңіз.

2-қадам. Руль бағанының еңкею бұрышы мен шығуын өз қалауыңыз бойынша реттеңіз.

3-қадам. Рульді қозғалтпай, рульдің орнын реттеу тұтқасын бастапқы күйіне қайтарыңыз.

4-қадам. Рульдің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер олай болмаса, 3-қадамды қайталаңыз.

⚠ ҚАУІП

- Автокөлік қозғалысы кезінде рульдің күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Көлік жүргізбес бұрын рульдің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе рульдің қалпы автокөлік қозғалысы кезінде кенеттен өзгеріп, жол-көлік оқиғасы мен жарақат алу себебіне айналуы мүмкін.

2-6. Артқы көрініс айналары


«Күн» және «түн» режимдері қолмен реттелетін ішкі артқы көрініс айнасы

Ішкі артқы көрініс айнасын реттеу


OMT1D-1030

Қозғалысты бастамас бұрын, ішкі артқы көрініс айнасының күйін реттеңіз және соның нәтижесінде автокөліктің артындағы кеңістіктің оңтайлы көрінісі қамтамасыз етілгеніне көз жеткізіңіз.

«Күн» және «түн» режимдерін ауыстыру



OMT1D-1031

Қараңғы уақытта жүргізушінің көзін артта қозғалып бара жатқан көліктердің фаралары аз қарықтыруы үшін айнаның төменгі жағындағы тұтқаны артқа, «түн» режиміне сәйкес келетін күйге бұру керек.

1 «Түн» режимі

2 «Күн» режимі


Автоматты түрде күңгірттелетін ішкі артқы көрініс айнасы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Автокөлік күннің қараңғы мезгілінде жүргенде ішкі артқы көрініс айнасының ішіне орнатылған жарықтық датчигі артта келе жатқан көлік құралының фаралар жарығын анықтағанда, айнаның шағылысу қабілеті автоматты түрде төмендеп, жүргізушінің көзін фара жарығының қарықтыруынан қорғайды.

Сыртқы артқы көрініс айналары

Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу



Автокөлікті көлік легінен алыс жерде қауіпсіз орында тоқтатыңыз және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

1 Сол жақ сыртқы артқы көрініс айнасын реттеу үшін ауыстырып қосқышты солға жылжытыңыз.

2 Оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасын реттеу үшін ауыстырып қосқышты оңға жылжытыңыз.


: жоғары
: төмен
: солға
: оңға

⚠ ҚАУІП

- Автокөліктің қозғалысы кезінде сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Сыртқы артқы көрініс айнасында көрген нысан шын мәнінде қарағанда алысырақ көрінуі мүмкін, сондықтан әрқашан сақтықпен әрекет етіңіз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жию және жұмыс күйіне қайтару

■ Сыртқы артқы көрініс айналарын қолмен жию және жұмыс қалпына келтіру



Сыртқы артқы көрініс айнасын автокөлік шанағына қарай қолмен артқа қарай тірелгенше бұру арқылы жиюға болады. Айнаны ақырын, бірақ сенімді түрде жию керек. Айна жиылған сайын оның қарсылық күші артады. Жиылған айнаны жұмыс күйіне қайтару үшін оны қолыңызбен өзіңізге қарай аздап тартып, жұмыс күйіне орнатыңыз.

■ Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты түрде жиылуы және жұмыс күйіне қайтарылуы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Ажыратқыш арқылы орындалатын операция: қозғалтқышты іске қосу қосқышы ON күйінде болғанда, айналар автоматты түрде жиылуы үшін сыртқы артқы көрініс айнасын жию ажыратқышын басыңыз. Айналарды жұмыс қалпына келтіру үшін осы ажыратқышты қайта басыңыз.

Қашықтан басқару пультімен орындалатын операция: айдап әкетуден қорғау жүйені күзет режиміне орнатқан кезде сыртқы артқы көрініс айнасы автоматты түрде жиылады, ал күзет режимінен шығарылған кезде — автоматты түрде жұмыс күйіне қайтарылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Аудиожүйе экранында сыртқы артқы көрініс айналарын жию және жұмыс күйіне қайтару функциясын реттеуге болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.
- Жүргізушіден әр түрлі қашықтыққа байланысты сол және оң жақ сыртқы артқы көрініс айналары автокөліктің шанағына әр түрлі бұрышпен орналасқан. Осыған байланысты, автоматты түрде жиылған кезде айналар синхронды емес айналады, бұл қалыпты жағдай.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер автокөлікте сыртқы артқы көрініс айналарын жию және жұмыс күйіне қайтаратын электржетегі болса, бұл операцияларды қолмен орындауға тыйым салынады — бұл электржетек механизмінің бұзылуына әкеледі.
- Айнаға зақым келтірмеу үшін оны жиып, бастапқы күйіне келтіргенде, айнаға шамадан тыс күш салмаңыз.
- Суық мезгілде айналардың автоматты түрде жиылуы функциясын өшіру ұсынылады. Осылайша сіз айналардың жиылған күйде қатып қалуын болдырмауға болады.

Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін жадқа сақтау функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Сыртқы артқы көрініс айналарын реттегеннен кейін аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде осы айна күйлерін әдеттегі күй, демалыс күйі немесе ыңғайлы күй ретінде сақтау туралы диалогтық терезе пайда болады.

Сыртқы артқы көрініс айналарының осы орналасуын (сіз пайдаланатын қашықтан басқару пультімен синхрондалған) жадтан шақыру қажет болған жағдайда, аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде қалыпты, демалыс немесе ыңғайлы орналасуды таңдаңыз. Осы кезде жүргізушінің орындығы да тиісті күйге орнатылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жүргізуші орындығының қашықтан басқару пультімен синхрондалуы аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейі арқылы бапталады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.
- Егер жүргізуші орындығының қашықтан басқару пультімен синхрондалуы өшірілген болса, онда сыртқы артқы көрініс айналарын реттегеннен кейін аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде диалогтық терезе пайда болмайды.

Артқы жүрісті қосқанда сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде төмендету функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Автокөлік артқа жүргенде (селектор тұтқасы/беріліс ауыстыру тұтқасы R күйінде тұрғанда) сыртқы артқы көрініс айналары жүргізушіге автокөліктің артындағы кеңістікті жақсырақ көру үшін автоматты түрде төмендейді. Егер сізге айналардың еңкею бұрышы ұнамаса, сіз оны сыртқы артқы көрініс айналарын реттейтін ауыстырып қосқышпен реттей аласыз. Селектор тұтқасы/беріліс ауыстыру тұтқасы R күйінен шығарылғаннан кейін, сыртқы артқы көрініс айналары бастапқы қалпына оралады.

Егер сіз артқы жүрісті қоссаңыз, сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде төмендету функциясы төменде көрсетілген шарттардың кез-келгені басталған кезде өшеді (және айналар бастапқы күйіне оралады):

1. Селектор тұтқасы/беріліс ауыстыру тұтқасы R (артқа жүру) күйінен шығарылған.
2. Автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан асатын болса.
3. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйіне ауыстырылса.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Артқа жүру қосылғанда сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде төмендету функциясы аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейі арқылы бапталады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

2-7. Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштар

Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштарды басқару

Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштарды ажыратып қосқыш



Әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштарды ажыратып қосқыш қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болған кезде жұмыс істейді.

MIST режимі: Ауыстырып қосқышты осы күйге ауыстырған кезде тазалағыш щеткаларды бір рет сермейді.


LO режимі (тазалағыштың төмен жылдамдықта жұмыс істеуі): ауыстырып қосқыштың бұл күйінде тазалағыш төмен жылдамдықпен үздіксіз жұмыс істейді.

HI режимі (тазалағыштың жоғары жылдамдықта жұмыс істеуі): ауыстырып қосқыштың бұл күйінде тазалағыш жоғары жылдамдықпен үздіксіз жұмыс істейді.

OFF күйі: Ажыратқыштың бұл күйінде тазалағыш өшірулі.

INT режимі (тазалағыштың үзік-үзік жұмыс істеу режимі): ауыстырып қосқыштың бұл күйінде тазалағыш кідіріспен жұмыс істейді.

Кідірісті реттеу үшін INT деп белгіленген реттегіш қолданылады. Реттегішті төмен бұру тазалағыштың серпілісі арасындағы кідірісті азайтады, ал жоғары бұру — арттырады.



AUTO режимі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін): ауыстырып қосқыштың бұл күйінде тазалағыштың жұмысы жауын-шашынның қарқындылығына байланысты.

Жаңбыр датчигін жақсы реттеу үшін Auto деп белгіленген реттегіш қызмет етеді. Реттегішті төмен бұру датчиктің сезімталдығын азайтады, ал жоғары бұру — арттырады.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Егер алдыңғы әйнектің тазартқышы жұмыс істеп тұрғанда берілісті ауыстыру селекторын/тұтқасын R (артқы жүріс) күйіне ауыстырсаңыз, автоматты түрде артқы әйнектің тазартқышы қосылады.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы әйнек құрғақ болғанда тазалағышты қоспаңыз. Сіз әйнекті тырнап, тазалағыш щеткаларын зақымдауыңыз мүмкін.
- Егер щеткалардың әйнекте қозғалуына бір нәрсе кедергі жасаса, тазалағышты қоспаңыз. Сіз тазалағыштың электр қозғалтқышын зақымдауыңыз немесе әйнекті сызып тастауыңыз мүмкін.
- Қоршаған орта температурасы төмен болғанда тазалағышты қоспас бұрын щеткалардың әйнекке қатып қалмағанына көз жеткізу керек. Егер щеткалар қатып қалса, алдымен олардан мұзды алып тастаңыз. Бұл талапты орындамау тазалағыш пен щеткалардың электр қозғалтқышының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Алдыңғы әйнектің жуғышын басқару




Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болғанда, тазалағыштар мен шыны жуғыштардың ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз. Бұл ретте әйнектазалағыш пен жуғыш бір мезгілде қосылады. Ауыстырып қосқышты жібергеннен кейін, алдыңғы әйнекжуғыш бірден өшіп қалады, ал тазалағыш төмен жылдамдықпен щеткаларды тағы 3 рет сермеген соң тоқтайды. Бірнеше секундтан кейін ол әйнектен тамшыларды кетіру үшін щеткаларды тағы бір сермейді.



Алдыңғы әйнек жуғышының саптамалары алдыңғы әйнектің астындағы панельде орналасқан.


Артқы әйнекжуғышты басқару



OMT1D-1043

1 Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда, әйнек тазалағыштар мен жуғыштардың ажыратқышындағы « REAR » белгісі бар тұтқаны ( ) күйіне бұраңыз. Артқы әйнектің тазартқышы қосылады. Оны өшіру үшін сермерді OFF күйіне бұраңыз.

2 Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда, әйнек тазалағыштар мен жуғыштардың ажыратқышындағы « REAR » белгісі бар тұтқаны « » күйіне бұрап, осы күйде ұстаңыз. Артқы әйнекжуғыш қосылады. Онымен бірге артқы әйнектазалағыш та қосылады. Тұтқаны босатқанда, артқы әйнек жуғышы мен тазалағышы өшеді.



Артқы әйнек жуғышының саптамасы артқы әйнектің үстінде, орталық стоп-сигналдың астында орналасқан

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер жуғыш багында сұйықтық болмаса, жуғышты қоспаңыз.
- Қосылған сайын жуғыштың жұмыс уақыты 10 секундтан аспауы тиіс.
- Бүріккіштер сынып қалмауы үшін тазалау үшін инені немесе басқа заттарды пайдаланбаңыз.
- Антифризді жуғыш сұйықтық ретінде қолдануға тыйым салынады, себебі ол шанақтың лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.
- Жуғыш сұйықтықты сумен сұйылтпаңыз. Бұл жағдайда алынған ерітінді қатып, бакты, сондай-ақ жуғыштың басқа компоненттерін зақымдауы мүмкін.

Алдыңғы әйнек жуғышының бүріккіштерін жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Алдыңғы әйнекжуғыштың бүріккіштерін жылыту жүйесін қосу үшін төменде көрсетілген шарттар орындалуы керек:

- Аккумулятор батареясының кернеуі нормаға сәйкес келеді.
- Қоршаған ауаның температурасы 2 °C-тан 5 секундқа немесе одан да көп уақытқа төмендеді.
- Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде немесе қозғалтқыш қосулы.

Алдыңғы әйнекжуғыш бүріккіштерін жылыту жүйесі төменде көрсетілген шарттардың кез келгені орын алған кезде өшіріледі:


- Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF немесе ACC күйіне ауыстырылды.

Төменде келтірілген жағдайларда алдыңғы әйнекжуғыш бүріккіштерін жылыту жүйесі уақытша өшіріледі:

- Стартер жұмыс істеп тұрған кезде, алдыңғы әйнекжуғыш бүріккіштерін жылыту жүйесі уақытша өшіріліп, қозғалтқыш сәтті іске қосылғаннан кейін қайтадан қосылады.
- Егер қоршаған ортаның температурасы 4°-тан 5 секундқа немесе одан көл уақытқа жоғары көтерілсе, алдыңғы әйнекжуғыш бүріккіштерін жылыту жүйесі уақытша өшеді. Егер қоршаған ауа температурасы кейін 5 секунд немесе одан да көп уақытқа 2 °C-тан төмен түссе, алдыңғы әйнек жуғышының саптамаларын жылыту қайтадан қосылады.

Тазартқыш щеткаларын ауыстыру

Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатқаннан кейін 3 секунд ішінде әйнектазалағыштар мен әйнекжуғыштар ауыстырып қосқышын MIST күйіне ауыстырыңыз, сонда щеткалар автоматты түрде оларды ауыстыру күйіне орнатылады.


2-қадам. Алдыңғы әйнектазалағыштың тұтқасын көтеріп, оны осы күйде ұстаңыз.

3-қадам. Щетканы шешіп алу үшін оны сағат тіліне қарсы бағытта тірелгенше бұраңыз, бекіткіш түймесін басыңыз да, щетканы жоғары қарай тартыңыз.

4-қадам. Жаңа щетканы шешіп алуға кері ретпен орнатыңыз және оның тазалағыш тұтқасына мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

5-қадам. Жаңа тазалағыш щеткалары алдыңғы әйнекті жақсы тазалайтынына көз жеткізіңіз.

Артқы әйнекжуғыштың щеткасын ауыстыру



1-қадам. Артқы әйнек тазалағыштың тұтқасын көтеріп, оны осы күйде ұстаңыз.

2-қадам. Щетканы шешіп алу үшін оны суретте көрсетілгендей тартыңыз.

3-қадам. Жаңа щетканы шешіп алуға кері ретпен орнатыңыз және оның тазалағыш тұтқасына мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

4-қадам. Тазалағыштың жаңа щеткасының артқы әйнекті жақсы тазалайтынына көз жеткізіңіз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Артқы әйнектазалағыш щетканы ауыстыруды кәсіпқойларға сеніп тапсырған жөн. Ол үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Қозғалысты бастамас бұрын тазалағыш тұтқаны бастапқы күйіне келтіргеніңізге көз жеткізіңіз.

2-8. Жарықтандыру және жарық сигналын беру жүйесінің аспаптары

Сыртқы жарықтандыру құрылғылары

Жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышы



OMT1D-1150

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болған кезде, жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын келесі күйдердің біріне орнатыңыз.

1 Фараларды автоматты басқару режимі: Ажыратқыштың бұл күйінде таяу жарық фаралары, габарит шамдары және тіркеу нөмірін жарықтандыру шамдары жарықтандыру деңгейіне байланысты автоматты түрде қосылады және өшеді.

2 Габарит шамдары «»: Ажыратқыштың бұл күйінде габарит шамдары, тіркеу нөмірін жарықтандыру шамдары, басқару панелінің және аспаптар тақтасының жарықтандыруы жанады.


3 Таяу жарық фаралары «»: Ажыратқыштың бұл күйінде таяу жарық фаралары мен габарит шамдары жанады.

4 OFF күйі: Ажыратқыштың бұл күйінде жарықтандыру құралдары өшірулі.

> **ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ**
>
> Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмас үшін автокөлікті ұзақ уақытқа тұраққа қойғанда, жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышы OFF күйінде екеніне көз жеткізіңіз. Бұл талапты орындамау қозғалтқышты іске қосуды мүмкін етпеуі мүмкін.

Фаралардың шалғай жарығы


■ Фаралардың шалғай жарығын қосу



OMT1D-1151

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрғанда, сондай-ақ фаралардың таяу жарығы қосулы кезде жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын рульден итеріп, босатыңыз. Бұл кезде фаралардың шалғай жарығы қосылады. Жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын рульге тартып, босатыңыз. Фаралардың шалғай жарығы өшеді.

■ Фаралардың шалғай жарығымен сигнал беру




Фаралардың шалғай жарығымен бір рет сигнал беру үшін жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын рульге тартып, жіберіп қалыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында фаралардың шалғай жарығының индикаторы жыпылық етеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Фаралардың шалғай жарығымен дабыл беру жүйесін фаралардың таяу жарығы қосулы кезде де, өшірулі кезде де пайдалануға болады.

Бұрылыс көрсеткіштері



Бұрылыс көрсеткіштері қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрғанда істейді.

Оң бұрылыс көрсеткіштерін қосу үшін жарықтандыру құралдарының ажыратқышын жоғары көтеріңіз. Сол жақ бұрылыс көрсеткіштерін қосу үшін жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын түсіріңіз.

Бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде аспаптар тақтасында бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторы жыпылықтайды. Бұрылыс аяқталғаннан кейін жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышы автоматты түрде орташа күйге оралады.

■ Қозғалыс жолағын өзгерту туралы сигнал беру

Егер қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болған кезде жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын бекітілмейтін күйге көтерсе немесе түсірсе, бұрылыс көрсеткіштері 3 рет жыпылықтайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Рульдің бұрылу бұрышы төмен болған кезде, бұрылыстан шыққан кезде жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышы автоматты түрде ортаңғы күйге оралмауы мүмкін.

Тұман фаралары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Тұман фараларын қосу үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатыңыз, габарит шамдарын қосыңыз және тұман фараларының ажыратқышын « » күйіне бұраңыз. Тұман фараларын өшіру үшін тұман фараларының ажыратқышын тағы бір рет « » күйіне бұраңыз немесе қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Тұман фаралары габарит шамдары сөнген кезде автоматты түрде сөнеді.
- Тұман жарығы жергілікті жол қозғалысы заңдары мен ережелеріне сәйкес қолданылуы керек.

■ Тұман фаралары арқылы бұрылыста қосымша жарықтандыру (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Қосымша жарық қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрған, автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ аспайтын және фаралардың таяу жарығы қосулы тұрған жағдайда ғана жұмыс істей алады.

1-тәсіл. Бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде олармен бір мезгілде автокөліктің сәйкес бортында автоматты түрде тұман фарасы қосылады. Бұрылыс көрсеткіштерін өшірген кезде тұман фарасы өшеді.

2-тәсіл. Руль дөңгелегін үлкен бұрышқа бұрған кезде бір мезгілде автокөліктің сәйкес бортында автоматты түрде тұман фарасы қосылады. Руль дөңгелегі ортаңғы күйге қайтып оралғаннан кейін тұман фарасы өшеді.

Тұманға қарсы артқы шамдар



Артқы тұман шамдарын қосу үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне ауыстырыңыз, тұман фараларын немесе таяу жарық фараларын қосыңыз және артқы тұман шамдарының ажыратқышын « » күйіне бұраңыз. Артқы тұман шамдарын өшіру үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз немесе артқы тұман шамдарының ажыратқышын тағы бір рет « » күйіне бұраңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Артқы тұман шамдары фаралардың таяу жарығы сөнген кезде автоматты түрде өшеді.
- Тұман жарығы жергілікті жол қозғалысы заңдары мен ережелеріне сәйкес қолданылуы керек.

Фара түзеткішінің ауыстырып қосқышы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Фара корректорының ажыратқышында төрт күй бар (0, 1, 2 және 3), оларды автокөліктегі жолаушылар мен жүктің санына байланысты таңдау керек.

Фаралар түзеткіші ауыстырып қосқышының 0 күйі фаралардың жарық шоғының ең жоғары күйіне сәйкес келеді.


1 Фара жарық шоғын көтеру.

2 Фара жарық шоғын түсіру.

Фара корректоры ажыратқышының күйін таңдағанда келесі кестені пайдаланыңыз.

Жолаушылар саны және автокөліктің жүктелуі		Фара корректоры ажыратқышының күйі
Жолаушылар	Жүк	
Жүргізуші	Жоқ	0
Жүргізуші және алдыңғы жолаушы	Жоқ	1
Барлық орындықтар бос	Жоқ	2
Барлық орындықтар бос	Толық жүктеме	3
Жүргізуші	Толық жүктеме	2

Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафоны (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Қашықтан басқару пультін өзіңізбен бірге алып, автокөлікке жақындаңыз. Жүйе қашықтан басқару пультін сұрайды және егер ол тіркелген болса, автокөліктің құлпын ашады. Есікті ашыңыз, сонда отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафоны қосылады.

Стоп-сигналдар

Тежегіш педалі басылған кезде стоп-сигналдар мен орталық стоп-сигналы қосылады.

Артқы жүріс шамдары

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде селекторды R күйіне (артқы жүріс) аустырған кезде артқы жүріс шамдары қосылады.

Тіркеу белгісін жарықтандыру шамдары

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда, жарықтандыру құралдарының ажыратқышын « » күйіне бұраңыз. Тіркеу белгісін жарықтандыру шамдары габарит шамдарымен бірге қосылады. Олар тіркеу белгісін қараңғы уақытта жарықтандыруға арналған.

Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафоны (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

■ Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафондарын қосу

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз, барлық есіктерді, соның ішінде жүксалғыш есігін жабыңыз және габарит шамдарын өшіріңіз. Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафондары автокөлік құлыптарын құлыптағанда және құлпын ашқанда қосылады.


■ Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру плафондарын автоматты түрде қосу

Қашықтан басқару пульті бар жүргізуші автокөлікке жақындаған кезде көлікке отырғанда және одан түскенде жарықтандыру плафондары автоматты түрде қосылады.

Салон жарығы

Салонды жарықтандырудың алдыңғы плафоны

■ Бұрылмалы тұтқасы бар салон жарығының плафоны



Күйі **1**: ажыратқыштың « » күйінде салон жарығының плафоны өшірулі.

Күйі **2**: ажыратқыштың « » күйінде кез келген есік ашылғанда салон жарығының плафоны біркелкі жанады. Егер осы кезде есік ашық қалатын болса, 3 минуттан кейін плафон жайымен өшеді.

Күйі **3**: ажыратқыштың « » күйінде салон жарығының плафоны қосулы.

■ Түймелі ажыратқыштары бар салон жарығының плафоны




« » ажыратқышын басыңыз, сонда салон жарығының плафоны қосылады.

Есіктен салон жарығын басқару « » ажыратқышын басыңыз. Осыдан кейін, кез келген есікті ашқан кезде салонды жарықтандыру плафоны, сондай-ақ орындықтардың екінші қатарының үстіндегі плафон қосылады.

« » ажыратқышын басыңыз, сонда сол жақ жеке жарықтандыру плафоны қосылады.

« » ажыратқышын басыңыз, сонда оң жақ жеке жарықтандыру плафоны қосылады.

■ Басылатын шашыратқыштары бар салон жарығының плафоны



« » ажыратқышын басыңыз, сонда салон жарығының плафоны қосылады.

Есіктен салон жарығын басқару « » ажыратқышын басыңыз. Осыдан кейін, кез келген есікті ашқан кезде салонды жарықтандыру плафоны, сондай-ақ орындықтардың екінші қатарының үстіндегі плафон қосылады.

Сол жақ жеке жарықтандыру плафонының мөлдір шашыратқышын басыңыз, сонда бұл плафон қосылады.

Оң жақ жеке жарықтандыру плафонының мөлдір шашыратқышын басыңыз, сонда бұл плафон қосылады.

Екінші қатардағы орындықтардың үстіндегі плафон



Екінші қатардағы орындықтардың үстіндегі плафонды қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз. Бұл ажыратқышты қайта басқанда, плафон өшеді.

Үшінші қатардағы орындықтардың үстіндегі плафон




Үшінші қатардағы орындықтардың үстіндегі плафонды қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз. Бұл ажыратқышты қайта басқанда, плафон өшеді.

Жүксалғыш есігін ашқанда үшінші қатардағы орындықтардың үстіндегі плафон автоматты түрде қосылады. Жүксалғыш есігін жапқаннан кейін бұл плафон бірден өшеді.

Фаралар жарығының өшуін кешіктіру функциясы

Фараларды қолмен басқару режимі



Функцияны қосу: Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF күйінде тұрғанда, жарықтандыру құралдарының ажыратқышын өзіңізге қарай тартып, 2 минут ішінде жіберіңіз. Фаралар жарығын кешіктіріп өшіру функциясы қосылады. Бұл кезде фаралардың таяу жарығы мен габарит шамдары қосылады. Жарықтандыру құралдарының ажыратқышын әр басқан сайын таяу жарық фаралары мен габарит шамдарының жұмыс ұзақтығы 30 секундқа артады. Бұл әрекетті қатарынан 8 рет орындауға болады.

Функцияны өшіру: Жарықтандыру құралдарының ажыратқышын өзіңізге қарай тартып, осы күйде 2 секунд ұстаңыз. Фаралар жарығын кешіктіріп өшіру функциясы сөнеді. Бұл функцияның жұмыс уақыты аяқталғанда фаралардың таяу жарығы мен габарит шамдары автоматты түрде сөнеді.


Фараларды автоматты басқару режимі

Функцияны қосу: жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын AUTO күйіне қойыңыз. Қараңғы бөлмеде немесе қараңғы уақытта қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз. Фаралардың таяу жарығы мен габарит шамдары автоматты түрде 30 секундқа қосылады. Қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін қайта басу бұл функцияны тағы бір рет іске қосады.

Функцияны өшіру: Фара жарығын кешіктіріп өшіру функциясы жарықтандыру құралдарының ажыратқышы ( ) күйінен шығарылғанда немесе бұл функцияның жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін автоматты түрде өшеді. Осы кезде фаралардың таяу жарығы және габарит шамдары өшеді.

Қашықтан басқару пульті арқылы автокөлікті іздеу функциясы

Фараларды қолмен басқару режимі



Автокөлікті іздеу функциясын қосу үшін қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз және қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз. Фаралардың таяу жарығы мен габарит шамдары автоматты түрде 60 секундқа қосылады. Функцияның жұмысын тағы 60 секундқа ұзарту үшін қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін тағы бір рет басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Егер автокөліктің фараларды автоматты басқару режимі жоқ болса, онда автокөлікті іздеу функциясын пайдалану үшін автокөліктен түсер кезде фаралар жарығының өшуін кешіктіру функциясын қосу қажет.

Фараларды автоматты басқару режимі

Қозғалтқышты өшіргенге дейін жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын AUTO күйіне қойыңыз. Қараңғы бөлмеде немесе қараңғы уақытта қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басыңыз. Фаралардың таяу жарығы мен габарит шамдары автоматты түрде 30 секундқа қосылады.

Бейімделетін бас жарық жүйесі (AFS) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Егер автокөлік 10 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен қозғалса және жүргізуші рульді бұрса, онда шолуды жақсарту, кедергілер мен жаяу жүргіншілерді жақсырақ жарықтандыру, сондай-ақ қауіпсіздікті арттыру үшін бұл жүйе бұрылыс орталығынан тыс фараның сәулесін сыртқа қарай бұрады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- 10 км/сағ-тан төмен жылдамдықта AFS жүйесі өшеді.
- Шалғай жарық фаралары қосулы кезде AFS жүйесі жұмыс істемейді.
- AFS жүйесі рульдің шағын бұрылу бұрышына әрекет етпейді.

Фаралар жарығын интеллектуалды басқару жүйесі (IHC) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болғанда, жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын AUTO күйіне орнатыңыз. Фаралардың таяу жарығы автоматты түрде қосылғанда, жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын өзіңізден алыстатып, жіберіңіз. Аспаптар тақтасында ақ «» индикаторы жанады және IHC жүйесі қосылады. Автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ-тан асқанда, IHC жүйесі жол жағдайларын (бір бағыттағы және қарсы келе жатқан көліктердің болуы, басып озуды орындау және т. б.) ескере отырып, шалғай және таяу жарық фараларын автоматты түрде ауыстырады.

IHC жүйесі белсенді болғанда жүргізуші шалғай жарық фараларын қосса немесе шалғай жарық фараларымен сигнал берсе, аспаптар тақтасындағы ақ « » индикаторы сөнеді. Жарықтандыру аспаптарының ауыстырып қосқышын рульден алшақтатып, жіберіңіз. IHC жүйесі жұмысын жалғастырады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- IHC жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы қосуға немесе өшіруге болады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Қоршаған жарық тым жарық болған кезде, IHC жүйесі фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде таяуға ауыстырады.
- Автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан төмен болған кезде, IHC жүйесі фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде таяуға ауыстырады.
- Солға немесе оңға бұрылу көрсеткіштерін қосқанда, IHC жүйесі фаралардың шалғай жарығын таяуға және керісінше автоматты түрде ауыстыруды тоқтатады.

Фаралардың булануы

Төмен температурада немесе қоршаған ауаның жоғары ылғалдылығында фаралар шашыратқышының ішкі жағында конденсат пайда болуы мүмкін. Фаралар қосылғаннан кейін біраз уақыттан кейін конденсат жоғала бастайды және тек шашыратқыштың шеттерінде қалуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Конденсат фаралардың жұмысына ешқалай әсер етпейді. Егер фаралар буланса, 30 минутқа таяу немесе шалғай жарықты қосыңыз. Фараларды қосқаннан кейін біраз уақыттан кейін конденсат өздігінен жоғалады. Бұл қалыпты жағдай.


ҚАУІП

- Аяқ өткелінен өткен кезде рұқсат етілген ең жоғары параметрлерден аспаңыз (аяқ өткелінің тереңдігі, қозғалыс жылдамдығы және т. б.). Әйтпесе, су фараларға түсуі мүмкін.
- Егер сіз фаралардың шаңнан қорғайтын қаптамаларын ашсаңыз, оларды кейін жабуды ұмытпаңыз. Әйтпесе, фараларға су түсуі мүмкін.
- Шамды ауыстырған кезде фараның дұрыс жұмыс істеуін және оның тығыздалуын қамтамасыз ету үшін әр бөлшекті орнату тәртібін қатаң сақтаңыз. Фараның шаңнан қорғайтын қаптамасын жапқан кезде тығыздағыш сақинаның күйін тексеріңіз. Қаптаманы таза ұстаңыз! Әйтпесе, фараға су мен шаң түсуі мүмкін, бұның салдары ауыр болуы мүмкін.
- Мотор бөлімін және, атап айтқанда, фараларды жуу үшін жоғары қысымды қондырғыларды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Жоғары қысыммен берілетін су жарық аспаптарының арматурасын бұзып, желдеткішке немесе фараның электр қосқышына түсіп кетуі мүмкін, нәтижесінде шашыратқыштың ішкі бетінде күшті конденсат пайда болуы мүмкін.

2-9. Орындық


Орындықтағы дұрыс күй

Орындықтар, бассүйегіштер, қауіпсіздік белбеулері және қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен жолаушыларды қорғауға арналған. Оларды дұрыс пайдалану жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін арттырады.


OMT1D-1200

Орындыққа отырғаннан кейін, орындықтың арқалығын шалқайтыңыз (оңтайлысы — арқалықтың тігінен 25 градусқа бұрылу бұрышы) және орындықтың арқалығына сүйеніңіз.


Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы басқару панеліне тым жақын отырмауы керек. Автокөлікті басқарған кезде рульде жатқан жүргізуші қолдарының шынтақтары сәл бүгілуі керек. Педальдерді басқаруға ыңғайлы болу үшін аяқтардың тізесін сәл бүгу керек. Бассүйегіштің биіктігін оның жоғарғы шеті бастың жоғарғы жағымен бірдей болатындай етіп реттеңіз.


OMT1D-1201

Қауіпсіздік белбеуінің иық бауы иықтың ортасынан кеудеге жақын өтіп, мойынға тиіп кетпеуі керек, ал бел бауы жамбасқа мүмкіндігінше жақын болуы, бірақ ішке тимеуі керек.

Бассүйегіштер

Бассүйегіштерді реттеу


OMT1D-1190

Бассүйегішті көтеру: бассүйегішті көтеру үшін оны жай ғана жоғары тартып, қажетті биіктікке орнатыңыз.

Бассүйегішті түсіру: бассүйегішті төмендету үшін сыртта орналасқан бекіткіш түймесін басып тұрып, оны төмен қарай тартыңыз.


Бассүйегішті шешу: Бассүйегішті алу үшін екі бекіткіш түймесін басып, бассүйегішті орындықтың арқалығынан толығымен шығарғанша басып тұрыңыз.

Бассүйегішті орнату: шешілген бассүйегішті орнату үшін оның тіректерін орнату тесіктеріне туралаңыз және бассүйегішті бекітілген күйге жылжығанша басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Бассүйегіштерді бекіту тәсілі жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

ҚАУІП
• Көлік қозғалысы кезінде бассүйегіштерді реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін. • Көлік жүргізбес бұрын бассүйегіштердің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Кері жағдайда бекітілмеген бассүйегіштер жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.


Ұшақтағыдай бассүйегіш



Ұшақтағыдай бассүйегіште биіктігінің реттелуіне қоса сондай-ақ қанаттардың күйі реттеледі (суретте көрсетілгендей). Ұшақтағыдай бассүйегіш бүйірлік қолдауының есебінен алыс сапарларда жайлылық деңгейін жоғарылатады және шаршаңқылық деңгейін төмендетеді.

Алдыңғы орындықтар

Қолмен реттелетін жетегі бар орындық (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1 Орындықтың бойлық күйін реттеу

Тұтқаны жоғары қарай тартып, орындықтың бойлық күйін реттеңіз. Орындықты қажетті күйге орнатқаннан кейін, тұтқаны жіберіңіз. Содан кейін оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықты алға-артқа итеріңіз.

2 Орындықты биіктігі бойынша реттеу (тек жүргізуші орындығы)


Орындықтың тік күйін реттеу үшін орындықты биіктігі бойынша реттеу тұтқасын көтеріңіз немесе түсіріңіз.

3 Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындықтың арқалығына толық сүйеніп, орындық арқалығын еңкейту бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз. Орындықтың арқалығына түсетін қысымды күшейту немесе босату арқылы оның еңкею бұрышын реттеңіз. Реттеуді аяқтағаннан кейін тұтқаны жіберіңіз. Оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықтың арқалығын тағы бір рет басыңыз.

Электр жетегімен реттелетін орындықтар

■ Жүргізуші орындығын электр жетегімен реттеу (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1 Орындықтың бойлық күйін реттеу

Көлденең жазықтықтағы орындықтың күйін өзгерту үшін бойлық күй реттегішін алға немесе артқа жылжытыңыз.


2 Орындықты биіктігі бойынша реттеу (тек жүргізуші орындығы)

Орындықты биіктігі бойынша реттеу үшін бойлық күй реттегішінің алдыңғы жағын жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

3 Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін орындық арқалығының еңкею бұрышын реттегіштің жоғарғы жағын алға немесе артқа жылжытыңыз.

■ Бел тірегін электржетегімен реттеу (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Белдің жоғарғы бөлігін қолдауды күшейту және бір уақытта белдің төменгі бөлігін қолдауды әлсірету үшін «» түймесін басып тұрыңыз.

Белдің жоғарғы бөлігін қолдауды күшейту және бір уақытта белдің жоғарғы бөлігін қолдауды әлсірету үшін «» түймесін басып тұрыңыз.

Бел тірегі білігінің профилін ұлғайту үшін «» түймесін басып тұрыңыз.

Бел тірегі білігінің профилін азайту үшін «» түймесін басып тұрыңыз.

■ Алдыңғы жолаушы орындығын электр жетегімен реттеу (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1 Орындықтың бойлық күйін реттеу

Көлденең жазықтықтағы орындықтың күйін өзгерту үшін бойлық күй реттегішін алға немесе артқа жылжытыңыз.

2 Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу

Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін орындық арқалығының еңкею бұрышын реттегіштің жоғарғы жағын алға немесе артқа жылжытыңыз.

Ескертпе: қалыпты жағдайда орындықтың алға 200 мм, ал артқа 40 мм жүріс қоры болады. Орындық арқалығының еңкіштігін реттеу алға 30 градус және артқа 50 градус диапазонында болады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Әр бағытта бел тірегін реттеудің өз шегі бар. Егер сіз реттеу кезінде шекті күй орнағанын байқасаңыз, бел тірегінің реттегішін жіберіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Орындық зақымдалмауы үшін оның күйін реттеген кезде орындықтың астында ешқандай заттар болмауы керек.


ҚАУІП

- Көлік қозғалысы кезінде орындықтың күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Орындықтың арқалығын тым қатты еңкейтпеңіз, өйткені қауіпсіздік белбеулері бетпе-бет соқтығысу кезінде немесе арттан келген соққы кезінде жүргізуші мен жолаушы тіке отырып, орындықтың арқалығына толық сүйенсе, барынша қорғаныста қамтамасыз етеді.

Екінші қатардағы орындық

Екінші қатардағы орындық (5 орынды автокөлік) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

■ Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу




1-қадам. Орындықтың арқалығына толық сүйеніп, орындық арқалығын еңкейту бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.

2-қадам. Орындықтың арқалығына түсетін қысымды күшейту немесе босату арқылы оның еңкею бұрышын реттеңіз және реттеу тұтқасын жіберіңіз.

3-қадам. Оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықтың арқалығын тағы бір рет басыңыз.

■ Орындық арқалығын жию



1-қадам. Алдыңғы орындықтарды алдыға жылжытыңыз.

2-қадам. Екінші қатардағы орындық бассүйегіштерінің биіктігін реттеңіз. Қажет болса, бассүйегіштерді шешіп алып, ортаңғы бассүйегішті жиыңыз.

3-қадам. Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз және қолыңызбен ұстап тұрып, жайымен алға қарай жіберіңіз.

Ескертпе: қалыпты күйде орындық арқалығының еңкеюін реттеу диапазоны (5 орынды автокөлік) алға қарай 16 градус және артқа қарай 6 градус.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Орындықтардың конструкциясы жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Сіздің автокөлігіңізде ол басқаша болуы мүмкін.
- Қауіпсіздік белбеуіне зақым келтірмеу үшін орындықтың арқалығын жиған кезде, белбеудің иық бауы арқалықтың үстінен өткеніне көз жеткізіңіз.

ҚАУІП

Көлік қозғалысы кезінде орындықтың күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Екінші қатардағы орындық (6 немесе 7 орынды автокөлік) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

■ Орындықтың бойлық орналасуын реттеу



1-қадам. Тұтқадан тартыңыз және орындықты алдыға немесе артқа жылжытыңыз.

2-қадам. Орындықты қажетті

күйге орнатып, тұтқаны босатыңыз.

3-қадам. Орындықтың сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны алға-артқа қарай шайқаңыз.

■ Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу




1-қадам. Орындықтың арқалығына толық сүйеніп, орындық арқалығын еңкейту бұрышын реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз.

2-қадам. Орындықтың арқалығына түсетін қысымды күшейту немесе босату арқылы оның еңкею бұрышын реттеңіз және реттеу тұтқасын жіберіңіз.

3-қадам. Оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықтың арқалығын тағы бір рет басыңыз.

■ Орындық арқалығын жию




1-қадам. Алдыңғы орындықтарды алдыға жылжытыңыз.

2-қадам. Екінші қатардағы орындық бассүйегіштерінің биіктігін реттеңіз. Қажет болса, бассүйегіштерді шешіп алып, ортаңғы бассүйегішті жиыңыз.

3-қадам. Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз және қолыңызбен ұстап тұрып, жайымен алға қарай жіберіңіз.

■ Жолаушыларды отырғызу және түсіруді жеңілдету жүйесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1-қадам. Орындық арқалығының жоғарғы бөлігінде орналасқан жолаушылардың отыруы мен түсуін жеңілдету жүйесінің тұтқасынан тартыңыз.

2-қадам. Екінші қатар орындығының арқалығын жатқызыңыз және орындықты ең алдыңғы күйіне жылжытыңыз.

3-қадам. Үшінші қатардағы орындыққа отырғаннан немесе одан түскеннен кейін, екінші қатардағы орындықты ең артқы қалыпқа жылжытыңыз және орындық арқалығын сырт еткен дыбыс шыққанша артқа қарай тартыңыз.


4-қадам. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін орындықты алға-артқа ырғап көріңіз.

Ескертпе: қалыпты күйде екінші қатардағы орындықтың (6 немесе 7 орынды автокөлік) алға қарай 120 мм және артқа қарай 40 мм жүріс қоры бар. Орындық арқалығының еңкіштігін реттеу алға 30 градус және артқа 12 градус диапазонында болады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қауіпсіздік белбеуіне зақым келтірмеу үшін орындықтың арқалығын жиған кезде, белбеудің иық бауы арқалықтың үстінен өткеніне көз жеткізіңіз.

ҚАУІП
Көлік қозғалысы кезінде орындықтың күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Үшінші қатардағы орындық (6 немесе 7 орынды автокөлік)



1-қадам. Үшінші қатардағы орындық бассүйегіштерінің биіктігін реттеңіз. Қажет болса, оларды шешіп алыңыз.

2-қадам. Орындық арқалығының көлбеу бұрышын реттеу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз және қолыңызбен ұстап тұрып, жайымен алға қарай жіберіңіз. Жиналған күйде орындық арқалығы жүксалғыш еденімен бір жазықтықта орналасады.

Ескертпе: қалыпты күйде орындық арқалығының еңкеюін реттеу диапазоны (6 немесе 7 орынды автокөлік) алға қарай 6 градус және артқа қарай 4 градус.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қауіпсіздік белбеуіне зақым келтірмеу үшін орындықтың арқалығын жиған кезде, белбеудің иық бауы арқалықтың үстінен өткеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ҚАУІП

Көлік қозғалысы кезінде орындықтың күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл талапты орындамау жол-көлік оқиғасы мен жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Орындықтарды жылыту (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Алдыңғы орындықтарды жылыту (A нұсқасы)



OMT1D-1252

Орындық жылытқыштары қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда жұмыс істейді. « » ажыратқышы жүргізуші орындығын жылыту жұмысын, ал « » ажыратқышы алдыңғы жолаушы орындығын жылыту жұмысын басқарады. Ажыратқышты бірінші рет басқанда, екінші жылыту кезеңі қосылады (екі индикатор да жанады). Ажыратқышты екінші рет басқанда, бірінші жылыту кезеңі қосылады (бір индикатор жанады). Ажыратқышты үшінші рет басқанда, жылытқыш өшіріледі.

Алдыңғы орындықтарды жылыту (B нұсқасы)




OMT1D-1250

Орындық жылытқыштары қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда жұмыс істейді. « » ажыратқышы жүргізуші орындығын жылыту жұмысын, ал « » ажыратқышы алдыңғы жолаушы орындығын жылыту жұмысын басқарады. Ажыратқышты бірінші рет басқанда, екінші жылыту кезеңі қосылады (екі индикатор да жанады). Ажыратқышты екінші рет басқанда, бірінші жылыту кезеңі қосылады (бір индикатор жанады). Ажыратқышты үшінші рет басқанда, жылытқыш өшіріледі.

📖 ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Алдыңғы орындықтарды жылыту оларды желдетумен бір уақытта жұмыс істей алмайды.

Екінші қатардағы орындықты жылыту



Орындық жылытқыштары қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда жұмыс істейді. « » ажыратқышы жүргізуші орындығын жылыту жұмысын, ал «» ажыратқышы алдыңғы жолаушы орындығын жылыту жұмысын басқарады. Ажыратқышты бірінші рет басқанда, екінші жылыту кезеңі қосылады (екі индикатор да жанады). Ажыратқышты екінші рет басқанда, бірінші жылыту кезеңі қосылады (бір индикатор жанады). Ажыратқышты үшінші рет басқанда, жылытқыш өшіріледі.

Орындықтарды желдету (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Алдыңғы орындықтарды желдету




Орындықтарды желдету қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрғанда жұмыс істейді. « » ажыратқышы жүргізуші орындығын желдету жұмысын, ал «» ажыратқышы алдыңғы жолаушы орындығын желдету жұмысын басқарады. Ажыратқышты бірінші басқанда желдетудің екінші сатысы қосылады (екі индикатор да жанады). Ажыратқышты екінші рет басқанда желдетудің бірінші сатысы қосылады (бір индикатор жанады). Ажыратқышты үшінші рет басқанда желдету өшеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Алдыңғы орындықтарды жылыту оларды желдетумен бір уақытта жұмыс істей алмайды.

Орындықтардың орналасуын жадта сақтау функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Жад түймелерін пайдалану (А нұсқасы)




1 Баптау түймесі
2 Жад түймесі 1
3 Жад түймесі 2

Баптау түймесін басыңыз, содан кейін аспаптар тақтасының ескерту сигналынан кейін бірден жад түймесін 1 немесе 2-ні басыңыз. Орындықтың ағымдағы орналасуы, сәйкесінше, осы түймелердің біріне тағайындалады, бұл туралы хабарлама аспаптар тақтасында пайда болады.

Жад түймесі 1 немесе 2-ні ұзақ (орындық қозғала бастағанға дейін) басу жадтан тиісті баптауларды шақырады, нәтижесінде орындық автоматты түрде қажетті күйге жылжиды.

Жад түймелерін пайдалану (В нұсқасы)



1 Баптау түймесі
2 Жад түймесі 1
3 Жад түймесі 2
4 Жад түймесі 3

Баптау түймесін басыңыз, содан соң аспаптар тақтасының ескерту сигналынан кейін бірден 1, 2 не 3-жад түймесін басыңыз. Орындықтың ағымдағы күйі сәйкесінше осы түймелердің біріне белгіленеді.

1, 2 не 3-жад түймесін ұзақ (орындық қозғала бастағанға дейін) басу жадтан сәйкес баптауларды шақырады, мұның нәтижесінде орындық автоматты түрде қажетті күйге жылжиды.

Аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен басқару



Орындық күйін реттегеннен кейін аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде осы орындық күйін әдеттегі күй, демалыс күйі немесе ыңғайлы күй ретінде сақтау туралы диалогтық терезе пайда болады.

Орындықтың осы орналасуын (сіз пайдаланатын қашықтан басқару пультімен синхрондалған) жадтан шақыру қажет болған жағдайда, аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде қалыпты, демалыс немесе ыңғайлы орналасуды таңдаңыз. Бұл кезде сыртқы артқы көрініс айналары да тиісті қалыпқа орнатылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жүргізуші орындығының қашықтан басқару пультімен синхрондалуы аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейі арқылы бапталады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.
- Егер жүргізуші орындығының қашықтан басқару пультімен синхрондалуы өшірілген болса, онда орындықтың орналасуын реттегеннен кейін аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде диалогтық терезе пайда болмайды.

Автокөлікке отыруды және одан түсуді жеңілдету функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйінен OFF күйіне ауыстырған кезде және жүргізуші есігін ашқан кезде, жүргізуші орындығы көліктен түсуді жеңілдету үшін автоматты түрде артқа жылжиды.

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйінен ON күйіне ауыстырған кезде, жүргізуші орындығы автоматты түрде жадта сақталған күйге (ағымдағы қашықтан басқару пульті үшін) алға жылжиды.

Қашықтан басқару пультін өзіңізбен алып, жүргізушінің есігін ашыңыз. Бұл жағдайда жүргізуші орындығы автоматты түрде артқа жылжиды. Орындыққа отырыңыз және тежегіш педалін басыңыз. Орындық автоматты түрде алға, жадта сақталған күйге ауысады (ағымдағы қашықтан басқару пульті үшін).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Егер орындық күйін жадта сақтау функциясы жад түймелерінің ешқайсысы үшін орнатылмаған болса (ағымдағы қашықтан басқару пульті үшін), онда жүргізуші көліктен шықпас бұрын орындық артқа жылжымайды.

⚠ ҚАУІП

- Балаларды автокөлік ішінде жалғыз қалдырмаңыз. Әйтпесе, автокөлікке отыруды және одан түсуді жеңілдету функциясы оларға зақым келтіруі мүмкін.
- Осы функцияны орындаған кезде орындық жылжығанда, оның ешкімді қысып қалмауын қадағалаңыз. Егер бұл орын алса, реттегішті басу арқылы орынды тоқтатыңыз.

2-10. Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулері



Қозғалыс кезінде жүргізуші мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеуін тағып отыруы керек. Әйтпесе, жол-көлік оқиғасы кезінде жарақат алу ықтималдығы және оның ауырлығы артады. Қауіпсіздік белбеулерінің күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Егер қауіпсіздік белбеуі дұрыс жұмыс істемесе, дереу оны тексерту және жөндету үшін ресми дилердің сервистік станциясына хабарласыңыз.

Жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған немесе дұрыс тағылмаған: егер қауіпсіздік белбеуі тағылмаса және автокөліктің жылдамдығы 25 км/сағ аспаса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің қызыл « » сигнализаторы жыпылықтайды, бірақ дыбыс сигналы естілмейді. Автокөліктің жылдамдығы 25 км/сағ-тан асқанда, қызыл дабылдың жыпылықтауынан басқа «» дыбыстық дабыл да қосылады.


Ескертпе: Алдыңғы жолаушының тағылмағанын білдіретін дабыл стандартты көлік жинақтамасына кірмейді. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Екінші қатар орындығының қауіпсіздік белбеуі тағылмаған немесе дұрыс тағылмаған (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін): егер автокөлік жылдамдығы 25 км/сағ-тан асса, аспаптар тақтасында тағылмаған артқы қауіпсіздік белбеуінің қызыл сигналы «» жанады және дыбыстық сигнал қосылады. 30 секундтан кейін қызыл түсті сигнал бергіш сөнеді және дыбыстық сигнал беру жүйесі өшеді.

Ескертпе: сигналдың қызыл түсі екінші қатардағы орындықтың қауіпсіздік белбеулерінің тағылмағанын, ал жасыл түсі — екінші қатардағы орындықтың қауіпсіздік белбеулерінің бірінің тағылғанын көрсетеді. Барлық қауіпсіздік белбеулері тағылған кезде дабыл жанбайды.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану


1-қадам. Қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекітпесінің биіктігін реттеу (жүргізуші және алдыңғы жолаушы орындықтары)



1 Қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіткішін түсіру жолы: Бекіткіш түймесін басу арқылы қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіткішін төмен жылжытыңыз.

2 Қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіткішін көтеру жолы: Бекіткіш түймесін басу арқылы қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіткішін жоғары жылжытыңыз.

2-қадам. Қауіпсіздік белбеуін тағу және ағыту



1 Қауіпсіздік белбеуін тағу: қауіпсіздік белбеуін тағу үшін бекіту тоғынын құлыпқа басу керек.

2 Қауіпсіздік белбеуін ағыту: Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін құлыптың түймесін басыңыз. Егер белбеу инерциялық катушкаға тегіс тартылмаса, оны толығымен тартып, таспаның бүгілмегенін немесе бұралмағанын тексеріңіз. Белбеудің инерциялық катушкаға біркелкі тартылғанына көз жеткізіңіз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Бір белбеуді тек бір адам тағуы керек. Бір белбеуді бірнеше адамға, соның ішінде балаға тағуға тыйым салынады.
- Белбеу катушкадан күрт тартқан кезде бұғатталады, бірақ тегіс тартқан кезде бұғатталмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік белбеуінің құлпы дұрыс күйде екеніне және бекіту тоғыны құлыпта мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Құлыптағы тоғынның дұрыс бекітілмеуі ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Құлыпқа салынбаған бекіту тоғыны бар қауіпсіздік белбеуін пайдаланбаңыз. Бұл жағдайда қауіпсіздік белбеуі кенеттен тежеу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде сізді қорғамайды.

3-қадам. Қауіпсіздік белбеулерінің күйін реттеу




Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеңіз, тік отырыңыз және орындықтың арқалығына толық сүйеніңіз. Белбеудің бел бауын ішке емес, жамбасқа мүмкіндігінше жақын орналастырыңыз, содан кейін қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекітпесін белбеу иықты айналып өтетіндей, бірақ одан сырғып кетпейтіндей және мойынға тимейтіндей етіп реттеңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Көлікте болған кезде киімнің түймесін ағытпаңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік белбеуі сіздің денеңізге тікелей тиіп, максималды қорғаныс әсеріне қол жеткізілмейді.
- Жол-көлік оқиғасы немесе басқа күтпеген жағдайлар кезінде белбеудің астына «кіріп кету» әсерінен жоғары орналасқан бел бауы және әлсіз тартылған қауіпсіздік белбеуі ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- Ыңғайлы отыру үшін орындықтың арқалығын қажет болғаннан артық еңкейтпеңіз. Жолаушылар тік отырып, орындық арқалықтарына толығымен сүйенгенде қауіпсіздік белбеулерінің тиімділігі жоғары болады.
- Қауіпсіздік белбеуінің иық бауы сіздің иығыңыздан өтетініне көз жеткізіңіз. Белбеуді қолыңыздың астынан өткізуге тыйым салынады. Қауіпсіздік белбеуі мойынға тиіп кетпеуі немесе иықтан сырғып кетпеуі керек. Әйтпесе, жол-көлік оқиғасы кезінде қауіпсіздік белбеуінің тиімділігі төмендейді.
- Балаларды екінші қатардағы орындықта тасымалдаған жөн. Баланы штаттық қауіпсіздік белбеуімен немесе ISOFIX бала бекіту құрылғысымен бекіту керектігі туралы шешімді баланың бойына байланысты қабылдаңыз. Орындыққа штаттық қауіпсіздік белбеуімен бекітілетін бала бекіту құрылғысын пайдалану ұсынылмайды. Бекітудің мұндай түрі бала бекіту құрылғысының тиісті тұрақтылығын қамтамасыз етпейді. Екінші қатардағы орындық ең алдыңғы күйде тұрса, бала бекіту құрылғысын қауіпсіздік белбеуімен бекіту мүмкін емес.

Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау



Қауіпсіздік белбеулері бауларының күйін ара-тұра тексеріп отырыңыз (зақымдалғанын немесе тозғанын). Созылған (мысалы, жол-көлік оқиғасы нәтижесінде) қауіпсіздік белбеулері мен басқа да тиісті бөлшектер ресми дилердің қызмет көрсету станциясында тексеріліп, қажет болған жағдайда ауыстырылады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Инерциялық катушка механизміне судың түсуіне жол бермеңіз.
- Қауіпсіздік белбеулерінің таспаларын тазалау үшін химиялық заттарды, ыстық суды, ағартқыштарды немесе бояғыш заттарды қолдануға тыйым салынады.
- Қауіпсіздік белбеулерінің таспасын тазалау үшін бейтарап жуғыш зат ерітіндісін немесе таза, жылы суды қолданыңыз. Қауіпсіздік белбеулерін табиғи жағдайларда кептіріңіз. Бұл үшін жылыту құрылғыларын пайдалануға тыйым салынады.
- Инерциялық катушканы және қауіпсіздік белбеуінің құлпын өз бетінше жөндеуге немесе майлауға не белбеу таспасын ауыстыруға тыйым салынады. Әйтпесе, компания ықтимал салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.

⚠ ҚАУІП

- Егер автокөлік ауыр жол-көлік оқиғасына тап болса, бірақ қауіпсіздік белбеулері айқын зақымдалмаса, қауіпсіздік белбеулерін тексеру және қажет болған жағдайда ауыстыру үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.
- Белбеудің бекіту тоғыны құлыпқа толығымен салынғанына және белбеудің таспасы бұралмағанына көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуі дұрыс жұмыс істемесе, дереу оны тексерту және жөндету үшін ресми дилердің сервистік станциясына хабарласыңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін өз бетінше орнатуға, бөлшектеуге немесе кәдеге жаратуға, сондай-ақ олардың конструкциясын өзгертуге тыйым салынады. Жоғарыда көрсетілген операцияларды орындау үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

■ Балалардың қауіпсіздік белбеулерін пайдалануы

Сіздің көлігіңіздің қауіпсіздік белбеулері ересектерге арналған. Бойлары қауіпсіздік белбеулерін пайдалануға мүмкіндік бермейтін балаларды тасымалдау үшін арнайы бала бекіту құрылғыларын пайдаланыңыз (осы тараудағы «Бала бекіту құрылғылары» бөлімін қараңыз). Егер баланың бойы қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалануға мүмкіндік берсе, оны пайдаланудың жалпы талаптарын орындаңыз. Егер бала баланы бекіту құрылғысын пайдалану үшін тым үлкен болса, оны екінші қатардағы орындыққа отырғызып, қауіпсіздік белбеуін тағу керек.




Қауіпсіздік белбеуінің иық бауы әрқашан баланың иығының ортасында орналасуы керек. Қауіпсіздік белбеуі мойынға тиіп кетпеуі немесе иықтан сырғып кетпеуі керек. Әйтпесе, кенеттен тежеу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде бала өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.

Бала бекіту құрылғысын пайдаланудан бас тарту салдарынан (мысалы: баланы ересек адамның тізесінде немесе қолында тасымалдау, баланың орындықта еркін орналасуы):

жол-көлік оқиғасы немесе басқа төтенше жағдай кезінде баланың ауыр жарақат алуына немесе қаза болуына әкелуі мүмкін.

■ Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеулерін пайдалануы




Жүкті әйелдерге медициналық кеңес алу және қауіпсіздік белбеуін тиісті түрде пайдалану қажет. Белбеудің бел бауы басқа жолаушылар сияқты жүкті әйелдің жамбасында мүмкіндігінше төмен болуы керек. Қауіпсіздік белбеуін толығымен тартыңыз, оны иығыңыздан және көкірек қуысының үстінен өткізіңіз. Қауіпсіздік белбеуінің бел бауы іште орналаспауы керек. Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдаланбаған жағдайда, жүкті әйел ғана емес, оның ішіндегі баласы да жол-көлік оқиғасынан немесе қатты күрт ауыр жарақат алуы мүмкін.

⚠ ҚАУІП

- Монеталарды, қағаз қыстырғыштарды және басқа заттарды қауіпсіздік белбеуінің құлпына салмаңыз, себебі олар құлыптағы тоғынның сенімді бекітілуіне жол бермейді.
- Бекіту тоғыны құлыпқа салынғаннан кейін, бекіту тоғынының құлыпта мықтап бекітілгеніне және қауіпсіздік белбеуінің бел және иық бауларының бұралмағанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің құлпына түпнұсқа бітеу қапсырмасынан бөлек әлденені салуға тыйым салынады. Әйтпесе қауіпсіздік белбеуінің құлпы істен шығып, ол әрі қарай пайдалануға жарамсыз болып қалуы мүмкін.
- Егер қауіпсіздік белбеуі дұрыс жұмыс істемесе, ол жүргізушіні немесе жолаушыны жарақаттан немесе өлімнен қорғай алмайды. Бұл жағдайда қауіпсіздік белбеуін тексеру және қажет болған жағдайда ауыстыру үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1. Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқыштарының бірге қолданылуы ауыр жол-көлік оқиғасы кезіндегі зардаптардың ауырлығын төмендетуге ықпал етеді.
2. Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы ауыр емес бетпе-бет соқтығысу немесе бүйірлік соқтығысу жағдайында қосылмауы мүмкін.

3. Алдыңғы жолаушы орындығындағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы алдыңғы орындықта жолаушы болмаған кезде де қосыла алады.
4. Қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы қосылғаннан кейін инерциялық катушка қауіпсіздік белбеуін тартып, жүргізушіні немесе алдыңғы жолаушыны мықтап ұстайды.
5. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары қосылған кезде ерекше шу естіледі және аз мөлшерде улы емес газ шығарылады. Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары қосылған кезде пайда болатын газ өрт тудырмайды және әдетте адам денсаулығына зиян келтірмейді.

⚠ ҚАУІП

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылған жағдайда қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулық сигналы жанады және қауіпсіздік белбеулерінің инерциялық катушкалары бұғатталады. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Жинақтамадағы қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышының құрылымын өзгертуге, бөлшектеуге, соққы әсеріне ұшыратуға немесе қауіпсіздік жастығының датчигін және тиісті электр сымдарын ашуға тыйым салынады. Әйтпесе, қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының жұмысы бұзылуы мүмкін, олар кенеттен жұмыс қосылуы мүмкін немесе мүлдем қосылмауы мүмкін, нәтижесінде ауыр жарақат немесе адам өлімі орын алуы мүмкін.

Функциялық шектеулер

■ Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының өнімділігі мыналардың нәтижесінде бұзылуы мүмкін:

1. аспа құрылымына өзгерістер енгізу;
2. автокөліктің алдыңғы бөлігінің құрылымына өзгерістер енгізу;
3. қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарын немесе жақын орналасқан басқа компоненттерді жөндеу;
4. қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқышы жиынтығы немесе оның жанындағы аймақ зақымдалған;
5. автокөліктің алдыңғы жағына радиаторды қорғау торын немесе басқа керек-жарақтарды орнату.

2-11. Бала бекіту құрылғылары

Бала бекіту құрылғылары

Статистика баланы алдыңғы орындықта емес, бала бекіту құрылғысында артқы орындықта тасымалдау қауіпсіз екенін көрсетеді. Автокөлігіңізге сәйкес келетін және балаңыздың жасына және салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын таңдаңыз. (Халықаралық стандарттарға сәйкес, автокөліктің қауіпсіздік белбеулері жүйесі бойы кем дегенде 150 см жолаушыларға негізделген. Бойы 150 см-ге жетпейтін жолаушының қауіпсіздік белбеуін пайдалануы жол-көлік оқиғасы кезінде мойынның ауыр жарақаттануына әкелуі мүмкін).

Бұл нұсқаулықта тек ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнату сипатталған. Орнату туралы толығырақ ақпарат бала бекіту құрылғысымен бірге берілген нұсқаулықта келтірілген.

⚠ ҚАУІП

- Бала бекіту құрылғысын тек қауіпсіздік белбеуімен бекітуге тыйым салынады. Артқы орындыққа бала бекіту құрылғысын бекіту үшін стандартты бекітпелерді пайдаланыңыз.
- Бала бекіту құрылғысы қауіпсіздік стандарттары мен заң талаптарына сәйкес келуі керек. Automobile Co., Ltd. компаниясы бала бекіту құрылғысымен байланысты мәселелерден туындаған зақымданулар немесе жол-көлік оқиғалары үшін жауапкершілік көтермейді.
- Жол-көлік оқиғасы кезінде немесе күрт тежеу кезінде тиімді қорғау үшін бала қауіпсіздік белбеуін тағуы немесе жасына және салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысында болуы тиіс. Жолаушының баланы қолында ұстауы бала бекіту құрылғысын алмастыра алмайды.

Бала бекіту құрылғыларының жіктелуі

Бала бекіту құрылғысы бала бекіту құрылғылары мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған автокөлік стандарттарына сәйкес келуі керек (ECE R44). Әдетте, сынақтан өткен бала бекіту құрылғыларында сертификаттау белгісі, сондай-ақ ECE R44 стандартының талаптарына сәйкестігін растайтын қызғылт сары түсті затбелгі бар. Бұл затбелгіде баланың салмағы, ISOFIX бекіту түрі және бала бекіту құрылғысын сертификаттау туралы ақпарат берілген.

■ Ережелерге сәйкес бала бекіту құрылғылары келесі топтарға бөлінеді:

Топ	Салмағы
0 тобы	10 кг дейін
0+ тобы	0–13 кг
1 тобы	9–18 кг
2 тобы	15–25 кг
3 тобы	22–36 кг

1. Салмақ тобы 0/0+: 0/0+ немесе 0/1 санатындағы бесік орнату ұсынылады, онда баланың беті артқа қарайды.
2. Салмақ тобы 1: 1 немесе 1/2 санаттағы бала бекіту құрылғысын өз қауіпсіздік белбеуімен бекіту ұсынылады.
3. Салмақ тобы 2/3: 2 салмақ тобы үшін арқалығы бар бала бекіту құрылғысын орнату ұсынылады; 3 салмақ тобы үшін арқалығы жоқ бала бекіту құрылғысын орнату ұсынылады.

■ Бала бекіту құрылғыларын орнату орындары (i-Size):


Баланың салмақ тобы	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шекті орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
0 тобы (10 кг дейін)	X	U, L	X
0+ тобы (13 кг дейін)	X	U, L	X

Баланың салмақ тобы	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шекті орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
1 тобы (9–18 кг дейін)	X	U, L	X
2 тобы (15–25 кг дейін)	X	UF, L	X
3 тобы (22–36 кг дейін)	X	UF, L	X

1. X: Орындық осы салмақ тобына арналған бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.
2. U: «Әмбебап» санатқа жататын және осы салмақ тобында пайдалануға арналған бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.
3. UF: «Әмбебап» санатқа жататын және осы салмақ тобында пайдалануға арналған, баланың беті алға қаратылған бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.
4. L: Егер осы автокөлік моделі бала бекіту құрылғысын өндірушінің рұқсат етілген автокөлік модельдері тізімінде болса, «жартылай әмбебап» санатқа жататын және осы салмақ тобында пайдалануға арналған бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.

Ескертпе: «Әмбебап» санаттағы бала бекіту құрылғылары автокөліктің штаттық қауіпсіздік белбеулерімен бекітіледі. «Жартылай әмбебап» санаттағы бала бекіту құрылғылары ISOFIX бекітпесі мен жоғарғы матауышпен бекітіледі.

Бала бекіту құрылғыларын пайдалану кезіндегі сақтық шаралары




Алдыңғы жолаушының күңқағарындағы бұл белгі автокөліктің алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастығымен жабдықталғанын еске салады. Төменде келтірілген сақтық шараларын орындаңыз.

1. Баланың беті артқа қарайтын бала бекіту құрылғысын алдыңғы қауіпсіздік жастығы ажыратылмаған алдыңғы жолаушының орындығына орнатпаңыз.
2. Ешбір жағдайда бала бекіту құрылғысын немесе қауіпсіздік белбеуін бекіту құрылымына өзгертулер енгізбеңіз.
3. Бала бекіту құрылғысын тек қауіпсіздік белбеуімен бекітуге тыйым салынады. Артқы орындыққа бала бекіту құрылғысын бекіту үшін стандартты бекітпелерді пайдаланыңыз.

Әйтпесе, Automobile Co., Ltd. компаниясы ықтимал салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.

Жоғарғы стропты бекіту

■ SUV және хэтчбек:




Автокөліктің бұл моделі бала бекіту құрылғысының жоғарғы матауышына арналған арнайы бекітпелермен жабдықталған, онда баланың беті алға қарайды. Бұл бекіткіштер екінші қатардағы орындық арқалығының артқы жағында орналасқан.

Бала бекіту құрылғысын орындыққа орнатпас бұрын бассүйегішті орындықтан шешіп алып, жоғарғы матауышты бекіткішке бекіту керек. Жоғарғы матауыш тікелей бассүйегіштен өтпейтініне және оның айналасында жүрмейтініне көз жеткізіңіз. Матауыш пен бассүйегіш бір-біріне тиіп кетпеуі керек. Матауыш бекіткішке бекітілгеннен кейін матауышта тартып қою керек. Орындыққа жоғарғы матауышы бар бала бекіту құрылғысын орнату және бекіту туралы толығырақ ақпарат белгілі бір бала бекіту құрылғысымен бірге берілген нұсқаулықта келтірілген.

⚠ ҚАУІП


- Жоғарғы матауыш тікелей бассүйегіштен өтпейтініне және оның айналасында жүрмейтініне көз жеткізіңіз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін матауышты бекітіп, тартыңыз. Бала бекіту құрылғысын дұрыс орнатпау баланың жарақат алуына әкелуі мүмкін.
- SUV және хэтчбек: егер автокөлікте жүксалғыш пердесі орнатылса, онда жоғарғы матауышты қоспас бұрын пердені алып тастау керек.

■ Баланың беті теріс қаратылатын бала бекіту құрылғысы



Баланың беті артқа қарайтын бала бекіту құрылғысы автокөліктің қозғалыс бағытына қарсы орнатылады. Егер жолкөлік оқиғасы кезінде емшектегі баланың беті алға қарап отырса, орталық омыртқа мен жұлынның зақымдану қаупі бар. Егер емшектегі баланың беті артқа қаратылса, бала бекіту құрылғысы оның басын, мойнын және кеудесін қорғайды. 0 тобына арналған ұсыныстар: 10 кг дейін. 0+ тобы: 13 кг дейін

■ Баланың беті алға қарайтын бала бекіту құрылғысы



Баланың беті алға қарайтын бала бекіту құрылғысы автокөліктің қозғалыс бағыты бойынша орнатылады. I тобына арналған ұсыныстар: (9–18 кг).


■ Қосымша жастық



Бала бекіту құрылғысынан өскен балалар үшін қосымша жастықты пайдалану керек. Қосымша жастық баланы көтеріп, оны қауіпсіздік белбеуімен мықтап бекітуге мүмкіндік береді. (Халықаралық стандарттарға сәйкес, автокөліктің қауіпсіздік белбеулері жүйесі бойы кем дегенде 150 см жолаушыларға негізделген. Бойы 150 см-ге жетпейтін жолаушының қауіпсіздік белбеуін пайдалануы жол-көлік оқиғасы кезінде мойынның ауыр жарақаттануына әкелуі мүмкін). II тобына арналған ұсыныстар: 15– 25 кг. III тобына арналған ұсыныстар: 22–36 кг.

Бала бекіту құрылғысын орнату

Бала бекіту құрылғылары



I-Size/ISOFIX құрылғыларына арналған бекіткіштер ECE R14 және ECE R145 стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Бұл бекіткіштер екінші қатардағы орындық арқалығының астында, сыртқы жақтан орналасқан. Бұл бекітпелердің жанында әдетте «» немесе «» затбелгісі бар.

■ ISOFIX бала бекіту құрылғыларының өлшемдік класы:

Төмендегі кесте сізге өлшем жіктелімі тиісті ISOFIX бала бекіту құрылғысын таңдауға көмектеседі.

Өлшем жіктелімі	Сипаттамасы
A	Баланың беті алға қарайтын толық өлшемді бала бекіту құрылғысы
B	Баланың беті алға қарайтын кішірейтілген бала бекіту құрылғысы
B1	Баланың беті алға қарайтын кішірейтілген бала бекіту құрылғысы
C	Баланың беті артқа қарайтын толық өлшемді бала бекіту құрылғысы
D	Баланың беті артқа қарайтын кішірейтілген бала бекіту құрылғысы
E	Баланың беті артқа қарайтын емшектегі баланы тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысы
F	Баланың беті солға қарайтын емшектегі баланы тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысы
G	Баланың беті оңға қарайтын емшектегі баланы тасымалдауға арналған бала бекіту құрылғысы

ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнату орындары

Топ	Өлшем жіктелімі	Бала бекіту құрылғысының түрі	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шекті орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
0 тобы (10 кг дейін)	F	ISO/L1	X	X	X
	G	ISO/L2	X	X	X
	E	ISO/R1	X	IL	X
0+ тобы (13 кг дейін)	E	ISO/R1	X	IL	X
	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
1 тобы (9–18 кг дейін)	D	ISO/R2	X	IL	X
	C	ISO/R3	X	IL	X
	B	ISO/F2	X	IL, IUF	X
	B1	ISO/F2X	X	IL, IUF	X
	A	ISO/F3	X	IL, IUF	X

Топ	Өлшем жіктелімі	Бала бекіту құрылғысының түрі	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шекті орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
2 тобы (15–25 кг дейін)		(1)			
3 тобы (22–36 кг)		(1)			

1. X: Орындық осы салмақ немесе өлшемдегі ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.
2. IL: Тізімде көрсетілген ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі. Олар «автокөліктің белгілі бір моделіне арналған», «жартылай әмбебап» немесе «белгілі бір салмақ тобында қолдануға арналған» санаттарына жатқызылуы мүмкін.
3. IUF: «Әмбебап» санатына жататын және осы салмақ тобында пайдалануға арналған, баланың беті алға қаратылған ISOFIX бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.

4.(1): ISO/ XX (A-дан G-ға дейін) баланың салмағы бойынша топ көрсетілмеген бала бекіту құрылғысы. Салмақ топтары туралы қосымша ақпарат алу үшін ISOFIX бала бекіту құрылғысын өндірушінің рұқсат етілген автокөлік модельдерінің тізімін қараңыз.


i-Size бала бекіту құрылғыларын орнату орындары

Типі	Алдыңғы жолаушы орындығы	Екінші қатардағы шекті орындық	Екінші қатардағы ортаңғы орындық
i-Size бала бекіту құрылғысы	X	i-U	X

i-U: Бала алға немесе артқа қарап орналасатын, «әмбебап» санатқа (i-Size) жататын бала бекіту құрылғыларын орнатуға рұқсат етіледі.


X: Орындық балаларға арналған «әмбебап» санатындағы бала бекіту құрылғыларын орнатуға жарамайды.

ISOFIX бекітпесі бар бала бекіту құрылғыларын орнату




1-қадам. Бала бекіту құрылғысын бекіту үшін қолданылатын төменгі сақинаны табыңыз.

2-қадам. Екінші қатардағы орындыққа бала бекіту құрылғысын орнатыңыз.



3-қадам. Төменгі сақинаға бала бекіту құрылғысының төменгі ілмегін салып, бекітіңіз.



4-қадам. Бала бекіту құрылғысының жоғарғы матауышын алып, оны көрсетілгендей орындыққа бекітіңіз. Тиісті бекітпе екінші қатардағы орындықтың арқалығының артында орналасқан (суретті қараңыз).

Ескертпе: Сіз сатып алған бала бекіту құрылғысының жоғарғы матауышпен бекітілуін қажет ететінін тексеріңіз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Егер орнату кезінде бала бекіту құрылғысының жоғарғы бөлігі орындықтың бассүйегішіне тірелсе, бассүйегішті шешіп алуға болады.
- Екінші қатардағы орындыққа бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын, егер бұл орындықтың бойлық орналасуын реттеу мүмкіндігі болса, оны шеткі күйден 40 мм-ге жылжыту қажет.
- Матауыш бекіткішке бекітілгеннен кейін матауышта тартып қою керек. Орындыққа жоғарғы матауышы бар бала бекіту құрылғысын орнату және бекіту туралы толығырақ ақпарат белгілі бір бала бекіту құрылғысымен бірге берілген нұсқаулықта келтірілген.
- Бала бекіту құрылғысын орындыққа орнатпас бұрын бассүйегішті орындықтан шешіп алып, жоғарғы матауышты бекіткішке бекіту керек. Жоғарғы матауыш тікелей бассүйегіштен өтпейтініне және оның айналасында жүрмейтініне көз жеткізіңіз. Матауыш пен бассүйегіш бір-біріне тиіп кетпеуі керек.

⚠ ҚАУІП

- Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін орындықтың күйін реттеуге тыйым салынады.
- Бала бекіту құрылғылары екінші қатардағы орындыққа орнатылуы керек.
- Екі немесе одан да көп бала бекіту құрылғыларын бекіту үшін бекіту сақиналарының бір жинағын пайдалануға тыйым салынады.
- Жоғарғы матауыш тікелей бассүйегіштен өтпейтініне және оның айналасында жүрмейтініне көз жеткізіңіз. Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін матауышты бекітіп, тартыңыз. Бала бекіту құрылғысын дұрыс орнатпау баланың жарақат алуына әкелуі мүмкін.
- Егер автокөлік жүксалғыштың пердесімен жабдықталған болса, оны бекітпелерге бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын алып тастау керек.
- Егер бекіту сақинасы зақымдалса немесе жол-көлік оқиғасы кезінде жоғары жүктемеге ұшыраса, оны ауыстыру үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.
- Егер жүргізуші орындығының артына бала бекіту құрылғысын орнату үшін орын жеткіліксіз болса, бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығының артына қойыңыз.
- Бала бекіту құрылғысынан басқа кез келген нәрсені бекіту үшін бала бекіту құрылғысына арналған бекіткіш қапсырмаларды пайдалануға тыйым салынады. Әйтпесе, компания ықтимал салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.
- Егер бала бекіту құрылғысы дұрыс бекітілмеген болса, бала немесе басқа жолаушылар күрт тежеу, маневр немесе жол-көлік оқиғасы кезінде ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.
- Жоғарғы матауыш мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Сондай-ақ, бала бекіту құрылғысын әр түрлі бағытта итеріп, оның сенімді екеніне көз жеткізіңіз. Бала бекіту құрылғысын орнату бойынша өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Егер бала бекіту құрылғысы дұрыс орнатылмаса, бала күрт тежеу, маневр немесе жол-көлік оқиғасы кезінде ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.
- Егер бала бекіту құрылғысы алдыңғы орындықты бекітуге кедергі келтірсе, бала бекіту құрылғысын екінші қатардағы орындыққа орнатпаңыз. Әйтпесе, бала немесе алдыңғы жолаушы күрт тежеу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Балаларға бала бекіту құрылғысын бекітуге арналған қауіпсіздік белбеуімен ойнауға рұқсат бермеңіз. Егер белбеу баланың мойнына оралса, онда белбеуді шешу мүмкін болмай, бала тұншығып кететін жағдай туындауы немесе баланың басқа ауыр жарақат алу немесе өліп кету қаупі туындауы мүмкін. Егер бекіту тоғынын босату мүмкін болмаса, белбеудің таспасын кесу керек.
- Бала бекіту құрылғысы пайдаланылмаса да, оны орындыққа мықтап бекітіңіз. Бала бекіту құрылғысын бекітілмеген күйде қалдырмаңыз.
- Егер сізге бала бекіту құрылғысын салоннан алып тастау қажет болса, оны шешіп, автокөліктен шығарыңыз немесе жүксалғышқа салып қойыңыз. Бұл күрт тежеу, маневр немесе жол-көлік оқиғасы кезінде жолаушылардың жарақат алуына жол бермейді.

⚠ ҚАУІП

Бұл күрт тежеу, маневр немесе жол-көлік оқиғасы кезінде жолаушылардың жарақат алуына жол бермейді.

Артқы орындықта балалар қалғаны туралы еске салу (автокөліктің кейбір орындалу нұсқалары үшін)

Егер жүргізуші автокөліктен шыққанда артқы орындықта балаларды ұмытып кетсе, аспаптар тақтасында тиісті ескерту пайда болады. Бұл төменде көрсетілген екі шарттың кем дегенде біреуі сақталған жағдайда орын алады:

1. Қозғалысты бастамас бұрын және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқаннан кейін жүргізуші артқы есікті ашқан.
2. Артқы есік қозғалысты бастамас бұрын және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатқанға дейін 10 минут ішінде ашылған.

Егер төменде көрсетілген екі шарттың кем дегенде біреуі сақталса, онда автокөлік тоқтағаннан және қозғалтқыш өшірілгеннен кейін аспаптар тақтасында «Check Rear Seats» (Артқы орындықты тексеріңіз) хабарламасы пайда болады және 1 секунд ішінде дыбыстық сигнал естіледі.

3-1. Қашықтан басқару пульті туралы ақпарат ..110

Қашықтан басқару пульті 110

Қашықтан басқару пультінің қоректендіру элементі..... 112

Әрекет аймағы 114

Автокөлікке кілтсіз кіру жүйесі..... 116

Күзету режимі..... 118

Иммобилайзер 119

Қашықтан басқару пульті арқылы автокөлік іздеу функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)..... 120

Қашықтан басқару пультінің көмегімен қозғалтқышты қашықтан оталдыру (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)..... 120

3-2. Есіктер.....121

Есіктердің құлпын ашу және жабу түймелері 121

Есікті ішкі тұтқаның көмегімен ашу 122

Есіктің механикалық құлпы..... 122

Артқы есіктердің құлыптарын ішінен ашудан бұғаттау..... 123

3-3. Терезелер.....124

Электрлік әйнеккөтергіштер 124

Электрлік әйнеккөтергіштерді қашықтан басқару функциясы 126

Әйнектердің қысып қалуынан қорғау функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)..... 127

3-4. Люк (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін).....128

Люк (А типі)..... 128

Люк (В түрі)..... 130

Люкті қашықтан басқару пультінің функциясы 131

Люк қақпағының қысып қалуынан қорғау функциясы 131

3-5. Аудиожүйе 132

Аудиожүйені басқару тақтасы 132

Аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен басқару..... 136

Аудиожүйе баптауы 137

Аудиожүйені басқару түймелері..... 139

Дауыстық пәрмендерді тану функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .140

PhoneLink қолданбасы....140

3-6. Аудиожүйе (қос дисплей).....146

Аудиожүйені басқару тақтасы.....146

Аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен басқару 148

Аудиожүйе баптауы 150

Аудиожүйені басқару түймелері 153

Дауыстық пәрмендерді тану функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .153

PhoneLink қолданбасы....154

3-7. Ауаны баптау жүйесі.....160

Автоматты кондиционер жүйесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)...160

Желдету торлары.....171

Ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек салынатын қуысты салқындату функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 171

Конденсатты автоматты түрде жою функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .172

Желдеткішті қашықтан және кешіктіріп қосу функциялары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін).....172

Кондиционер жүйесін пайдалану 173

Жылытқышты пайдалану 175

3-8. Сымсыз зарядтау құрылғысы 176

Сымсыз зарядтау құрылғысы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін).....176

3-9. Ұсақ заттарды және жүкті орналастыру.....177

Ұсақ заттарды және жүкті орналастыру.....177

3-10. Электр розеткасы.....181

Алдыңғы электр розеткасы.....181

USB ағытпасы.....182

3-11. Косметикалық айнасы бар күңқағарлар 184

Косметикалық айнасы бар күңқағарлар.....184

3-12. Капот 184

Капотты ашу және жабу . 184

3-13. Жүксалғыш есігі..... 185

Электржетексіз жүксалғыш есігі 185

Электржетекті жүксалғыш есігі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 185

Жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу.... 191

3-16. Отын багы аузының қақпағы..... 191

Отын багы аузының қақпағы..... 191

3-1. Қашықтан басқару пульті туралы ақпарат


Қашықтан басқару пульті

Егер қашықтан басқару пульті мен автокөліктің арасында кедергілер болмаса, қашықтан басқару пульті автокөліктен 20 метрге дейінгі қашықтықта тұрып, автокөлік есіктерінің құлпын ашуға және жабуға, сондай-ақ жүксалғыш есігін ашуға мүмкіндік береді.


Қашықтан басқару пульті (А түрі)



1 Қашықтан басқару пульті (металл)
2 Қашықтан басқару пульті (пластик)




1 Индикатор
2 Құлыптау түймесі
3 Құлыпты ашу түймесі
4 Жүксалғыш есігін ашу түймесі




Қашықтан басқару пультіне кіріктірілген механикалық кілт төтенше жағдайда есіктердің құлпын ашуға және құлыптауға арналған. Механикалық кілтті қашықтан басқару пультінің корпусынан шығару үшін бекіткіш түймесін басыңыз. Пайдаланып болған соң механикалық кілтті қолдануға ыңғайлы болуы және жоғалтып алмау үшін қашықтан басқару пультінің корпусына қайта салыңыз (қосымша ақпарат алу үшін «Есіктер» бөлімін қараңыз).

Қашықтан басқару пульті (B түрі)



1. Құлыпты ашу түймесі
2. Жүксалғыш есігін ашу түймесі
3. Құлыптау түймесі
4. Қашықтан басқару пультінің түймесі



Қашықтан басқару пультіне кіріктірілген механикалық кілт төтенше жағдайда есіктердің құлпын ашуға және құлыптауға арналған. Механикалық кілтті қашықтан басқару пультінің корпусынан шығарып алу үшін оқшаулағыш таспамен оралған жалпақ бұрауышты қолданыңыз. Пайдаланып болған соң механикалық кілтті қолдануға ыңғайлы болуы және жоғалтып алмау үшін қашықтан басқару пультінің корпусына қайта салыңыз (қосымша ақпарат алу үшін «Есіктер» бөлімін қараңыз).

Функциялық шектеулер

- Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда қашықтан басқару пульті тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін:

1. Автокөлікке тікелей жақын жерде басқа қашықтан басқару пульті қолданылып жатыр.
2. Қашықтан басқару пульті автокөліктен 20 метрден асатын қашықтықта тұр.
3. Қашықтан басқару пульті металл затпен экрандалып немесе оған жанасып тұр.
4. Қашықтан басқару пульті басқа электронды құрылғыға (мысалы, мобильді телефонға немесе компьютерге) тікелей жақын жерде тұр.
5. Қашықтан басқару пульті тасымалы радиостанцияға немесе басқа дәл осындай жиілікте жұмыс істейтін сымсыз байланыс құрылғысына тікелей жақын жерде орналасқан.
6. Қашықтан басқару пульті телевизия таратқышының, радиостанцияның, электр станциясының, әуежайдың, темір жол станциясының немесе күшті радиотолқын немесе электр кедергілерін тудыратын басқа объектінің жанында орналасқан.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Бұл — құрылғы қуаты төмен радиотехникалық құрылғы, сондықтан оның жұмысына өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық жабдықтар жасап шығаратын кедергілер әсер ете алады.
- Жиілік жолағына рұқсатсыз өзгерістер енгізуге, беру қуатын арттыруға (жоғары жиілікті қуат күшейткішін орнатуды қоса алғанда) немесе сыртқы немесе басқа беру антенналарын орнатуға тыйым салынады.
- Бұл құрылғыны пайдаланған кезде заңды қызмет етіп тұрған сымсыз желілердің жұмысын бұзуға тыйым салынады. Кедергілер туындаған жағдайда оларды жою бойынша өзіңіз шара қолданғанға дейін бұл құрылғыны пайдалануды дереу доғарыңыз.

■ Төменде келтірілген белгілер қашықтан басқару пультінің қуат элементінің заряды таусылғанын білдіруі мүмкін.


1. Қашықтан басқару функциясының әрекет ету радиусы біртіндеп қысқарады.
2. Қашықтан басқару функциясы тіпті кедергілер жоқ болса да жұмыс істемей тұр.
3. Аспаптар тақтасында келесі хабарлама пайда болды: «Smart key battery power is low» (қашықтан басқару пультінің қоректендіру элементінің заряды төмен).

Қашықтан басқару пультінің қоректендіру элементі


Қашықтан басқару пультінің қоректендіру элементін ауыстыру



1-қадам. Бекіткіш түймесін басып, механикалық кілтті шығарыңыз.



2-қадам. Изоляциялық таспамен оралған жалпақ бұрағыштың көмегімен алдымен пульт қақпағын, содан кейін баспа платасын алыңыз.



OMT1D-2014

3-қадам. Зарядсызданған қуат элементін баспа платасынан шығарып, жаңа қуат элементін (+) белгісі бар жағы жоғары қарап тұратындай етіп орнатыңыз.


4-қадам. Қашықтан басқару пультін бөлшектеуге кері реттілікпен жинаңыз.

5-қадам. Қуат элементін ауыстырғаннан кейін қашықтан басқару пультінің жұмысқа қабілеттілігін тексеріңіз (қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймені басып, индикатордың жанғанына көз жеткізіңіз).

Қашықтан басқару пультінің қуат элементін ауыстыру (B түрі)


OMT1D-2021

1-қадам. Оқшаулағыш таспамен оралған жалпақ бұрауыштың көмегімен алдымен пульт қақпағын, содан кейін баспа платасын шешіп, механикалық кілтті шығарып алыңыз/


OMT1D-2023

2-қадам. Оқшаулағыш таспамен оралған жалпақ бұрауыштың көмегімен қуаты таусылған қоректендіру элементін шығарып алыңыз және жаңасын (+) таңбасы бар жағы жоғары қаратылатындай етіп орнатыңыз.

3-қадам. Қашықтан басқару пультін бөлшектеуге кері реттілікпен жинаңыз.

4-қадам. Қоректендіру элементін ауыстырғаннан кейін қашықтан басқару пультінің жұмысқа қабілеттілігін тексеріңіз. Егер қашықтан басқару пульті тиісінше жұмыс істемей тұрса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына көрсетіңіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қолданылған литийлі қоректендіру элементін әдеттегі тұрмыстық қоқыс ретінде тастауға болмайды. Пайдаланылған қоректендіру элементін қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті ережелер мен талаптарға сәйкес жойыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Қоректендіру элементін орнатқан кезде полярлығының сақталғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару пультінің қоректендіру элементі: кернеуі 3В-тық CR2032 литийлі батареясы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Тек компания ұсынған қуат элементін пайдаланыңыз.
- Қоректендіру элементін орнатқан кезде контактілерді сыртына және ішіне қарай майыстырмаңыз.
- Қоректендіру элементін ауыстырар алдында қолдарыңыздың құрғақ және маңайда судың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Қолдарыңызда майдың іздері бар болса, қоректендіру элементіне тигізбеңіз. Бұл талапты орындамау қоректендіру элементінің коррозиясын тудыруы мүмкін.
- Қашықтан басқару пультінің ішіндегі ешқандай компоненттерден ұстамаңыз және оларды орнынан қозғамаңыз. Әйтпесе оның жұмыс істеу қабілеті бұзылуы мүмкін.
- Қоректендіру элементін ауыстыру белгілі бір қиындықтармен байланысты, сондықтан оны өз бетіңізше ауыстырған кезде қашықтан басқару пультін зақымдап алу ықтималдығы бар. Міне сондықтан қоректендіру элементін ауыстырту үшін ресми дилердің сервистік станциясына жүгінуге кеңес беріледі.

ҚАУІП

Балалардың пайдаланылған қуат элементін немесе қашықтан басқару пультінің кез келген басқа компонентін жұтып қоюына жол бермеу үшін ерекше абай болыңыз. Бұл баланың ауыр жарақат алуына немесе өлімге әкеп соғуы мүмкін.

Әрекет аймағы

Қашықтан басқару пультін анықтау аймағы.



Қозғалтқышты оталдыру және қозғалтқышты оталдыру ажыратқышының күйлерін ауыстыру.

Қашықтан басқару пульті автокөлік ішінде болған кезде, сіз қозғалтқышты оталдыра аласыз және оталдыру ажыратқышының күйлерін ауыстыра аласыз.

Есіктерді құлыптау және құлпын ашу

Қашықтан басқару пульті артқы оң жақ немесе сол жақ есіктің төмен жиілікті антеннасының әрекет ету аймағында тұрған кезде есіктердің құлпын ашуыңызға және жабуыңызға болады.


Жүксалғыш қақпағын ашу аймағы

Қашықтан басқару пульті жүксалғыш бөлімдегі сыртқы төмен жиілікті антеннаның әрекет ету аймағында тұрған кезде жүксалғыш есігін ашуыңызға болады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Төменжиілікті антеннаның әрекет ету радиусы 1,5 м. Сондықтан автокөлікке кілтсіз кіру жүйесін немесе қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын пайдаланғанда, смарт-кілттің төменжиілікті антеннаның әрекет ету аймағында қалуын қадағалаңыз.

Қашықтан басқару пультінің автоматты түрде анықталу аймағы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Көлікке отырғанда және одан түскенде жарықтандыру жүйесінің әрекет ету аймағы.

Қашықтан басқару пульті бар жүргізуші автокөлікке жақындаған кезде көлікке отырғанда және одан түскенде жарықтандыру жүйесі автоматты түрде жарық аспаптарын қосады.

Жүргізуші автокөліктен алыстағанда есіктердің автоматты түрде құлыпталу аймағы

Жүргізуші қашықтан басқару пультімен автокөліктен алыстаған кезде есіктер автоматты түрде құлыпталады.

Жүргізуші автокөлікке жақындағанда есіктердің құлпының автоматты түрде ашылу аймағы

Жүргізуші қашықтан басқару пультімен автокөліктен алыстаған кезде есіктер автоматты түрде құлыпталады.

Жүксалғыш есігінің автоматты түрде ашылу аймағы

Бұл жерде өзінде қашықтан басқару пульті бар жүргізуші автокөлікке жақындағанда жүксалғыш есігінің құлпы автоматты түрде ашылып немесе есіктен алыстағанда автоматты түрде құлыпталатындай етіп орнатуға болады (жүксалғыш есігі құлпының автоматты түрде ашылуы туралы толық ақпарат «Жүксалғыш есігі» бөлімінде келтірілген).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жүксалғыш есігімен бірге барлық есіктер жабылғаннан кейін салонда адамдар қалмауы тиіс. Әйтпесе, жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автокөлікке кілтсіз кіру жүйесінің, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышының, көлікке отырғанда және одан түскенде жарықтандыру жүйесінің, автокөлікке жақындағанда есіктердің құлпының ашылу және автокөліктен алыстағанда есіктердің құлыпталу функцияларының жұмысына сыртқы кедергілер әсер етуі мүмкін. Көрсетілген жүйелер мен функциялардың жұмысы бұзылған жағдайда есіктерді құлыптаудың/құлпын ашудың немесе қозғалтқышты оталдырудың баламалы тәсілін пайдаланыңыз (мысалы, есіктерді қолмен құлыптау және құлпын ашу, қозғалтқышты қашықтан оталдыру және т. б.).


Функциялық шектеулер

■ Төменде тізіп көрсетілген жағдайларда жүйе қашықтан басқару пультін анықтамауы мүмкін:

1. Қашықтан басқару пульті жүксалғыштың ішінде жатыр.
2. Есіктерді құлыптаған кезде қашықтан басқару пульті терезеге немесе төбеге тым жақын орналасқан.
3. Қашықтан басқару пульті күшті электр-магнитті кедергілер көзіне (тасымалы қоректендіру көзі, ішкі байланыс құрылғысы, телефон және т. б. секілді) тікелей жақын жерде орналасқан.

Автокөлікке кілтсіз кіру жүйесі


Есіктердің құлпын ашу



1-тәсіл. Автокөлікке жақындағаныңызда қашықтан басқару пульті өзіңізбен бірге болуы керек және есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыпты ашу аймағын түртуіңіз керек. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесі бұл пульттің онда тіркелген-тіркелмегенін тексереді және автоматты түрде есіктердің құлпын ашады.

2-тәсіл (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) Қашықтан басқару пультін өзіңізбен бірге алып, автокөлікке жақындаңыз. Көлікке отырғанда және одан түскенде жарықтандыру жүйесі жарық аспаптарын қосады. Осыдан кейін құлыптарды қашықтан басқару жүйесі бұл пульттің онда тіркелген-тіркелмегенін тексереді және автоматты түрде есіктердің құлпын ашады.

Есіктерді құлыптау



1-тәсіл. Қашықтан басқару пульті өзіңізде болғанда, есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағын түртіңіз. Құлыптарды қашықтан басқару жүйесі бұл пульттің онда тіркелген-тіркелмегенін тексереді және автоматты түрде есіктерді құлыптайды.

2-тәсіл (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) Сіз қашықтан басқару пультін өзіңізбен бірге алып автокөліктен алыстағанда, құлыптарды қашықтан басқару жүйесі осы пульттың тіркелгенін тексереді және есіктерді автоматты түрде құлыптайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


- Қашықтан басқару пультінің көмегімен есіктердің құлпын автоматты түрде ашуды және жабуды баптау аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен жүзеге асырылады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Егер автокөлік 3 күннен ұзақ құлыптаулы тұрған болса, есіктердің құлпын автоматты түрде ашу және жабу функциясы өшеді. Бұл функцияның жұмысы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қайта қалпына келеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қашықтан басқару пультін компьютер, сымсыз тінтуір немесе мобильді телефон секілді электронды құрылғылардың жанына қоймаңыз, себебі мұндай жағдайда есіктердің құлпын автоматты түрде ашу және жабу функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Есіктердің құлпын автоматты түрде ашу және құлыптау функциясын қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйінде тұрған, жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер жабық тұрған және смарт-кілт автокөлік ішінде болмаған жағдайда пайдалануға болады.
- Егер жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді жапқаннан кейін қашықтан басқару пульті автокөлікте қалған болса немесе автокөліктен 2,5 м-ден алысқа әкетілген болса, онда есіктердің құлпын автоматты түрде ашу және жабу функциясы қосылмайды.
- Егер қашықтан басқару пультін автокөліктен 2,5 м-ден алысқа әкеткеннен кейін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары жыпылықтамаса және дыбыс сигналы берілмесе (айдап әкетуге қарсы жүйенің сәтті қосылғанын растап), автокөлік есіктерінің құлыпталған-құлыпталмағанын тексеріңіз. Олай етпеген жағдайда автокөлік құлыпталмаған күйде қалуы мүмкін.
- Егер есіктердің құлыптарын автоматты түрде ашу/жабу функциясын қосқаннан кейін қашықтан басқару пульті автокөлікке тікелей жақын жерде тұратын болса, онда есіктердің құлыптары 3 минуттан кейін қайтадан ашылады. Егер қашықтан басқару пульті әлі де автокөліктің жанында тұра берсе, және 3 минуттан кейін аккумулятор батареясының зарядын үнемдеу үшін есіктердің құлыптарын автоматты түрде ашу және жабу функциясы уақытша өшіріледі. Егер жүксалғыш есігін қоса алғанда кез келген есік ашылса және қайтадан жабылса, бұл функция қайтадан іске қосылады.

Күзету режимі

Айдап әкетуге қарсы жүйені күзету режиміне қою



■ Күзет режимі

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз да, жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді жабыңыз. Есіктерді құлыптау үшін қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз, есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағына тиіңіз немесе қашықтан басқару пультін өзіңізбен бірге алып автокөліктен алыстаңыз. Есіктер автоматты түрде құлыптанып, айдап әкетуден сақтау жүйесі күзету режиміне өтеді.

Айдап әкетуге қарсы жүйені күзету режиміне сәтті қойылғанының белгісі ретінде апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды және бір рет дыбыс сигналы беріледі.

Айдап әкетуге қарсы жүйенің күзету режиміне қойылмағаны туралы ескерту ретінде апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды. Бұл ретте дыбыс сигналы берілмейді.

■ Айдап әкетуге қарсы жүйені автоматты түрде қайтадан күзету режиміне қою

Егер күзету режимін өшіргеннен кейін 30 секунд ішінде жүксалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік ашылмаса, айдап әкетуге қарсы жүйені автоматты түрде қайтадан күзету режиміне қою орын алады және есіктер қайтадан құлыпталады. Жүксалғыш есігін қоса алғанда, кез келген есік ашылса, айдап әкетуден қорғау жүйесін автоматты түрде қайтадан күзету режиміне қою режимі өшеді.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Айдап әкетуге қарсы жүйені күзет режиміне қою туралы ескерту аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы бапталады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйінде тұрмаса, айдап әкетуге қарсы жүйені күзету режиміне ауыстыра алмайсыз.
- Егер жүксалғыш есігін немесе капотты қоса алғанда қандай да бір есік жабылмаған болса, онда орталық құлып есіктерді құлыптайды, алайда айдап әкетуге қарсы жүйе күзету режиміне сәтті ауыса алмайды.
- Егер қандай да бір есік жабылмаған, алайда жүксалғыш есігі жабылған болса, орталық құлып есіктерді құлыптайды да, бірден құлыптарын ашады және айдап әкетуге қарсы жүйе күзет режиміне сәтті ауыса алмайды.

Айдап әкетуге қарсы жүйенің күзету режимін өшіру



Қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басыңыз, есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлпын ашу аймағына тиіңіз немесе қашықтан басқару пультін өзіңізбен бірге алып автокөлікке жақындаңыз. Жүйе бұл пульттің тіркелгендігін тексеріп, автоматты түрде есік құлпын ашады, содан кейін жүйенің айдап әкетуден қорғау режимі сөнеді.

Күзету режимінің сәтті өшірілгенінің белгісі ретінде Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды.

Иммобилайзер

Иммобилайзер

Қашықтан басқару пультінің кіріктірілген транспондер чипі бар. Егер қашықтан басқару пульті айдап әкетуге қарсы жүйенің басқару пультінде тіркелмеген болса, кіріктірілген чип қозғалтқышты оталдыруға жол бермейді.

■ Төменде тізімі берілген жағдайлар иммобилайзер жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін:

1. Қашықтан басқару пульті металл затпен экрандалып немесе оған жанасып тұр.

2. Иммобилайзер конструкциясына өзгертулер енгізуге немесе оны бөлшектеуге тырыспаңыз.
3. Қашықтан басқару пульті басқа автокөліктің қашықтан басқару пультінің (кіріктірілген транспондер чипі бар) жанында тұр немесе оған жанасып тұр.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қашықтан басқару пультін өз бетіңізше тіркеуге тырыспаңыз. Бұл иммобилайзердің жұмыс істеу қабілетінің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Егер стартер қосылып тұрса, бірақ қозғалтқыш оталмай тұрса, оның себебі айдап әкетуге қарсы жүйенің қалыпты жұмысына кедергі жасайтын жағдайлар болуы мүмкін. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Егер айдап әкетуге қарсы жүйе күзету режимінде тұрғанда автокөлікке рұқсатсыз кіруге әрекет жасалса, жүйе дыбыстық және жарықпен сигнал беру жүйесін қосу арқылы көлік иесіне бұл туралы ескертеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Егер есіктер механикалық кілтпен құлыпталған болса, айдап әкетуге қарсы жүйені қоса алмайсыз. Сондықтан есіктерді қашықтан басқару пультімен құлыптауға кеңес беріледі.
- Егер есіктерді қашықтан басқару пультінің көмегімен құлыптағаннан кейін жүргізуші есігінің құлпын механикалық кілтпен ашып, есікті ашсаңыз, күзет сигналын беру жүйесі қосылады.
- Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі күзету режимінде тұрған кезде оны қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басу немесе қозғалтқышты сәтті оталдыру арқылы өшіруге болады.
- Айдап әкетуге қарсы жүйенің күтпеген жерден іске қосылуынан сақтану және автокөлікті айдап әкетуден қорғау үшін автокөліктен түсер кезде ішінде ешкімнің қалмағанына, барлық терезелердің толық жабылғанына, ал есіктердің жабылып құлыпталғанына көз жеткізіңіз.

Қашықтан басқару пульті арқылы автокөлік іздеу функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Бірнеше секунд ішінде қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін екі рет басыңыз. Осыдан кейін дыбыстық сигнал 6 рет естіледі және апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары сонша рет жыпылықтайды. Бұл сізге автокөлігіңізді табуға көмектеседі.

Қашықтан басқару пультінің көмегімен қозғалтқышты қашықтан оталдыру (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйінде тұрғанда, есіктер құлыптаулы және қашықтан басқару пульті автокөлік ішінде болмаған кезде қозғалтқышты қашықтан оталдыру және кондиционерді автоматты түрде қосу үшін қашықтан басқару пультіндегі


құлыптау түймесін басыңыз және бірнеше секунд бойы басып тұрыңыз. Қозғалтқыш қашықтан оталдырудан кейін 10 минут өткенде автоматты түрде өшеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Қозғалтқышты қашықтан оталдыру кезінде автокөлік ішінде жүргізушіні де қоса алғанда ешкім болмауы тиіс.
- Қозғалтқышты қашықтан оталдыру жүзеге асырылып жатқан қашықтық қашықтан басқару пультінің қалыпты әрекет ету радиусынан (20 м) аспауы тиіс.
- Қозғалтқышты қашықтан оталдырғаннан кейін кейбір басқару органдары мен жүйелер (мысалы, фаралар жарығының ауыстырып қосқышы, әйнектердің тазартқыштары мен жуғыштарының ауыстырып қосқышы, аудиожүйе) жұмыс істемейді. Қозғалтқышты қашықтан оталдыру режимінен шығу және көрсетілген басқару органдары мен жүйелердің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру үшін қашықтан басқару пультін жаныңызда ұстап тежегіш педалін басыңыз.
- Қашықтан оталдырғаннан кейін қозғалтқыш 10 минут жұмыс істеген соң, оның жұмыс уақытын тағы 10 минутқа ұзартуға болады. Ол үшін қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін немесе қозғалтқышты қашықтан оталдыру түймесін басып, оны бірнеше секунд бойы ұстап тұру қажет. Қозғалтқышты екі рет қана қашықтан оталдыруға болады. Осыдан кейін қозғалтқышты тек қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне қойғаннан кейін ғана оталдыруға болады.

3-2. Есіктер

Есіктердің құлпын ашу және жабу түймелері




Есіктердің құлпын автокөлік салонының ішінен ашу үшін түймесін басыңыз.

Есіктерді автокөлік салонының ішінен құлыптау үшін түймесін басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Баптаулардың қолжетімді нұсқалары жинақтамаға байланысты және сондықтан әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Егер автокөліктің барлық есіктері жабық болса және оның жылдамдығы 15 км/сағ-тан асса, есіктер автоматты түрде құлыпталады. Есіктерді автоматты түрде құлыптау функциясын баптау аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен жүзеге асырылады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

Есікті ішкі тұтқаның көмегімен ашу



Егер есік құлыпталмаған болса, оны ашу үшін ішкі тұтқадан тарту жеткілікті.

Егер есік құлыпталған болса, оны ашу үшін ішкі тұтқадан екі рет тартыңыз — бірінші рет есіктің құлпын ашу үшін, ал екінші рет — есікті ашу үшін.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қолжетімді баптау нұсқалары жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.


Есіктің механикалық құлпы

Аккумулятор батареясын разрядталған немесе автокөліктегі өзге ақаулық жағдайында есіктердің құлпын орталық электр құлпының көмегімен ашу немесе жабу мүмкін емес. Мұндай жағдайда есіктердің құлпын механикалық кілтпен ашуыңызға немесе жабуыңызға болады.

Жүргізуші есігінің құлпын қолмен ашу және жабу




1-қадам. Механикалық кілтті жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасындағы бітеуіштің астындағы саңылауға сұғыңыз. Кілтті иінтірек ретінде пайдаланып, бітеуішті ашыңыз.



2-қадам. Механикалық кілтті жүргізуші есігінің құлпына сұғыңыз және есікті құлыптау үшін оны сағат тілі бағытында немесе есік құлпын ашу үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Алдыңғы жолаушы есігін және артқы есіктерді қолмен құлыптау


OMT1D-2091


1-қадам. Есіктің бүйірлік қырындағы құлып механизміне қарсы орналасқан резеңке бітеуішті шешіп алыңыз. Механикалық кілттің ұшымен сары түсті шағын иінтіректі төмен бұраңыз. Есік жабылғаннан кейін құлыпталып қалады.

2-қадам. Резеңке бітеуішті орнына салыңыз да, есікті жабыңыз. Есіктің сыртқы тұтқасынан тартып көріңіз де, құлыпталғанына көз жеткізіңіз. Есіктердің сыртқы тұтқаларынан тартып көріңіз де, құлыпталғанына көз жеткізіңіз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Егер есіктердің құлпын орталық электр құлпының көмегімен ашу немесе жабу мүмкін болмаса, алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте автокөлікті тексерту және жөндету үшін ресми дилердің сервистік станциясына жеткізу қажет.
- Механикалық кілтті пайдаланған жағдайда жапқаннан кейін әрбір есіктің құлыпталғанын-құлыпталмағанын тексеріңіз. Авторизацияланған дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.

Артқы есіктердің құлыптарын ішінен ашудан бұғаттау


OMT1D-2100

Артқы есіктің құлпын ішінен ашудан бұғаттау иінтірегі есіктің қырында орналасқан.

Бұғаттауды қосу — иінтіректі көрсеткімен көрсетілген бағытқа жылжытыңыз.

Бұғаттауды өшіру — иінтіректі көрсеткімен көрсетілген бағытқа қарсы жылжытыңыз.

ҚАУІП


- Бұл жүйе көмекші жүйе болып табылады және орталық құлыпты алмастырмайды.
- Қозғалысты бастамас бұрын барлық есіктердің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Бұл талапты сақтамау жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Егер балаңызды автокөліктің артқы орындығына отырғызып тасымалдасаңыз, артқы есіктердің құлыптарын ішінен ашудан бұғаттағышын пайдаланыңыз. Олай етпеген жағдайда бала автокөліктің қозғалысы кезінде артқы есікті ашып жіберуі мүмкін.
- Апат жағдайында артқы есіктердің құлыптарын ішінен ашудан бұғаттау қосулы тұрған болса, артқы жолаушылардың артқы есіктерді өз бетінші аша алмайтынын ескеріңіз. Мұны тек сырттан ғана істеуге болады.
- Күн ыстық кезде қозғалтқыш өшірулі және терезелер жабық тұрған автокөлік салонында жолаушылар мен жануарларды қалдырмаңыз. Автокөлік салонындағы температура тез көтерілуі және салонда отырғандардың ауыр жарақат алуына және тіпті опат болуына алып келуі мүмкін.

3-3. Терезелер

Электрлік әйнеккөтергіштер

Терезелерді әйнеккөтергіштердің ажыратқыштарының көмегімен және дауыстық командаларды тану функциясының көмегімен ашуға және жабуға болады.

Қолдану тәсілі




1 Алдыңғы сол есіктің әйнеккөтергішін ажыратқыш

2 Алдыңғы оң есіктің әйнеккөтергішін ажыратқыш

3 Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесі

4 Артқы сол есіктің әйнеккөтергішін ажыратқыш

5 Артқы оң есіктің әйнеккөтергішін ажыратқыш



Электрлік әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде жұмыс істейді.

1 Терезенің автоматты түрде жабылуы үшін ауыстырып қосқышты тірелгенше жоғары тартыңыз да, жіберіңіз. Әйнектің қозғалысын тоқтату үшін ауыстырып қосқышты басыңыз.

2 Терезенің автоматты түрде ашылуы үшін ауыстырып қосқышты тірелгенше басыңыз да, жіберіңіз. Әйнектің қозғалысын тоқтату үшін ауыстырып қосқышты және бір рет қолданыңыз.

3 Ауыстырып қосқышты жоғары аралық күйге дейін тартып ұстап тұрыңыз. Әйнек көтеріле бастайды. Ауыстырып қосқышты жіберген кезде әйнек тоқтайды.

4 Ауыстырып қосқышты аралық күйге дейін төмен қарай басып ұстап тұрыңыз. Әйнек түсе бастайды. Ауыстырып қосқышты жіберген кезде әйнек тоқтайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Дауыстық пәрмендерді тану функциясы туралы қосымша ақпаратты «Аудиожүйе» бөлімінен қараңыз.
- Терезелерді бір рет басу арқылы жабу функциясы қысып қалудан қорғау функциясы бар модельдерде ғана қолжетімді.
- Аккумулятор батареясы стартерге максималды ток бере алуы үшін қозғалтқышты оталдыру кезінде әйнеккөтергіштердің жұмысы уақытша тоқтатылады.
- Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойғаннан кейін 2 минуттың ішінде ешбір есік ашылмайтын болса, электрлік әйнеккөтергіштерді пайдалануды жалғастыруыңызға болады.
- Егер автокөлікті төмен температуралар жағдайында ұзақ уақыт қалдырған болсаңыз, терезелерді толық ашу немесе жабу мүмкін емес болатын жағдайға ұшырауыңыз мүмкін. Мұндай жағдайда ауыстырып қосқышты жіберіңіз және оны және бір рет басыңыз немесе жоғары тартыңыз. Мұндай 3-тен 5-ке дейін цикл қажет болуы мүмкін.

ҚАУІП

- Жолаушылардың жарақат алуынан сақтану үшін жүргізуші жолаушылардың электрлік әйнеккөтергіштерді қалай пайдаланып жатқанын қадағалауы, сондай-ақ балалардың оларды қолдануын бақылауда ұстауы тиіс. Автокөліктен түскен кезде қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз.
- Терезелерді жапқан кезде абай болыңыз. Бұл талапты сақтамау ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін! Қысып қалудан қорғау функциясы жоқ модель жағдайында терезені жабу кезінде жолаушылар әйнекке қысылып қалу нәтижесінде ауыр жарақат алуы мүмкін. Қысып қалудан қорғау функциясы бар модель жағдайында бұл функцияның жұмыс істеу аймағында жолаушылардың жарақат алудан сақтануына мүмкіндік беретін қысып қалуға қарсы қорғаныш іске қосылады. Осы орайда жіңішке немесе жұмсақ зат кедергі ретінде анықталмауы мүмкін, салдарынан ауыр жарақат келуі мүмкін.

Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесі



Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесін « » басыңыз, бұл кезде түймеге орнатылған индикатор жанады және жолаушы есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің ажыратқыштары бұғатталады. Бұғатталғаннан кейін жолаушы есіктерінің әйнеккөтергіштерін тек жүргізуші есігіндегі ажыратқыштардың көмегімен басқаруға болады (бұл функцияны пайдалануға автокөлікте балалар болған жағдайда кеңес беремеміз). Бұғатты алып тастау үшін түймені тағы бір рет басыңыз. Индикатор сөнеді.


Электрлік әйнеккөтергіштерді қашықтан басқару функциясы

Терезелерді қашықтан ашу функциясы

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз, барлық есіктерді жабыңыз, қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басып ұстап тұрыңыз. Барлық есіктердің терезелері ашыла бастайды. Егер терезелердің ашылуы кезінде қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін жіберсеңіз немесе есікті ашсаңыз, әйнектердің түсуі тоқтайды.


Терезелерді қашықтан жабу функциясы (қысып қалудан қорғау функциясы бар модельдер үшін)

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз, барлық есіктерді жабыңыз, қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басыңыз немесе есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағына қолыңызды тигізіңіз (қашықтан басқару пульті жаныңызда болған кезде). Айдап әкетуге қарсы жүйе күзету режиміне ауысады, және барлық есіктердің терезелері автоматты түрде жабыла бастайды.


OMT1D-2330

Егер терезелердің автоматты түрде жабылуы кезінде қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу немесе құлыптау түймесін және бір рет бассаңыз, әйнектердің көтерілуі тыйылады.

Егер күзету режимін өшіргеннен кейін 30 секунд ішінде жүксалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік ашылмаса, айдап әкетуге қарсы жүйені автоматты түрде қайтадан күзету режиміне қою орын алады және есіктер қайтадан құлыпталады.


OMT1D-2331

Егер терезелердің автоматты түрде жабылуы кезінде есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағына қолыңызды тигізсеңіз (қашықтан басқару пульті жаныңызда болғанда), әйнектердің көтерілуі тыйылады.

Егер әйнектер тоқтағаннан кейін 30 секунд ішінде жүксалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік ашылмаса, айдап әкетуге қарсы жүйені автоматты түрде қайтадан күзету режиміне қою орын алады және есіктер қайтадан құлыпталады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Егер терезелерді бір рет басу арқылы қашықтан жабу функциясының жұмысы кезінде электрлік әйнеккөтергіштердің жұмысы бұзылса, жүргізушіге терезелерді толық жабу мүмкін болмағаны туралы ескерте отырып апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары 1 рет жыпылықтайды және 5 рет дыбыс сигналы беріледі.

⚠ ҚАУІП

Терезелерді қашықтан жабу функциясын пайдаланған кезде абай болыңыз. Әйнектердің жолаушылардың қолдарын немесе басқа дене бөліктерін қысып қалмауын қадағалаңыз.

Әйнектердің қысып қалуынан қорғау функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Қысып қалудан қорғау функциясы

Терезелердің автоматты түрде жабылу немесе бір рет басу арқылы терезелерді қашықтан жабу функциясының жұмысы кезінде егер оның қозғалысына қандай да бір нәрсе кедергі келтіріп тұрса және оның келтіретін кедергісі белгілі бір шамадан асатын болса, әйнектің көтерілуі тыйылады және ол сәл төмен түседі. Терезені жабу үшін кедергіні алыңыз және әйнеккөтергішті және бір рет қосыңыз.

Әйнеккөтергіш механизмін зақымданудан қорғау үшін қысып қалудан қорғау функциясы мен терезелерді бір рет басу арқылы жабу функциясы өшуі мүмкін. Бұл ретте терезені әдеттегідей жауып-аша беруіңізге болады. Үйрету рәсімін орындағаннан кейін қысып қалудан қорғау функциясының және терезелердің автоматты түрде жабылу функциясының жұмысқа қабілеттілігі қайта қалпына келеді.

Қысып қалудан қорғау функциясын өшіру

Егер терезені жабу кезінде әйнек кедергіге екі рет тірелсе, әйнектің көтерілуі тыйылады және қысып қалудан қорғау функциясы өшеді. Аккумулятор батареясын ажыратқаннан және артынан қайта қосқаннан кейін қысып қалудан қорғау функциясы өшеді.

Қызып кетуден қорғау функциясы

Әйнектерді жиі көтеріп-түсірудің нәтижесінде әйнеккөтергіштің электрқозғалтқышын қызып кетуден қорғау үшін бұл функция тиісті әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын өшіріп қоюы мүмкін. Әйнеккөтергіштің электрқозғалтқышының температурасы қалыпты деңгейге қайтып оралғанда ауыстырып қосқыштың жұмыс істеу қабілеті қалпына келеді. Бұл функцияның басқа электрлік әйнеккөтергіштердің жұмысына еш әсері жоқ.

Үйрету рәсімі

Егер терезелерді бір басу арқылы жабу функциясы немесе қысып қалудан қорғау функциясы тиісінше жұмыс істемей тұрса, төменде сипатталғандай әйнеккөтергішті үйрету рәсімін орындаңыз. Үйрету рәсімін орындау кезінде ешқандай заттардың терезенің жабылуына кедергі келтірмеуін қадағалаңыз.

1-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне қойыңыз.

2-қадам. Терезені қолмен басқару режимінде толықтай жабу үшін электрлік әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын жоғары қарай басыңыз да, осы күйінде 2 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз.

3-қадам. Терезені қолмен басқару режимінде толықтай ашу үшін электрлік әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын тартыңыз да, осы күйінде 2 секунд ұстап тұрыңыз.

4-қадам. Терезелердің автоматты түрде жабылу функциясының жұмысын тексеріңіз.

5-қадам. Егер терезе автоматты режимде жабылмаса, жоғарыда сипатталған рәсімді және бір рет қайталаңыз.

Егер жоғарыда келтірілген рәсімнің көмегімен электрлік әйнеккөтергіштің баптауларын қалпына келтіре алмасаңыз, автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Ескертпе: Электрлік әйнеккөтергіштің баптауларын сондай-ақ терезелерді бір рет басу арқылы қашықтан жабу функциясының көмегімен де қалпына келтіруге болады. Бұл ретте терезе толық ашылады, содан кейін толық жабылады. Терезенің дұрыс жабылуы рәсімнің сәтті орындалғанын білдіреді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Шұңқырлардың және жол төсемінің басқа да кедір-бұдырының үстімен жүру электрлік әйнеккөтергіштердің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Мысалы, көтеріліп жатқан әйнек кенеттен қозғалу бағытын өзгертуі және түсе бастауы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс, алайда мұндай ықтималдық өте мардымсыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Егер аккумулятор батареясын ажыратып, қайтадан жалғасаңыз, терезелердің автоматты түрде жабылу функциясы мен қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемейді.
- Қысып қалудан қорғау функциясы тек жүргізуші мен жолаушыларды қорғауға ғана арналған. Бөтен заттарды немесе дене бөліктерін қолдану арқылы бұл функцияны қатарынан бірнеше рет белсендіруге тырыспаңыз. Бұл талапты сақтамау электрлік әйнеккөтергіш механизмінің істен шығуына және өзіңіздің жарақат алуыңызға алып келуі мүмкін.
- Тіпті автокөлігіңіздің әйнеккөтергіштерінің қысып қалудан қорғау функциясы бар болса да, терезелерді жабар алдында терезе ойықтарында ешқандай кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз. Егер кедергі жіңішке болса, қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылмауы мүмкін. Әйнектің қолдарыңызды немесе саусақтарыңызды қысып қалуы ауыр жарақатқа алып келуі мүмкін.

3-4. Люк (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Люк (А типі)

Люкті люк электржетегінің ауыстырып қосқышының көмегімен және дауыстық пәрмендерді тану функциясының көмегімен ашуға және жабуға болады.

Қолдану тәсілі



■ Күннен қорғайтын пердені ашу және жабу

1 Күнқағар қалқаны ашу үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз. Егер люктің қозғалысы кезінде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, ол тоқтайды. Люк қақпағын толығымен ашу үшін « » ажыратқышын тірелгенше басыңыз.

2 Күнқағар қалқаны ашу үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз. Егер люктің қозғалысы кезінде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, ол тоқтайды. Люк қақпағын толығымен жабу үшін « » ажыратқышын тірелгенше басыңыз.

■ Люк қақпағын ашу және жабу

3 Люк қақпағын ашу үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз. Егер люктің қозғалысы кезінде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, ол тоқтайды. Люк қақпағын толығымен ашу үшін «» ажыратқышын тірелгенше басыңыз.

4 Люк қақпағын жабу үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз. Егер люктің қозғалысы кезінде ауыстырып қосқышты жіберсеңіз, ол тоқтайды. Люк қақпағын толығымен жабу үшін «» ажыратқышын тірелгенше басыңыз.

■ Люк қақпағын көтеру және түсіру

3 Егер люк қақпағы көтерілген болса, люк қақпағын түсіру үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз.

4 Егер люк қақпағы түсірілген болса, люк қақпағын көтеру үшін «» ажыратқышын ақырын басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Дауыстық пәрмендерді тану функциясы туралы қосымша ақпаратты «Аудиожүйе» бөлімінен қараңыз.
- Егер люк қақпағының қысып қалудан қорғау функциясы орынсыз іске қосылып тұрса, автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- Егер люк қақпағы ашық кезде қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатса, люк қақпағы автоматты түрде жабылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер люктің қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылмаса, бұл люк қақпағының бастапқы күйінің бұзылғанын білдіреді. Мұндай жағдайда оның күйін калибрлеу қажет.
- Егер люк қақпағы мұздап қатып қалған немесе оның бетін қар жауып тұрған болса, мәжбүрлеп ашу люк қақпағының және оның жетегінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Люктің бағыттауыштарынан және резеңке тығыздауыштарынан шаң-тозаңды және басқа ластауыштарды жүйелі түрде жуып кетіріп отырыңыз. Автокөлікті жуғаннан және жаңбырдан кейін люкті ашпас бұрын оның төбесіндегі суды толықтай кетіріп алыңыз.


ҚАУІП

Люкті жаппас бұрын автокөлік салонындағы жағдайды бағалаңыз және люк қақпағының жолаушылардың қолдарын қысып қалмайтынына көз жеткізіңіз.

Люк (B түрі)

Люкті люк электржетегінің ауыстырып қосқышының көмегімен және дауыстық пәрмендерді тану функциясының көмегімен ашуға және жабуға болады.

Қолдану тәсілі


OMT1D-2120

■ Күннен қорғайтын пердені ашу және жабу

Күннен қорғайтын перде жабық болғанда, перденің «» электржетегі ауыстырып қосқышының артқы бөлігін басыңыз. Перде жартылай ашық қалыпқа ауысады. Күннен қорғайтын перденің « » электржетегі ауыстырып қосқышының артқы бөлігін тағы бір рет басыңыз. Перде толық ашылады.

Күннен қорғайтын перде толық ашық болғанда, перденің « » электржетегі ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін басыңыз. Перде жартылай жабық қалыпқа ауысады. Күннен қорғайтын перденің « » электржетегі ауыстырып қосқышының артқы бөлігін тағы бір рет басыңыз. Перде толық жабылады.

■ Люк қақпағын көтеру және түсіру

Люк қақпағы жабық тұрғанда, люктің электржетегі ауыстырып қосқышының «» жағын басыңыз. Люк қақпағы көтеріледі.

Люк қақпағы көтерулі тұрғанда люк электржетегінің ауыстырып қосқышының «» артқы жағын басыңыз. Немесе күннен қорғайтын перденің « » электржетегі ауыстырып қосқышының алдыңғы бөлігін басыңыз, сонда люк қақпағы пердемен бірге жабылады.

■ Люк қақпағын ашу және жабу

Люк қақпағы көтеріліп тұрғанда люктің электр жетегінің «» ажыратқышының артқы бөлігін басыңыз, сонда люк қақпағы аздап ашылады. Люктің электр жетегінің « » ажыратқышының артқы бөлігін тағы бір рет басыңыз, сонда люк қақпағы толығымен ашылады.

Люк қақпағы ашық тұрғанда люктің электр жетегінің «» ажыратқышының алдыңғы бөлігін басыңыз, сонда люк қақпағы жабылады. Немесе күнқағар қалқаның электр жетегінің « » ажыратқышының алдыңғы бөлігін басыңыз, сонда люк қақпағы күнқағар қалқамен бірге жабылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Дауыстық пәрмендерді тану функциясы туралы қосымша ақпаратты «Аудиожүйе» бөлімінен қараңыз.
- Егер люк қақпағының қысып қалудан қорғау функциясы орынсыз іске қосылып тұрса, автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- Люктің электржетек мен күннен қорғайтын перденің ауыстырып-қосқыштарының екі қалыбы бар. Бірінші қалыпта электржетек қолмен басқару режимінде, ал екіншісінде — автоматты режимде жұмыс істейді. Өзіңізге қажетті режимді пайдаланыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер люктің қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылмаса, бұл люк қақпағының бастапқы күйінің бұзылғанын білдіреді. Мұндай жағдайда оның күйін калибрлеу қажет.
- Егер люк қақпағы мұздап қатып қалған немесе оның бетін қар жауып тұрған болса, мәжбүрлеп ашу люк қақпағының және оның жетегінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті жуғаннан және жаңбырдан кейін люкті ашпас бұрын оның төбесіндегі суды толықтай кетіріп алыңыз.
- Люктің бағыттауыштарынан және резеңке тығыздауыштарынан шаң-тозаңды және басқа ластауыштарды жүйелі түрде жуып кетіріп отырыңыз. Автокөлікті жуғаннан және жаңбырдан кейін люкті ашпас бұрын оның төбесіндегі суды толықтай кетіріп алыңыз.

⚠ ҚАУІП

Люкті жаппас бұрын автокөлік салонындағы жағдайды бағалаңыз және люк қақпағының жолаушылардың қолдарын қысып қалмайтынына көз жеткізіңіз.

Люкті қашықтан басқару пультінің функциясы

Люк қақпағын қашықтан ашу

Қозғалтқышты іске қосу ауыстырып қосқышы OFF қалыбында болып, есіктер жабық тұрғанда, қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басып, бірнеше секунд ұстап тұрсаңыз, алдымен күннен қорғайтын перде, содан кейін люк қақпағы автоматты түрде ашылады. Егер люк қақпағын ашу кезінде қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басса немесе қашықтан басқару пультін өзімен бірге алып, есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағына тиіссе, онда люк қақпағы тоқтайды.

Люк қақпағын қашықтан жабу

Егер қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF күйінде тұрғанда және есіктер жабық кезде қашықтан басқару пультіндегі құлыпты ашу түймесін басса, айдап әкетуге қарсы жүйе күзет режиміне өтеді және люк қақпағы автоматты түрде жабылады. Егер люк қақпағын жабу кезінде қашықтан басқару пультіндегі құлыптау түймесін басса немесе қашықтан басқару пультін өзімен бірге алып, есіктің сыртқы тұтқасындағы контактілі датчиктің құлыптау аймағына тиіссе, онда люк қақпағы тоқтайды.

Люк қақпағының қысып қалуынан қорғау функциясы

Қысып қалудан қорғау функциясы

Егер жабылу кезінде люк қақпағы қандай да бір кедергіге тап болса, ол автоматты түрде қозғалыс бағытын өзгертеді. Егер қысып қалудан қорғау функциясы люк қақпағы көлденең жазықтықта қозғалып жатқанда іске қосылса, онда люк қақпағы жартылай ашық күйге қайтады. Егер қысып қалудан қорғау функциясы люк қақпағы тік жазықтықта қозғалып жатқанда іске қосылса, онда люк қақпағы көтерілген күйге қайтады.

Егер күннен қорғайтын перде жартылай ашық қалыптан жабық қалыпқа қарай қозғалғанда қандай да бір кедергіге тап болса, ол қозғалыс бағытын автоматты түрде өзгертеді.

⚠ ҚАУІП
Люк қақпағын жапқанда, люк ойығына аяқ-қолды немесе бөгде заттарды шығаруға тыйым салынады, тіпті люктің электр жетегінде қысып қалудан қорғау функциясы болса да.

Қызып кетуден қорғау функциясы

Люктің электржетегін қысқа уақыт ішінде бірнеше рет қатар пайдалануға тыйым салынады. Бұл люктің электр қозғалтқышының қызып кетуіне немесе оның қызып кетуден қорғау функциясының іске қосылуына әкеп соғуы мүмкін. Осыдан кейін люктің электржетек ауыстырып қосқыштың басылуына жауап бермейтін болады. Қызып кетуден қорғау функциясы электрқозғалтқыш сөнген соң автоматты түрде сөнеді.

3-5. Аудиожүйе

Аудиожүйені басқару тақтасы

Аудиожүйені басқару тақтасы (А типі)



1 Мультимедиа жүйесі

Мультимедиа жүйесінің экранына өту, радиоқабылдағышты, аудиофайлдарды тыңдау, кескіндер мен бейнефайлдарды қарау үшін басыңыз.

2 Телефон

Bluetooth дауысты байланыс режимін қосу, соңғы қоңыраулар тізімін, нөмірді теру, телефон кітапшасының және Bluetooth баптауларының экранын көру үшін басыңыз.

7 Дыбыс деңгейін арттыру түймесі

Дыбыс деңгейін арттыру үшін басыңыз.

8 Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін басыңыз.

3 Cloudrive жүйесі

Cloudrive жүйесінің экранына өту және тиісті қолданбаны іске қосу үшін басыңыз.

4 Кондиционер жүйесінің экранына жылдам өту

Қалқаны төмен тартып, кондиционер жүйесінің экранына өтуге болады.

5 Қоректендіру түймесі

Аудиожүйені және ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қосу және өшіру. Бұл жүйелердің жұмысында ақаулар болған жағдайда, осы түймені ұзақ басу оларды қайта іске қосуға мүмкіндік береді.

6 Дыбыс деңгейін азайту түймесі

Дыбыс деңгейін азайту үшін басыңыз.

9 Аудиожүйе бас экранының түймесі

Аудиожүйенің бас экранына өту үшін басыңыз.

10 Cloudrive жүйесінің түймесі

Cloudrive жүйесінің экранына өту үшін басыңыз.

11 Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі

Кіріс қоңырауды қабылдау үшін басыңыз.

12 Баптау түймесі (SET)

Жүйелердің функцияларын баптауға болатын баптау экранына өту үшін басыңыз.

Аудиожүйені басқару панелі (B түрі)



1 Навигация жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Навигация жүйесінің экранына өту үшін басыңыз.

2 Мультимедиа жүйесі

Мультимедиа жүйесінің экранына өту, радиоқабылдағышты, аудиофайлдарды тыңдау, кескіндер мен бейнефайлдарды қарау үшін басыңыз.

3 Телефон

Bluetooth дауысты байланыс режимін қосу, соңғы қоңыраулар тізімін, нөмірді теру, телефон кітапшасының және Bluetooth баптауларының экранын көру үшін басыңыз.

4 Cloudrive жүйесі

Cloudrive жүйесінің экранына өту және тиісті қолданбаны іске қосу үшін басыңыз.

5 Кондиционер жүйесінің экранына жылдам өту

Қалқаны төмен тартып, кондиционер жүйесінің экранына жылдам өтуге болады.

Баптау түймесі

Автокөлік жүйелерін баптау мәзіріне өту үшін басыңыз.

Қуат ажыратқышы/дыбыс деңгейін реттегіш

Аудиожүйені және ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қосу немесе өшіру үшін басыңыз. Жүйе жұмысында бұзылулар болған жағдайда осы түймені ұзақ басып тұру оны өшіріп-қосуға мүмкіндік береді. Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру үшін реттегішті сағат тілімен, ал азайту үшін — сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Ескертпе: баптау түймесі және қуат ажыратқышы/дыбыс деңгейін реттегіш орталық консольда орналасқан.

Аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен басқару


Навигация жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)


OMT1D-2281

Навигациялық жүйені пайдалануды бастау үшін бас мәзірдегі навигациялық жүйені басқару түймесін немесе аудиожүйені басқару панеліндегі навигациялық жүйені басқару түймесін басыңыз.

Навигациялық жүйе қосылғаннан кейін дисплейде пайдаланушы хабарламасы (User Notice) экраны пайда болады. Егер сіз бұл хабарламаны енді алғыңыз келмесе, « ☑ » түймесін басыңыз. Навигациялық жүйенің экраны [Agree] (Шарттарды қабылдау) түймесін басқаннан кейін ашылады.

Мультимедиа жүйесі


OMT1D-2282

Радиоқабылдағышты, аудиофайлдарды тыңдауға, кескіндер мен бейнефайлдарды қарауға мүмкіндік береді.

Bluetooth дауысты байланыс жүйесі


OMT1D-2283

Телефон экранына ауысу үшін бас экранда телефон түймесін басыңыз.


Bluetooth дауысты байланыс жүйесін пайдалану үшін алдымен автокөлікке Bluetooth функциясы бар мобильді телефонды қосу қажет.

Cloudrive жүйесі


OMT1D-2284

Cloudrive жүйесі келесі мәзірлерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді: баптау, автокөлік жүйелерін баптау, тәтенше қызметтерді шақыру, техникалық көмек шақыру және басқа қолданбаларға.

Аудиожүйені пайдалану жөніндегі электрондық нұсқаулық



OMT1D-2285

Cloudrive жүйесінің экранына өту үшін бас мәзірдегі Cloudrive жүйесінің түймесін басыңыз.

Аудиожүйенің бас құрылғысын пайдалану туралы толық нұсқауларды қарау үшін Cloudrive жүйесінің экранындағы аудиожүйені пайдалану жөніндегі электрондық нұсқаулықты ашыңыз.

Аудиожүйе баптауы

Баптау


OMT1D-2286

[Bluetooth]: Bluetooth экранына өту және Bluetooth арқылы қосылуды баптау үшін осы тармақты таңдаңыз.

[Sound] Дыбыс дыбыс баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз. Ол түймелерді басқандағы дыбыстық сигналды, дыбыс деңгейін, радиостанцияларды бағдарламалауды, әдепкі дыбыс деңгейін белгілеуді, қозғалыс жылдамдығына байланысты дыбыс деңгейін автоматты реттеу функциясын баптауды, Arkamys жүйесін, дыбыс өрісін, дыбыс эффектілерін баптауды, сондай-ақ зауыттық баптауларға оралуды қамтамасыз етеді.

[Display] (Дисплей) дисплей баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз. Ол бейнефайлдарды ойнатуды, дисплей параметрлерін, фондық суретті, дизайн тақырыбын баптауға, сондай-ақ дисплейдің зауыттық баптауларына оралуға мүмкіндік береді.

[System Setting] (Жүйе баптаулары) — жүйені баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз. Ол жүйені күту режимінен шығару үшін кілт сөзді және кілт сөзге жауапты белгілеуге, сымсыз зарядтағыштың жұмыс режимін, зарядтағышта қалдырылған телефон туралы еске салу функциясын, аудиосигнал көзін таңдау режимін, MODE түймесінің жұмыс режимін баптауға, радиоқабылдағыштың, телефонның жұмысын баптауға, операциялық жүйенің нұсқасын білуге, бос жад көлемін анықтауға және зауыттық баптауларға оралуға мүмкіндік береді.

Vehicle setting (Автокөлік жүйелерін баптау):



[Intelligent Key] (Intelligent Key жүйесі) — отыру және түсу кезіндегі жарықтандыруды баптау экранына, жүксалғыш есігін құлпын қашықтан ашу функциясына, қашықтан басқару пульті арқылы есіктерді құлыптау және құлпын ашу функциясына, автокөлікке отырғызу және одан түсіруді жеңілдету функциясына, артқа жүргенде сыртқы артқы көрініс айналарын түсіру функциясына және жүргізуші орындығының қашықтан басқару пультімен синхрондалуына өту үшін осы тармақты таңдаңыз.

[Meter Setting] (Аспаптар тақтасын баптау) — жылдамдықты асыру туралы ескертуді баптау экранына, аспаптар тақтасының жарықтандыруының жарықтығын реттеуге және сағатты орнатуға өту үшін осы тармақты таңдаңыз.

[Light Setting] (Жарықтандыру құралдарын баптау) — күндізгі жүріс жарықтарын, фара жарығын автоматты басқару жүйесін, фараларды кешіктіріп өшіруді және «атмосфералық» жарықтандыруды баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз.

[A/C Setting] (Кондиционер жүйесін баптау) — желдеткішті қашықтан қосуды, желдеткішті кешіктіріп өшіруді және әйнектерден конденсатты автоматты түрде кетіруді қоса алғанда, кондиционер жүйесін баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз.


[Auxiliary Drive Setting] (Жүргізушіге көмек жүйелерін баптау) — «өлі» аймақтарды бақылау жүйесін, қашықтықты қысқарту туралы ескертуді, жылдамдық шектегішін, ашық есік туралы ескертуді, жолақ ауыстыру туралы ескерту жүйесін, автоматты шұғыл тежеу жүйесін, кептелісте жүруге көмектесу жүйесін/автокөлікті жолақ ортасында ұстап тұру жүйесін және артқы жағынан жақындап келе жатқан көлік құралы туралы ескерту функциясын баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз.

[Basic Vehicle Setting] (Автокөліктің негізгі баптаулары) — есіктерді автоматты түрде құлыптау, сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты түрде жиылуы, айдап әкетуге қарсы жүйенің ескертулері, хабарламалар тілін таңдау, жүксалғыш есігінің көтерілу биіктігін реттеу және электрлік руль күшейткішінің жұмыс режимдерін таңдау функцияларын баптау экранына өту үшін осы тармақты таңдаңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Баптаулардың қолжетімді нұсқалары жинақтамаға байланысты және сондықтан әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Баптауларды өзгерту қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрғанда орындалады.
- «Атмосфералық» жарықтандырудың дыбысқа немесе жүргізу режиміне байланысты түсін өзгертетіндей баптауын таңдауға болады.

Аудиожүйені басқару түймелері



Дыбыс деңгейін арттыру түймесі «+»:

Қысқа басу — дыбыс деңгейін ұлғайту.

Ұзақ басып тұру — дыбыс деңгейін біртіндеп ұлғайту.

Дыбыс деңгейін азайту түймесі «−»:

Қысқа басу — дыбыс деңгейін азайту.

Ұзақ басып тұру — дыбыс деңгейін біртіндеп азайту.

Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі «» — кіріс қоңырауды қабылдау немесе Bluetooth экранына өту үшін басыңыз.

Әңгімені аяқтау түймесі «» — әңгімені аяқтау үшін басыңыз.

Дауысты тану функциясының түймесі «» — басып қалу дауысты тану функциясын қосады; ұзақ басу Siri функциясын қосады (бұл үшін жүйені телефонмен жұптастыру қажет).

Аудиожүйенің дыбысын өшіру түймесі «» — аудиожүйенің дыбысын өшіру үшін басыңыз.

Режимдерді ауыстыру түймесі «MODE» — келесі реттілікпен режимдерді ауыстыру үшін басыңыз: USB → Bluetooth аудиоқұрылғысы → аудиофайлдар ойнатқышы.

Алдыңғы/келесі композицияға немесе алдыңғы/келесі радиостанцияға өту түймесі «».

Аудиожүйе — алдыңғы/келесі композицияға ауыстыру. Радиоқабылдағыш — алдыңғы/келесі радиостанцияға ауыстыру.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қолжетімді баптау нұсқалары жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Дауыстық пәрмендерді тану функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Дауысты тану функциясын қосқаннан кейін, аудиожүйенің бас құрылғысын қосқаннан кейін оны келесідей пайдалана аласыз.

1-тәсіл. Телефонның баптау экранында Дауысты тану функциясын қосу үшін «Hello, Xiaohu» деп айтыңыз.

2-тәсіл. Бұл функцияны қосу үшін рульдегі дауысты тану функциясының «» түймесін басып қалыңыз.

PhoneLink қолданбасы

QDlink (Android)

■ Жүктеу тәсілдері




QDLink қолданбасын телефоныңызға келесі тәсілдермен жүктеп алуға болады:

1 Қолданбаны жүктеу үшін QDLink QR-кодын сканерлеңіз.

2 Қолданбаны жүктеу үшін Google QR-кодын сканерлеңіз.

3 Қолданбаны Google Play-ден тауып, жүктеп алыңыз.


■ Қосу тәсілі



1-қадам. Телефон баптаулары экранында Bluetooth-ты қосыңыз.



2-қадам. Аудиожүйенің баптаулар экранында Bluetooth-ты қосыңыз, құрылғыны іздеңіз және оған қосылыңыз. Телефон экранында жұптастыру сұрауы пайда болады.




3-қадам. Байланыс орнату үшін телефон экранында «Bluetooth арқылы жұптастыру» командасын таңдаңыз.



OMT1D-2356

4-қадам. QDLink қолданбасын ашыңыз.


OMT1D-2213


5-қадам. Телефонды USB қосқышына түпнұсқа деректер кабелімен қосыңыз. Телефон экранында USB арқылы деректерді беру сұрауы пайда болады.

Ескертпе: QDlink қолданбасымен телефонның жұмысын тек « » қолданбасы бар қосқыш қолдайды. Телефонды USB ағытпасына жалғамас бұрын телефонда әзірлеуші режимін қосыңыз.




OMT1D-2355

6-қадам. Сұрау экранында файлдарды беруге рұқсат етіңіз. Байланыс орнатылғаннан кейін QDLink қолданбасын қосуға рұқсат беру қажет болатын қалқымалы терезе пайда болады.



OMT1D-2357

7-қадам. Қолданбамен жұмыс істеуді бастау үшін телефон экранындағы START NOW түймесін басыңыз.




OMT1D-2358

8-қадам. QDlink қолданбасын ашыңыз.


Apple CarPlay (iOS)

■ Қосу тәсілі




OMT1D-2360

1-қадам. Телефонның баптау экранында Siri-ді қосу үшін «Сәлем, Siri» деп айтып, Home түймесін басыңыз.




2-қадам. Телефонның (жалпы) баптаулар экранында CarPlay қосыңыз.



3-қадам. Мобильді телефонды деректер тасымалдауға арналған түпнұсқа кабельмен USB ағытпасына қосыңыз.

Ескертпе: Apple CarPlay қолданбасымен телефонның жұмысын тек USB « » қосқышы қолдайды.



4-қадам. Сұрау экранында CarPlay қолданбасының жұмысына рұқсат беріңіз.



OMM1D-2302

5-қадам. Apple CarPlay қолданбасын ашыңыз.

Android Auto


■ Қосу тәсілі



OMM1D-2303

1-қадам. Google Framework-ті орнатыңыз.


2-қадам. Google Play көмегімен орнатуды орындаңыз және Android Auto қолданбасын іске қосыңыз, жүйенің көмексөздеріне сәйкес барлық көмекші бағдарламаларды орнатыңыз және орнатылған бағдарламаны жаңартыңыз. Жаңарту аяқталғаннан кейін Android Auto-ны пайдалана беруіңізге болады.



OMT1D-2213

3-қадам. Мобильді телефонды деректер тасымалдауға арналған түпнұсқа кабельмен USB ағытпасына қосыңыз.

Ескертпе: Android Auto қолданбасымен телефонның жұмыс істеуін тек « » таңбасы бар ағытпа қолдайды. Телефонды USB ағытпасына жалғамас бұрын телефонда әзірлеуші режимін қосыңыз.



OMM1D-2304

4-қадам. Егер телефон автокөлікке алғаш рет қосылса (бұл жағдайда негізгі құрылғыда нұсқау пайда болады; автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосқаннан кейін, мобильді телефондағы нұсқауға сәйкес әрекет етіңіз), алғашқы қосылу баптауын орындау қажет.


OMM1D-2305

5-қадам. Android Auto қолданбасын пайдалануды бастау үшін бас құрылғының дисплейіндегі Android Auto түймесін басыңыз.

3-6. Аудиожүйе (қос дисплей)

Аудиожүйені басқару тақтасы



OMT1D-2370

Бас экран түймесі

Аудиожүйенің бас экранына өту үшін басыңыз.

Қолданбалар түймесі

Қолданбалар орталығының экранына өту үшін басыңыз.

Навигация түймесі

Навигация жүйесінің экранына өту үшін басыңыз.

Мультимедиа жүйесінің түймесі

Навигация жүйесінің экранына өту үшін басыңыз.

Баптау түймесі

Телефонмен байланысты баптау экранына өту үшін басыңыз.

Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі

Кіріс қоңырауды қабылдау немесе телефон экранына өту үшін басыңыз.

Суретке түсіру түймесі

Автотіркеуіштің көмегімен суретке түсіру үшін басыңыз.

Cloudrive жүйесінің түймесі

Телефонды осы жүйеге қосу үшін басыңыз.

Ескертпе: контекстік мәзірді дисплейге шығару үшін аудиожүйенің бас экранын оңға жылжытыңыз. Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі мен суретке түсіру түймесінің болуы автокөліктің орындалуына байланысты.

Баптау түймесі

Автокөлік жүйелерін баптау мәзіріне өту үшін басыңыз.

Қуат ажыратқышы/дыбыс деңгейін реттегіш

Аудиожүйені және ақпараттық-ойын-сауық жүйесін қосу және өшіру үшін басыңыз. Жүйе жұмысында бұзылулар болған жағдайда осы түймені ұзақ басып тұру оны өшіріп-қосуға мүмкіндік береді. Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру үшін реттегішті сағат тілімен, ал азайту үшін — сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Ескертпе: баптау түймесі және қуат ажыратқышы/дыбыс деңгейін реттегіш орталық консольда орналасқан.

Аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен басқару

Қолданбалар экраны




1-тәсіл. Қолданбалар экранына өту үшін аудиожүйені басқару панеліндегі «⁘» түймесін басыңыз .

2-тәсіл. Қолданбалар экранына өту үшін аудиожүйенің бас құрылғысындағы «●» түймесін басыңыз.

Бұл экранда келесі қолданбалар көрсетіледі: Amap, ойнатқыш, радиоқабылдағыш, аудио және жаңалықтар, телефон, автотіркеуіш, телефонмен қосылуды баптау, автокөлік жүйелерін баптау, Changba, Life Service, ауа райы болжамы, электрондық нұсқаулық, Lion Fast, My Center және т. б.

Bluetooth дауысты байланыс жүйесі



Телефонмен қосылуды баптау — телефонды Bluetooth арқылы қосу үшін алдымен аудиожүйенің бас құрылғысымен қосылуды орнатыңыз, содан кейін Bluetooth дауыссыз байланыс жүйесінің экранына өту үшін қолданбалар экранында телефонды таңдаңыз.

Навигация

■ Навигациялық жүйенің экранын ашыңыз (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

1-тәсіл. Навигациялық жүйенің экранына өту үшін аудиожүйені басқару панеліндегі «⌖» түймесін басыңыз.

2-тәсіл. Навигациялық жүйенің экранына өту үшін аудиожүйенің бас құрылғысындағы «➤» түймесін басыңыз.

3-тәсіл. Навигациялық жүйенің экранына өту үшін қолданбалар экранында Amap таңдаңыз.

■ AR-навигация экранын ашыңыз (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



OMT1D-2379

AR-навигация экранына өту үшін аудиожүйенің бас құрылғысындағы «» түймесін басыңыз.

Экранды тасымалдау (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



OMT1D-2380

Навигациялық жүйенің, AR-навигацияның, аудиоқұрылғының, ойнатқыштың немесе радиоқабылдағыштың экранында екі саусағыңызбен солға қарай сырғытыңыз, сонда тиісті экран аспаптар тақтасының дисплейіне «тасымалданады».

Ескертпе: AR-навигация экраны не аудиожүйе дисплейіне, не аспаптар тақтасының дисплейіне шығарылады. Ол бір уақытта аудиожүйе дисплейіне және аспаптар тақтасының дисплейіне шығарыла алмайды

Электронды нұсқаулық




OMT1D-2381

Аудиожүйені пайдалану жөніндегі толық нұсқаулықтармен танысу үшін қолданбалар экранынан электронды нұсқаулықты таңдаңыз.

Аудиожүйе баптауы

Телефонмен байланысты баптау



OMT1D-2371

Бұл экран Bluetooth, дыбыс, дауысты пәрмендерді тану функциясы, дисплей параметрлерін және жүйе баптауларын қолжетімді етеді.

Vehicle setting (Автокөлік жүйелерін баптау):

■ Smart Key (Қашықтан басқару пульті)



OMT1D-2372


Welcome light function (Отыру және түсу кезіндегі жарықтандыру): қосу немесе өшіру.

Phone Bluetooth Keyless entry (Bluetooth бар телефон арқылы автокөлікке кілтсіз кіру): қосу немесе өшіру.

Smart key induction tailgate opens (Жүксалғыш есігінің автоматты түрде ашылуы функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін): қосу немесе өшіру.

Smart key sensor unlock/drop lock (Есіктердің құлпының автоматты түрде ашылуы/құлыпталуы функциясы): қосу немесе өшіру.

■ Light Setting (Жарықтандыру құралдарын баптау)



OMT1D-2373


Daytime running light (Күндізгі жүріс жарықтары): қосу немесе өшіру.

Headlight delay (Фаралардың өшірілуін кідірту): қосу немесе өшіру.

Intelligent high beam assist (Фаралардың шалғай жарығын интеллектуалды басқару жүйесі): қосу немесе өшіру.

Headlight height adjustment (Фаралардың жарық шоғының еңіс бұрышын реттеу): фаралардың жарық шоғының еңкеюін реттеуге мүмкіндік береді.

■ Driving assist setting (Жүргізушіге көмек жүйесін баптау)



OMT1D-2374

Door open warning (Есіктің ашылуының индикациясы): қосу немесе өшіру.

Rear collision warning system (Артқы жағынан соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі): қосу немесе өшіру.

Blind spot detection system («Көзден таса» аймақтарды бақылау жүйесі): қосу немесе өшіру.

Lane departure sensitivity setting (Жолақ ауыстыру туралы ескерту жүйесі): Low sensitivity (Төмен сезімталдық) немесе High sensitivity (Жоғары сезімталдық) таңдауға мүмкіндік береді.

Speed limit assist (Жылдамдықты шектеу белгісін анықтау жүйесі): қосу немесе өшіру.

Over speed alarm (Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту): Ескертуді 30 бен 130 км/сағ аралығында белгілеуге мүмкіндік береді.

Adaptive cruise control (Бейімделетін круиз-контроль жүйесі): Келесі нұсқаларды таңдауға мүмкіндік береді: standard (стандартты қашықтық), maximum (максималды қашықтық), minimum (минималды қашықтық), previous selected (бұрын таңдалған қашықтық).

Fatigue driving reminder (Жүргізушінің шаршаған күйінің көрсеткіші): Жүргізушінің шаршағанын бақылау индикаторын 1-ден 4 сағатқа дейінгі аралықта бағдарламалауға мүмкіндік береді.


Automatic emergency braking system (Автоматты апаттық тежеу жүйесі): қосу немесе өшіру.

Front collision warning system (Фронтальды соқтығысу туралы ескерту жүйесі): келесі нұсқаларды таңдауға мүмкіндік береді: OFF (өшірулі)/far (үлкен қашықтық)/standard (қалыпты қашықтық)/near (кіші қашықтық).

Distance warning system (Қашықтықты бақылау жүйесі): қосу немесе өшіру. Steering force mode linked with driving mode (EPS-ті жүргізу режимімен синхрондау): қосу немесе өшіру.

Steering force mode (EPS режимі): Келесі EPS режимдерін таңдауға мүмкіндік береді: comfort/sport.

■ Personalized setting (Жеке баптау)



OMT1D-2375

Ambient light («Атмосфералық» көмескі жарық): қосу немесе өшіру. Ambient light brightness («Атмосфералық» көмескі жарықтың айқындығы): «Атмосфералық» жарықтандырудың жарықтығын реттеуге мүмкіндік береді.

Ambient light color adjustment («Атмосфералық» жарықтандыру түсін баптау): «Атмосфералық» жарықтандыру түсін реттеуге мүмкіндік береді.


Ambient Light related driving mode («Атмосфералық» жарықтандыруды жүргізу режимімен синхрондау): қосу немесе өшіру.

Music rhythm for ambient light («Атмосфералық» жарықтандыру үшін музыкалық ритм): қосу немесе өшіру.

Seat memory bounded with face recognition (Орындықты реттеуді бетті тану функциясы арқылы жадтан шақыру): қосу немесе өшіру.

Seat/rear view mirror position (Орындықты/айналарды баптау): орындық/айналардың орналасуын баптауға немесе жадта сақтауға мүмкіндік береді.

■ Vehicle basic information (Автокөлік туралы негізгі ақпарат)



OMT1D-2376

Auto Lock (Автоматты түрде құлыптау): қосу немесе өшіру.

Fortifying prompt (Айдап әкетуге қарсы жүйені күзет режиміне қою туралы хабарлама): келесі нұсқалардың бірін таңдауға мүмкіндік береді: light and horn (жарықтық және дыбыстық)/light (жарықтық)/horn (дыбыстық).

Meter backlight (Аспаптар тақтасының жарықтандыруының жарықтығы): Аспаптар тақтасының жарықтандыруының жарықтығын баптауға мүмкіндік береді.

Outside rear view mirror auto folding (Артқы көрініс айналарының автоматты түрде жиылуы): қосу немесе өшіру.

Rear view mirror auto adjustment while reversing (Артқа жүру қосылғанда артқы көрініс айнасының автоматты еңкеюі): келесі нұсқалардың бірін таңдауға мүмкіндік береді only left (тек сол)/only right (тек оң)/both sides at the same time (екі айна да)/off (өшірулі).


Easy seat access/exit (Автокөлікке жайғасуды және одан шығуды жеңілдету функциясы): қосу немесе өшіру.

Back door opening height setting (Жүксалғыш есігін ашу биіктігін баптау): жүксалғыш есігінің ашылу биіктігін баптауға мүмкіндік береді.

Phone wireless charging setting (Сымсыз қуаттағыш): қосу немесе өшіру.

Phone forgetting reminder setting (Зарядтағышта қалдырылған телефон туралы еске салу функциясы): қосу немесе өшіру.

■ A/C setting (Кондиционер жүйесін баптау) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



OMT1D-2377

Automatic defogging (Конденсатты автоматты түрде жою функциясы): қосу немесе өшіру.

Auto ventilation in parking (Желдеткішті қашықтан қосу функциясы): қосу немесе өшіру.

Cabin automatic cleaning (Желдеткішті кешіктіріп өшіру функциясы): қосу немесе өшіру.

Custom A/C mode (Кондиционер жұмысының режимін баптау): келесі режимдердің бірін таңдауға мүмкіндік береді: saving (үнемді)/comfort (жайлы)/strong (максималды).


Auto recirculating in parking (Автоматты рециркуляция):: қосу немесе өшіру.

Air speed auto down for Bluetooth calling (Bluetooth арқылы қоңырау шалғанда желдеткіш жылдамдығын азайту): қосу немесе өшіру.

Air purification auto operation (ауаны тазалау функциясы): қосу немесе өшіру.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қолжетімді баптау тармақтарының жиынтығы өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Аудиожүйені басқару түймелері



Дыбыс деңгейін арттыру түймесі «+»: Басып қалу — дыбыс деңгейін арттыру. Ұзақ басып тұру — дыбыс деңгейін біртіндеп ұлғайту.

Дыбыс деңгейін азайту түймесі «−»: Басып қалу — дыбыс деңгейін арттыру. Ұзақ басып тұру — дыбыс деңгейін біртіндеп ұлғайту.

Кіріс қоңырауды қабылдау түймесі «» — кіріс қоңырауды қабылдау немесе Bluetooth экранына өту үшін басыңыз.

Әңгімені аяқтау түймесі «» — әңгімені аяқтау үшін басыңыз.

Дауысты тану функциясының түймесі «» — басып қалу дауысты тану функциясын қосады; ұзақ басу Siri функциясын қосады (бұл үшін жүйені телефонмен жұптастыру қажет).

Аудиожүйенің дыбысын өшіру түймесі «» — аудиожүйенің дыбысын өшіру үшін басыңыз.

Режимдерді ауыстыру түймесі «MODE» — келесі реттілікпен режимдерді ауыстыру үшін басыңыз: Ойнатқыш – Радиоқабылдағыш – USB – Bluetooth аудиоқұрылғысы – Аудиофайлдар ойнатқышы.

Алдыңғы/келесі композицияға немесе алдыңғы/келесі радиостанцияға өту түймесі «»: Аудиожүйе — алдыңғы/келесі композицияға ауыстыру. Радиоқабылдағыш — алдыңғы/келесі радиостанцияға ауыстыру.

Дауыстық пәрмендерді тану функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Дауысты пәрмендерді тану функциясы навигация жүйесін, телефонды, әйнеккөтергіштерді, люкті, кондиционер жүйесін, орындық жылытқышын, орындық желдеткішін және т. б. басқаруға мүмкіндік береді, бұл салондағы жайлылықты арттырады.

Төменде дауыстық командаларды тану функциясын қалай қосу керектігі сипатталған (аудиожүйенің бас құрылғысы қосулы болуы керек).

1-тәсіл. Телефонның баптау экранында Дауыстық командаларды тану функциясын қосу үшін «Hello, Xiaohu» немесе «Hello, Xiaoqi» деп айтыңыз.

2-тәсіл. Бұл функцияны қосу үшін рульдегі дауысты тану функциясының «» түймесін басып қалыңыз.

3-тәсіл. Дауыстық командаларды тану функциясын қосу үшін аудиожүйенің Xiaohu «» символын екі рет басыңыз және оны өшіру үшін Xiaohu « » символын бір рет басыңыз.

PhoneLink қолданбасы

QDlink (Android)

■ Жүктеу тәсілдері




QDLink қолданбасын телефоныңызға келесі тәсілдермен жүктеп алуға болады:

1 Қолданбаны жүктеу үшін QDLink QR-кодын сканерлеңіз.

2 Қолданбаны жүктеу үшін Google QR-кодын сканерлеңіз.

3 Қолданбаны Google Play-ден тауып, жүктеп алыңыз.

■ Қосу тәсілі




1-қадам. Телефон баптаулары экранында Bluetooth-ты қосыңыз.



OMT1D-2352

2-қадам. Аудиожүйенің баптаулар экранында Bluetooth-ты қосыңыз, құрылғыны іздеңіз және оған қосылыңыз. Телефон экранында жұптастыру сұрауы пайда болады.




OMT1D-2353

3-қадам. Байланыс орнату үшін телефон экранында «Bluetooth арқылы жұптастыру» командасын таңдаңыз.




OMT1D-2356

4-қадам. QDLink қолданбасын ашыңыз.




5-қадам. Телефонды USB қосқышына түпнұсқа деректер кабелімен қосыңыз. Телефон экранында USB арқылы деректерді беру сұрауы пайда болады.


Ескертпе: QDlink қолданбасымен телефонның жұмысын тек « » қолданбасы бар қосқыш қолдайды. Телефонды USB ағытпасына жалғамас бұрын телефонда әзірлеуші режимін қосыңыз.



6-қадам. Сұрау экранында файлдарды беруге рұқсат етіңіз. Байланыс орнатылғаннан кейін QDLink қолданбасын қосуға рұқсат беру қажет болатын қалқымалы терезе пайда болады.



7-қадам. Қолданбамен жұмыс істеуді бастау үшін телефон экранындағы START NOW түймесін басыңыз.




OMT1D-2358

8-қадам. QDlink қолданбасын ашыңыз.


Apple CarPlay (iOS)

■ Қосу тәсілі




OMT1D-2360

1-қадам. Телефонның баптау экранында Siri-ді қосу үшін «Сәлем, Siri» деп айтып, Home түймесін басыңыз.




OMT1D-2359

2-қадам. Телефонның (жалпы) баптаулар экранында CarPlay қосыңыз.



3-қадам. Мобильді телефонды деректер тасымалдауға арналған түпнұсқа кабельмен USB ағытпасына қосыңыз.

Ескертпе: Apple CarPlay қолданбасымен телефонның жұмысын тек USB « » қосқышы қолдайды.



4-қадам. Сұрау экранында CarPlay қолданбасының жұмысына рұқсат беріңіз.



5-қадам. Apple CarPlay қолданбасын ашыңыз.

Android Auto


■ Қосу тәсілі



OMM1D-2303


1-қадам. Google Framework-ті орнатыңыз.

2-қадам. Google Play көмегімен орнатуды орындаңыз және Android Auto қолданбасын іске қосыңыз, жүйенің көмексөздеріне сәйкес барлық көмекші бағдарламаларды орнатыңыз және орнатылған бағдарламаны жаңартыңыз. Жаңарту аяқталғаннан кейін Android Auto-ны пайдалана беруіңізге болады.


OMT1D-2213

3-қадам. Мобильді телефонды деректер тасымалдауға арналған түпнұсқа кабельмен USB ағытпасына қосыңыз.

Ескертпе: Android Auto қолданбасымен телефонның жұмысын тек « » қолданбасы бар қосқыш қолдайды. Телефонды USB ағытпасына жалғамас бұрын телефонда әзірлеуші режимін қосыңыз.



OMM1D-2304

4-қадам. Егер телефон автокөлікке алғаш рет қосылса (бұл жағдайда негізгі құрылғыда нұсқау пайда болады; автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосқаннан кейін, мобильді телефондағы нұсқауға сәйкес әрекет етіңіз), алғашқы қосылу баптауын орындау қажет.




5-қадам. Android Auto қолданбасын пайдалануды бастау үшін бас құрылғының дисплейіндегі Android Auto түймесін басыңыз.

3-7. Ауаны баптау жүйесі

Автоматты кондиционер жүйесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Алдыңғы басқару панелі (А түрі)



1 Жүргізуші жақтағы температура реттегіші

2 Орталық, бүйірлік және төменгі желдету торлары арқылы ауа беру режимінің сенсорлық түймесі

3 Орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы ауа беру режимінің сенсорлық түймесі

4 Ауа тарату режимдерінің сенсорлық түймесі

5 Төменгі желдету торлары арқылы ауа беру режимінің сенсорлық түймесі

6 Алдыңғы әйнекті үрлеу және төменгі желдету торлары арқылы ауа беру режимінің сенсорлық түймесі

7 Алдыңғы жолаушы жағындағы температура реттегіші

8 Ауаны кондициялау жүйесін өшіру сенсорлы түймесі

9 Кондиционер жүйесін қосудың сенсорлық түймесі

10 AUTO сенсорлық түймесі

11 Алдыңғы әйнекті жылыту және үрлеу режимінің сенсорлық түймесі

12 Желдеткіштің айналу жылдамдығының сенсорлық реттегіші

13 Алдыңғы әйнекті үрлеу режимінің сенсорлық түймесі

14 Артқы әйнекті жылытудың сенсорлық түймесі

15 Сыртқы ауаны беру/ауаны рециркуляциялау режимінің сенсорлық түймесі

16 Екі аймақты режимнің сенсорлық түймесі

17 Ауа тазалау жүйесінің сенсорлық түймесі

18 Алдыңғы әйнекке ауа үрлеу режимінің түймесі

19 Ауаны кондициялау жүйесін өшіру түймесі

20 Алдыңғы әйнекті жылыту және оған ауа үрлеу режимінің түймесі

21 Артқы әйнекті жылыту түймесі

22 Ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесі

23 Жүргізуші жақтағы температура реттегішінің түймесі

24 Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру/азайту түймелері

25 Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру/азайту түймелері

26 Алдыңғы жолаушы жағындағы температураны реттеу түймесі

27 AUTO түймесі

28 Сырттан ауа беру/ ауаны қайта циркуляциялау режимінің түймесі

29 Екі аймақты режимнің түймесі


30 Кондиционер жүйесінің индикациясы

31 Ауаны төменгі желдету торлары арқылы беру режимінің түймесі

32 Ауаны орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы беру режимінің түймесі

Ескертпе: Функционалдық түймелердің құрамы өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Алдыңғы басқару панелі (B түрі)



1 Жүргізуші орындығын жылыту ажыратқышы

2 AUTO түймесі

3 Ауаны үлестіру режимдерінің түймелері

4 Алдыңғы әйнекжылытқыш түймесі

5 Желдеткіштің айналу жылдамдығын реттегіш

6 Кондиционер жүйесін баптау түймесі

7 Алдыңғы жолаушы орындығын жылыту ажыратқышы

8 Алдыңғы жолаушы жағындағы температура реттегіші

9 Салонның артқы бөлігіндегі ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесі

10 Алдыңғы жолаушы орындығының желдеткішінің түймесі

11 Ауаны тазарту жүйесінің түймесі

12 Артқы әйнекті жылыту түймесі

13 Сырттан ауа беру/ауаны қайта циркуляциялау режимінің түймесі

14 Алдыңғы жолаушы жағындағы температураны реттеу түймесі

15 Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру/азайту түймелері

16 Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру/азайту түймелері

17 Жүргізуші жақтағы температура реттегішінің түймесі

18 Ауаны кондициялау жүйесін өшіру түймесі

19 Алдыңғы әйнекті жылыту және оған ауа үрлеу режимінің түймесі

20 Ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесі


21 Жүргізуші орындығын желдету түймесі

22 Екі аймақты режимнің түймесі

23 Жүргізуші жақтағы температура реттегіші

Ескертпе: Функционалдық түймелердің құрамы өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Алдыңғы басқару панелі (С түрі)



1 Жүргізуші жағындағы температураны арттыру/азайтудың жұмсақ түймесі

2 Режим күйінің дисплейі

3 Ауа ағынының көлемін реттеудің жұмсақ түймесі

4 Алдыңғы жолаушы жағындағы температураны арттыру/азайтудың жұмсақ түймесі

5 Сыртқы ауа режимінің жұмсақ түймесі

6 Рециркуляциялық ауа режимінің жұмсақ түймесі

7 Алдыңғы әйнектің булануы мен ерітудің жұмсақ түймесі

8 Кондиционер экранын өшірудің жұмсақ түймесі

9 AUTO режимінің жұмсақ түймесі

10 Жеке режимнің жұмсақ түймесі

11 Кондиционерді ауыстырудың жұмсақ түймесі

12 Кондиционерді ауыстырудың жұмсақ түймесі

13 Жеке режим түймесі

14 Режим күйінің дисплейі

15 Жүргізуші/алдыңғы жолаушы орындығын жылыту түймесі

16 Ауа көлемін реттеу түймесі

17 AUTO режимінің түймесі

18 Сыртқы/рециркуляциялық ауа режимінің түймесі

19 Режимді реттеу түймесі

20 Кондиционерді ауыстыру түймесі


21 Артқы еріту түймесі

22 Алдыңғы әйнектің булануы мен еріту түймесі

23 Кондиционерді ауыстыру түймесі

Ескертпе: Функционалдық түймелер автокөлік конфигурациясына байланысты ерекшеленеді. Нақты автокөлік конфигурациясын қараңыз.


Екінші қатардағы орындыққа арналған басқару панелі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1. Ауаны кондициялау жүйесін өшіру түймесі
2. PM 2.5 жүйесінің индикациясы
3. Желдеткіштің айналу жылдамдығын арттыру түймесі
4. Ауаны тазарту жүйесінің түймесі
5. Желдеткіштің айналу жылдамдығының индикациясы
6. Желдеткіштің айналу жылдамдығын азайту түймесі

Ескертпе: екінші қатардағы орындыққа арналған басқару панелі алдыңғы панельмен бірдей функцияларды орындайды

Үшінші қатардағы орындыққа арналған басқару тақтасы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



1. Салонның артқы бөлігіндегі ауаны кондициялау жүйесі желдеткішінің жылдамдық реттегіші
2. Артқы желдету торы

Температураны реттеу

Қажетті ауа температурасын алдыңғы басқару тақтасындағы түймелердің немесе сенсорлы температура реттегішінің көмегімен беруге болады.

Желдеткіш жылдамдығын реттеу

Желдеткіштің қажетті жылдамдығын алдыңғы басқару тақтасындағы немесе екінші қатардың басқару тақтасындағы түймелердің көмегімен, сондай-ақ алдыңғы тақтадағы сенсорлы реттегіштің көмегімен беруге болады.

Екі аймақты режимнің түймесі

Егер дисплейде көк «SYNC» индикаторы жанса, бұл кондиционер жүйесінің бір аймақты режимде жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Егер дисплейде ақ «SYNC» индикаторы жанса, бұл кондиционер жүйесінің екі аймақты режимде жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді, бұл ретте жүргізуші жағындағы және алдыңғы жолаушы жағындағы температураны бөлек реттеуге болады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Аудиожүйенің бас құрылғысы өшірілгеннен кейін пайдаланушы белгілеген баптаулар сақталады.

Сырттан ауа беру/ауаны қайта циркуляциялау режимінің түймесі

Сыртқы ауаны беру/рециркуляциялық ауа режимдерін дисплейдегі түйме арқылы ауыстыруға болады. Көк «» символы қазіргі уақытта ауаны рециркуляциялау режимі қосулы екенін, ал ақ «» символы қазіргі уақытта сыртқы ауаны беру режимі қосулы екенін көрсетеді.

■ Ауаны рециркуляциялау режимін келесі жағдайларда қосыңыз:

1. Шаң көтерілетін жолдармен жүрген жағдайда.
2. Салондағы ауаны тез салқындату үшін.
3. Салонға жағымсыз иістердің кіруінің алдын алу үшін.
4. Салонға пайдаланылған газдардың кіруінің алдын алу үшін.

AUTO түймесі

AUTO режимін дисплейдегі AUTO түймесі арқылы өшіруге болады. Көк «AUTO» символы қазіргі уақытта автоматты режим қосулы екенін, ал ақ «AUTO» символы қазіргі уақытта қолмен басқару режимі қосулы екенін көрсетеді.

Автоматты режим ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесін, ауаны үлестіру режимін реттеу түймесін басқан кезде, желдеткіш жылдамдығын өзгерткен немесе температураны өзгерткен кезде өшеді. Бұл ретте қалған функциялар автоматты режимде жұмыс істеуді жалғастырады, және «AUTO» символы ақ жарықпен жанып тұрады.

Автоматты режим қосулы кезде сыртқы ауаны беру/ауаны рециркуляциялау түймесін басу автоматты режимнің өшірілуіне әкеледі. Бұл ретте қалған функциялар автоматты режимде жұмыс істеуді жалғастырады, және «AUTO» символы көк жарықпен жанып тұрады.

Автоматты режим қосулы кезде дисплейдегі AUTO түймесін басу автоматты режимнің өшірілуіне әкелмейді.

Ауаны үлестіру режимдерінің түймелері

Дисплейдегі ауа тарату режимдерінің түймелері келесі режимдерді таңдауға және біріктіруге мүмкіндік береді: алдыңғы әйнекке ауа үрлеу, орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы ауа беру және астыңғы желдету торлары арқылы ауа беру.

Көк « » символы ауаның алдыңғы әйнекті үрлеу саптамалары арқылы берілетінін көрсетеді.

Көк « » символы ауаның орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы берілетінін көрсетеді.

Көк « » символы ауаның төменгі желдету тесіктері арқылы берілетінін көрсетеді.

Ескертпе: төменгі желдету торлары арқылы ауа беру алдыңғы әйнекке үрлеумен үйлеспейді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қозғалыс кезінде алдыңғы әйнек буланып кеткен жағдайда алдыңғы әйнекке ауа үрлеу режимін қосуға кеңес беріледі. Қосымша ақпарат алу үшін «Алдыңғы әйнекті максималды үрлеу түймесі» бөлімін қараңыз.

Ауаны кондициялау жүйесін өшіру түймесі

Дисплейдегі кондиционер жүйесін қосу түймесін басыңыз немесе екінші қатардағы орындыққа арналған басқару панелін қосыңыз. Көк «⏻» белгісі

кондиционер жүйесінің қосулы екенін, ал ақ «⏻» белгісі оның өшірулі екенін көрсетеді.

Салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесін қосу түймесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Дисплейдегі салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесін қосу түймесін басыңыз. Көк «REAR» белгісі салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесін қосуға болатынын, ал ақ «REAR» белгісі оны тікелей өшіруге болатынын көрсетеді.

Ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесі

Алдыңғы басқару панеліндегі кондиционер жүйесін қосу түймесін басыңыз. Қызғылт сары «A/C» символы кондиционер компрессоры қосулы және кондиционер жүйесі жұмыс істеп тұрғанын, ал ақ «A/C» символы кондиционердің өшірулі екенін көрсетеді.

Ауа тазарту функциясының түймесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Ауа тазалау функциясын алдыңғы басқару панеліндегі немесе екінші қатардағы басқару панеліндегі түйме арқылы қосуға болады. Қызғылт сары «» символы жанады, бұл ауа тазалау функциясының қосулы екенін көрсетеді. Алдыңғы басқару панелінің немесе екінші қатардағы басқару панелінің дисплейінде ауадағы PM2.5 бөлшектерінің мөлшері көрсетіледі. Ақ «» символы ауа тазалау функциясының өшірулі екенін көрсетеді.

Ескертпе: ауа тазалау функциясы жұмыс істеп тұрғанда желдеткіш жылдамдығын, температураны, сыртқы ауаны беру/ауаны рециркуляциялау режимін және алдыңғы әйнекке үрлеу режимін басқару автоматты түрде жүзеге асырылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жылдың суық мезгілінде қоршаған ортаның төмен температурасына байланысты ауа тазалау функциясының тиімділігі айтарлықтай байқалмауы мүмкін.
- Ауа тазалау функциясының түймесін басқанда сыртқы ауаны беру/ауаны рециркуляциялау режимі, желдеткіш жылдамдығы және ауа тарату режимі ауысуы мүмкін.
- Әйнектердің булануын болдырмау үшін ауаны тазартудың барынша тиімділігіне қол жеткізу мақсатында ауаны кондициялау жүйесінің жұмыс алгоритмі жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.
- Төменде көрсетілген жағдайларда ауа тазарту функциясы қолжетімсіз болады және тиісті түймені басу ешқандай нәтиже бермейді:
  - Егер ауа температурасы бұл функцияны пайдалануға мүмкіндік бермесе.
  - Алдыңғы әйнекті максималды үрлеу режимі қосулы кезде.
  - Алдыңғы әйнектазартқыш (төмен немесе жоғары жылдамдықта) қосылғаннан кейінгі 20 секунд ішінде.

Алдыңғы әйнекке ауа үрлеу режимінің түймесі

Алдыңғы басқару панеліндегі алдыңғы әйнекті үрлеу режимінің түймесін басыңыз. Қызғылт сары «MAX» символы алдыңғы әйнекті үрлеу режимі қосулы екенін, ал ақ «MAX» символы бұл режимнің өшірулі екенін көрсетеді.

Егер желдеткіш өшірулі болмаса, алдыңғы әйнекті максималды үрлеу режимінің түймесін басқанда сыртқы ауаны беру режимі және кондиционер компрессоры автоматты түрде қосылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Егер кондиционер ауаны салқындатпаса, бұл әйнектерден конденсатты кетіруді қиындатады. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- Ылғалдылық жоғары жағдайларда (жаңбыр немесе қар жауған кезде) әйнектердегі конденсатты кетіру үшін кондиционерді қосыңыз. Егер кондиционер өшірулі болса, бұл әйнектерден конденсатты кетіруді қиындатады.
- Жоғары ылғалдылық жағдайында (жаңбыр немесе қар жауып тұрғанда) әйнектерден конденсатты кетіру үшін сырттан ауа беру режимін қосыңыз. Егер қайта циркуляция режимі қосулы болса, бұл әйнектерден конденсаттың кетірілуін қиындатады.
- Әйнектерден қырауды немесе конденсатты кетіргеннен кейін, салонда жайлы микроклимат жасау үшін ауа тарату режимін және желдеткіштің айналу жылдамдығын реттеңіз.
- Жылдың суық мезгілінде әйнектерден конденсатты кетіру үшін сыртқы ауаны беру режимін және жылытқышты қосыңыз. Ауа тек алдыңғы әйнекке және алдыңғы есіктердің әйнектеріне берілуі тиіс. Егер сыртқы ауа температурасы 0°C-тан асса, алдыңғы әйнекті максималды үрлеу режимін қосыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік үшін алдыңғы әйнекке ауа үрлеу режимін дұрыс пайдаланыңыз.
- Қыс мезгілінде ауаны қайта циркуляциялау режимін ұзақ пайдаланудан сақтаныңыз, себебі бұл режимде алдыңғы әйнек тезірек буланады.
- Әйнектердің буланыуынан туындайтын көріністің нашарлауы жол-көлік оқиғалары және жарақат алу қаупін жоғарылатады. Сондықтан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлікті басқару кезінде айналаңызды жақсы көре алуыңыз қажет.

Алдыңғы әйнекжылытқыш түймесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін дисплейдегі алдыңғы әйнекті жылыту түймесін басыңыз. Көк «» символы алдыңғы әйнекті жылыту қосулы екенін көрсетеді. Шамамен 20 минут өткеннен кейін ол автоматты түрде өшеді. Ақ «» символы алдыңғы әйнекті жылыту өшірулі екенін көрсетеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Алдыңғы әйнекті тазалаған кезде жылытқыштың жіптерін сызып немесе зақымдап алмау үшін абай болыңыз.
- Қырауы немесе конденсаты кеткеннен кейін алдыңғы әйнек жылытқышын өшіруді ұмытпаңыз.
- Аккумулятор батареясының заряды деңгей төмен болғанда алдыңғы әйнек жылытқышы қозғалтқышты оталдырмайынша қосылмайды. Бұл қозғалтқышты оталдыруды жеңілдету үшін жасалған.

⚠ ҚАУІП

Күйіп қалмау үшін, жылыту қосылып тұрғанда немесе ол өшкен бойда алдыңғы әйнекке қол тигізбеңіз.

Артқы әйнекті жылыту түймесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда артқы әйнек жылытқышының түймесін басыңыз. Қызғылт сары «» индикаторы жанады, бұл артқы әйнекті және сыртқы артқы көрініс айналарын жылытудың қосулы екенін көрсетеді. Артқы әйнекті жылытуды өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз. Түймеге кіріктірілген индикатор сөнеді. Бұл кезде «» индикаторының түсі аққа өзгереді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Артқы әйнекті және сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясының бар-жоғы автокөлік жинақтамасына байланысты.
- Артқы әйнекті және сыртқы артқы көрініс айналарын тазалаған кезде жылытқыштың жіптерін сызып немесе зақымдап алмау үшін абай болыңыз.
- Аккумулятор батареясының заряды төмен болғанда артқы әйнекті/сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту қозғалтқышты іске қосқанша қосылмайды. Бұл қозғалтқышты оталдыруды жеңілдету үшін жасалған.
- Артқы әйнекті және сыртқы артқы көрініс айналарын тазаламас бұрын, олардың жылыту функциясы өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ҚАУІП

Күйіп қалмау үшін жылытқыш жұмыс істеп тұрғанда немесе оны өшіргеннен кейін бірден артқы әйнектен және сыртқы артқы көрініс айналарынан ұстамаңыз.

Кондиционер жүйесін баптау түймесі (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Бұл түймені басқанда дисплейге кондиционер жүйесін баптау экраны шығарылады. Онда бұл жүйені өз қалауыңыз бойынша баптауға болады.

[Cabin Auto Cleaning]: жүргізуші автокөліктен шығып, есіктерді құлыптағаннан кейін, желдеткіш автоматты түрде қосылады. Бұл функция жүйенің ауа өткізгіштерін салыстырмалы түрде құрғақ ұстауға мүмкіндік береді және оларда бактериялар мен ластауыш заттектердің жиналуына жол бермейді.

[Auto Recirculating in Parking]: автокөлік тоқтағаннан кейін пайдаланылған газдар салонға енбеуі үшін ауаны рециркуляциялау режимі автоматты түрде қосылады.

[Air Speed Auto Down for Bluetooth Calling]: кондиционер жүйесі Bluetooth арқылы қоңырау шалғанда желдеткіш жылдамдығын автоматты түрде төмендетеді.

[A/C Purification Auto Operation]: Ауаны тазарту функциясы автокөлік салонында PM2.5 түйірлері көп шоғырланғанда автоматты түрде қосылады. Ауа сапасын басқару жүйесі (AQS) сыртқы ауа сапасының төмендегенін анықтаса, қайта циркуляция режимін өзі қосады. Ауа сапасы қалпына келген кезде ауаны қайта циркуляциялау режимі автоматты түрде өшеді. AQS жүйесі иісті газдарды анықтауға арналмаған. Қоршаған ауа температурасы –2 °C-тан төмен болғанда, алдыңғы әйнек және бүйірлік әйнектер буланбауы үшін AQS жүйесі қосылмайды.

[A/C Screen Brightness]: дисплей жарықтығын реттеу үшін сенсорлық реттегішті пайдаланыңыз.

[Auto Defogging Function]: кондиционер жүйесі автокөлікті басқару қауіпсіздігін арттыру үшін алдыңғы әйнектің булануы жағдайында оны автоматты түрде үрлеуді қосады.

[Cabin Auto Ventilation]: жүргізуші есікті ашып, автокөлікке отырғанға дейін желдеткіш автоматты түрде қосылады.

[Custom A/C]: Бұл функция келесі режимдердің бірін таңдауға мүмкіндік береді: кондиционер жұмысы: saving (үнемді)/comfort (жайлы)/strong (максималды).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Баптау тармақтары өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Кондиционер жүйесінің экранын баптау аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы жүзеге асырылады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Қозғалтқышты іске қосқанша желдеткіш екі циклге дейін жұмыс істей алады.
- Баптау мәзірінде конденсатты автоматты түрде кетіру функциясын іске қосқаннан кейін, бұл функция кейбір жағдайларда өзі қосылады. Бұл қалыпты жағдай.

Желдету торлары

Орталық желдету торлары

Ауа ағынының бағытын өзгерту үшін желдету торындағы иінтіректі жоғары, төмен, солға және оңға бұрыңыз.


Бүйірлік желдету торлары

Ауа ағынының бағытын өзгерту үшін саңылау торындағы иінтіректі жоғары, төмен, солға және оңға бұрыңыз.

Шынтақтаяныштағы желдету торлары

Ауа ағынының бағытын өзгерту үшін желдету торындағы иінтіректі жоғары, төмен, солға және оңға бұрыңыз.

Ортаңғы шынтақтаяныштағы ұсақ-түйек салынатын қуысты салқындату функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Салқындатылатын затты (мысалы, сусын құйылған банканы) орталық консольдағы бөлімге қойыңыз және кондиционер жүйесін қосыңыз, орталық және бүйірлік желдету торлары және/немесе төменгі желдету тесіктері арқылы режимді таңдаңыз. Бөлімдегі салқындату режимін қосу үшін оның ішіндегі тиекті теріс бағытқа бұраңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Салон дизайны өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

ҚАУІП
Ортаңғы консольдегі бөлімге салынған салқындатылатын зат тым үлкен болса, оның қақпағы жабылмауы мүмкін. Жабылмаған қақпақ жүргізуші қолының қимылына кедергі жасау және жарақат келтіруі мүмкін.

Конденсатты автоматты түрде жою функциясы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Конденсатты автоматты түрде кетіру функциясының жұмысын аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Егер әйнектердің булану ықтималдығы туындаса, көлікті басқару қауіпсіздігін арттыру үшін конденсатты автоматты түрде жою функциясы алдыңғы әйнектегі ылғалды өзі жояды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Баптау мәзірінде конденсатты автоматты түрде жою функциясын белсендіргеннен кейін, бұл функция кейбір жағдайларда өздігінен қосылатын болады. Бұл қалыпты жағдай.

Желдеткішті қашықтан және кешіктіріп қосу функциялары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Желдеткішті қашықтан қосу функциялары

Жаз мезгілінде автокөлік тікелей түсетін күн сәулесінің астында ұзақ тұрған кезде салонындағы температура қатты көтерілуі мүмкін. Желдеткішті қашықтан қосу функциясының көмегімен автокөлік салонындағы температураны алдын ала төмендетіп алуға болады. Бұл функция сондай-ақ жоғары температураларда ішкі әрлеу элементтерінен шығатын иістен арылуға мүмкіндік береді.

Егер сыртқы ауа температурасы 20°C-тан асса және жүйе аккумулятор батареясының кернеуі белгілі бір талаптарға сәйкес келетінін анықтаса, айдап әкетуге қарсы жүйенің күзет режимін өшіріңіз, сонда желдеткіш қосылады (30 секундқа).

Желдеткіш 30 секундтық циклін істеп болғаннан кейін есікті ашыңыз немесе айдап әкетуге қарсы жүйенің күзету режимін қосыңыз, сонда желдеткіш өшеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қозғалтқышты оталдырғанға дейін желдеткіш екі циклге дейін істей алады.

Желдеткішті кешіктіріп қосу функциялары

Желдеткішті кешіктіріп өшіру функциясын баптау аудиожүйе экранында жүзеге асырылады. Бұл функция жүйенің ауа өткізгіштерін салыстырмалы түрде құрғақ ұстауға мүмкіндік береді және оларда бактериялар мен ластауыш заттектердің жиналуына жол бермейді.

Бұл функцияның жұмыс істеуі үшін қажетті шарт — алдыңғы сапар кезінде кондиционер жүйесін пайдалану және аккумулятор батареясының кернеуінің белгілі бір талаптарға

сәйкес келуі. Егер айдап әкетуге қарсы жүйенің күзету режимін қосқаннан кейін 5 минуттан көп уақыт өтсе, желдеткіш 1 минутқа қосылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Желдеткішті қашықтан және кешіктіріп қосу функцияларын баптау аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен жүзеге асырылады.

Кондиционер жүйесін пайдалану

Кондиционер жүйесін қолмен басқару

Төменде тізімі берілген операциялар қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындалады.

Ауаны кондициялау жүйесін ауаны кондициялау жүйесінің басқару тақтасындағы түймемен немесе дисплейдегі сенсорлы түймемен қосуға және өшіруге болады. Қажетті ауа температурасын алдыңғы басқару панеліндегі температура реттегіші (реттегіштің ең сол жақ күйі максималды салқындатуға сәйкес келеді) немесе сенсорлық дисплейдегі реттегіш арқылы белгілеуге болады. Қажетті желдеткіштің айналу жылдамдығын алдыңғы басқару панеліндегі түймелер арқылы немесе дисплейдегі сенсорлық реттегіш арқылы белгілеуге болады. Орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы ауа беру режимін таңдау ұсынылады. Егер қоршаған ауа температурасы 30 °C-тан асса, ауаны рециркуляциялау режимін таңдаңыз.

Автоматты кондиционер жүйесін пайдалану

Төменде тізімі берілген операциялар қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындалады.

«AUTO» түймесін басыңыз. Температураны белгілеп бергеніңізден кейін ауаны кондициялау жүйесі автоматты түрде ауаны үлестіру режимдерін, желдеткіш жылдамдығын реттейтін, сырттан ауа беру және ауаны қайта циркуляциялау режимдерін ауыстырып қосатын, сондай-ақ кондиционер компрессорын қосып-өшіретін болады.

Автокөлік салонында жайлы микроклимат қалыптастыру және ауаны кондициялау жүйесінің жұмысының максималды тиімділігін қамтамасыз ету үшін AUTO түймесін басқаннан кейін дисплейде 22 °C ауа температурасын белгілеуге кеңес беріледі.

Автоматты режим кондиционер жүйесін қосу түймесін, ауа тарату режимін реттеу түймесін басқанда, реттегіштің айналу жылдамдығын немесе температураны өзгерткенде өшеді. Бұл ретте қалған функциялар автоматты режимде жұмыс істеуді жалғастырады және «AUTO» символы ақ жарықпен жанып тұрады.

Салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесін пайдалану (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Төменде тізімі берілген операциялар қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындалады.

Салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесі салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесін қосу түймесімен, кондиционер жүйесін қосу түймесімен немесе салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесінің желдеткіш жылдамдығын реттегішті бұру арқылы қосылады.

Ескертпе: салонның артқы бөлігіндегі ауаны кондициялау жүйесі еріткіш режимінде жұмыс істемейді.

Ауаны ең тиімді салқындату үшін кондиционер сүзгісінің жағдайын қадағалаңыз және оны уақтылы ауыстырыңыз. Келесі әрекеттерді орындаңыз:

1-қадам. Желдеткіштің айналу жылдамдығы: максималды.

2-қадам. Температура: максималды салқындату.

3-қадам. Сырттан ауа беру режимі немесе ауаны қайта циркуляциялау режимі: ауаны қайта циркуляциялау режимі.

4-қадам. Ауаны бөлу режимі: орталық және бүйірлік желдету торлары арқылы.

5-қадам. Кондиционер жүйесі: қосулы (компрессор жұмыс істеп тұр, кондиционер жүйесінің индикаторы жанып тұр).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жүйе жұмысының тиімділігінің төмендеуі кондиционер конденсаторының ластануына және бітеліп қалуына байланысты болуы мүмкін. Сондықтан кондиционер конденсаторын таза ұстаңыз.
- Ыстық және ылғал ауаны тез суытқан кезде желдету торларынан тұман шығуы мүмкін. Бұл қалыпты физикалық құбылыс.
- Егер сыртқы ауа температурасы жеткілікті төмен болса (мысалы, қыста), онда ауаны кондициялау жүйесін қосу түймесін басқан кезде тиісті индикатордың жанып тұрғанына қарамастан кондиционер компрессоры өшірулі күйінде тұра беруі мүмкін.
- Ауаны кондициялау жүйесі жұмыс істеген кезде немесе жұмыс істеп болғаннан кейін автокөлік астына жиналатын су ақаулықтың белгісі болып табылмайды (егер бұл осы жүйенің дренаждық түтікшесінен тамшылаған конденсат болса).
- Ауаны кондициялау жүйесіндегі салқындату агенті уақыт өте келе азаяды. Сондықтан егер жүйе жұмысының тиімділігінің төмендегенін байқасаңыз, жүйені тексерту және оған салқындату агентін құйдыру үшін өкілетті дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- Әр ай сайын терезелерді ашып қойып, ауаны кондициялау жүйесін кемінде 5 минутқа қосып алуға кеңес беріледі. Бұл компрессордың майлануының жеткіліксіздігінен ауаны кондициялау жүйесінің зақымдалуының, сондай-ақ буландырғыштан ылғалдан және бактериялардан туындайтын жағымсыз иістің пайда болуының алдын алуға көмектеседі.
- Егер кондиционер ұзақ жұмыс істеп тұрғанда автокөлік ұзақ өрлерге қарай үздіксіз қозғалса немесе үлкен жүктемемен және төмен жылдамдықпен қозғалса, қозғалтқыш қызып кетуі мүмкін. Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының сигнал бергішін бақылап отырыңыз. Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда ауаны кондициялау жүйесін өшіріп қоюға кеңес беріледі.
- Салон ішіндегі ауа температурасы белгілі деңгейге дейін төмендегеннен кейін қозғалтқышқа түсетін жүктемені және отын шығынын азайту үшін компрессор автоматты түрде өшеді. Осылайша көктемде және күзде сыртқы ауа температуралары салыстырмалы түрде төмен кезде ауаны кондициялау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда компрессордың автоматты түрде қосылып және өшіп отыруы қалыпты құбылыс болып табылады.
- Жылдамдықты күрт үдеткенде, басып озғанда немесе ұзақ өрлерге қарай көтерілгенде қозғалтқышқа түсетін жүктеме ұлғаяды. Осы кезде кондиционер компрессоры автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін. Егер бұл орын алмаса, алайда өзіңіз қозғалтқыш қуатының жеткіліксіз екенін сезіп отырсаңыз, ауаны кондициялау жүйесін өз бетіңізше өшіруге тиіссіз.

⚠ ҚАУІП

- Ауаны кондициялау жүйесінің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін желдеткіштің төмен айналу жылдамдығында кондиционердің ұзақ уақыт жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Ауаны кондициялау жүйесін өз бетіңізше жөндеуге тыйым салынады, себебі жүйедегі салқындату агентінің қысымы жоғары болады және ол адам үшін қауіпті болып табылады. Жүйені тексерту және жөндету үшін ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- Ауаны кондициялау жүйесіне агент құюды ресми дилердің сервистік станциясында түпнұсқа салқындату агентін және компрессор майын қолдана отырып жүзеге асыру қажет. Бұл талапты сақтамаудан туындаған ауаны кондициялау жүйесінің бұзылуы кепілдік арқылы өтелмейді.
- Ыстық ауа райында тікелей түсетін күн сәулелері салон ішіндегі ауаны тез қыздырып жіберуі мүмкін. Бұл салон ішіндегілердің — бірінші кезекте балалардың және жануарлардың жарақат алу немесе опат болу қаупін тудырады.

Жылытқышты пайдалану

Төменде тізімі берілген операциялар қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда орындалады.

Қажетті ауа температурасын алдыңғы басқару тақтасындағы түймелердің немесе сенсорлы температура реттегішінің көмегімен беруге болады. Қажетті желдеткіш жылдамдығын алдыңғы басқару панеліндегі немесе екінші қатардағы басқару панеліндегі түймелер арқылы, сондай-ақ алдыңғы панельдегі сенсорлық реттегіш арқылы белгілеуге болады. Ауаны астыңғы желдету саңылауларына бағыттаңыз және ауаны кондициялау жүйесін өшіру түймесін басыңыз (кондиционер компрессоры өшірулі).


Ескертпе: салонның артқы бөлігіндегі кондиционер жүйесі жылытқыш режимінде жұмыс істемейді.

3-8. Сымсыз зарядтау құрылғысы

Сымсыз зарядтау құрылғысы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Сымсыз зарядтау құрылғысы электр-магнитті индукция есебінен мобильді телефонды сымдарды пайдаланбай-ақ зарядтауға мүмкіндік береді. Бұл ыңғайлы, қауіпсіз және сізге автокөлікті басқарудан көбірек ләззат алуға мүмкіндік береді.

Қолдану тәсілі



Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне қойыңыз. Сымсыз зарядтау құрылғысы мобильді телефоныңызды зарядтау бетіне қойғаныңыздан кейін жұмыс істей бастайды. Аудиожүйе дисплейінде « » символы пайда болады. Мобилді телефон толық зарядталғаннан кейін аудиожүйе дисплейінде « » символы пайда болады.

Төменде тізімі берілген жағдайларда сымсыз зарядтау құрылғысы тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

1. Мобильді телефонның артқы қабырғасы мен зарядтау бетінің арақашықтығы 8 мм-ден асады.
2. Мобильді телефонның артқы қабырғасында қалыңдығы үлкен бөтен металл зат бар (тиын, металл тысқап және т. б.) « ».
3. Күн сәулелерінің әсерінен зарядтау құрылғысының бетінің температурасы 65 °C-тан асып кетті. Мұндай жағдайда сымсыз зарядтау құрылғысының қорғанышы іске қосылады, және мобильді құрылғыны зарядтау мүмкін болмай қалады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Сымсыз зарядтау функциясын аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен баптауға болады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Сымсыз зарядтау құрылғысы сымсыз зарядтау функциясын қолдайтын мобильді телефондарды ғана зарядтайды.
- Мобильді телефонды зарядтау бетінің ортасына қойыңыз. Егер автокөлік жылдамдығын үдеткенде, баяулатқанда немесе оны шұғыл бұрылғанда мобильді телефон бір шетке ығысса, бұл оның зарядталу тиімділігіне әсер етеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлікке кілтсіз кіру жүйесі қашықтан басқару пультін тану режимінде тұрған кезде сымсыз зарядтау уақытша үзілуі мүмкін.
- Егер мобильді телефоныңыздың сымсыз зарядтау функциясы болмаса, оны сымсыз зарядтау құрылғысының көмегімен зарядтауға тырыспаңыз. Сымсыз зарядтау құрылғысының ресурсы топтамасына байланысты, сондықтан сымсыз зарядтау құрылғысын жиі қолданған жағдайда ол істен шығуы мүмкін (мысалы, жұмысқа қабілеттігінен айырылу, зарядтау бетімен нашар түйісу, бөтен металл заттарды танудың істемей қалуы және т. б.).

Зарядтау құрылғысында қалдырылған телефон туралы еске салу функциясы


Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйінде тұрғанда мобильді телефонды зарядтау бетіне қалдырсаңыз, онда жүргізуші есігі ашылғаннан кейін 20 секундтан соң дыбыс сигналы қосылады. Мобильді телефонды зарядтау бетінен алыңыз, сонда дыбыс сигналы өшеді. Егер мобильді телефонды зарядтау бетінен 20 секунд өткенге дейін алатын болсаңыз, дыбыс сигналы қосылмайды.

Ескертпе: зарядтау құрылғысында қалдырылған телефон туралы еске салу функциясын аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен баптауға болады.

3-9. Ұсақ заттарды және жүкті орналастыру

Ұсақ заттарды және жүкті орналастыру

Көзілдірікке арналған бөлім




Көзілдірікке арналған бөлім алдыңғы салонды жарықтандыру плафонының жанында орналасқан. Онда тек көзілдірікті немесе басқа шағын заттарды сақтауға болады.

📖 ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Есіктердегі қалталар




Алдыңғы және артқы есіктердегі қалталарды жол карталарын, стақандарды және басқа заттарды сақтау үшін қолдануға болады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Ұсақ-түйек тартпасы



Ұсақ-түйек тартпасы жол карталарын, автокөліктің пайдалану нұсқаулығын және басқа заттарды сақтау қызметін атқарады.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

ҚАУІП

Қозғалыс кезінде ұсақ-түйек тартпасы жабық тұруы тиіс. Әйтпесе шұғыл тежелу немесе күрт маневр жасау кезінде ұсақ-түйек тартпасының ашық тұрған қақпағына немесе ішіндегі заттарға соғылу салдарынан жолаушы жарақат алып қалуы мүмкін.

Орталық консольдегі бөлім



Бөлім жол карталарын, автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және басқа заттарды сақтау үшін қызмет етеді.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

ҚАУІП


- Балаларды орталық консольдегі бөлімнің қақпағының үстіне отырғызбаңыз.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде орталық консольдегі бөлімнің қақпағы жабық тұруы тиіс. Орталық шынтақтаяныштағы бөлімнің жабылмаған қақпағы жүргізуші қолының қимылына кедергі жасауы және жарақат келтіруі мүмкін.

Орындық арқалығындағы қалта



Алдыңғы екі орындықтың арқалықтарында қалталар бар, оларға құжаттарды, автокөліктің пайдалану нұсқаулығын және басқа заттарды салып қоюға болады.

Жүксалғыш



Артқы орындық бос болғанда, жүксалғыштың пайдалы көлемін ұлғайту үшін артқы орындықты жиып қоюға болады (жию амалы «Орындықтар» бөлімінде берілген).


Автокөлікке жүк тиеу кезінде төменде сипатталған сақтық шараларын сақтаңыз:

1. Жүкті жүксалғышқа біркелкі орналастыру керек.
2. Отын шығынын азайту үшін автокөлікте қажетсіз заттарды тасымалдамаңыз.
3. Тиелген жүк жүксалғыш есігінің жабылуына кедергі келтірмейтінін тексеріп алыңыз.

ҚАУІП

- Жүксалғыш есігі ашық немесе толық жабылмаған күйде жүруге тыйым салынады. Осы талапты орындамау жүксалғыштан заттардың түсіп қалуына және адамдардың жарақат алуына әкеп соғуы мүмкін.
- Жүксалғышта жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады. Жолаушылар қауіпсіздік белдіктерін тағып, өз орындарында отыруы тиіс. Әйтпесе жолаушылар кенеттен тежеу немесе жол-көлік оқиғасы кезінде ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Жүкті жүксалғышқа орналастырған кезде, оның артқы орындық арқалығынан биік болмауын қадағалаңыз. Тежеу кезінде жүктің алға қарай жылжып, жолаушыларды жарақаттауын болдырмау үшін оны мүмкіндігінше төмен орналастырыңыз.


Жүксалғыш қалқасы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Жүксалғыш қалқасын жабу үшін оны A және B ойықтарына кигізіңіз. Қалқа ойықтарға сенімді бекітілгенін тексеріп алыңыз.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Жүксалғыш қалқасы зақымдалмауы үшін оның үстіне бөтен заттарды салуға тыйым салынады.



Жүксалғыш бөлімнің қалқасын шешіп алу үшін екі бекіткіш істікті бір-біріне қарай қысыңыз. Шешіп алынған қалқаны жүксалғыш еденіндегі бөлімге салып қоюға болады.

Төбедегі рейлингтер



Төбедегі рейлингтер салмағы артық емес жүктерді тасымалдауға арналған 50 кг. Үстіңгі жүксалғыштың және оған орналастырылған жүктің массасынан құралатын автокөліктің төбесіне түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме 50 кг-ды құрайды. Автокөліктің төбесіне түсірілетін максималды рұқсат етілген жүктемеден асыру жүксалғыштың, люк қақпағының, шанақтың және басқа компоненттердің зақымдалуына алып келеді, және бұл кепілдікпен өтелмейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Ұзын немесе ені үлкен жүкті орналастырғанда оның автокөлік габариттерінен асып шығып тұруына жол бермеңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын үстіңгі жүксалғыштағы жүктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, жүк пен төбенің арасына қорғаныш материал төсеңіз. Төбені сырып алмау үшін абай болыңыз.


⚠ ҚАУІП

- Жүкті біркелкі етіп бөліп орналастырыңыз. Жүктің дұрыс бөлініп орналастырылмауы автокөліктің басқарымдылығына немесе тежелу тиімділігіне кері әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде жарақаттарға, соның ішінде өмірге қауіпті жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Жүкті үстіңгі жүксалғышқа орналастыру автокөліктің ауырлық орталығының биіктеуіне алып келеді. Бұл жағдайда тізгіннен айырылуға немесе автокөліктің аударылуына алып келуі мүмкін жоғары жылдамдықпен жүруден, жылдамдықты күрт үдетуден немесе шұғыл маневрлер жасаудан сақтану қажет.

3-10. Электр розеткасы

Алдыңғы электр розеткасы


Алдыңғы электр розетка (A түрі)



Алдыңғы электр розетка орталық шынтақтаяныштағы бөлімде орналасқан.

Электр розеткасын қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ACC немесе ON күйінде тұрғанда ғана пайдалануға болады.


Алдыңғы электр розетка (B түрі)



Электр розеткасы консольдің алдыңғы бөлігінде орналасқан.

Электр розеткасын қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ACC немесе ON күйінде тұрғанда ғана пайдалануға болады.

Артқы электр розеткасы



Артқы электр розеткасы жүксалғыш бөлімнің қаптауышының сол жақ тақтасында орналасқан.


Электр розеткасын қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ACC немесе ON күйінде тұрғанда ғана пайдалануға болады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Шектен тыс жүктеме түсіруге және сақтандырғыштың күйіп кетуіне жол бермеу үшін жалғанатын тұтынушының қуаты 12 В кернеумен 120 Вт-тан аспауы тиіс.
- Аккумулятор батареясының разрядталуына жол бермеу үшін қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда электр розеткасын ұзақ пайдаланбаңыз.
- Электр розеткасына оған арналған штепсельден өзге әлденені сұғуға тыйым салынады. Электр розеткасына сұйықтықтың кірмеуін қадағалаңыз. Бұл талапты сақтамау электр жабдығын істен шығаруы немесе қысқа тұйықталуға алып келуі мүмкін.

USB ағытпасы

Жоғарғы USB ағытпасы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)




Жоғарғы USB қосқышы орталық артқы көрініс айнасында орналасқан және автотіркеуішті қосу үшін қызмет етеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жоғарғы USB ағытпасы тек автотіркегішті қосуға арналған және оны басқа электр құрылғыларын зарядтау үшін пайдалануға болмайды.

Алдыңғы USB ағытпасы (A типі)




Алдыңғы USB қосқышы орталық шынтақтаяныштағы бөлімде орналасқан.

USB «⇠» қосқышы: бұл ағытпаға жад құрылғысын жалғауға, сондай-ақ одан шағын ток тұтынатын электр жабдықтарын, мысалы, мобильді телефонды зарядтауға болады.

USB «» қосқышы: бұл ағытпаға жад құрылғысын немесе мобильді телефонды жалғауға, сондай-ақ одан шағын ток тұтынатын электр жабдықтарын, мысалы, мобильді телефонды зарядтауға болады.

Алдыңғы USB ағытпасы (B типі)




Алдыңғы USB ағытпасы орталық консольдегі бөлімде орналасқан.

USB «⇠» қосқышы: бұл ағытпаға жад құрылғысын жалғауға, сондай-ақ одан шағын ток тұтынатын электр жабдықтарын, мысалы, мобильді телефонды зарядтауға болады.

USB «» қосқышы: бұл ағытпаға жад құрылғысын немесе мобильді телефонды жалғауға, сондай-ақ одан шағын ток тұтынатын электр жабдықтарын, мысалы, мобильді телефонды зарядтауға болады.

Артқы USB ағытпасы




USB ағытпасы орталық шынтақтаяныштың артқы жағындағы желдету торының астында орналасқан.

Артқы USB ағытпасының көмегімен шағын ток тұтынатын электр жабдықтарын, мысалы, мобильді телефонды зарядтауға болады.

3-11. Косметикалық айнасы бар күнқағарлар

Косметикалық айнасы бар күнқағарлар




Косметикалық айнаны ашу үшін оның қақпағын шетіне қарай ысырыңыз Егер косметикалық айна жарықтандырумен жабдықталған болса, қақпақты бір жаққа жылжытқанда ол автоматты түрде қосылады.

1 Күнқағарды түсіріңіз.

2 Күнқағарды ілмегінен босатып алыңыз да, күн сәулесінен қорғау қажет болатын жаққа бұрыңыз.

3-12. Капот

Капотты ашу және жабу



1-қадам. 1-қадам. Капоттың құлпын ашу тұтқасынан тартыңыз. Осы кезде капоттың алдыңғы бөлігі сәл көтеріледі.

2-қадам. Капотты ашыңыз. Ашық күйінде капот газбен толтырылған тіреуіштер арқылы ұсталып тұрады.

3-қадам. Капотты түсіріңіз және құлпы бекітілуі үшін басыңыз.

4-қадам. Капотты жапқаннан кейін оны көтеруге әрекет жасап көріңіз және толық жабылғанына көз жеткізіңіз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Капотты жаппас бұрын мотор бөлімінде құралдардың, шүберектердің және басқа заттардың қалып қоймағанына көз жеткізіңіз.
- Капотты жапқан кезде оны майыстырып алмау үшін қолыңызбен тым қатты басудан сақ болыңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын капоттың жабық екеніне көз жеткізіңіз. Бұл талапты сақтамау жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

3-13. Жүксалғыш есігі

Электржетексіз жүксалғыш есігі

Жүксалғыш есігін ашу және жабу




1-тәсіл. Есіктердің құлпы орталық құлыптың көмегімен ашылған күйде автокөліктің артқы бөлігіне жақындаңыз және ашу үшін жүксалғыш есігінің сыртқы түймесін басыңыз.

2-тәсіл. Есіктердің құлпы орталық құлыптың көмегімен жабылған күйде қашықтан басқару пультін жаныңызда ұстап, автокөліктің артқы бөлігіне жақындаңыз және ашу үшін жүксалғыш есігінің сыртқы түймесін басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ACC/ON күйінде тұрғанда және есіктер орталық құлыппен құлыптанғанда, алдымен есік құлпын орталық құлып көмегімен ашыңыз да, одан кейін жүксалғыш есігіндегі сыртқы түймені басып, оны ашыңыз.



Есікті жабу үшін оны тұтқасынан төмен тартыңыз. Есік жабық күйіне жақындағанша тұтқаны жібермеңіз. Автокөліктен түспен бұрын жүксалғыш есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

ҚАУІП

Қозғалысты бастамас бұрын жүксалғыш есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Жүксалғыштың жабылмаған есігіне зақым келуі немесе ол жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

Электржетекті жүксалғыш есігі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Ыңғайлы болуы үшін электржетекті жүксалғыш есігін бірнеше тәсілмен ашып-жабуға болады. Мұны жүргізуші есігіндегі түйме, жүксалғыш есігіндегі сыртқы түйме, жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесі, қашықтан басқару пульті, автоматты режимде, аяқ қозғалысы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) және дауыстық команда арқылы

жасауға болады. Одан басқа, жүксалғыш есігін ашу биіктігін реттеу мүмкіндігі қарастырылған.


Жүргізуші есігіндегі түйме



Орталық құлыптың көмегімен құлпы ашылған есіктерде « » түймесін басып тұрыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары жылт етіп, электржетекті жүксалғыш есігі ашылады не жабылады.

Егер электр жетегі бар жүксалғыш есігінің қозғалысы кезінде « » түймесін басса, есік тоқтайды.

Жүксалғыш есігінің сыртқы түймесі




1-тәсіл. Бұл әрекетті орындау үшін есіктердің құлыптары орталық құлып көмегімен ашылған болуы керек. Автокөліктің артына жақындап, жүксалғыш есігінің сыртындағы түймені басыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары жылт етіп, электржетекті жүксалғыш есігі ашылады не жабылады.

2-тәсіл. Бұл әрекетті орындау үшін есіктер орталық құлып көмегімен құлыптанған болуы керек. Автокөліктің артына қашықтан басқару пультімен бірге жақындап, жүксалғыш есігінің сыртындағы түймені басыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары жылт етіп, электржетекті жүксалғыш есігі ашылады не жабылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ACC/ON күйінде тұрғанда және есіктер орталық құлыппен құлыптанғанда, алдымен есік құлпын орталық құлып көмегімен ашыңыз да, одан кейін жүксалғыш есігіндегі сыртқы түймені басып, оны ашыңыз.

Жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесі


OMT1D-2243

Егер электр жетегі бар жүксалғыш есігі ашық болса, « » түймесін басыңыз, сонда есік жабыла бастайды.


Егер электр жетегі бар жүксалғыш есігінің қозғалысы кезінде « » түймесін басса, есік тоқтайды.

Электр жетегі түймесін басу арқылы жүксалғыш есігін ашқаннан кейін, « » түймесін ұзақ басу арқылы оның ашылу биіктігін белгілеуге болады.

Қашықтан басқару пульті

Бұл әрекетті жасау үшін қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF күйінде тұруы керек. Қашықтан басқару пультіндегі жүксалғыш есігін ашу түймесін басып тұрғанда электржетекті жүксалғыш есігі ашылады не жабылады.

Жүксалғыш есігін аяқ қозғалысымен ашу функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



OMT1D-2247

1-қадам. Бұл операцияны орындау үшін есіктер құлыпталған, ал қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF күйінде болуы керек.

2-қадам. Тіркелген кілтті өзіңізбен бірге алып, осы функцияның әрекет ету аймағына кіріңіз. Бампердің астында аяғыңызбен жылдам қозғалыс жасаңыз. Бұл кезде аяғыңыз бамперге мүмкіндігінше жақын болуы керек.

Функцияның сәтті іске қосылғанын растау: аяғыңызбен артқы бампердің төменгі жиегіне қарай қозғалыс жасаңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары екі рет жылдам жыпылықтайды және электр жетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

Автоматты ашу функциясы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



1-қадам. Бұл операцияны орындау үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF күйінде болуы немесе қозғалтқыш қашықтан іске қосылуы, сондай-ақ барлық есіктер жабық болуы керек.

2-қадам. Тіркелген кілтті өзіңізбен бірге алып, осы функцияның әрекет ету аймағына кіріңіз (автокөліктен 0,8 м-ден аспайтын қашықтықта). Жүйе кілтті танығаннан кейін апаттық жарық сигналын беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды. Бір қадам артқа шегініңіз, электр жетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Дауыстық пәрмендерді тану функциясы туралы қосымша ақпаратты «Аудиожүйе» бөлімінен қараңыз.
- Автоматты түрде ашылу функциясын аудиожүйенің бас құрылғысының көмегімен баптауға болады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Жүксалғыш есігінің ашылу биіктігін аудиожүйенің экранынан да орнатуға болады (қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз).
- Жүксалғыш есігінің тым төмен немесе тым жоғары ашылу биіктігін орнату мүмкін емес.
- Егер автокөлік 3 күннен артық құлыптаулы тұрған болса, есіктердің құлпын автоматты ашу функциясы ажыратылады. Бұл функцияның жұмысы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қайта қалпына келеді.
- Қашықтан басқару пультін компьютер, сымсыз тінтуір немесе мобильді телефон сияқты электрондық құрылғылардың жанына қоймаңыз, себебі мұндай жағдайда автоматты түрде ашу функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Электржетекті жүксалғыш есігінің ашылуы немесе жабылуы кезінде кез келген түймені — жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесін, жүксалғыш есігінің электржетегінің түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі жүксалғыш есігін ашу түймесін басып қалғанда, жүксалғыш есігі тоқтап қалады.
- Жүксалғыш есігін аяқ қозғалысымен ашу функциясы тек артқы бампердің астында, тіркеу белгісі аймағында аяқ қозғалысы болғанда ғана іске қосылады.
- Егер аяқпен оңға-солға қозғалыс жасаса немесе аяқты бамперге көтеріп, бірақ бірден түсірмесе, функция іске қосылмайды.
- Артқы бампер аймағында жөндеу жұмыстары орындалғаннан кейін датчик өшірілуі мүмкін және жүксалғыш есігін аяқ қозғалысымен ашу функциясы жұмыс істемей қалады.
- Егер аяқ қозғалысынан кейін белгілі бір уақыт ішінде функция дыбыстық және жарық сигналын бермесе, бұл қозғалыстың танылмағанын және оны қайталау қажет екенін білдіреді. Егер жүксалғыш есігі бірнеше әрекеттен кейін ашылмаса, әрекетті қайталамас бұрын кемінде 10 секунд үзіліс жасау керек.
- Датчиктің сезгіштігі нөсер жауын кезінде (немесе қысымы жоғары қондырғымен автокөлікті жуу кезінде), қалың қар жауғанда, артқы бамперде лайдың қалың қабаты болғанда немесе автокөлікке қосымша жабдық орнатқанда төмендеп кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер жүксалғыш есігінің электржетегі тиісінше істемесе, автокөлікті тексерту және жөндету үшін мүмкіндік туған бойда ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Жүксалғыш есігінің электржетегі жұмыс істегенде есік тіреуін жанға тартпаңыз, өйткені жетектің бөлшектеріне зақым келуі мүмкін.
- Қозғалысты бастамай тұрып, жүксалғыш есігі жабық тұрғанына көз жеткізіп алыңыз. Бұл талапты сақтамау жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігін ашпай тұрып, оның қозғалыс траекториясында қабырғалар немесе басқа да заттар тұрмағанын тексеріп алыңыз. Әйтпесе есіктер зақымдалуы мүмкін.
- Жүксалғыш есігін жаппай тұрып, ол ешкімді қысып қалмайтынына көз жеткізіп алыңыз. Жүксалғыш есігінің жабылуына әлдене кедергі болса, оны қайта жауып көріңіз.
- Жүксалғыш есігі максималды биіктікке көтеріліп тұрғанда оны қолмен әрі қарай көтермеңіз, себебі жетектің бөлшектеріне зақым келуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігін қолмен жапқанда тым қатты күш түсірмеңіз. Әйтпесе есіктің электрқозғалтқышына және жетек механизміне зақым келуі мүмкін.
- Егер автокөлік ылдида тұраққа қойылса, жүксалғыш есігінің электржетегі істемеуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Жүксалғыш есігін қолмен ашыңыз немесе жабыңыз.
- Аккумулятор батареясын ағытып, қайта жалғағаннан кейін мына әрекеттерді орындау керек. Жүксалғыш есігін толық жабық күйге орнатыңыз. Бұл кезде есікті тұрақты жылдамдықпен біркелкі жабу керек. Жүксалғыш есігінің құлпын ашу түймесін басып, есікті әдеттегідей электржетектің көмегімен ашып-жабыңыз.

⚠ ҚАУІП

Қозғалысты бастамас бұрын жүксалғыш есігінің толық жабылғанына көз жеткізіңіз. Жүксалғыштың жабылмаған есігіне зақым келуі немесе ол жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

Жүксалғыш есігінің қысып қалуынан қорғау функциясы


Есік ашылғанда қысып қалудан қорғау функциясы — жүксалғыш есігі ашылу кезінде кедергіге тап болса (мысалы, қабырғаға), қысып қалудан қорғау функциясы есікті зақымдамау үшін оны тоқтатады.

Есікті жапқанда қысып қалудан қорғау функциясы — егер жапқанда жүксалғыш есігі кедергіге (мысалы, балаға немесе жүкке) тірелсе, қысып қалудан қорғау функциясы балаға жарақат келмеуі және автокөлік зақымдалмауы үшін есікті тоқтатады.

⚠ ҚАУІП

Автокөлікте жүксалғыш есігінің қысып қалуынан қорғау функциясы болғанымен, бұл функцияны асыра пайдалануға болмайды. Бұл жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

Жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу



Аккумулятор батареясының заряды таусылған және тағы басқа күтпеген жағдайларда электржетектің көмегімен жүксалғыш есігін аша алмайсыз. Мұндай жағдайда жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу функциясын пайдалануыңыз қажет (оны тек қозғалыссыз тұрған көлікте орындауға болады).


1-қадам. Артқы орындықтың арқалығын жатқызыңыз.

2-қадам. Жүксалғышқа кіріп, құлыпты апаттық жағдайда ашу механизмінің қақпағын ашыңыз.


3-қадам. Қолыңызбен құлыпты апаттық ашу тұтқасын оңға жылжытыңыз, оны жәберіп, жүксалғыш есігін ашу үшін итеріңіз.

3-16. Отын багы аузының қақпағы

Отын багы аузының қақпағы



1-қадам. Тұтқадан тартыңыз, сонда отын багы аузының қақпағы ашылады.




2-қадам. Отын багының құятын аузының қақпағын сағат тіліне қарсы бағытқа бұрап ашыңыз да, шешіп алыңыз.

3-қадам. Автокөлікке отын құйғаннан кейін отын багы аузының қақпағын орнына салыңыз да, сағат тілінің бағытымен шыртылдағын дыбыс естілгенше бұрап қатырыңыз.

4-қадам. Отын багы аузының люгін жабыңыз.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Отын қоршаған ортаны ластайды. Төгілген отынды жинап алу және жою қажет.

Электржетек бар жанармай багының құю қалпағы



1-қадам. Айдап әкетуге қарсы жүйенің күзету режимін өшіріңіз Отын багы аузының люгін басыңыз. Люк алдымен сәл ашылады, содан кейін біртіндеп толық ашылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Отын багының қақпағын тек айдап кетуге қарсы күзет режимі өшірулі болғанда ғана ашып-жабыңыз. Әйтпесе бұл люк жетегінің құрамдас бөліктерінің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.



2-қадам. Отын багының құятын аузының қақпағын сағат тіліне қарсы бағытқа бұрап ашыңыз да, шешіп алыңыз.

3-қадам. Автокөлікке отын құйғаннан кейін отын багы аузының қақпағын орнына салыңыз да, сағат тілінің бағытымен шыртылдағын дыбыс естілгенше бұрап қатырыңыз.

4-қадам. Отын багы аузының люгін жабыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Отын қоршаған ортаны ластайды. Төгілген отынды жинап алу және жою қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Бакке дизель отынын құюға тыйым салынады.
- Отын багының құю аузының қақпағын күшпен бұрап қатырыңыз да, жіберіңіз. Қақпақ сәл ғана кері бағытта бұралады. Бұл қалыпты жағдай.
- Қақпақтың зақымдалуына жол бермеу үшін оған тек өзінің айналу бағытында ғана күш салыңыз. Тығынды баспаңыз және өзіңізге қарай тартпаңыз.
- Отын багының құятын қақпағын бұрап ашқан кезде сәл пышылдаған дыбыс естуіңіз мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
- Егер отын құю кезінде бактен отын шашыраған болса, лак-бояу жабынының зақымдалуынан сақтану үшін төгілген отынды дереу сүртіп алыңыз.
- Төмен температурада отын багының қақпағы қатып қалуы мүмкін және айдап кетуге қарсы күзет режимі өшірілгеннен кейін қақпақты ашу үшін оны басу қажет болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
- Егер қозғалыс кезінде отын багы аузының қақпағы ашық тұрғанын байқасаңыз, автокөліктің тоқтатыңыз да, отын багы аузының қақпағын жабыңыз.
- Айдап кетуге қарсы жүйенің күзет режимі қосулы болғанда, жанармай багының құю мойнының люгіне артық күш салмаңыз. Әйтпесе бұл люк жетегінің құрамдас бөліктерінің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.

⚠ ҚАУІП

- Автокөлікке отын құяр алдында қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз және барлық есіктер мен терезелерді жабыңыз.
- Отын буларымен тыныстауға тыйым салынады, себебі олардың құрамында денсаулыққа зиянды заттектер бар.
- Отын құйғаннан кейін отынның төгілуіне жол бермеу үшін отын багының құятын қақпағының сенімді бұралып жабылғанына көз жеткізіңіз, себебі бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
- Бензин жеңіл тұтанатын сұйықтықтарға жататындықтан отын құю кезінде темекі шегуге тыйым салынады. Сонымен бірге жақын маңайда ұшқын немесе ашық алау көздері болмауы тиіс.
- Отын багының құятын аузының қақпағын баяу бұрап ашу қажет. Ыстық ауа райында отын багы аузының қақпағын тез бұрап ашқанда, бактағы жоғары қысыммен тұрған отын булары сізге зақым келтіруі мүмкін.
- Автокөліктен түскеннен кейін отын багының құятын аузының тығынын ашпас бұрын статикалық электр қуатының зарядын босату үшін боялмаған металл бөлшектен ұстаңыз. Бұл отын буларын тұтандыруы мүмкін статикалық электр қуатының разряды кезінде ұшқындардың пайда болуынан сақтануға мүмкіндік береді.
- Отын үлестіру колонкасы автоматты түрде өшкеннен кейін отын құюды жалғастыруға тырыспаңыз. Толы бактан отынның төгілуі өртке, жарылысқа және күрделі жарақаттарға алып келуі мүмкін.

4-1. Автокөліктің электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу.....196

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы 196

Руль білігін бұғаттаудың электрлік механизмі (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік)..... 197

4-2. Қозғалтқышты оталдыру және өшіру....198

Қозғалтқышты әдеттегі жағдайда оталдыру және өшіру..... 198

Қозғалтқышты төтенше жағдайда оталдыру және өшіру..... 199

Қозғалтқышты бейімдеп басқару жүйесі..... 200

Күйе сүзгісі (GPF) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 201

4-5. Беріліс қорабы.....201

Автоматты беріліс қорабы 201

4-4. Интеллектуалды толық жетек жүйесі (AWD) 207

Интеллектуалды толық жетек жүйесі (AWD) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 207

Механикалық беріліс қорабы 208

Жүргізу режимдері 210

4-5. Руль.....214

Электрлік руль күшейткіші (EPS) 214

4-6. Тежегіш жүйесі 216

Электржетегі бар тұрақ тежегіші (EPB) 216

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі .. 218

Тежеу жүйесінің вакуумдық күшейткіші 220

Істейтін тежеу жүйесі 221


4-7. Қауіпсіздік жастықтары (SRS жүйесі) 222

Қауіпсіздік жастықтары (SRS жүйесі) 222

4-1. Автокөліктің электр қуаты режимдерін ауыстырып қосу

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышының төрт күйі бар. Егер жүйе тіркелген қашықтан басқару пультін анықтаса, онда тежегіш педалін баспай, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын басқа күйге ауыстырып қосу үшін оны басыңыз. Ажыратқышты әр басқан сайын оның күйі OFF – ACC – ON – START реттілігімен циклді түрде ауысады.




OMT1A-3020

OFF күйі: ажыратқыш бұл күйде тұрғанда электр қуатының тұтынушылары өшіп тұрады.

ACC күйі: ажыратқыш бұл күйде болғанда электр қуаты тұтынушыларының кейбірі қолжетімді болады.

ON күйі: ажыратқыш бұл күйде болғанда электр қуаты тұтынушыларының барлығы қолжетімді болады.


OMT1D-3021

START күйі: Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ACC/ON күйінде тұрғанда және селектор тұтқасы P (тұрақ) күйінде тұрғанда, тежегіш педалін басыңыз. Ажыратқышты START күйіне ауыстырғаннан кейін қозғалтқышты оталдыру үшін оны басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын дұрыс баспаған жағдайда қозғалтқыш іске қосылмауы немесе ажыратқыштың күйі өзгермеуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Аккумулятор зарядының таусылуына жол бермеу үшін қозғалтқышты өшірген соң әрдайым қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне ауыстырып қойыңыз.
- Қозғалтқыш оталып тұрғанда қашықтан басқару пультін автокөліктен алып шықса, қозғалтқыш автоматты түрде сөніп қалмайды, алайда айдап әкетуден қорғау жүйесі 6 рет дыбыс сигналын беріп, аспаптар тақтасында «Smart Key Not Detected» (қашықтан басқару пульті табылмады) ескертуі пайда болады.
- Егер селектор тұтқасы R/N/D күйлерінде тұрғанда қозғалтқышты сөндірсеңіз, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF емес, ACC күйіне өтеді. Селектор тұтқасын P (тұраққа қою) күйіне қойсаңыз, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйіне өтеді. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын тағы бір рет бассаңыз, ол OFF күйіне өтеді.

Қуат көзін автоматты түрде сөндіру функциясы

Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйінде бір сағаттан артық қалдырса, ол автоматты түрде OFF күйіне ауысады (автоматты беріліс қорабы бар автокөлік жағдайында селектор тұтқасы P (тұрақ) күйінде тұруы керек). Алайда бұл функция аккумулятор батареясы зарядының таусылуына толық тосқауыл бола алмайды.

Руль білігін бұғаттаудың электрлік механизмі (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік)

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне қойыңыз. Егер автокөлік жылдамдығы мен қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі нөлге тең болса, руль білігін бұғаттаудың электрлік механизмі қосылады.

Қашықтан басқару пультін автокөлікке қайтарып, қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын басыңыз. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ACC/ON күйіне ауыстырғаннан кейін электрлік механизм руль білігін автоматты түрде бұғаттан шығарады.

Кейбір жағдайларда, мысалы, автокөлік еңісте тұраққа қойылғанда, блоктау механизмінің тілшесі руль білігінің үлкен күші әсерінен кептеліп қалуы мүмкін.

Егер механизмді бұғаттан шығару мүмкін болмаса, аспаптар тақтасының дисплейінде пайда болған хабарламаны басшылыққа алу керек: «ESCL locked, Turn Steering Wheel Press Engine Start/Stop Button Again» (Руль білігі бұғатталған. Рульді бұраңыз және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын тағы бір рет басыңыз).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер айдап әкетуге қарсы жүйені күзет режиміне ауыстыру қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйінен OFF күйіне ауыстырғаннан кейін бірден орындалмаса немесе күзет режимін қосу мүмкін болмаса, онда электрлік механизм руль білігін бұғаттамайды. Руль білігін бұғаттаудың электрлік механизмін іске қосу үшін алдымен автокөлікті 5 км/сағ-тан асатын жылдамдыққа дейін жылдамдату, содан кейін оны тоқтату және толық тоқтағаннан кейін айдап әкетуге қарсы жүйені қосу үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне ауыстыру қажет.

ҚАУІП

- Егер жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындағаннан кейін де руль білігін бұғаттан шығарып, қозғалтқышты іске қоса алмасаңыз, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.
- Егер руль білігін бұғаттаудың электрлік механизмі іске қосылмаса, рульді бірнеше рет жан-жаққа шайқап, қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын басыңыз. Руль білігі бұғатталып тұрғанда рульді күшпен бұруға тырыспаңыз.

4-2. Қозғалтқышты оталдыру және өшіру

Қозғалтқышты әдеттегі жағдайда оталдыру және өшіру

Қозғалтқышты оталдыру алдындағы әрекеттер

1-қадам. Автокөлікке отырмас бұрын оның айналасын қарап тексеріп шығыңыз.

2-қадам. Орындық қалпын, арқалықтың еңкею бұрышын, бассүйегіш биіктігін және рульдің еңкею бұрышын реттеңіз.

3-қадам. Ішкі және сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеп алыңыз. 4-қадам. Қажетсіз жарық аспаптарын және электржабдықтарды сөндіріңіз.

5-қадам. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.

6-қадам. Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

7-қадам. Селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

8-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне орнатып, аспаптар тақтасында жануы тиіс сигнализаторлар мен индикаторлар жанып тұрғанына көз жеткізіп алыңыз. Әйтпесе автокөлікті дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндету қажет.

Қозғалтқышты оталдыру

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ауыстырып қосып, қозғалтқышты оталдыру үшін қашықтан басқару пульті сізде не автокөлік ішінде болуы керек.

1-қадам. Селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

2-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ACC/ON күйіне орнатыңыз.

3-қадам. Тежегіш педалін басып тұрып, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын басу арқылы қозғалтқышты оталдырыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын басқару үшін бір рет сенімді түрде басып қау жеткілікті.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейінгі әрекеттер

Қозғалтқыштың бос жүрістегі жұмысын электрондық жүйе басқарады. Қозғалтқышты іске қосқанда иінді біліктің жоғары айналу жиілігі қозғалтқыштың тез жылынуына ықпал етеді. Бұл қалыпты жағдай. Қозғалтқыштың жылығанына қарай иінді біліктің айналу жиілігі қалыпты мәнге дейін төмендей береді. Бұлай болмаса, автокөлікті дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.

⚠ ҚАУІП

Пайдаланылған газдардың құрамында зиянды заттар бар, адам тыныс алғанда олар денсаулыққа ауыр залал келтіруі мүмкін. Пайдаланылған газдармен тыныстамау үшін төмендегі қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.

- Көлікжай ішінде немесе басқа да жабық жайлардың ішінде қозғалтқышты бос жүрісте ұзақ істетіп қоймаңыз.
- Оталып тұрған автокөлік ашық кеңістікте немесе жақсы желдетілетін жабық жайда тұрса, сыртқы ауа беру режимін желдеткіштің жоғары жылдамдығымен қосып қою керек.

Қозғалтқышты өшіру

1-қадам. Автокөлікті тоқтатып, тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.

2-қадам. Селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін оны тоқтату үшін қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын басыңыз.

3-қадам. Қозғалтқыштың сөнгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Қозғалтқыш толық сөнбейінше, акселератор педалін баспаңыз.
- Жоғары жылдамдықпен ұзақ жүргеннен кейін қозғалтқыш температурасы жоғары болады. Сондықтан автокөлікті тоқтатқан соң, қозғалтқышты бірден сөндірмеңіз. Қозғалтқышты бірнеше минут бос жүрісте істетіп қойыңыз, содан кейін қозғалтқыш температурасы төмендегенде оны сөндіріңіз. Әйтпесе, қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

Қозғалтқышты төтенше жағдайда оталдыру және өшіру

Қозғалтқышты төтенше жағдайда оталдыру

Қашықтан басқару пультінің қуат элементінің заряды таусылғанда қозғалтқышты оталдыру функциясы тұрақсыз істеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалтқышты оталдыру үшін төмендегі әрекеттерді пайдалану қажет.

■ Төтенше жағдайларда қозғалтқышты іске қосу (A түрі)




1-қадам. Қашықтан басқару пультін суретте көрсетілгендей, стақанқойғыштың жанындағы орталық консольға бетін жоғары қаратып қойыңыз. Бұл кезеңде тежегіш педалін басу қажет емес.

2-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ACC/ON күйіне орнатып, тежегіш педалін басыңыз.

3-қадам. Қозғалтқышты оталдыру үшін қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын басыңыз.

■ Төтенше жағдайларда қозғалтқышты іске қосу (B түрі)



1-қадам. Қашықтан басқару пультінің бетін жоғары қаратып суретте көрсетілгендей орталық шынтақтаянышқа орналастырыңыз. Бұл кезеңде тежегіш педалін басу қажет емес.

2-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ACC/ON күйіне орнатып, тежегіш педалін басыңыз.

3-қадам. Қозғалтқышты оталдыру үшін қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын басыңыз.

Ескертпе: автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ACC күйіне орнату және тежегіш педалін басу арқылы қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын 15 секунд басып тұрыңыз. Осыдан кейін жүйе тежегіш педалінің датчигінен келетін сигналды елемей, қозғалтқышты оталдыруға мүмкіндік береді (бұл әрекетті тек төтенше жағдайда ғана пайдаланған жөн).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Автокөлікті күнделікті пайдалану кезінде қашықтан басқару пультін орталық консольдың зат сақтау бөлігіне салмаңыз, себебі қашықтан басқару пультінің қуат элементінің заряд деңгейіне байланысты бұл дисплейде «Smart key not detected» (қашықтан басқару пульті табылмады), «Verify successfully, start ready» (операция сәтті өтті, қозғалтқыш іске қосуға дайын) хабарламаларының пайда болуына және жүргізушіні шатастыруы мүмкін.

Қозғалтқышты төтенше жағдайда өшіру

Ақаусыз автокөлік қозғалыс барысында төтенше жағдайлар қозғалтқышты сөндіруді талап етсе, төмендегі әрекеттерді жасаңыз.

1-тәсіл. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын 2-секунд ішінде қатарынан 3 рет басып-басып қалыңыз.

2-тәсіл. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын 3 секунд басып тұрыңыз.

Қозғалтқышты бейімдеп басқару жүйесі

Аккумулятор батареясын ағытып, қайта жалғаған соң, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне орнатып, кемінде 15 секунд күтіңіз. Одан кейін қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты оталдыруға болады.

Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін бірден оның жоғары дірілі, орнынан қозғалғандағы серпілістер және т. б. байқалуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыстар, олар қозғалтқышты басқару жүйесінің оқытылып жатқанын көрсетеді.

Күйе сүзгісі (GPF) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Күйе сүзгісі пайдаланылған газдарда болатын күйе түйірлерін аулап, олардың уыттылығын азайтады. Күйе сүзгісі толғанда оның регенерациясы автоматты түрде басталады.

4-5. Беріліс қорабы

Автоматты беріліс қорабы

Автоматты беріліс қорабы (A түрі)

Электрондық басқаруы бар сатысыз беріліс қорабының қолмен және автоматты ауыстыру режимдері бар.




Басқару әдісі

1-қадам. Тежегіш педалін толық басып, селектор тұтқасын P (тұраққа қою) күйінен D (қозғалыс) күйіне ауыстырыңыз.

2-қадам. Тұрақ тежегішін ажыратыңыз да (қолмен немесе электржетекпен), автокөлік баяу қозғала бастауы үшін акселератор педалін жаймен басыңыз.

Автоматты беріліс қорабы (B түрі)

Электронды түрде басқарылатын автоматтық беріліс қорабында қолмен және автоматты түрде қосу режимі қолданылады.




Басқару әдісі

1-қадам. Тежегіш педалін басып, селектор тұтқасын P (тұрақ) күйінен D (қозғалыс) күйіне ауыстырыңыз.

2-қадам. Тұрақ тежегішін ажыратыңыз да (қолмен немесе электржетекпен), автокөлік баяу қозғала бастауы үшін акселератор педалін жаймен басыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстыру үшін оның P түймесін басыңыз. Егер сіз селектор тұтқасын басқа күйге (R, N немесе D) ауыстырғыңыз келсе, селектор тұтқасын алдымен алға, содан кейін артқа, қажетті күйге жылжытыңыз.

Берілістердің режимдері



Селектор тұтқасының келесі күйлері қолжетімді: автоматты түрде ауыстырып қосу режимінде P, R, N және D күйлері және қолмен ауыстырып қосу режимінде M (+, –) күйі. Селектор тұтқасының ағымдағы күйі аспаптар тақтасындағы ақпараттық дисплейде көрсетіледі.

Автоматты түрде ауыстырып қосу режимі: Жүргізуші селекторды D (қозғалыс) күйіне орнатқаннан кейін, берілістерді ауыстыру автокөліктің қозғалыс жылдамдығына байланысты, жүргізушінің қатысуынсыз автоматты түрде жүзеге асырылады.

Қолмен ауыстырып қосу режимі: бұл режимде берілістерді ауыстыруды жүргізуші қолмен жүзеге асырады. Ол үшін D (қозғалыс) күйінде тұрған селекторды солға, M күйіне ауыстыру қажет. Бұл күйде аралас жоғары беріліске ауыстыру үшін селекторды алға жылжытыңыз, ал аралас төмен беріліске ауыстыру үшін артқа жылжытыңыз.

Төменде берілген кестеде автоматты беріліс қорабының режимдері беріліп, сипатталған. Бұл сізге осы режимдерді автокөлік әртүрлі жағдайда пайдаланылғанда қолдануға мүмкіндік береді.

Қосылған беріліс индикаторы қазіргі уақытта қандай беріліс қосылғанын көрсетеді. Егер электронды басқару блогы берілісті ауыстыруды қажет деп санаса, қосылған беріліс индикаторының жанындағы көрсеткі пайда болады:

«▲» жоғары беріліске ауыстыру қажет.

«▼» төменгі беріліске ауыстыру қажет.

Селектордың күйлері		Режим
P (тұраққа қою)		Бұл күй автокөлік тұрақта тұрғанда пайдаланылады. Бұл кезде оның жетекші дөңгелектері механикалық түрде бұғатталады. Осы күйде автокөлікті оталдыруға болады.
R (артқы жүріс)		Бұл күй артқа жүру үшін пайдаланылады. Бұл күйде артқа жүру шамдары мен тұраққа қоюға көмектесу жүйесі қосылады.
N (бейтарап күй)		Бұл бейтарап күй. Ол қозғалтқыш оталып тұрғанда автокөлікті қысқа уақытқа тоқтату үшін жарамды.
D (қозғалыс)		Бұл күй алға жүргізуге арналған. Ондағы берілістер автокөліктің жылдамдығы мен жүктелуіне қарай автоматты түрде ауысып қосылады.
M күйі (қолмен ауыстыру)	+	Іргелес жоғары беріліске ауыстыру үшін селектор тұтқасын бір рет алға қарай бұрыңыз.
	–	Іргелес төменгі беріліске ауыстыру үшін селектор тұтқасын бір рет артқа қарай бұрыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қолмен ауыстырып қосу режимінде кикдаун функциясы қолжетімді болғанымен, аралас жоғары беріліске автоматты түрде ауыстыру функциясы қолжетімді болмайды.
- Автокөлік толық тоқтағанша селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне орнатуға тыйым салынады. Бұл талапты сақтамау салдарынан біртүрлі дыбыс естіліп, беріліс қорабы істен шығуы мүмкін.
- Селектор тұтқасы N (бейтарап) күйінде тұрғанда және қозғалтқыш өшірулі кезде еркін қозғалыспен жүруге тыйым салынады, себебі бұл беріліс қорабын істен шығаруы мүмкін.
- Автокөлік алға қозғалып тұрғанда селектор тұтқасын D (қозғалыс) күйінен шығаруға тыйым салынады. Әйтпесе, беріліс қорабы ауыр зақымдануы мүмкін.
- Автокөлік артқа жүріп тұрғанда селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйінен шығаруға тыйым салынады. Әйтпесе, беріліс қорабы ауыр зақымдануы мүмкін.
- Селектор тұтқасын P (тұраққа қою) күйінен шығармай тұрып, автокөліктің қозғалмайтын күйін толық қамтамасыз ету үшін тежегіш педалін басып тұрыңыз. Осыдан кейін селектор тұтқасын қажетті күйге орнатыңыз. Әйтпесе, ауыстырып қосу механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Аккумулятор батареясы зарядсызданған жағдайда, тежегіш педалін басқанда да селектор тұтқасын P (тұрақ) күйінен шығара алмайтын жағдай туындауы мүмкін. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.
- Қолмен ауыстырып қосу режимінде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі максималды рұқсат етілген шамаға жетсе, жоғары беріліске ауыстырып қосу автоматты түрде орындалады. Және керісінше, қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі өте төмен шамаға жеткенде төменгі беріліске ауыстырып қосу автоматты түрде орындалады. Автокөлік баяулағанда төменгі беріліске ауыстырып қосу да автоматты түрде орындалады.
- Қолмен басқару режимінде жоғары немесе төменгі берілістерге ауыстыруды жүргізуші қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі мен автокөлік жылдамдығын ескере отырып жүзеге асыруы керек. Қажетті шарттар сақталмаса, беріліс қорабы берілістерді ауыстыруға мүмкіндік бермейді.
- Автокөлікті еңісте тоқтатқанда алдымен тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз. Тайғақ жолда орнынан қозғалғанда алдымен селектор тұтқасын P (тұрақ) күйінен шығарыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін өшіріп, қозғалысты бастаңыз.
- Батып қалған автокөлікті шығару үшін, сондай-ақ терең судан өткенде қолмен төмен берілісті қосу керек, өйткені бұл жетекші дөңгелектерде тарту күшін арттырып, пайдаланылған газ шығару құбырына су кіріп кетуіне жол бермейді.
- Жүргізуші қолмен таңдаған берілісті беріліс қорабы қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі рұқсат етілген диапазонда болғанда бекітіп ұстайды. Созылған еңісте жүргенде қолмен төмен берілісті қосып қою керек, өйткені бұл автокөлік жылдамдығын әлдеқайда жақсы бақылауда ұстауға мүмкіндік береді және тежеу механизмдеріне түсетін жүктемені азайтады.

⚠ ҚАУІП

- Автокөлікті ұзақ қашықтыққа немесе жоғары жылдамдықпен сүйретуге тыйым салынады. Автокөлікті сүйрету кезінде жетекші дөңгелектерін жерден көтеріп немесе кардан білікті ажыратып қою қажет.
- Егер селектор тұтқасы N (бейтарап) күйінде тұрса, тұрақ тежегішін қосу немесе тежегіш педалін басу керек. Бұл талаптарды сақтамау салдары жол-көлік апатына әкеп соқтыруы мүмкін.

Жүргізу режимдерінің сипаттамасы



« MODE » ажыратқышын басу NORMAL (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін), SPORT және ECO режимдерін циклді түрде ауыстыруға мүмкіндік береді.

NORMAL — бұл қалыпты режим. ECO режимінде автокөліктің отын үнемділігі артады. SPORT режимінде автокөліктің маневрлігі, басқарылуы және динамикалық сипаттамалары жақсарады. Автокөліктің пайдаланылып тұрған шарттарына жақсы сай келетін режимді таңдаңыз.

Жүргізуші таңдаған жүргізу режимі жадқа сақталады. Қозғалтқышты келесі жолы іске қосқанда, осы жүргізу режимі әдепкі бойынша таңдалады. Бұл қосымша функция қызметін атқарады. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Жүргізу режимдерін ауыстырғанда аспаптар тақтасын рәсімдеу тақырыбы тиісті түрде өзгереді. Бұл қосымша функция қызметін атқарады. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- ECO режимінде бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) біркелкірек жылдамдатуды, ал SPORT режимінде — динамикалық жылдамдатуды қамтамасыз етеді. Бұл қосымша функция қызметін атқарады. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Руль астындағы ауыстырып қосқыштар (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)



Селектор D (қозғалыс) күйінде тұрғанда руль астындағы ауыстырып қосқышты бір рет бассаңыз, беріліс қорабы уақытша қолмен ауыстыру режиміне ауысады.

1 Қолмен ауыстырып қосу режимінде/уақытша қолмен ауыстырып қосу режимінде «–» таңбасы бар руль астындағы ауыстырып қосқышты бір рет бассаңыз, аралас төмен беріліске ауысады.

2 Қолмен ауыстырып қосу режимінде/уақытша қолмен ауыстырып қосу режимінде «+» таңбасы бар руль астындағы ауыстырып қосқышты бір рет бассаңыз, аралас жоғары беріліске ауысады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қолмен ауыстыру режимінде/қолмен ауыстырудың уақытша режимінде руль астындағы ауыстырып қосқыштардың көмегімен іргелес төменгі немесе іргелес жоғары беріліске ауыстыру тек қозғалтқыштың иінді білігінің белгілі бір айналу жиілігінде және автокөліктің белгілі бір жылдамдығында ғана мүмкін болады. Қажетті шарттар сақталмаса, беріліс қорабы берілістерді ауыстыруға мүмкіндік бермейді.

- Қолмен ауыстырудың уақытша режимінен шығу төменде көрсетілген шарттардың кез келгені орындалғанда жүзеге асады:

1. Жүргізуші «+» символы бар руль астындағы ауыстырып қосқышты және «–» символы бар руль астындағы ауыстырып қосқышты бір уақытта басты.
2. Селектор D (қозғалыс) күйінде тұрғанда, руль астындағы ауыстырып қосқыштардың ешқайсысы 15 секунд ішінде басылмаса, уақытша қолмен ауыстырып қосу режимі ажырайды.

Апаттық жұмыс режимі

Ақаулық болған жағдайда беріліс қорабы автоматты түрде апаттық режимге өтеді және аспаптар тақтасында сары «» сигналы жанады. Бұл режимде беріліс қорабының мүмкіндіктері шектеулі болып, автокөлік төмен жылдамдықпен ғана жүре алады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Беріліс қорабы апаттық режимде жұмыс істегенде алыс қашықтықтарға жүруге тыйым салынады. Әйтпесе, беріліс қорабы істен шығуы мүмкін. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Селектор тұтқасын P күйіне автоматты түрде орнату (7DCT)

Егер автокөлік 15 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен жүргеннен кейін тоқтаса, селектор тұтқасы R (артқа жүру) немесе D (қозғалыс) күйінде тұрса, сол жақ алдыңғы есік ашық болса және тежегіш педалі басылмаса, онда селектор тұтқасы автоматты түрде P (тұрақ) күйіне орнатылады. Егер сол жақ алдыңғы есікті оның зақымдануына байланысты жабу мүмкін болмаса, жүргізуші селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне өз бетінше ауыстыра алады. Осыдан кейін селектор тұтқасын қайтадан R (артқа жүру) немесе D (қозғалыс) күйіне орнатуға және автокөлікті әдеттегідей басқаруға болады.

Автоматты беріліс қорабын үйрету процедурасы (7DCT)

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне орнатқаннан кейін бірден аккумулятор батареясын ағытсаңыз, онда оны қайта жалғағанда дәл қазір қай беріліс қосылып тұрғаны туралы ақпарат қолжетімді болмайды. Мұндай жағдайда автокөлікті қалыпты пайдалану үшін беріліс қорабын үйрету процедурасын орындау қажет.

1-қадам. Аккумулятор батареясын жалғап, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ON күйіне орнатыңыз.

2-қадам. Тежегіш педалін 30 секунд немесе одан ұзағырақ толық басып тұрыңыз, осы кезде аспаптар тақтасында P (тұраққа қою) индикаторы жануға тиіс. Бұл беріліс қорабын үйрету процедурасының аяқталғанын білдіреді.

3-қадам. Егер P индикаторы жанбаса, аккумулятор батареясының «теріс» полюсті шықпасынан клемманы ағытып, аспаптар тақтасында P индикаторы жанғанша жоғарыдағы 1 және 2-тармақтарда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Бұл процедураны орындау үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласу ұсынылады.

4-4. Интеллектуалды толық жетек жүйесі (AWD)

Интеллектуалды толық жетек жүйесі (AWD) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

6 жүргізу режимі қолжетімді: NORMAL/SPORT/ECO/SNOW/MUD/OFF ROAD. Барлық жүргізу режимінде интеллектуалды толық жетек жүйесі нақты уақыт режимінде өздігінен екі осьтегі жетек пен бір осьтегі жетек арасында ауыстырып отырады. Жүргізу режимін басым жол жағдайларын ескере отырып таңдау керек. OFF ROAD режимі ауыр пайдалану жағдайларына қолайлы.

Ескертпе: SNOW/MUD/OFF ROAD режимдері таңдалып тұрғанда динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESP) өшірсеңіз, шиналардың жол бетімен ілінісуі төмендейді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құмда және лайда ұзақ уақыт жүруден, сондай-ақ дөңгелектердің бос айналуынан сақтаныңыз. Әйтпесе, толық жетек жүйесінің қызып кетуден қорғау функциясы іске қосылады және аспаптар тақтасында сары «» индикаторы жанады. Трансмиссия бөлшектерін қорғау үшін жүйе екі осьтегі жетектен бір осьтегі жетекке ауысады. Қауіпсіз мүмкіндік туған бойда автокөлікті тоқтатып, қызып кетуден қорғау функциясы сөнгенше күтіңіз. Осыдан кейін трансмиссия бөлшектері тағы да салқындап, толық жетек жүйесінің жұмысқа қабілеттігі толық қалпына келгенше тағы бірнеше минут күту керек. Егер қызып кету туралы ескерту ұзақ уақыт өшпесе, ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.

Интеллектуалды толық жетек жүйесінің (AWD) индикаторы

Жүйенің тұрақты ақаулығы болған жағдайда аспаптар тақтасында қызыл сигнал «» жанады. Жүйенің тұрақты ақаулығы болған жағдайда аспаптар тақтасында қызыл сигнал « » жанады. Сонымен бір мезгілде дисплейде «All Wheel Drive system Malfunction, Contact the Service Station» (Толық жетек жүйесінде ақау бар, қызмет көрсету станциясына жүгініңіз) хабарламасы көрсетіледі.

📖 ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Толық жетек жүйесінде ақау болғанда динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) ескерту береді, алайда тежегішті бекіту жүйесі (ABS) жұмыс қалпын сақтап қалады.
- Аспаптар тақтасында сары сигнал « » жанып тұрғанша, жүйе бір осьті жетек режимінде болады.

Механикалық беріліс қорабы



Механикалық беріліс қорабы алты алға жүру берілісінен және бір артқа жүру берілісінен тұрады. Механикалық беріліс қорабында артқа жүруді блоктау құрылғысы бар, артқа жүруді блоктау құрылғысын көтеріңіз, содан кейін беріліс ауыстыру тұтқасын басыңыз, ол артқа жүру берілісіне ауысады.

■ Берілістерді ауыстыру әдісі

1. Берілістерді ауыстыру тұтқасымен жұмыс істегенде алдымен ілінісу педалін толығымен басыңыз, содан кейін тұтқаны қажетті беріліс күйіне жылжытыңыз;
2. Артқа жүру күйіне ауыстырғанда, берілістерді ауыстыру тұтқасын автокөлік толық тоқтағаннан кейін ғана артқа жүру күйіне жылжытыңыз.
3. Берілістерді ешқашан «бір рет басу, бір рет жіберу» әдісімен ауыстырмаңыз. Синхронизатордың стопорлық сақинасы азырақ тозуы үшін берілістерді ауыстыру тұтқасын әрқашан қолмен ұстаңыз.

4. Берілістерді ауыстыру қажет болмаған кезде қолыңызды берілістерді ауыстыру тұтқасында қалдырмаңыз, әйтпесе бұл ауыстыру айырының мерзімінен бұрын тозуына әкелуі мүмкін.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Артқа жүру күйіне ауыстырғанда, артқа жүру берілісінде алдын ала синхрондау функциясы болғандықтан, автокөлік толық тоқтағаннан кейін беріліс ауыстыру тұтқасын артқа жүру күйіне жылжытыңыз, бұл артқа жүру күйіне ауыстырғанда тістердің сыну ықтималдығын тиімді азайтады.

■ Берілістерді ауыстыру кезіндегі сақтық шаралары

- Еңіспен жүргенде немесе бұрылғанда әрқашан төменгі берілісті пайдаланыңыз және ешқашан N күйінде еркін қозғалыспен жүрмеңіз.
- Төменгі берілістен жоғары беріліске ауыстырғанда берілісті өткізіп алмаңыз.
- Ілініс қажетсіз тозуын үшін қалыпты қозғалыс кезінде аяғыңызды ілінісу педалінде ұстамаңыз.
- R күйіне ауысқанда қалыптан тыс дыбыс шықпауы үшін ілінісу педалін толығымен басып, автокөлік қозғалмай тұрғанда оны 3 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін R күйіне жылжытыңыз.
- Автокөлікті 1-ші берілісте оталдырыңыз. Беріліс қорабын қозғалтқыш қуатынан толығымен ажырату үшін ауыстырғанда ілінісу педалін толығымен басыңыз және берілістерді ауыстыру тұтқасын тез жылжытыңыз.
- Артқа жүру күйіне ауыстырмас бұрын автокөліктің қозғалмай тұрғанына әрқашан көз жеткізіңіз. Қозғалтқыш қосылып тұрған кезде және берілістерді ауыстырмас бұрын ілінісу педалін толығымен басыңыз, содан кейін беріліс қорабы тістері жақсы ілініскенше, шу пайда болмауы үшін артқа жүру күйіне ауысыңыз.
- Егер беріліс қорабынан қалыптан тыс дыбыс шықса, жұмыс істемей тұрса және т. б. қалыптан тыс құбылыстар анықталса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерде тоқтатып, тексеру және жөндеу үшін авторизацияланған сервис станциясына хабарласыңыз. Ақаулық жойылғаннан кейін қозғалысты жалғастырыңыз.

■ Берілісті төмендету

- Берілісті ретімен төмендетіңіз және берілістерді өткізіп алмаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында тік еңіспен төмен жүргенде төменгі беріліске ауысыңыз.
- Жақсырақ жылдамдату үшін жылдамдықты қайтадан үдеткенде төменгі беріліске дұрыс ауысыңыз.

ҚАУІП

Тайғақ бетте қозғалтқышпен қосымша тежеу үшін төменгі беріліске ауыспаңыз. Әйтпесе, жетекші дөңгелектер жолмен ілінісін жоғалтып, бұл дөңгелектердің сырғуына және, салдарынан, автокөлікті басқара алмауға әкелуі мүмкін.

Жүргізу режимдері

Жүргізу режимін таңдау (1-тәсіл)



1-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде және автокөлік қозғалыссыз күйде тұрғанда (немесе қауіпсіз жағдайда қозғалып бара жатқанда) мына әрекеттерді орындаңыз.

2-қадам. «MODE» ажыратқышын бұрап, келесі режимдердің бірін таңдаңыз: NORMAL/SPORT/ECO/ SNOW/MUD/OFF ROAD; Аспаптар тақтасында таңдалған жүргізу режимінің таңбасы пайда болады және соған сәйкес безендіру тақырыбы қосылады. Оған қоса жүргізу режимі сәтті қосылғаны туралы дыбыстық ескерту беріледі.

Жүргізу режимін таңдау (2-тәсіл)



1-қадам. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде және автокөлік қозғалыссыз күйде тұрғанда (немесе қауіпсіз жағдайда қозғалып бара жатқанда) мына әрекеттерді орындаңыз.

2-қадам. «MODE» ажыратқышын бұраңыз, аудиожүйе дисплейіне жүргізу режимін таңдау экраны шығарылады.

3-қадам. Экраннан келесі режимдердің бірін таңдаңыз: NORMAL/SPORT/ECO/ SNOW/MUD/OFF ROAD. Аспаптар тақтасында таңдалған жүргізу режимінің таңбасы пайда болып, соған сәйкес безендіру тақырыбы қосылады. Оған қоса жүргізу режимі сәтті қосылғаны туралы дыбыстық ескерту беріледі.

Жүргізуші таңдаған жүргізу режимі жадқа сақталады. Қозғалтқышты келесі жолы іске қосқанда, осы жүргізу режимі әдепкі бойынша таңдалады. Бұл қосымша функция қызметін атқарады. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Жүргізу режимдерінің сипаттамасы

Төменде берілген кестеде әртүрлі жүргізу режимдері мен олардың мақсаттары туралы ақпарат берілген.

Жүргізу режимі	Режим
NORMAL	NORMAL режимі пайдалану сипаттамалары мен отын үнемділігін тиімді үйлестіреді және көптеген жол жағдайлары үшін қолайлы.
ECO	ECO режимінде автокөліктің отын үнемділігі артады. Бұл режим төсемі қатты жазық жолда (мысалы, қала көшелерінде) жүру үшін қолайлы.

SPORT	SPORT режимінде автокөліктің тарту-динамикалық сипаттамалары артады. Бұл режим көліктері аз, төсемі қатты жазық жолда (мысалы, жылдамдықты арттыруға болатын автомагистральда) жүруге қолайлы.
SNOW	SNOW режимі қар, мұз басқан жолдармен, шөптің үстімен, қиыршық тасты жолдармен және т. с. с. жүруге арналған.
MUD	MUD режимі қара жолмен және орташа жолсыз жермен жүруге арналған.
OFF ROAD	OFF ROAD режимінде ең жоғарғы тарту күші мен жүріп өту қабілеті қамтамасыз етіледі. Бұл режим жолсыз жермен, тау жолдарымен жүруге және батып қалған автокөлікті шығаруға қолайлы.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- SNOW/MUD/OFF ROAD режимдерінде Idling Stop жүйесі әдепкі бойынша сөндірулі.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде терезелер мен люк ашық болса, салонға су кіріп, автокөлікті істен шығаруы мүмкін. Сондықтан жолсыз жермен жүргенде терезелер мен люктің жабық болуын қадағалаңыз.
- ECO/SNOW/MUD режимдерінде бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) автокөліктің жылдамдығын баяу үдетсе, SPORT/OFF ROAD режимінде аса қарқынды үдетеді.

Жолсыз жермен жүруге дайындау

Жолсыз жермен жүрмес бұрын автокөлікті қауіпсіз басқарудың тиісті тәсілдерін теориялық тұрғыдан зерттеп, іс жүзінде меңгеріп алу қажет. Автокөлікті жолсыз жермен басқару техникасы автокөлікті жалпыға бірдей қолданыстағы жолдарда басқарудан өзгеше. Жүргізушінің және жолаушылардың қауіпсіздігі жүргізушінің біліміне, амал-әрекетіне және сақтығына байланысты.

⚠ ҚАУІП

- Жолсыз жерде жүргізгенде беткейде қиялап жүруден сақтаныңыз.
- Автокөлік жылдамдығы мен жүргізу мәнеріңіз қоршаған ортаға сай болуын қадағалаңыз.
- Бейтаныс жол аймағына шығар алдында автокөліктен шығып, біраз жаяу жүріп, әрі қарайғы бағытты қарап алыңыз.
- Тым жылдам жүруден (әсіресе, бұрылыстарда) және қауіпті маневрлерден сақтаныңыз.
- Автокөлік жылдамдығы мен жүргізу мәнеріңізді автокөлікке түсетін жүктемеге, көріну жағдайына, сондай-ақ жол және ауа райы жағдайына байланысты реттеңіз.
- Автокөлік жылдамдығын жол мен ауа райы жағдайларына, соның ішінде жолсыз жермен жүруге сәйкес реттеңіз.
- Автокөлік төңкерілгенде қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушылар белбеу таққан жолаушыларға қарағанда көбірек қаза болады.
- Жолсыз жермен жүре алатын автокөліктің ауырлық ортасы кәдімгі жеңіл көлікке қарағанда жоғары, сәйкесінше төңкерілу қаупі де жоғары болады.
- Төбедегі жүксалғыштағы жүк пен басқа да заттар автокөліктің ауырлық орталығын арттырады және оның төңкерілу қаупін арттырады.
- Егер автокөлік секіргенде дөңгелегі жерге тимей қалса, алдыңғы дөңгелекті түзу жүру қалпында ұстау керек. Әйтпесе дөңгелектер жерге тигенде, автокөлік төңкеріліп қалуы мүмкін.
- Круиз-контроль жүйесі (CCS) тек төсемі қатты жолмен жүруге арналған және жолсыз жермен жүруге мүлдем жарамсыз. Оны жолсыз жерде пайдаланбаңыз — бұл қауіпті!
- Жолсыз жермен жүргенде, өте сақ болыңыз әрі байқап жүріңіз. Тым жоғары жылдамдықтың немесе басқару кезіндегі қателердің салдары жарақаттарға және автокөліктің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін.
- Өзендердің жағасымен, үйінділермен немесе ылдида тым жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз. Автокөлік секіргенде дөңгелек жерге тимей қалып, соның салдарынан бұрыла алмай, автокөлікті басқару мүмкіндігінен айырылуыңыз.
- Жүргізуші мен жолаушылар үшін қауіп тудыратын бағытпен жүрмеңіз және әрекет жасамаңыз. Егер бағыттың қауіпсіздігіне күмәндансаңыз, артқа қайтып, басқа бағыт таңдаңыз.
- Алғашқыда жолсыз жерде көлік жүргізу аса күрделі болып көрінбегенімен, оның жүргізуші мен жолаушылар үшін өз қиындықтары мен қауіп-қатері бар. Таңдалған бағдарда ойлы-қырлы жерлер болса, алдымен ол жерді жаяу жүріп тексеріп алғаннан кейін ғана ондай жермен автокөлікті жүргізуге болады.
- Тіпті, ойлы-қырлы жерлер қауіпсіз болып көрінгеннің өзінде ондай жерде көптеген қауіп-қатер болуы мүмкін. Судың, шөптің немесе жерде жатқан бұтақтардың астында толық немесе жартылай жасырылған шұңқырларды, жыраларды, жолтабандарды, үлкен тастарды, саз аймақтарды және басқа да кедергілерді бірден анықтай алмауыңыз мүмкін. Қажет болса, күдіктенген бағыт аймағын жаяу жүріп өтіңіз.
- Егер автокөлік бөктерді қиялап тоқтап қалса, автокөліктің бөктердің етегіне қараған есігінен шығушы болмаңыз. Салондағы адамдар мен жүктер жылжығанда автокөліктің ауырлық орталығы бір жаққа ауысып, ол төңкерілуі мүмкін. Автокөліктен шыққанда тек бөктердің шыңына қарап тұрған есікті ғана пайдалану керек.

⚠ ҚАУІП

- Тіпті, ойлы-қырлы жерлер қауіпсіз болып көрінгеннің өзінде ондай жерде көптеген қауіп-қатер болуы мүмкін. Судың, шөптің немесе жерде жатқан бұтақтардың астында толық немесе жартылай жасырылған шұңқырларды, жыраларды, жолтабандарды, үлкен тастарды, саз аймақтарды және басқа да кедергілерді бірден анықтай алмауыңыз мүмкін. Осыған ұқсас ойлы-қырлы жерлері бар аймақтарда жүру салдарынан адамдар ауыр жарақаттар алып, автокөлікке зақым келуі мүмкін.

Батып қалған автокөлікті шығару

Батып қалған автокөлікті «ырғап» шығару кезінде сақ болыңыз: қате әрекеттер жасасаңыз, автокөлік одан әрі тығылып қалады да, оны шығару үшін сырттан басқа көліктердің көмегі қажет болады.

■ Дөңгелектер қиналып айналса, не істеу керек

1-қадам. Барлық төрт дөңгелектің маңын абайлап қазып тазалаңыз, автокөліктің басқа бөліктері де бос тұрғанын тексеріп алыңыз.

2-қадам. Селектор иінтірегін R (артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз.

3-қадам. Акселератор педалін бірқалыпты жаймен басып, автокөліктің өз ізімен артқа шығып кетуге тырысып көріңіз.

4-қадам. Егер бұлай істеу мүмкін болмаса, дөңгелектердің алдына ағаш бұтақтарын, едендегі кілемшелерді немесе брезент төсеңіз, осылайша шиналардың жерге ілінісуі жақсарады.

■ Батып қалған автокөлікті «ырғап» шығару

1-қадам. Рульді түзу бағыттағы қозғалысқа реттеп қойыңыз.

2-қадам. Артқа қарай дөңгелектер бос айнала бастағанға дейін жүріңіз.

3-қадам. Осы кезде бірден 1-ші берілісті қосып, алға қарай, дөңгелектер бос айнала бастағанша жүріңіз.

4-қадам. Дөңгелектердің тапталған ізі автокөлікке алға не артқа жүріп шығуына мүмкіндік бергенше «ырғауды» жалғастыра беріңіз.

⚠ ҚАУІП

- Дөңгелектердің ұзақ бос айналуына мүмкіндік бермеңіз. Әйтпесе автокөлік бұрынғысынан терең батып қалуы мүмкін.
- Автокөлікті алға не артқа «ырғау» кезінде оның алдында не артында ешкім тұрмауы керек.
- Батып тұрған автокөлік кенеттен жүріп кетіп, алда не артта тұрған адамды басып кетуі мүмкін.
- Бос айналатын дөңгелектердің астынан ұшып шығатын тастар, бұтақтар және басқа да заттар адамға өлімге жетелейтін жарақат келтіруі мүмкін.

Жолсыз жермен жүріп өткеннен кейінгі әрекеттер

1. Қажет болғанда сүйреу құлақшасын бұрап алыңыз да, сырғытпайтын шынжырларды шешіңіз.
2. OFF ROAD режимін сөндіріңіз.
3. Автокөліктің радиатор торы мен табалдырықтарындағы сазды алып тастаңыз.
4. Капотты ашып, мотор бөлімін қарап тексеріңіз. Оның ішінде қозғалтқыш жұмысына кедергі келтіретін балшық жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз.
5. Жарықтандыру және жарық сигналын беру аспаптарын, сондай-ақ барлық есіктердің әйнектерін балшықтан тазартыңыз.

6. Шиналардың, амортизаторлардың және белдіктердің зақымданған жері жоқ екенін тексеріп шығыңыз. Шиналардың протекторларынан балшықтарды, тастарды және басқа да заттарды алып тастаңыз.
7. Автокөлік табалдырықтарын, тежегіш механизмін, шасси бөліктерін, пайдаланылған газдарды шығару жүйесін және қозғалтқышты тексеріп шығып, ондағы бұтақтар мен жапырақтар сияқты бөтен заттарды алып тастаңыз. Зақымдар немесе отынның немесе жұмыс сұйықтықтарының ағып кетуі анықталған жағдайда, дереу дилердің авторизацияланған сервис станциясына хабарласыңыз.

⚠ ҚАУІП

- Табалдырық астына қысылып қалған заттар қауіп тудырады. Жолсыз жермен жүріп өткен сайын табалдырық астында бөтен заттардың қысылып қалмағанын тексеру қажет.
- Табалдырық астына, тежеу механизмдеріне, дөңгелектерге, шассиге, пайдаланылған газ шығару жүйесінің бөліктеріне немесе қозғалтқышқа басқа заттар қысылып қалса, автокөлікті жүргізбеңіз.
- Құрғақ жапырақтар мен бұталар сияқты жанғыш материалдар пайдаланылған газ шығару жүйесінің ыстық бөліктерінің беттеріне тиіп тұрғанда тұтанып кетуі мүмкін. Өрт ауыр жарақаттарға алып келеді.
- Қысылып қалған бөтен заттар отын магистральдарын, тығыздауыштарды, тежеу жүйесінің және шассидің бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұның салдары автокөлікті басқара алмай, жол-көлік оқиғасының орын алуына әкеп соғады.

4-5. Руль

Электрлік руль күшейткіші (EPS)

Электрлік руль күшейткіші (EPS) энергия көзі ретінде автокөлік қозғалтқышымен жұмыс істейтін гидросорғыны емес, электр қозғалтқышымен істейтін айналу сәтін пайдаланады.

Электрлік руль күшейткішінің (EPS) инициализациясы



Аккумулятор батареясын ажыратып, артынан қосқаннан кейін немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін аспаптар тақтасында электрлік руль күшейткішінің ақаулық сигналы «» жыпылықтай бастауы мүмкін. Бұл күшейткіштің инициализациясы жүріп жатқанын білдіреді. Рульдің бұрылу бұрышының датчигіндегі көрсеткіштерді нөлдеу үшін рульді оңға не солға бұрыңыз. Осыдан кейін сары сигнал «» сөнеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жиі маневр жасау және рульді ұзақ уақыт бойы бұру электрлік руль күшейткішінің (EPS) механизмін істен шығаруы мүмкін.
- Қозғалтқышы бос жүріспен істеп тұрған қозғалыссыз автокөлікте руль күшейткішінің бөлшектері қызып кетпеуі үшін рульді жиі әрі тез бұруға тыйым салынған. Руль күшейткішінің бөлшектері қызып кетсе руль «ауыр» бұрылады, бұл қалыпты жағдай. Рульді бұруды доғарып, қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын ACC/OFF күйіне орнатып, бөлшектердің салқындауына мүмкіндік беріңіз.


Электр руль күшейткішінің (EPS) ақаулығын білдіретін дабыл

ESP жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «» тұрақты жанады.

ҚАУІП

Электрлік руль күшейткіші (EPS) істен шыққанда руль жүйесі жұмысқа жарамды болады, алайда автокөлікті сақтықпен басқару керек. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Электрлік руль күшейткішінің режимдері



Электрлік руль күшейткіші (EPS) екі режимде жұмыс істейді: SPORT (спорт) және COMFORT (кәдімгі). Жаңа автокөлікте әдепкі бойынша COMFORT режимі қосулы. SPORT режимінде жүргізуші рульді бұру үшін көбірек күш жұмсауы қажет болады. Басқаша айтқанда бұл режимде руль «ауырлай» түседі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


Электрлік руль күшейткішінің жұмыс режимін жүргізу режимімен синхрондауға болады. Синхрондау қосулы болғанда, SPORT жүргізу режимі қосылғанда электрлік руль күшейткішінің SPORT режимі қосылады, ал ECO немесе NORMAL (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) жүргізу режимі қосылғанда электрлік руль күшейткішінің COMFORT режимі қосылады. Синхрондау функциясы ажыратылып тұрғанда, электрлік руль күшейткішінің SPORT және COMFORT режимдерін жүргізу режиміне тәуелсіз ауыстырып қосуға болады.

4-6. Тежегіш жүйесі

Электржетегі бар тұрақ тежегіші (EPB)

Электржетегі бар тұрақ тежегіші (EPB) екі функцияны атқарады: Қысқа уақытқа тоқтағанда автокөлікті бір орнында ұстап тұру және ұзақ уақытқа тоқтағанда автокөлікті бір орында ұстап тұру. Электржетекті тұрақ тежегіші механикалық жетекті тұрақ тежегішін алмастырды.

Қолдану тәсілі



■ Тұрақ тежегішін қолмен қосу

Қозғалтқышы оталып, қозғалыссыз тұрған автокөлікте немесе қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрғанда тұрақ тежегішінің ажыратқышын тартыңыз. Аспаптар тақтасында қызыл тұрақ тежегішінің сигналы « (Ⓟ) » және тұрақ тежегіші ажыратқышының пернесіндегі индикатор жанады.

Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне орнатқаннан кейін электржетекті тұрақ тежегіші (EPB) автоматты түрде қосылады.

■ Тұрақ тежегішін қолмен ажырату

Қозғалтқыш оталып тұрғанда немесе қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұрғанда, тежегіш педалін және тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз. Аспаптар тақтасында қызыл тұрақ тежегішінің сигналы « (Ⓟ) » және тұрақ тежегіші ажыратқышының пернесіндегі индикатор сөнеді.

■ Тұрақ тежегішін автоматты түрде ажырату

Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағыңыз да, алдыңғы сол жақ есікті жабыңыз. Селектор тұтқасы D (қозғалыс) немесе R (артқа жүру) күйінде тұрғанда, акселератор педалін басыңыз, сонда электр жетегі бар тұрақ тежегіші автоматты түрде өшеді. Қызыл тұрақ тежегішінің сигналы «(Ⓟ)» сөнеді. Автокөлік бұл кезде жолдың тегіс бөлігінде тұруы керек.

Егер автокөлік еңісте тұрса, онда селектор тұтқасын D (қозғалыс) немесе R (артқа жүру) күйіне ауыстыру үшін акселератор педалін аздап қаттырақ басу қажет. Қозғалтқыштың жетекші дөңгелектерге берілетін тарту күші еңісте тұрған автокөліктің дөңгелегіне әсер ететін күш шамасынан асқанда, электржетекті тұрақ тежегіші автоматты түрде ажырайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
• Автокөлікті сүйретер кезде тұрақ тежегішін ажыратып, бейтарап берілісті қосып қою керек. • Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Аккумулятор батареясының заряды таусылған кезде электржетекті тұрақ тежегіші (EPB) мен автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі істемейді. Қозғалтқышты оталдыру сымдарының көмегімен оталдырыңыз (қосымша ақпарат алу үшін «Ақау кезінде жасайтын іс-әрекеттер» бөлімін қараңыз).
- Тұрақ тежегішін қосу не ажырату кезінде тежегіш педалі басулы болса, ол біраз жоғары көтерілуі немесе төмен түсуі мүмкін. Бұл кезде тежегіш педалін басып тұра беріңіз.
- Электржетекті тұрақ тежегіші автоматты түрде ажырайтын кезде жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағып, сол жақ алдыңғы есікті жабу қажет. Тұрақ тежегішінің автоматты түрде ажыратылуына арналған осы талаптар сақталмаса, тұрақ тежегіші ажыратылмайды.
- Электржетекті тұрақ тежегішін қосу және ажырату кезінде автокөліктің артқы жағынан ысылдаған дыбыс естуіңіз мүмкін. Бұл тұрақ тежегішінің жұмысын білдіреді. Бұл қалыпты жағдай.
- Автокөлік тоқтап, тұрақ тежегіші қосылған соң біраз уақыттан кейін автокөлік алға не артқа жүріп кетсе, жүйе автокөлікті орнында ұстап қалу үшін тежеу механизмдеріндегі қысымды автоматты түрде арттырады. Тежеу механизмдеріндегі қысым артқанда соған тән дыбыс естіледі. Бұл қалыпты жағдай.
- Егер қозғалтқыш оталған соң немесе қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйіне орнатылған соң тұрақ тежегішін ажырату мүмкін болмаса, акселератор педалі мен тұрақ тежегішінің ажыратқышын басыңыз, осы кезде тұрақ тежегіші ажырайды. Мұны тек тежегіш педалін басу арқылы тұрақ тежегішін ажырата алмағанда ғана жасау керек. Сақтық танытыңыз. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

⚠ ҚАУІП

Автокөлік тоқтағанда немесе одан шыққанда ол өздігінен қозғалып кетпеуі үшін электр жетегі бар тұрақ тежегіші (EPB) қосылғаннан кейін қызыл тұрақ тежегішінің сигналы, аспаптар тақтасында « Ⓟ » және тұрақ тежегіші ажыратқышының пернесіндегі индикатор қысқа уақытқа жанып, артынан сөнеді. Электр жетегі бар тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізу үшін аспаптар тақтасында қызыл тұрақ тежегішінің сигналы «Ⓟ» және тұрақ тежегіші ажыратқышының пернесіндегі индикатор жанғанша күтіңіз.

Шұғыл тежеу

Жұмыс істейтін тежеу жүйесі істемей қалса, электржетекті тұрақ тежегішінің ажыратқышын тартып тұрыңыз. Тұрақ тежегішінің көмегімен төтенше тежеу басталады. Төтенше тежеу кезінде аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің қызыл « Ⓟ » сигнализаторы жыпылықтайды. Төтенше тежеу функциясын ажырату үшін электржетекті тұрақ тежегішінің ажыратқышын босатыңыз.

⚠ ҚАУІП

- Төтенше тежеу кезінде ызылдаған дыбыс естіледі. Бұл қалыпты жағдай.
- Төтенше тежегенде электржетекті тұрақ тежегіші тұрақты тежеу күшін үдетеді, оның шамасы жүргізуші ойлағанға сай болмауы мүмкін. Сәйкесінше, тежеу ізі ойлағаннан өзгеше болуы мүмкін.
- Автокөлікті қалыпты жағдайда пайдаланғанда бұл функцияны абайлап қолданыңыз. Автокөлік жүріп келе жатқанда жолаушылар тұрақ тежегішінің ажыратқышын кенеттен тартып қалмауын қадағалаңыз. Кері жағдайда мұның салдарынан жол-көлік оқиғасы орын алуы мүмкін.
- Төтенше тежеу мүмкіндігін жұмыс істеп тұрған тежеу жүйесі істемей қалған кезде немесе тежегіш педалі басылмай қойғанда пайдалану керек. Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) мен оның бөліктері шиналардың жолмен ілінісетін физикалық шектерін өзгерте алмайды. Сондықтан ирелең жолда, жолдың қауіпті аймағында, қозғалысы қарбалас жолда немесе экстремалды ауа райында тежеу салдары автокөлікті жанға тартуға, екі жаққа лақтыруға немесе оның төңкерілуіне әкеп соғуы мүмкін. Абай болыңыз! Бұның салдарынан жол-көлік апаты орын алуы мүмкін.


Электржетекті тұрақ тежегішін апаттық ажырату

Электржетекті тұрақ тежегіші қосулы кезде оның ажыратқышын басып тұрып, тежегіш педалін тірелгенше басыңыз да қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз. Электржетекті тұрақ тежегішінің апаттық ажыратылуы орындалады. Электржетекті тұрақ тежегішін апаттық ажырату мүмкіндігін тек төтенше жағдайларда пайдалану керек, мысалы бұзылып тұрған автокөлікті эвакуаторға тиеу кезінде.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі

Қозғалыссыз тұрған автокөлікте бұл жүйе жүргізуші қозғалысты бастау үшін аяғын тежегіш педалінен акселератор педаліне ауыстырғанда оның артқа жүріп кетуіне жол бермейді

Қолдану тәсілі



■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің жұмыс істеу шарттары

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр, жүргізуші есігі толығымен жабық және жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін қосу

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істейтін шарттар сақталғанда оны қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз. Бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады және автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылады.

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін іске қосу

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істейтін шарттар сақталғанда оны қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз. Бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады және автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосылады.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы болғанда және селектор D (қозғалыс) күйінде тұрғанда, автокөліктің жылдамдығын баяулату және оны толық тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі іске қосылады және аспаптар тақтасында жасыл индикатор «Ⓟ» немесе «Ⓐ» жанады.

Қозғалыссыз тұрған автокөлікте автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін қосулы тұрғанда тежегіш педалін басыңыз. Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін іске қосу шарттары сақталса, бұл жүйе іске қосылады және аспаптар тақтасында жасыл индикатор «Ⓟ» немесе «Ⓐ» жанады.

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін өшіру

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы кезде тиісті ажыратқышты басып тұрыңыз. Бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор сөнеді де, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі ажыратылады.

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы кезде тиісті ажыратқышты басып тұрыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасындағы жасыл индикатор «Ⓟ» немесе «Ⓐ» және ажыратқыш пернесіндегі индикатор сөнеді,

автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі өшеді және электр жетегі бар тұрақ тежегіші қосулы қалады.

■ Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосқан тұрақ тежегішін ажырату:

Бұл әрекет электржетекті тұрақ тежегішін қолмен немесе автоматты режимде ажыратудан өзгеше емес.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің индикаторы автокөліктің нұсқасына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Сіздің автокөлігіңізде ол басқа түрде болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін көлік жуу бекетіне кірерде ажыратып қойыңыз.
- Автокөлікті әрдайым жол қозғалысы ережелеріне және қауіпсіздік талаптарына сай тұраққа қойыңыз. Өзіңізге немесе жаяу жүргіншілерге зақым келтіріп алмау үшін абай болыңыз.
- Егер жүргізуші акселератор педалін тым ақырын басса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі бірден ажырамауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы болса, алдыңғы сол жақ есікті ашу немесе жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін ағыту арқылы жүйені ажыратыңыз және электржетекті тұрақ тежегішін қосулы қалдырыңыз.
- Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы болса, алдыңғы сол жақ есікті ашу немесе жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін ағыту арқылы жүйені ажыратыңыз. Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесін қайта іске қосу үшін алдыңғы сол жақ есікті жауып, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
- Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы кезде автокөлік тежегіш педалімен ұсталып қозғалыссыз тұрса, автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі автоматты түрде қосылады. Селектор тұтқасы бұл кезде бұрынғысынша D (қозғалыс) немесе R (артқа жүру) күйінде тұрады. Аз уақытқа аялдасаңыз, селектор тұтқасын N (бейтарап) күйіне, ал ұзақ уақытқа аялдасаңыз P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

⚠ ҚАУІП

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі қосулы кезде автокөлік өз еркімен жүріп кетпеуі үшін акселератор педалін баспай тұрып, селектор тұтқасының күйін тексеріп алыңыз.

Тежеу жүйесінің вакуумдық күшейткіші

Тежеу жүйесінің күшейткіші қозғалтқыштың кіріс жүйесінде пайда болатын сиретумен басқарылады және тек жұмыс істеп тұрған қозғалтқыш кезінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан қозғалтқышты өшіріп қойып, автокөлікті еркін жүріспен жүргізуге тыйым салынады.

⚠ ҚАУІП


Қозғалтқыш өшіп тұрғанда автокөлікпен еңіспен төмен қарай еркін қозғалып жүруге тыйым салынады. Тежеу тиімділігін арттыру үшін еңіске қарай жүрерде, жылдамдықты төмендетіңіз.

Тежеу жүйесінің күшейткіші істемесе (мысалы, ақаулы автокөлікті сүйрету кезінде немесе өзінде ақау болғанда), тежегіш педалін басу арқылы күш беру қажет.

Қоршаған ауа температурасы қалыпты болғанда қозғалтқыш оталғаннан кейін 15 секунд ішінде (немесе қоршаған ауа температурасы төмен болғанда одан көбірек уақыт) үш компонентті каталиттік бейтараптандырғыш жылытылады. Ол пайдаланылған газдарды тазарту тиімділігін арттыру үшін қажет. Сонымен бірге бұл әрекет автокөлік ұзақ уақыт тұраққа қойылғаннан кейін (мысалы, автокөлік түні бойы қозғалыссыз қалғанда) тежеу жүйесінің вакуумдық күшейткішіндегі ауаның сейілуін

қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сондықтан қозғалтқыш оталғаннан кейін қозғалысты бастамас бұрын кемінде 15 секунд бойы оны бос жүріспен істетіп қою керек.

Істейтін тежеу жүйесі



Бұл автокөлікте екі компонентті тежеу жүйесі бар, ол екі тәуелсіз контурдан тұрады. Бір контур істемей қалғанда тежеу жүйесінің екінші жүйесі оның жұмысын қамтамасыз етеді. Алайда бұл кезде жүргізушіге тежегіш педалін әдеттегіден қаттырақ басуға тура келеді, автокөліктің тежеу ізі артып, тежеу жүйесіндегі ақаулық сигнализаторы жанады.

⚠ ҚАУІП

Тежеу жүйесінің тек бір контуры істейтін автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Бұл жағдайда мүмкіндігінше тезірек ресми дилердің сервис орталығына автокөлікті апарып, тексеріңіз және жөндетіңіз.

Тежеу жүйесі ақаулығының сигнал бергіші

Жүйеде ақау болғанда аспаптар тақтасында қызыл «(!)» сигнализаторы тұрақты жанып тұрады.

⚠ ҚАУІП

Егер тежеу жүйесі ақауының сигнализаторы жанып, сөнбей қойса, негізгі тежегіш цилиндрінің бағындағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру қажет. Егер ол MIN белгісінен төмен тұрса, баққа тежегіш сұйықтығын құю керек. Егер ақаулықтың себебі анықталмаса, мүмкіндігінше тезірек ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.

Тежеу жүйесін пайдаланған кездегі сақтық шаралары

1. Тежеу кезінде үнемі селкілдеу не дірілдеу пайда болып, ол рульге берілетін болса, автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету стансасына дереу апарып, тексертіп, жөндетіңіз.
2. Ылдиға қарай жүргенде қозғалтқышпен тежеу мүмкіндігін максималды пайдалану үшін және істейтін тежеу жүйесін тұрақты пайдаланбау үшін төмен берілісті қосу керек. Кері жағдайда тежеу механизмдері қызып кетіп, тежеу ізі артады және тежеу жүйесі істемей қалуы мүмкін.
3. Арагідік естілетін тежеу жүйесі жұмысының шуы оның ақаулы екенін білдірмейді. Бірақ темірге темір қажалғандай немесе тоқтаусыз шиқылдаған дыбыстар тежегіш қыспақтарының қатты тозғанын білдіреді және оларды ауыстыру керек. Оларды ауыстыру үшін, мүмкіндік туған бойда ресми дилердің қызмет көрсету стансасына жолығыңыз.


4. Автокөлік өте тез тоқтауы үшін жаңа фрикциондық жапсырмалар үйкелу кезеңінен өтуге тиіс. Бұл кезде қыспақтарды ауыстырғаннан кейін 200 км бойы тежеу жүйесінің тиімділігі жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл әсердің орнын толтырудың жалғыз тәсілі — тежегішті басу күшін арттыру.
5. Тежеу механизмдері суланған жағдайда тежеу кезінде автокөліктің баяулауы біршама қиындайды және екі жаққа таю жағдайы орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда тежеу тиімділігін тексеру үшін тежегіш педалін сәл басыңыз. Су өткелінен немесе терең судан өткеннен кейін қауіпсіз жылдамдықпен жүріңіз. Тежеу механизмдерін кептіру үшін бірнеше рет тежегіш педалін басып, тежеу жүйесінің тиімділігін қалпына келтіріңіз.
6. Тежегіш қыспақтарының біршама дәрежеде тозуы автокөлікті пайдалану және жүргізу мәнеріне байланысты. Көбінесе қала жағдайында, жиі тоқтап, қайта жүру арқылы пайдаланылатын автокөліктердің тежегіш қыспақтары тез тозады. Сондықтан жүйелі түрде (автокөлікке техникалық қызмет көрсету регламентіне сәйкес) ресми дилердің қызмет көрсету стансасына жүгініп, тежегіш қыспақтарының қалыңдығын тексертіп, оларды ауыстырыңыз.

4-7. Қауіпсіздік жастықтары (SRS жүйесі)

Қауіпсіздік жастықтары (SRS жүйесі)

Бетпе-бет немесе бүйірден тиген соққы қатты болған жағдайда, қажетті шарттар сақталса, қауіпсіздік жастықтары ашылады. Олар қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізуші мен жолаушылардың қорғанысын қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік жастықтары соққы күшін жүргізуші мен жолаушының денесінің жоғарғы бөлігіне біркелкі бөлуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде жүргізушінің және алдыңғы жолаушының жылжу жылдамдығы төмендеп, әлдеқайда біркелкі болады, осының арқасында олардың жарақат алу қаупі азаяды. Қауіпсіздік жастықтары ашылған соң автоматты түрде есік құлыптары ағытылып, салондағы плафон жарығы және апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылады.

Автокөліктегі қауіпсіздік жастықтарының орындары



1 Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы

2 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы

3 Жүргізушінің тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)


4 Алдыңғы жолаушының тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

5 Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалығының ішінде (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)


6 Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары екінші қатардағы орындықтардың арқалығының ішінде (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

7 Терезелік қауіпсіздік қалқалары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Қауіпсіздік жастықтарын пайдалану ережелері



Күшті бетпе-бет соқтығысу орын алғанда жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы, жүргізушінің тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін), алдыңғы жолаушының тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізуші мен алдыңғы жолаушының интерьер бөлшектеріне соғылу нәтижесінде басы мен кеудесінің зақымдалу деңгейін төмендетуге көмектеседі (алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы орындықта жолаушы отырмаса да іске қосылуы мүмкін).



Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл кезде қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін алмастыра алмайды. Одан басқа, қауіпсіздік жастығы ашылу үшін соқтығысу кезіндегі соққы күші белгілі бір шамадан асуы керек. Кейбір соқтығысу түрлерінде жүргізушіні тек қауіпсіздік белбеулері қорғап қалады. Қауіпсіздік белбеулерін тағып отыру жолкөлік оқиғасы орын алғанда жүргізуші мен жолаушылардың автокөліктен лақтырылу немесе олардың салондағы элементтерге соғылу ықтималдығын азайтып, жүргізуші мен жолаушының қорғалу тиімділігін арттырады. Сондықтан салонда отырғандардың барлығы қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруға тиіс. Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулері ересектер мен ересек жастағы балалардың қорғанысын қамтамасыз етуге қабілетті, алайда нәрестелер мен сәбилерді қорғауға арналмаған.

Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен жайылады. Жүргізуші мен жолаушылар ашылған қауіпсіздік жастығынан жарақат алып қалмау үшін орындыққа дұрыс жайғасып, қауіпсіздік белбеуі мен орындық күйін реттеуге, сондай-ақ орындық шетіне отыру немесе алға еңкею арқылы қауіпсіздік жастығына жақындамауы тиіс. Егер автокөлікте бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) мен терезелік қауіпсіздік қалқалары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) орнатылған болса, жүргізуші

мен жолаушылардың денесінің жоғарғы бөлігі жастықтар мен қалқалар ашылғанда жарақаттанып қалмауы үшін автокөлік бортынан алшақтау отыру керек.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Қауіпсіздік жастықтары жүргізуші мен жолаушылардың денелерінің төменгі бөлігін қорғамайды.
- Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін газ одан тез шығып кетеді, осылайша жолаушыға алдыда не болып жатқанын көруге мүмкіндік береді.
- Бұл кезде қауіпсіздік модульдерінің кейбір компоненттері қызуы мүмкін. Жарақат алып қалмау үшін қауіпсіздік жастығы ашылған кезде қызған компоненттерге тиюге болмайды.
- Қауіпсіздік жастықтары қайта пайдаланылмайды. Қауіпсіздік жастығының модулі іске қосылған соң ауыстырылуы керек.
- Егер қауіпсіздік жастықтары орнатылған жерлердегі компоненттер зақымдалса (рульдің орталық қаптамасы немесе басқару панелі), оларды ауыстыру үшін мүмкіндігінше тезірек ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.
- Газ қауіпсіздік жастықтарын толтырып, одан тез шығып кетеді, сондықтан жастықтар салон ішіндегі адамдарды кезекті соққыдан қорғай алмайды.
- Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің артынан соққы тигенде, алдынан ақырын соққы болғанда және автокөлік аударылғанда, сондай-ақ шұғыл тежегенде іске қосылмайды.
- Ашылған қауіпсіздік жастығынан газ шыққанда түтін мен шаң пайда болады. Бұл демікпемен немесе басқа да тыныс алу жолдарының аурулары бар адамдарға зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік жастығы ашылғаннан кейін автокөлік ішіндегі барлық адамдар таза ауамен дем алу үшін барынша тез арада көліктен шығуы немесе терезелерді ашуы керек. Қажет болса, медициналық көмекке жүгіну керек.

⚠ ҚАУІП

- Алдыңғы орындықтарға тысқаптар кигізуге тыйым салынады, өйткені мұндай жағдайларда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) автокөлік соқтығысқанда іске қосылмай, жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қорғалу деңгейін төмендетуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтарының қаптамаларын тазарту үшін құрғақ немесе әлсін ылғал матаны пайдаланыңыз. Қауіпсіздік жастығының модуліне су тигізуге болмайды, өйткені оның жұмыс істеу қызметі бұзылуы мүмкін.
- Автокөлік салонына төгілген су қауіпсіздік жастығын істен шығаруы мүмкін. Соның салдарынан қауіпсіздік жастығы соқтығысу жағдайы орын алмаса да іске қосылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалтқышты дереу сөндіріп, аккумулятор батареясының «теріс» полюсіндегі сымды ағытыңыз. Қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік жастықтарының ақаулық сигнализаторы


Қауіпсіздік жастықтары ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында қызыл сигнал «» жанады. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Қауіпсіздік жастығының іске қосылу шарттары

Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің соқтығысқанға дейінгі жылдамдығына байланысты ашылмайды, ол кедергінің түріне, соққының бағытына және автокөліктің соқтығысу кезіндегі жылдамдығына байланысты ашылады. Соққы күшін шанақ сіңіріп алса, қауіпсіздік жастығы ашылмауы мүмкін. Осылайша, автокөліктің зақымдану дәрежесі қауіпсіздік жастығының іске қосылу шарты бола алмайды.


Егер қауіпсіздік жастығы іске қосылмаса, онда оған апат орын алған кезде зақым келген болуы мүмкін. Қауіпсіздік жастығына зақым келсе, онда ол келесі апат орын алғанда жүргізушіні немесе жолаушыны қорғай алмайды, сәйкесінше олар жарақат алады. Ықтимал апат кезінде қауіпсіздік жастықтарының жұмысын қамтамасыз ету үшін мүмкіндік туған бойда, автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету стансасына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.

■ Автокөлік соқтығыспаса да қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын жағдайлар




Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары шанақ түбінен қатты соққы тигенде ашылуы мүмкін.

■ Автокөлік соқтығысқанда қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын жағдайлар




Іске қосылу шарттары: Әдеттегідей, бетпе-бет соқтығысу кезінде автокөліктің баяулауы белгілі бір шамадан асса, жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, жүргізушінің тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) мен алдыңғы жолаушының тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) іске қосылады.


■ Автокөлік соқтығысқанда қауіпсіздік жастықтары іске қосылмайтын жағдайлар



Әдеттегідей, бетпе-бет соқтығысу кезінде арттан немесе бүйірден соққы тигенде, автокөлік төңкерілгенде және баяу жылдамдықта бетпе-бет соқтығысқанда жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, жүргізушінің тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) мен алдыңғы жолаушының тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) іске қосылмайды.



Автокөлік бағанға соғылғанда, жүк автокөлігінің немесе басқа кедергінің астына кіріп кеткенде не болмаса бұрыштап келіп бүйірден соққы жасалғанда жүргізушінің қауіпсіздік жастығы, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, жүргізушінің тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) мен алдыңғы жолаушының тізесін қорғайтын қауіпсіздік жастығы (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) іске қосылмауы мүмкін.



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және терезелік қауіпсіздік қалқалар (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) бүйірден соққы тигенде, шанақтың артына немесе артқы дөңгелекке соққы тигенде, сондай-ақ белгілі бір бұрышпен бүйірден соққы тигенде іске қосылмауы мүмкін.



Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) және терезелік қауіпсіздік қалқалар (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) алдыдан не арттан соққы тигенде, төңкерілгенде және баяу жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылмауы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарына байланысты сақтық шаралары



Ешқандай бөтен заттар қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі болмайтынын қадағалаңыз. Жүргізуші (жолаушы) мен қауіпсіздік жастығының арасында ешнәрсе (мобильді телефондар және т. б.) болмауы керек. Қауіпсіздік жастығының қаптамасының бетінде немесе оның қасында қандай да бір заттарды бекітуге немесе орналастыруға тыйым салынған. Жүргізуші (жолаушы) мен қауіпсіздік жастығының арасында бөтен зат тұрса, қауіпсіздік жастығы ойдағыдай іске қосылмауы мүмкін немесе сол затты жүргізушінің (жолаушының) денесіне қысып, оған ауыр жарақат келтіруі немесе оны мерт қылуы мүмкін.



Орындықтың шетіне отыруға немесе басқару тақтасына сүйеніп отыруға тыйым салынған.



Қозғалыс кезінде балаға алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы модулінің алдында тұруға немесе алдыңғы жолаушының тізесінде отыруға рұқсат бермеңіз



Есікке, шанақтың алдыңғы, ортаңғы немесе артқы тіреуіне сүйенбеңіз.

Жолаушыларға орындыққа тізерлеп отыруға және қолды немесе басты терезеден шығаруға рұқсат етпеңіз.



Басқару тақтасына, рульге және басқару тақтасының астыңғы бөлігіне кез келген затты бекітуге немесе сүйеуге тыйым салынған. Бұл заттар жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда күшпен лақтырылуы мүмкін.



Есікке, алдыңғы әйнекке, есіктегі әйнектерге, шанақтың алдыңғы, ортаңғы немесе артқы тіреулеріне, төбедегі рейлингке немесе тұтқаларға кез келген затты бекітуге тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастықтарының бөлшектері орналасқан аймақтардағы салонның сәндік элементтерін соққыламаңыз және қатты баспаңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік жастықтары зақымдалуы мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін ауыстыру

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттері автокөлік сатып алынғаннан кейін 10 жылдан соң ауыстырылуы керек. Қауіпсіздік жастықтарының қалыпты жұмысын және жеке басыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы мерзім өткен соң ресми дилердің қызмет көрсету стансасына жолығыңыз.

Автокөлікті басқа адамға сатқаннан кейін оған қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жерін көрсетіп, оларды жоспарлы ауыстыру күні туралы айтыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің конструкциясына өзгертулер енгізу және компоненттерін кәдеге жарату

Ресми дилердің қызмет көрсету стансасының алдын ала кеңесін алмай автокөлігіңізді кәдеге жаратуға немесе оның конструкциясына төменде көрсетілген өзгертулерді енгізуге тыйым салынады. Бұл талап сақталмаса, жазатайым оқиға орын алуы және адамдар жарақат алуы мүмкін.

1. Аспа конструкциясына өзгеріс енгізу.
2. Алдыңғы бампердің және т.с.с. конструкциясына өзгертулер енгізу.
3. Есіктердің конструкциясына, есіктердің қаптамасына, шанақтың ортаңғы тіреулерінің қаптамасына және басқаларға өзгертулер енгізу.
4. Қауіпсіздік жастықтарын орнату, бұзу, бөлшектеу немесе жөндеу.
5. Конструкцияға өзгеріс енгізу, жөндеу, рульді, аспаптар тақтасын, басқару тақтасын және орындықтарды алып тастау немесе ауыстыру.

5-1. Назар аударыңыз!.....234

5-2. Жол белгілерін тану жүйесі (TSR) 234

Жол белгілерін тану жүйесі (TSR) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін) 234

5-3. Жылдамдықты шектеу белгілерін тану жүйесі (SLA).....235

Жылдамдықты шектеу белгілерін тану жүйесі (SLA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 235

5-4. Круиз-контроль жүйесі..236

Тұрақты жылдамдықты ұстап тұру функциясы бар круиз-контроль жүйесі (CCS) (автокөліктің кейбір орындау нұсқалары үшін) 236

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 238

Жылдамдық шектегіші (ASL) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 244

5-5. Idling Stop жүйесі.....246

Idling Stop жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 246

5-6. Ылдиға түсуді басқару жүйесі (HDC).....248

Ылдиға түсуді басқару жүйесі (HDC) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 248

5-7. Автокөлікті жолақ шегінде ұстап тұру жүйелері.....250

Автокөлікті жолақ шегінде ұстап тұру жүйелері (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 250

Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескерту жүйесі (LDW)..... 251

Жолақпен жүру көмекші жүйесі (LKA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 252

5-8. Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BSD).....254

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BSD) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) . 254

Жабылмаған есік туралы ескерту жүйесі (DOW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .255

Жолға артқы жүріспен шығу кезінде қауіп-қатер туралы ескерту жүйесі (RCTA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 256

Арт жақтан соққы туралы ескерту жүйесі (RCW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) 256

5-9. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB)/ бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) 256

Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB)/ бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .256

5-10. Кептелістегі қозғалысқа көмек көрсету жүйесі (TJA)/жолақтың ортасында автокөлікті ұстап тұру жүйесі (ICA) .259

Кептелістегі қозғалысқа көмек көрсету жүйесі (TJA)/жолақтың ортасында автокөлікті ұстап тұру жүйесі (ICA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .259

5-11. Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) 261

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) .261

5-12. Тұраққа қою көмекші жүйесі 264

Артқы көрініс мониторы (RVC) 264

Айнала шолу мониторы (AVM)(автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін).....265

Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін...269

5-13. Тежеу күшін бақылау жүйесі 274

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) 274

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) 275

Жүргізушінің басқа көмекші жүйелері 276

5-1. Назар аударыңыз!

Осы Нұсқаулықта көрсетілген көмекші жүйелер қосалқы құралдар болып табылады, автопилот емес және автокөліктің толық автономдылығын қамтамасыз етпейді. Көмекші жүйелердің жұмысқа қабілеттілігі көптеген факторларға байланысты, сондықтан өндіруші автокөлікті пайдалану барысында барлық жүйелердің белсенділігіне кепілдік бермейді.

Жүргізуші міндетті:

- автокөлікті тікелей басқаруды үнемі жүзеге асыру · жол жағдайын бақылау
- жол жағдайының өзгеруіне уақтылы әрекет етуге, шешімдер қабылдауға және оларды өз бетінше орындауға.
- жол қозғалысы ережелерін, оның ішінде жылдамдықты және басқа көлік құралдарына дейінгі қашықтықты сақтауға.

Көлік құралын басқаруға қатысты барлық шешімдер мен жауапкершілік толығымен жүргізушіге жүктеледі, ол назарын сақтап, кез келген сәтте араласуға дайын болуы керек.

5-2. Жол белгілерін тану жүйесі (TSR)

Жол белгілерін тану жүйесі (TSR) (автокөліктің кейбір нұсқалары үшін)

Егер жол белгілерін тану жүйесі қосылған болса және автокөліктің алдындағы жолда солға бұрылу белгісін, оңға бұрылу белгісін, тыйым салатын белгіні және т. б. таныса, онда дыбыстық сигнал қосылуы мүмкін және аспаптар тақтасында танылған жол белгісінің кескіні жыпылықтай бастауы мүмкін, бұл жүргізушіге жол қозғалысы ережелерін сақтау қажеттігін еске салады.

- TSR жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.
- Кейбір жол белгілерін таныған кезде аспаптар тақтасында тек белгінің жыпылықтаған кескіні пайда болады, бірақ дыбыстық сигнал берілмейді.

Функциялық шектеулер

■ TSR жүйесі жол белгісін тани алмауы мүмкін, егер ол:

1. оңып кетсе;
2. Бұралаң жолға орнатылған
3. бұрылған немесе зақымдалған болса;
4. тым жоғары орналасса (жолдың үстінде ілулі тұрса);
5. Толық немесе ішінара жабылған немесе оны табу қиын жерде орналасқан
6. Толығымен және ішінара қыраумен, қармен немесе кірмен жабылған

⚠ ҚАУІП
Жол белгілерін тану жүйесі алдыңғы камераны пайдаланатындықтан, оның жұмысқа қабілеттілігі ауа райы жағдайлары мен жарықтандыруға байланысты болғандықтан, ол кейбір жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін.

5-3. Жылдамдықты шектеу белгілерін тану жүйесі (SLA)

Жылдамдықты шектеу белгілерін тану жүйесі (SLA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

SLA жүйесі алдыңғы камераның ақпараты мен навигация жүйесінің деректері негізінде жүргізушіге жылдамдықтың қолданыстағы шегі туралы еске салады. Бұл визуалды және дыбыстық еске салғыштар жүргізушіге рұқсат етілген жылдамдықты сақтауға көмектеседі және осылайша жол ережелерін сақтауға көмектеседі.



Егер SLA жүйесі жылдамдықты шектеу белгісін анықтаса және бұл навигациялық жүйе деректерімен расталса, аспаптар тақтасында « 120 » индикаторы жанады. Егер автокөлік жылдамдығы шектеуден 5 км/сағ-тан астам асып кетсе, бір реттік ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

SLA жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

Функциялық шектеулер

- SLA жүйесі жол белгісін тани алмауы мүмкін, егер ол:

1. оңып кетсе;
2. Бұралаң жолға орнатылған
3. бұрылған немесе зақымдалған болса;
4. тым жоғары орналасса (жолдың үстінде ілулі тұрса);
5. Толық немесе ішінара жабылған немесе оны табу қиын жерде орналасқан
6. Толығымен және ішінара қыраумен, қармен немесе кірмен жабылған

ҚАУІП

SLA жүйесі ауа райы мен жарыққа байланысты жұмыс істейтін алдыңғы камераны қолданатындықтан, кейбір жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін.

5-4. Круиз-контроль жүйесі

Тұрақты жылдамдықты ұстап тұру функциясы бар круиз-контроль жүйесі (CCS) (автокөліктің кейбір орындау нұсқалары үшін)

Тұрақты жылдамдықты ұстап тұру функциясы бар круиз-контроль жүйесі (CCS) автокөлікке жүргізуші белгілеген жылдамдықты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Жүйені басқару түймелері (А түрі)




Круиз-контроль жүйесін қосу және өшіру түймесі « » : Жүйені қосу және өшіру.

Уақытша өшіру түймесі « » : Жүйені уақытша өшіру.

RES+ түймесі Круиз-контроль жүйесінің жұмысын қайта бастау және белгіленген жылдамдықты арттыру.

SET– түймесі Жылдамдықты белгілеу және белгіленген жылдамдықты азайту.

Жүйені басқару түймелері (В түрі)



Круиз-контроль жүйесін қосу және өшіру түймесі « » : Жүйені қосу және өшіру.

Уақытша өшіру түймесі « » : Жүйені уақытша өшіру.

Жылдамдық шектегішінің түймесі « » : Жылдамдық шектегішін (ASL) қосу/өшіру.

RES+ түймесі Круиз-контроль жүйесінің жұмысын қайта бастау және белгіленген жылдамдықты арттыру.

SET– түймесі Круиз-контроль жүйесі мен шектегіш үшін жылдамдықты белгілеу, белгіленген жылдамдықты азайту.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
RES+ және SET– түймелері круиз-контроль жүйесін де, жылдамдық шектегішін де басқару үшін қызмет етеді.

Пайдалану тәсілдері



■ Круиз-контроль жүйесін қосу

Қозғалтқышты іске қосу қосқышын ON күйіне орнатыңыз және круиз-контроль жүйесінің күту режиміне өту үшін « » түймесін басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады. Круиз-контроль жүйесі қосулы және автокөлік жылдамдығы 40-тан 150 км/сағ аралығында болған кезде, круиз-контроль жүйесі үшін ағымдағы жылдамдықты белгілеу үшін SET– түймесін қайта басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

■ Круиз-контроль жүйесін өшіру

Круиз-контроль жүйесін өшіру үшін « » түймесін басыңыз, сонда аспаптар тақтасындағы « » индикаторы сөнеді.

Круиз-контроль жүйесін өшіру және оны күту режиміне ауыстыру үшін «» түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

Круиз-контроль жүйесін өшіру үшін « » түймесін басыңыз, сонда аспаптар тақтасындағы « » индикаторы сөнеді. Жүйе күту режиміне өтеді және аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

Круиз-контроль жүйесі күту режиміне ауыстырылған жағдайда тежегіш педалінің (автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте) немесе ілінісу педалінің (механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте) басылуы круиз-контроль жүйесінің өшірілуіне және оның күту режиміне ауысуына алып келеді. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

■ Жылдамдықты орнату

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде RES+ түймесін басыңыз, сонда белгіленген жылдамдық 1 км/сағ-қа артады.

CCS жүйесі қосулы кезде RES+ түймесін басып тұрыңыз. Берілген жылдамдық адымдап ұлғаяды.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде SET– түймесін басыңыз. Берілген жылдамдық 1 км/сағ-қа кемиді.

CCS жүйесі қосулы кезде SET– түймесін басып тұрыңыз. Берілген жылдамдық адымдап кемиді.

Функциялық шектеулер


- Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгенінде круиз-контроль жүйесін қолданбаңыз. Әйтпесе, сіз көлікті басқара алмай, ауыр жарақат немесе адам өлімі орын алатын жол-көлік оқиғасына тап болуыңыз мүмкін.

1. Ақаулы автокөлікті сүйреу (эвакуациялау).
2. Қарқынды көлік қозғалысында.
3. Ирелең жолдарда.
4. Тік бұрылыстары бар жолдарда.
5. Сырғанақ, мысалы, ылғал, мұз немесе қар басқан жолдарда.
6. Тік ылдиға қарай қозғалғанда, егер автокөліктің жылдамдығы берілген жылдамдықтан асып кетуі мүмкін болса.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі автокөлікке жүргізушінің берген жылдамдығын және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыруға мүмкіндік береді.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесін басқару түймелері



Бейімделетін круиз-контроль жүйесін қосу және өшіру түймесі « »: Бейімделетін круиз-контроль жүйесін қосу және өшіру.

Уақытша өшіру түймесі « »: Бейімделетін круиз-контроль жүйесін уақытша өшіру.

Қашықтық түймесі « »: алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтықты беру.

Жылдамдық шектегішінің түймесі « »: Жылдамдық шектегішін (ASL) қосу/өшіру.

RES+ түймесі Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің жұмысын қайта бастау және белгіленген жылдамдықты арттыру.

SET– түймесі Бейімделетін круиз-контроль жүйесі немесе жылдамдық шектегіші үшін жылдамдықты белгілеу және белгіленген жылдамдықты азайту.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
RES+ және SET– түймелері екі жүйені де — бейімделетін круиз-контроль жүйесін де, жылдамдық шектегішін де басқару үшін қызмет етеді.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің қосылу шарттары

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі тек төменде көрсетілген барлық шарттар сақталған жағдайда ғана қосылуы мүмкін:

1. Тежегіш педалі басылмаған (автокөлік қозғалып барады).
2. Алдыңғы сол жақ есік жабық.
3. Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
4. Селектор тұтқасы D (қозғалыс) күйінде тұр
5. Тұрақ тежегіші ажыратулы.
6. Басқарылатын түсу жүйесі (HDC) өшірілген
7. Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) қосулы
8. Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP) іске қосылмаған
9. Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) іске қосылмаған

Пайдалану тәсілдері



OMT1D-4032

■ Бейімделетін круиз-контроль жүйесін қосу

Қозғалтқышты іске қосу қосқышын ON күйіне орнатыңыз және круиз-контроль жүйесінің күту режиміне өту үшін « » түймесін басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жыпылықтай бастайды;

1-тәсіл. Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің күту режимі қосулы және автокөлік жылдамдығы 30-дан 150 км/сағ аралығында болған кезде бейімделетін круиз-контроль жүйесі үшін ағымдағы жылдамдықты белгілеу және осы жүйені қосу үшін SET– түймесін басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.

2-тәсіл. Бейімделетін жүйенің күту режимі қосулы және автокөлік қозғалмай тұрған кезде тежегіш педалін басып, SET– түймесін басыңыз. 3 секунд ішінде тежегіш педалін жіберіңіз (егер тоқтағаннан кейін 3 секундтан көп уақыт өтсе, акселератор педалін аздап басыңыз). Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосылады және аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады. Әдепкі бойынша 30 км/сағ жылдамдығы орнатылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Жылдамдық шектегішін қосу бейімделетін круиз-контроль жүйесінің өшірілуіне алып келеді.
- Егер сіздің автокөлігіңіздің алдында дәл осы қозғалыс жолағында басқа көлік құралы бар болса және оның қозғалу жылдамдығы берілген жылдамдықтан аспайтын болса, бейімделетін круиз-контроль жүйесі алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қажетті қашықтық сақталуы үшін осындай жылдамдықты ұстап отыратын болады.
- Дәл осы қозғалыс жолағында алда жүріп бара жатқан көлік құралы болмаған немесе алда берілген жылдамдықтан асатын жылдамдықпен қозғалып бара жатқан көлік құралы бар болған жағдайда бейімделетін круиз-контроль жүйесі берілген жылдамдықты ұстап отыратын болады.
- Тұрақ тежегішін қосқан кезде бейімделетін круиз-контроль жүйесі күту режиміне ауысады. Мұндай жағдайда ажыратқышты басқан кезде аспаптар тақтасында «Please depress accelerator pedal to activate adaptive cruise control system (ACC)» (Бейімделетін круиз-контроль жүйесін қосу үшін акселератор педалін басыңыз) хабарламасы пайда болады. Бейімделетін круиз-контроль жүйесін белсендіру үшін акселератор педалін жеңіл басыңыз.

■ Бейімделетін круиз-контроль жүйесін өшіру

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы кезде төменде көрсетілген бір немесе бірнеше шарттардың орындалуы оның өшірілуіне әкеледі.

1. Тежегіш педалінің басылуы.
2. Алдыңғы сол жақ есіктің ашылуы.
3. Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің ағытылуы.
4. Электржетегі бар тұрақ тежегішін қосу.
5. «» түймесін басу
6. Басқарылатын түсу жүйесін (HDC) қосу
7. Динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESP) іске қосу
8. Тежегішті блоктау жүйесін (ABS) іске қосу
9. Автоматты шұғыл тежеу жүйесін (AEB) іске қосу
10. Динамикалық тұрақтандыру жүйесін (ESP) өшіру
11. Селектор тұтқасының D (қозғалыс) күйінен басқа кез келген күйде болуы
12. Акселератор педалінің 15 минуттан ұзақ басылған күйде тұруы.

Көрсетілген шарттар әрекетін тоқтатқаннан кейін RES+ түймесін басыңыз. Жүйе қайтадан қосылады және өшіру сәтінде тұрған режимге қайтып оралады.

■ Жылдамдықты орнату

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде RES+ түймесін басыңыз, сонда белгіленген жылдамдық 1 км/сағ-қа артады.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы кезде RES+ түймесін басып тұрыңыз. Берілген жылдамдық 5 км/сағ-қа ұлғаяды. Егер автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ-тан асатын болса, онда берілген жылдамдық 10 км/сағ-қа ұлғаяды.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде SET– түймесін басыңыз. Берілген жылдамдық 1 км/сағ-қа кемиді.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы кезде SET– түймесін басып тұрыңыз. Белгіленген жылдамдық 5 км/сағ-қа азаяды. Егер автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ-тан асатын болса, онда берілген жылдамдық 10 км/сағ-қа кемиді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Бейімделетін круиз-контроль жүйесіне 30 км/сағ-тан 150 км/сағ-қа дейінгі интервалда жылдамдықты беруге болады.
- Автокөлік өрге қарай қозғалғанда жылдамдығы берілген жылдамдықтан азаюы, ал ылдиға қарай қозғалғанда — көбеюі мүмкін.

Қашықтықты таңдау

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы кезде «» түймесін басып, қашықтықтың үш нұсқасының бірін таңдаңыз: минималды, стандартты немесе максималды қашықтық.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі жүйенің ұстап отыратын қашықтығы жылдамдық артқан сайын ұлғаяды.
- Минималды қашықтық режимінде сіздің автокөлігіңіз бен алдыда жүріп бара жатқан көлік құралының арасындағы қашықтық айтарлықтай аз, әсіресе төмен жылдамдықта. Қауіпсіздік үшін сырғанақ жолмен жүрген кезде алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін максималды қашықтықты таңдаңыз.
- Егер алда жүріп бара жатқан көлік құралы баяулай бастаса, автокөлігіңіздің жылдамдығын түсіру үшін динамикалық тұрақтандыру жүйесі тежеу механизмдерін іске қосады. Бұл қалыпты жағдай. Автокөлікті әдеттегідей басқаруды жалғастырыңыз.

ҚАУІП

- Жүргізуші бүкіл сапар барысында автокөлікті басқаруға қажетті барлық әрекеттерді орындауы тиіс.
- Жүргізуші автокөлікті жол қозғалысы ережелеріне қатаң сәйкестікте басқаруы тиіс.

Басып озу

Егер бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы тұрғанда басып озу әрекетін орындау үшін автокөліктің жылдамдығын арттыруыңыз қажет болса, акселератор педалін басыңыз. Аяғыңызды акселератор педалінен алғаннан кейін бейімделетін круиз-контроль жүйесі бұған дейін өзіңіз берген жылдамдықты ұстап отыруын жалғастырады. Егер басып озу әрекетін орындау кезінде автокөлігіңіз алда жүріп бара жатқан көлік құралына тым қатты жақындаса, аспаптар тақтасында «Please take over the vehicle by driver» (Автокөлікті басқаруды өз қолыңызға алыңыз) хабарламасы пайда болады және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Бұрылыстардан өту кезінде жылдамдықты бақылау

Қауіпсіздік мақсатында бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосулы кезде бұрылысқа жақындағанда жылдамдықты азайтыңыз.

⚠ ҚАУІП

- Бұрылыстан өтуді минималды жылдамдықпен орындау және оны бүкіл бұрылыс бойында сақтап отыру қажет.
- Радиолокациялық датчиктің шектеулері бар болғандықтан бұрылысқа кірген кезде ол алдыда жүріп бара жатқан көлік құралын дер кезінде анықтай алмауы мүмкін. Сондықтан жүргізуші кез келген сәтте автокөлікті басқаруды өз қолына алуға дайын болуы тиіс.

Тоқтау және орыннан қозғалу

Егер бейімделетін круиз-контроль жүйесінің жұмысы кезінде алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы тоқтаса, жүйе сіздің автокөлігіңізді де тоқтатады.

1. Егер алдыда орналасқан көлік құралының аялдауы 3 секундтан аспаса, жүйе сіздің автокөлігіңіздің қозғалысын автоматты түрде қайта жалғастырады.
2. Егер алдыда орналасқан көлік құралының аялдауы 3 секундтан 10 минутқа дейін созылса, бейімделетін круиз-контроль жүйесін белсендіру үшін акселератор педалін жеңіл басу қажет болады.
3. Егер сіздің автокөлігіңіз 10 минуттан кем қозғалыссыз тұрған болса және осы уақыт ішінде жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылса немесе алдыңғы сол жақ есік ашылса, автоматты түрде электржетегі бар тұрақ тежегіші қосылады.
4. Егер сіздің автокөлігіңіз 10 минуттан ұзақ қозғалыссыз тұрса, бейімделетін круиз-контроль жүйесі өшеді және автоматты түрде электржетегі бар тұрақ тежегіші қосылады.

⚠ ҚАУІП

Алда келе жатқан көлік құралының артынан жүргенде «» индикаторының түсі жасыл болып қалуын қадағалаңыз. Егер индикатордың түсі сұр түске өзгерсе, бұл бейімделетін круиз-контроль жүйесінің алдыда жүріп бара жатқан көлік құралын жоғалтып алғанын білдіреді, және сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы берілген жылдамдыққа дейін ұлғайтылады.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесін пайдаланған кездегі сақтық шаралары

1. Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің шектеулері бар және сіздің автокөлігіңізге әсер ететін физика заңдарының шегінен аса алмайды. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.
2. Егер сіздің автокөлігіңіз көршілес жолақта жүріп бара жатқан басқа автокөлікке тым жақындайтын болса, бейімделетін круиз-контроль жүйесі оны берілген қашықтықты ұстап отыру қажет болатын алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы деп қабылдауы мүмкін.
3. Бейімделетін круиз-контроль жүйесі қозғалыссыз объектілер мен автокөліктерге, көлденең және қарсы бағытта жүріп бара жатқан көлік құралдарына, сондай-ақ жаяу жүргіншілерге, велосипедшілер мен жануарларға жауап әрекет етпейді.
4. Егер бейімделетін круиз-контроль жүйесінің жұмысы кезінде автокөлік аз уақытқа тоқтаса, қозғалысты қайта жалғастырмас бұрын жүргізуші алдыда басқа көлік құралдарының және жаяу жүргіншілер, велосипедшілер мен жануарлар секілді кедергілерді жоқ екеніне көз жеткізіп алуы тиіс.
5. Бейімделетін круиз-контроль жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары түсті «» сигнал бергіші жанады. Егер бейімделетін круиз-контроль жүйесі

дұрыс жұмыс істемесе, мүмкіндік туа салысымен ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласу керек.

6. Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің жұмысы кезінде жүргізуші акселератор педалін кездейсоқ басып қалудан сақтануы тиіс. Егер жүргізуші акселератор педалін кездейсоқ басып қалса, жүйе тежеу механизмдерін іске қоспайды. Сондықтан қауіпсіздік үшін жүргізуші әрдайым тежелу әрекетін жасауға дайын болуы тиіс.
7. Бейімделетін круиз-контроль жүйесі тежеу механизмдерін тек шектеулі шеңберде ғана іске қоса алады. Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралы кенеттен тежелген немесе сіздің автокөлігіңіздің алдына қозғалыс жолағына басқа көлік құралын келіп кірген жағдайда бейімделетін круиз-контроль жүйесі бұған жауап әрекет етпеуі немесе кешігіп әрекет етуі мүмкін. Бұл жағдайда жүргізуші автокөлікті басқаруды дер кезінде өз қолына алуы тиіс.
8. Жүргізуші көлік қозғалысының қарқындылығын және ауа райы жағдайларын есепке ала отырып, алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыруы тиіс. Жүргізуші кез келген уақытта автокөліктің қауіпсіз тоқтатылуы үшін жауапты. Қолайсыз жол жағдайларында (жаңбыр, қар, тұман және т. б.) бейімделетін круиз-контроль жүйесі алдыда жүріп бара жатқан көлік құралын анықтамауы мүмкін. Мұндай жағдайларда бейімделетін круиз-контроль жүйесін өшіріп қою қажет.
9. Бейімделетін круиз-контроль жүйесі автомагистральдар мен жақсы күйдегі жолдарда қолдануға жарайды. Бұл жүйені қала көшелерінде, тар жолдарда, таулы жолдарда, қыратты жерлерде, туннельдерде және т. б. жерлерде қолдануға кеңес берілмейді. Радиолокациялық датчиктің әрекет ету аймағының шектеулі болуына байланысты бұрылыстан өткен кезде жүйе алдыда жүріп бара жатқан көлік құралын жоғалтып алуы немесе оны кеш анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйе автокөлікті берілген жылдамдыққа дейін үдете бастайды.
10. Алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін берілген қашықтықты ұстап отыру кезінде бейімделетін круиз-контроль жүйесі оның артқы бөлігін емес, астыңғы немесе үстіңгі бөлігін (мысалы, шассиі биік жүк көлігінің артқы белдігін немесе ершікті тартқы көліктің кабинасын) анықтауы мүмкін. Мұндай жағдайда жүйе алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қажетті қашықтықты сақтай алмай қалуы мүмкін, бұл апатқа алып келуі мүмкін. Сондықтан жүргізуші алдыда жүріп бара жатқан көлік құралынан көз жазып қалмауы және әрдайым автокөлікті басқаруды өз қолына алуға дайын болуы тиіс.
11. Автокөліктің алдыңғы бөлігіне радиолокациялық датчик орнатылған, ал артқы әйнектің артында камера орналасқан. Датчиктің және камераның алдының ластанбауын қадағалаңыз. Автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына, мысалы, тіркеу белгісінің жақтауын және т. б. орнату арқылы өзгерту енгізбеу қажет. Егер датчиктің беті толық жабылып қалса (мысалы, қармен), жүйе өшіп қалады. Жүйенің жұмысқа қабілеттілігі соқтығысу кезінде алынған діріл немесе соққылар салдарынан төмендеуі немесе толығымен жоғалуы мүмкін. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте датчикті қайтадан калибрлету үшін ресми дилердің сервистік станциясына жүгіну қажет.

Жоғарыда жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін факторлардың бәрі бірдей келтірілмеген. Жүйе басқа себептермен де істемей қалуы мүмкін. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.

Жылдамдық шектегіші (ASL) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Жылдамдық шектегіші автокөлік жылдамдығын шектеу қызметін атқарады.

Пайдалану тәсілдері



■ Жылдамдық шектегішін (ASL) өшіру

Қозғалтқышты іске қосу қосқышын ON күйіне орнатыңыз және круиз-контроль жүйесінің күту режиміне өту үшін « » түймесін басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жыпылықтай бастайды;

1-тәсіл. Егер қозғалтқыш өшірілген болса немесе автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ-тан аспаса, жылдамдық шектегішін күту режимінен белсенді режимге ауыстыру үшін SET– түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады және әдепкі бойынша 30 км/сағ жылдамдық белгіленеді.

2-тәсіл. Егер жылдамдық шектегіші күту режимінде болса және автокөлік жылдамдығы 30-дан 200 км/сағ аралығында болса, жылдамдық шектегіші үшін ағымдағы жылдамдықты белгілеу және оны белсенді режимге ауыстыру үшін SET– түймесін басыңыз. Бұл кезде аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

■ Жылдамдық шектегішін (ASL) өшіру

Жылдамдық шектегішінің белсенді режимін өшіру үшін « » түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасындағы « » индикаторы сөнеді.

Жылдамдық шектегішінің белсенді режимін өшіру және оны күту режиміне ауыстыру үшін «» түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

Жылдамдық шектегішінің белсенді режимін өшіру және круиз-контроль жүйесінің күту режиміне өту үшін «» түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында « » индикаторы жанады.

Жылдамдық шектегішінің белсенді режимін өшіру және круиз-контроль жүйесінің күту режиміне өту үшін «» түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.

■ Жылдамдықты орнату

Жылдамдық шектегіші жұмыс істеп тұрған кезде RES+ түймесін басыңыз. Берілген жылдамдық 1 км/сағ-қа ұлғаяды.

Жылдамдық шектегіші жұмыс істеп тұрған кезде RES+ түймесін басып тұрыңыз. Берілген жылдамдық 5 км/сағ-қа ұлғаяды.

Жылдамдық шектегіші жұмыс істеп тұрған кезде SET– түймесін басыңыз. Берілген жылдамдық 1 км/сағ-қа кемиді.

Жылдамдық шектегіші жұмыс істеп тұрған кезде SET– түймесін басып тұрыңыз. Берілген жылдамдық 5 км/сағ-қа кемиді.

Басып озу

Егер жылдамдық шектегіші жұмыс істеп тұрған кезде басып озу немесе осыған ұқсас маневр жасау қажеттігі туындаса, жылдамдық шектегішін күту режиміне

ауыстыру үшін акселератор педалін толық басыңыз. Аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.

Егер басып озу аяқталғаннан кейін автокөлік жылдамдығы жылдамдық шектегіші үшін белгіленген мәннен әлі де асып тұрса, онда ол күту режиміне өтеді және аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.

Егер басып озу аяқталғаннан кейін автокөлік жылдамдығы жылдамдық шектегіші үшін белгіленген мәннен төмен болса, онда ол белсенді режимге өтеді және аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.


5-5. Idling Stop жүйесі

Idling Stop жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Idling Stop жүйесі бағдаршамда тоқтағанда немесе басқа осыған ұқсас жағдайда егер тиісті шарттар сақталатын болса, қозғалтқышты автоматты түрде өшіреді. Қозғалтқышты оталдыруға қажетті шарттар сақталған кезде ол автоматты түрде оталады. Idling Stop жүйесі автокөліктің отын үнемділігін жоғарылатады, зиянды шығарындылардың мөлшерін азайтады және автокөлік қозғалыссыз тұрғанда шуыл деңгейін төмендетеді.

Егер Idling Stop жүйесі ақаусыз болса және тиісті шарттар сақталса, қозғалтқыш бос жүрісте автоматты түрде тоқтайды. Ал қозғалысты жалғастыру қажет болса, қозғалтқышты оталдыру автоматты түрде жүзеге асырылады. Idling Stop жүйесі жүргізушінің қауіпсіздігіне немесе ауаны кондициялау жүйесі, тежеу жүйесі, аудиожүйе және т. б. секілді автокөлік жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігіне нұқсан келтірмейді. Кейбір жағдайларда қауіпсіздік және жайлылық мақсатында Idling Stop жүйесі уақытша өшіріледі, бұл қалыпты құбылыс болып табылады. Қозғалтқышты автоматты түрде оталдыруға қажетті шарттар сақталған кезде Idling Stop жүйесі жұмысын қайта жалғастырады. Idling Stop жүйесін пайдаланған кезде абай болыңыз.

Idling Stop жүйесінің ажыратқышы



«» ажыратқышын басыңыз (бұл кезде индикатор жанады). Idling Stop жүйесі өшеді. Idling Stop жүйесін қосу үшін «» ажыратқышын қайта басыңыз (бұл кезде индикатор сөнеді).

Idling Stop жүйесінің қозғалтқышты автоматты түрде өшіруіне қажетті шарттар

- Stop-start жүйесінде ақаулықтар жоқ
- Тежегіш педалін жіберіңіз.
- Тежегіш вакуумының күйі автоматты түрде өшіруге мүмкіндік береді.
- Капот жабық.
- ACC іске қосылмаған.
- AEB сигналы белсендірілмеген.
- Автокөлік толықтай қозғалыссыз тұр.
- Алдыңғы сол жақ есік жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Жүргізуші шұғыл тежеу әрекетін қолданып жатқан жоқ.
- Селектор тұтқасы D/M күйінде тұр.
- Stop-start функциясының бас ауыстырып қосқышының күйі қосулы.
- Тежегіш педалін басу.
- Беріліс тізбегі қозғалтқышты өшіруге мүмкіндік береді.

- Қозғалтқышты оталдырғаннан немесе руль дөңгелегін үлкен бұрышқа бұрғаннан кейін автокөліктің жылдамдығы 8 км/сағ-қа жетеді немесе одан асады.
- Ауаны кондициялау жүйесінің жұмысына ешқандай кедергілер жоқ (желдеткіштің, кондиционердің және жылытқыштың жұмысына қажетті барлық шарттар сақталған).
- Егер АКБ клеммалары ажыратылған, кейін қайтадан жалғанған болса — жүйенің өзін-өзі үйретуі үшін автокөлікті кемінде 4 сағат қозғалыссыз күйінде қалдырыңыз.
- Теңіз деңгейінен биіктік (2800 метрден төмен)
- Салқындату сұйықтығының температурасы Цельсий бойынша 48 градустан жоғары болуы тиіс.
- АКБ кемінде 70%-ға зарядталған болуы тиіс.
- Көлік құралы тік беткейде тұрған жоқ (көтерілуге және түсуге арналған көлбеулер 10%-дан кем).
- Руль дөңгелегінің бұрылу бұрышы үлкен бұрышпен бұрылу күйінде тұрған жоқ (270°-тан кем)
- Қоршаған орта температурасы 3 °C-тан төмен емес (F4J20 қозғалтқышына және кейбір F4J16 қозғалтқыштарына қатысты).

Idling Stop жүйесінің қозғалтқышты автоматты түрде оталдыруына қажетті шарттар

- Капот жабық.
- Алдыңғы сол жақ есік жабық.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- Старт-стоп жүйесі зақымдалмаған.
- Беріліс тізбегі қозғалтқышты оталдыруға мүмкіндік береді.
- Stop-start функциясының бас ауыстырып қосқышының күйі қосулы.

Жүргізуші төменде тізімі берілген әрекеттердің кез келгенін орындаған жағдайда қозғалтқышты оталдыру автоматты түрде орын алады:

- Stop-start функциясының бас ауыстырып қосқышының күйі «ҚОСУЛЫ» күйінен «ӨШІРУЛІ» күйіне ауыстырылады.
- Кондиционер жүйесі триггердің іске қосылуын сұратады.
- Егер толық тоқтаудан кейін тежегіш педалі жіберілмеген немесе толық жіберілмеген болса, ол P/N күйінен D/M күйіне ауыстырып қосқан кезде іске қосылады.
- Акселератор педалін басқан кезде D/M/R берілістері қосылады.
- Жүргізуші селектор тұтқасын R (артқы жүріс) күйіне ауыстырды.
- Жүргізуші руль дөңгелегін 30°-тан асатын бұрышқа бұрды.
- Тежегіш педалін басқаннан және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жүргізуші селектор тұтқасын N күйіне ауыстырды және тежегіш педалін жіберді.
- Тежегіш педалін басқаннан және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жүргізуші селектор тұтқасын P күйіне ауыстырды және тежегіш педалін жіберді.
- Берілістерді ауыстыру тұтқасы D /M күйінде тұрған және қозғалтқышты өшіргеннен кейін тежегіш педалі басылып тұрған кезде қозғалтқыш тежегіш педалін жібергеннен кейін іске қосылады.

  Ескертпе: егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосулы болса, онда тежегіш педалін жіберген кезде қозғалтқыш оталмайды. Қозғалтқыш акселератор педалін басқаннан кейін ғана оталады.

Idling Stop жүйесінің индикаторы

Егер жүйенің жұмысы үшін барлық қажетті шарттар сақталса, аспаптар тақтасында жасыл «Ⓐ» индикаторы жанады.

Егер қажетті шарттар сақталмаса немесе Idling Stop жүйесі өшірілген болса, аспаптар тақтасында сары «Ⓐ» индикаторы жанады.

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары « Ⓐ » индикаторы жыпылықтайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Егер Idling Stop жүйесі оның қауіпсіз жұмыс істеуіне қажетті шарттардың сақталмағанын анықтаса (мысалы, қозғалтқыш тоқтатылған кезде есік ашылады), жүргізуші қозғалтқышты өз бетінше оталдыруы тиіс болады. Аспаптар тақтасында қайтадан сары «Ⓐ» индикаторы жанады. Сонымен бірге аспаптар тақтасындағы дисплейде «Start engine manually» (қозғалтқышты өз бетіңізше оталдырыңыз) хабарламасы пайда болады. Бұл жүйенің ақаулы екенін білдірмейді — жүйені пайдалануды жалғастыра беруіңізге болады.

Функциялық шектеулер

■ Кейбір жағдайларда қауіпсіздік мақсатында жүйе қозғалтқышты жүргізушінің хабарынсыз автоматты түрде оталдыруы мүмкін. Мұндай жағдайлардың кейбірі төменде тізіп келтірілген:

- Автокөлік ылдиға қарай жылжып кетті (Автокөлік жылдамдығы 2 км/сағ-тан көп болуы тиіс).
- Аккумулятор батареясының жеткіліксіз кернеуі.
- Тежеу жүйесінің вакуумдық күшейткішінің жұмысы үшін жеткіліксіз разрядталу.
- Қозғалтқыштағы судың температурасы шекті мәннен асқан кезде оталады.
- Қозғалтқыш автоматты түрде өшірілген кейін 3 минуттан көп уақыт өтті.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Аз уақыттың ішінде Idling Stop жүйесінің көп рет іске қосылуы стартердің қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайда стартердің қорғаныш режимі қосылады. Бұл режимде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру мүмкін емес, бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Біршама уақыттан кейін стартердің температурасы қалыпты деңгейге төмендейді және Idling Stop жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі қалпына келеді.

5-6. Ылдиға түсуді басқару жүйесі (HDC)

Ылдиға түсуді басқару жүйесі (HDC) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

HDC жүйесі тік ылдиға қарай қозғалғанда автокөліктің жылдамдығын бақылаудың есебінен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Егер HDC жүйесі қосулы болса, автокөлік тік ылдиға қарай қозғалған кезде ол 10 км/сағ-тан 35 км/сағ-қа дейінгі (автоматты беріліс қорабы бар автокөлікте) немесе 14 км/сағ-тан 35 км/сағ-қа дейінгі (механикалық беріліс қорабы бар автокөлікте) интервалда жылдамдықты ұстап отырады. Егер автокөліктің

бастапқы қозғалу жылдамдығы жүйе қолдайтын минималды жылдамдықтан төмен болса, онда жүйе әдепкі қалып бойынша осы минималды жылдамдықты ұстап отыратын болады. Автокөліктің ағымдағы жылдамдығын акселератор педалін немесе тежегіш педалін басу арқылы көрсетілген диапазон шегінде көбейтіп-азайтуға болады.

Ылдиға түсуді басқару жүйесінің (HDC) ажыратқышы



Автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ-тан аспаған кезде « » ажыратқышын басыңыз. Осы кезде ажыратқыш пернесіне кіріктірілген индикатор жанады. Жүйе автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ шамасынан асқан кезде автоматты түрде өшеді. Жүйені қолмен өшіру үшін « » ажыратқышын қайта басыңыз, сонда ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор сөнеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тік ылдиға қарай қозғалар алдында HDC жүйесін қосыңыз. Бұл сізге автокөлік тізгінін басқарудан алаңдамауға және екі қолыңызды руль дөңгелегінде ұстауға мүмкіндік береді.
- HDC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда дөңгелектер блокталған жағдайда ABS жүйесі автоматты түрде қосылады.
- Егер HDC жүйесі жұмыс істеп тұрғанда дөңгелектердің қандай да бірі жермен ілініспей қалса, тежеу күші жермен ең жақсы ілінісіп тұрған басқа дөңгелекке қайта үлестіріледі.
- HDC жүйесі ESP жүйесінің көмегімен тежеу механизмдерінің жұмысын басқарады. Жүйе жұмыс істеп тұрғанда өзіне тән гидравликалық дыбыс естілуі мүмкін, бұл қалыпты құбылыс болып табылады. ESP жүйесі ақаулы болған жағдайда HDC жүйесі жұмыс істемейді. Автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

ҚАУІП

Жүргізуші бүкіл сапар барысында автокөлікті басқаруға қажетті барлық әрекеттерді орындауы тиіс.

Басқарылатын еңіс жүйесінің индикаторы (HDC)

Жүйе іске қосылғанда жасыл «» жанады.

Жүйе ақаулы болған жағдайда сары индикатор «» сөнеді.

5-7. Автокөлікті жолақ шегінде ұстап тұру жүйелері

Автокөлікті жолақ шегінде ұстап тұру жүйелері (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Көлік құралын жолақ шегінде ұстап тұру жүйелеріне жолақты ауыстыру туралы ескерту жүйесі (LDW) және жолақпен жүру көмекші жүйесі (LKA) кіреді. Бұл жүйелер жүргізушіге автокөлікті жолақта ұстап тұруға көмектеседі және осылайша жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырады.

Автокөлікті жол қатарында ұстап тұру жүйелерінің ажыратқышы



OMT1D-4060

Бұл жүйені қосу немесе өшіру үшін дисплейдегі LDW жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Жүйе қосулы кезде көк «» индикаторы жанады, ал өшірілген кезде ақ « » индикаторы жанады.

Бұл жүйені қосу немесе өшіру үшін дисплейдегі LKA жүйесінің ажыратқышын басыңыз. Жүйе қосулы кезде көк «» индикаторы жанады, ал өшірілген кезде ақ «» индикаторы жанады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- LDW жүйесі мен LKA жүйесін бір уақытта қосу мүмкін емес.
- Жүйенің камерасы жол таңбасының келесі сызықтарын тани алады: ақ түсті тұтас сызықтар, ақ түсті үзік-үзік сызықтар, сары түсті тұтас сызықтар, сары түсті үзік-үзік сызықтар, сондай-ақ қос тұтас сызықтар.
- Жүйе төмен температуралар жағдайларында және нашар ауа райы жағдайларында (жаңбыр, қар, тұман және т. б.), сондай-ақ камераға әсер ете алатын күшті контрастты жарық түсіп тұрған жағдайда жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе бетон жолмен жүргенде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан жолмен жүргенде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе су басқан немесе бетін балшық жапқан жолмен жүргенде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе тік бұрылыстарда және тар жолдарда жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйенің қалыпты жұмыс істеу қабілеті автокөліктің сол және оң жағында айқын ажыратылатын жолдың екі белгілеу сызығы бар жолдарда ғана қамтамасыз етіледі.
- Егер автокөліктің бір жағында ғана жол таңбасы болса, жүйенің өнімділігі төмендейді.
- Датчиктер өшірулі тұрғанда жүйе жұмыс істемейді.
- Камера жолдың уақытша белгілеу сызығын қабылдап қоюы және жүйенің қажетсіз іске қосылуына алып келуі мүмкін.
- Автокөлік аспасының конструкциясына өзгертулер енгізу жүйенің істемей қалуына алып келуі мүмкін.
- Алдыңғы және артқы датчиктер аймағындағы беттердің тазалығын қадағалаңыз. Олардан кірді, мұзды, құс саңғырығын және жәндіктердің іздерін уақтылы тазалаңыз.


ҚАУІП

- Жүргізуші бүкіл сапар барысында автокөлікті басқаруға қажетті барлық әрекеттерді орындауы тиіс.
- Автокөлікті жолақ шегінде ұстап тұру жүйелері тек көмекші функцияны орындайды. Олар кейбір жол, ауа райы жағдайларында және автокөлікті пайдалану режимдерінде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескерту жүйесі (LDW)

Жол таңбасының сызықтарын тану үшін LDW жүйесі алдыңғы камераны пайдаланады. Егер жүйе автокөліктің жолақтан ауытқып бара жатқанын анықтаса, ол жүргізушіге тиісті ескерту береді және рульдің дірілін қосады.

LDW жүйесін қосу



LDW жүйесі автокөліктің жылдамдығы 65 км/сағ-қа жеткен кезде қосылады. Автокөлік 65 км/сағ-тан 60 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар интервалында баяуласа, LDW жүйесі күту режиміне ауысады. Егер жылдамдық 60 км/сағ шамасынан төмен түсетін болса, LDW жүйесі 3 секундтан кейін өшеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
LDW жүйесінің сезімталдығын аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

Қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескерту жүйесінің (LDW) индикаторы

Жүйе күту режиміне өткенде, аспаптар тақтасында сұр индикатор «» жанады.

Жүйе іске қосылғанда жасыл «» жанады.

Жүйе жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасында сары сигнал «» жыпылықтай бастайды.

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «» тұрақты жанып тұрады.

Функциялық шектеулер


LDW жүйесінің қалыпты жұмысы келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

1. Бір жолақтан келесі жолаққа ауысқан кезде.
2. Жоғары жылдамдықпен бұрылу кезінде.
3. Акселератор педалі тым қатты басылған жағдайда.
4. Тежегіш педалі тым қатты басылған жағдайда.
5. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқанда
6. Бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде.
7. Радиусы шағын бұрылыстан өткен кезде.
8. Егер жол таңбасының сызығы тым тар, үзік-үзік, түсі оңған болса немесе жоқ болса.

Жолақпен жүру көмекші жүйесі (LKA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Жол таңбасының сызықтарын тану үшін LKA жүйесі алдыңғы камераны пайдаланады. Егер жүйе автокөліктің сол және оң жағындағы жол таңбасының сызықтарын анықтаса, ол автокөлікті жолақтың ортасында ұстап тұру үшін руль білігіне түзету әсерін тигізуі мүмкін.

LKA жүйесін қосу



LKA жүйесі автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ-қа жеткенде қосылады. Автокөлік 60 км/сағ-тан 55 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар интервалында баяуласа, LKA жүйесі күту режиміне ауысады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Жүргізуші шұғыл бұрылыстардан өткенде автокөлікті басқаруды толықтай өз қолына алуы тиіс.
- Жолақтар бөлінетін, жолақтар бірігетін және т. с. с. жерлерде жүргізуші автокөлікті басқаруды өз қолына алуы тиіс.
- Күрделі жол жағдайларында (мысалы, жол қиылыстарынан өткенде және кептелістердегі қозғалыста) жүргізуші автокөлікті басқаруды толықтай өз қолына алуы тиіс.

Жолақпен жүру көмекші жүйесінің индикаторы (LKA)

Жүйе күту режиміне өткенде, аспаптар тақтасында сұр индикатор «» жанады.

Жүйе іске қосылғанда жасыл «» жанады.

Жүйе жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасында жасыл индикатор «» жанады.

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «» тұрақты жанып тұрады.

Функциялық шектеулер

■ LKA жүйесінің қалыпты жұмысы келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

1. Бір жолақтан келесі жолаққа ауысқан кезде.
2. Бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде.
3. Қарқынды тежелу кезінде.
4. Жоғары жылдамдықпен бұрылу кезінде.
5. Акселератор педалі тым қатты басылған жағдайда.
6. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосқанда
7. Егер LKA жүйесі белгілі бір уақыт ішінде жүргізуші рульді бұрмағанын анықтаса
8. Егер LKA жүйесі руль білігіне түзету әсерін беріп жатқан кезде жүргізуші руль дөңгелегін бұрса.

■ Төменде тізімі берілген жағдайларда LKA жүйесін қолданбаңыз. Әйтпесе, сіз көлікті басқара алмай, ауыр жарақат немесе адам өлімі орын алатын жол-көлік оқиғасына тап болуыңыз мүмкін.

1. Жол жабынының сапасы төмен жолмен жүру.

2. Жол жұмыстары жүргізіліп жатқан жолмен жүру.
3. Жиі бұрылыстары бар жолмен жүру.
4. Тәуліктің қараңғы уақытында немесе нашар жарықтандырылатын жерде жүру.
5. Спорттық стильде жүру.
6. Қолайсыз ауа райы жағдайларында жүру (жаңбыр, қар, тұман және т. б.)


5-8. Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BSD)

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BSD) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

BSD жүйесі сіздің автокөлігіңіздің артқы сол жақ немесе оң жақ бортына қарай жақындап келе жатқан көлік құралдарын анықтау және жүргізушіге сәйкес ескертулер беру қызметін атқарады. Бұл автокөлікті басқару қауіпсіздігін және қозғалыс жолағын ауыстыру қауіпсіздігін жоғарылатады. Бұл жүйеге сонымен қатар жолақ ауыстыру кезіндегі көмек жүйесі (LCA), жабылмаған есік туралы ескерту жүйесі (DOW), артқы жағынан көлденең бағытта объектінің жақындауы туралы ескерту жүйесі (RCTA) және басқа да жүйелер кіреді.

⚠ ҚАУІП
BSD жүйесі тек көмекші қызмет атқарады. Олар кейбір жол, ауа райы жағдайларында және автокөлікті пайдалану режимдерінде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

«Көзден таса» аймақтарды бақылау жүйесін (BSD)/жолақ ауыстыру кезіндегі көмек жүйесін (LCA) қосу



BSD жүйесі автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ-қа жеткен кезде қосылады. Автокөлік 15 км/сағ-тан 10 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар интервалында баяуласа, BSD жүйесі күту режиміне ауысады.

1 BSD жүйесінің әрекет ету аймағы

2 Басқа көлік құралы BSD жүйесінің әрекет ету аймағына жақындап келеді

Бірінші деңгей: егер әрекет ету аймағына басқа көлік құралы келіп кірсе және ескертудің берілуіне қажетті шарттар сақталса, бірінші деңгей ескертуі беріледі. Артқы көрініс айнасында сары түсті «» индикаторы жанады, ал аспаптар тақтасында «» индикаторы жанады.

Екінші деңгей: егер бірінші деңгей ескертуі берілгеннен кейін жүргізуші жақындап келе жатқан көлік құралы тарапындағы бұрылыс көрсеткіштерін қосса, екінші деңгей ескертуі беріледі. Артқы көрініс айнасындағы сары түсті «» индикаторы жыпылықтай бастайды, ескертуші дыбыс сигналы беріледі және аспаптар тақтасында сары түсті «» индикаторы жыпылықтай бастайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- BSD жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.
- BSD жүйесі қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйіне қойылған кезде автоматты түрде қосылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- BSD/LCA жүйесі жолдағы немесе жол жиегіндегі қозғалыссыз объектілерге (тосқауыл қоршаулар, туннельдер, қабырғалар және тұраққа қойылған автокөліктер секілді) жауап әрекет етуі мүмкін.
- Тіркеме сүйрегенде немесе автокөлікке велосипедтер тасымалдауға арналған артқы жүксалғыш секілді қосымша жабдық орнатылған жағдайда BSD жүйесін өшіріп қойыңыз. Әйтпесе жүйе дұрыс істемеуі мүмкін, себебі датчиктердің радиотолқындары экрандалатын болады.
- Артқы бампердегі және ультрадыбысты датчиктердің жанындағы қалың қар немесе мұз қабаты, сондай-ақ қар басқа жолда ұзақ жүру BSD жүйесінің істемей қалуына алып келуі мүмкін.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің (BSD) индикаторы

Бірінші деңгейдегі ескерту берілгенде аспаптар тақтасында жасыл «» индикаторы жанады, ал екінші деңгейдегі ескерту берілгенде аспаптар тақтасында сары «» индикаторы жыпылықтайды.

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «» тұрақты жанып тұрады.

Жабылмаған есік туралы ескерту жүйесі (DOW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы OFF/ACC/ON күйінде болса, автокөлік қозғалыссыз тұрса және оған сол немесе оң жақтан басқа көлік жақындаса, онда DOW жүйесі жүргізуші немесе жолаушылар есікті ашуға тырысса, ескертуші дыбыс сигналын қосады. Бұл көліктен шыққан кезде апатты болдырмауға көмектеседі.


Бірінші деңгей: егер әрекет ету аймағына басқа көлік құралы келіп кірсе және ескертудің берілуіне қажетті шарттар сақталса, бірінші деңгей ескертуі беріледі. «» Автокөліктің тиісті жағындағы сыртқы артқы көрініс айнасында қызғылт сары «» индикаторы жанады, сондай-ақ артқы есіктің қаптамасында индикатор жанады.

Екінші деңгей: егер бірінші деңгейдегі ескерту берілгеннен кейін есік ашық болса, екінші деңгейдегі ескерту беріледі. Автокөліктің тиісті жағындағы артқы көрініс айнасындағы сары «» индикаторы жыпылықтай бастайды, артқы есіктің қаптамасында «» индикаторы жанады және ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


DOW жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

Жолға артқы жүріспен шығу кезінде қауіп-қатер туралы ескерту жүйесі (RCTA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Егер қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде тұрса және автокөлік артқа жүріп жатса (селектор тұтқасы R күйінде тұрса), RCTA жүйесі автокөлікке оң және сол жақтан басқа көлік құралдарының жақындауын бақылайды. Егер мұндай көлік құралдары анықталса, артқы көрініс айнасында «» индикаторы жыпылықтай бастайды және ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

Арт жақтан соққы туралы ескерту жүйесі (RCW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде болса және автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ мәніне жетсе немесе одан асса, онда артқы жақтан басқа көлік құралы жылдам жақындаған кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосылады және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


RCW жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

5-9. Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB)/ бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW)

Автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB)/ бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі (FCW) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Егер алдыңғы жақта орналасқан көлік құралымен соқтығысу қаупі немесе жаяу жүргіншіні қағып кету қаупі бар болса, AEB, жүйесі FCW жүйесімен бірге әрекет ете отырып, жүргізушіге сәйкес ескерту береді. Егер жүргізуі бұл ескертуге уақтылы жауап әрекет етпесе, жүйе автоматты тежелуді іске қосады да, соқтығысудың ауырлығын азайтады.

AEB/FCW жүйесін белсендіру



1. Соқтығысудың алдында ескертудің беріле бастауы
2. Соқтығысудың алдында алдын ала тежелудің басталуы
3. Соқтығысудың алдында шұғыл тежелудің басталуы
4. Егер жүргізуші дұрыс жауап әрекет етсе (мысалы, маневр жасаудың есебінен соқтығысуды болдырмайды), шұғыл тежелу қолданылмайды.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

AEB/FCW жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы арқылы баптауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аудиожүйе» бөлімін қараңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ-тан аспаса, FCW жүйесі ескерту бермейді. Егер автокөлік жылдамдығы 85 км/сағ-тан асса, FCW жүйесі қозғалыссыз кедергі анықталған жағдайда ескертулер бермейді.
- AEB жүйесі автокөліктің 4 км/сағ-тан 53 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар диапазонында қозғалыссыз тұрған көлік құралдарын анықтауға қабілетті. Қозғалып бара жатқан көлік құралдарын жүйе автокөліктің 4 км/сағ-тан 80 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар диапазонында анықтайды. AEB жүйесі автокөліктің 4 км/сағ-тан 64 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар диапазонында жаяу жүргіншілер мен велосипедшілерді анықтауға қабілетті.
- Жүргізуші қауіпсіздік белбеулерінің тағылған, ал есіктердің жабық болуын қадағалауы тиіс. Әйтпесе, AEB жүйесі жұмыс істемейді.
- ESP, FCW және AEB жүйелері қосылып тұруы тиіс. Әйтпесе, FCW және AEB жүйелері жұмыс істемейді.
- Егер аспаптар тақтасында сары индикатор «» жанса, мүмкіндігінше тезірек ресми дилердің сервис станциясына автокөлікті тексеру және жөндеу үшін хабарласыңыз.
- Автоматты шұғыл тежеу жүйесі автокөлікті тоқтатқаннан кейін ұстап тұрмайды. Жүргізуші бұны өзі істеуі тиіс.
- Егер AEB жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізуші руль дөңгелегін тез бұратын немесе акселератор педалін қатты басатын болса, AEB жүйесі өшеді.

⚠ ҚАУІП

- Жүргізуші бүкіл сапар барысында автокөлікті басқаруға қажетті барлық әрекеттерді орындауы тиіс.
- АЕВ жүйесі тек көмекші қызмет атқарады. Олар кейбір жол, ауа райы жағдайларында және автокөлікті пайдалану режимдерінде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.
- АЕВ жүйесі көлік құралдарының келесідей типтеріне әрекет етеді: жеңіл автокөліктер, автобустар, жүк автокөліктері. Жүйенің конструкциясы стандартты емес автокөліктерді (цемент тасығыш, шассиі биік немесе аласа арнайы автокөліктер) анықтау қабілеті шектеулі.
- Жаяу жүргіншілерді АЕВ жүйесі жүрген кездегі адам денесінің өзіне тән қимылдары (басының теңселуі, қолдары мен аяқтарының қозғалуы) бойынша таниды. Егер жаяу жүргінші автокөліктің қозғалу жолағына перпендикуляр жүріп бара жатса, АЕВ жүйесі оны кедергі ретінде тануы мүмкін. Бұл ретте жүйе автокөліктің қозғалыс жолағына параллель жүріп бара жатқан немесе камерадан қандай да бір объектімен жасырылған жаяу жүргіншілерді танымайды.
- АЕВ жүйесі велосипедшілерді адам денесі мен велосипедтің сұлбасы бойынша, сондай-ақ велосипедшіге тән қимылдарынан таниды. Егер автокөлікке қарсы қозғалып келе жатса, АЕВ жүйесі велосипедшіні тани алмайды.
- АЕВ жүйесі басқа көлік құралдарын, велосипедшілер мен жаяу жүргіншілерді барлық уақыт бірдей тани алмайды. Сонымен бірге АЕВ жүйесі бірқатар себептерге байланысты автоматты тежелуді қажетсіз жерде қолдануы немесе іске қосылмай қалуы мүмкін. АЕВ жүйесі тек соқтығысудың ауырлығын төмендетуге арналған. Ол барлық уақыт бірдей көрсетілген жылдамдықтар диапазонындағы соқтығысудың алдын ала алмайды.

Автоматты шұғыл тежеу жүйесін (АЕВ) пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

1. АЕВ жүйесінің шектеулері бар және сіздің автокөлігіңізге әсер ететін физика заңдарының шегінен аса алмайды. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.
2. Жүргізуші ауа райы жағдайларын, жол төсемінің күйін есепке ала отырып, қауіпсіз жылдамдықты және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қашықтықты ұстап отыруы тиіс.
3. АЕВ жүйесі көлденең және қарсы бағытта жүріп бара жатқан көлік құралдарына, сондай-ақ жаяу жүргіншілерге, велосипедшілер мен жануарларға жауап әрекет етпейді.
4. Жүйенің жұмысқа қабілеттілігі басқа көлік құралы сіздің автокөлігіңіздің алдындағы қозғалыс жолағына тез ауысып келген жағдайда немесе сіздің автокөлігіңіз қозғалыс жолағын ауыстырғанда немесе бұрылыстан өткенде жүйе алдыда жүріп бара жатқан бір көлік құралынан екінші көлік құралына ауысқан жағдайда елеулі түрде шектеледі.
5. АЕВ жүйесі іске қосылған кездегі қауіп деңгейін азайту үшін жүргізуші және жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы, ал бүкіл жүк бекітілген болуы тиіс.
6. АЕВ жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары индикатор «» жанады. Мұндай жағдайда автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгіну қажет.

7. Автокөлікті тежегіш стендінде тексермес бұрын FCW және AEB жүйелерін өшіріп қою қажет.
8. Автокөлік шағын өлшемді қосалқы дөңгелек орнатқаннан кейін FCW және AEB жүйелерін өшіріп қою қажет. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте шағын өлшемді қосалқы дөңгелекті толық өлшемді стандартты дөңгелекке алмастырып алыңыз.
9. Кейбір жағдайларда (мысалы, темір жолдан өткенде, жерасты тұрақжайына кіргенде және т. с. с.) AEB жүйесі жалған іске қосылуы (ескертулер беруі немесе тежеуі) мүмкін. Кейбір жағдайларда (туннель ішімен қозғалғанда, қарсы келе жатқан көліктің фаралары жарығының әсерінен немесе дымқыл не мұз басқан жолдан жарықтың шағылысуының нәтижесінде) датчиктердің жұмысқа қабілеттілігі төмендеуі мүмкін.
10. Автокөліктің алдыңғы бөлігіне радиолокациялық датчик орнатылған, ал артқы әйнектің артында камера орналасқан. Датчиктің және камераның алдының ластанбауын қадағалаңыз. Автокөліктің алдыңғы бөлігінің конструкциясына, мысалы, тіркеу белгісінің жақтауын және т. б. орнату арқылы өзгертулер енгізбеу қажет. Егер датчиктің беті толық жабылып қалса (мысалы, қармен), жүйе өшіп қалады. Соқтығысулар кезінде алынған дірілдердің немесе соққылардың салдарынан AEB жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі төмендеуі немесе толықтай жойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте датчикті қайтадан калибрлету үшін ресми дилердің сервистік станциясына жүгіну қажет.

Жоғарыда AEB жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін факторлардың бәрі бірдей келтірілмеген. AEB жүйесі басқа себептермен де істемей қалуы мүмкін. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.


5-10. Кептелістегі қозғалысқа көмек көрсету жүйесі (TJA)/жолақтың ортасында автокөлікті ұстап тұру жүйесі (ICA)

Кептелістегі қозғалысқа көмек көрсету жүйесі (TJA)/жолақтың ортасында автокөлікті ұстап тұру жүйесі (ICA) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)


Сипаттамасы

Алдыңғы камераның көмегімен TJA/ICA жүйесі көліктің көкжиек сызығын және оған қатысты автокөлік күйін анықтайды. Осы мәліметтерге сүйене отырып, жүйе монотонды жүргізу кезінде немесе көлік кептелісінде қозғалу кезінде жүргізушіге жүктемені азайта отырып, автокөліктің басқару органдарына түзету әсерін тигізеді. Бұл жүйе соқтығысудың алдын алудың интеллектуалды жүйесін (IES) қамтиды.

TJA/ICA жүйесін белсендіру



TIA/ICA жүйесін аудиожүйенің бас құрылғысы « » арқылы қосуға болады. Бұл ретте ACC жүйесі де автоматты түрде қосылады және аспаптар тақтасында сұр индикатор «» жанады. Егер ACC жүйесін қосу үшін барлық шарттар сақталса, SET түймесін басыңыз. ACC жүйесі қосылып, алдыңғы камера жол таңбасы мен басқа көлік құралдарын анықтай бастайды. Барлық қажетті шарттар сақталғанда, аспаптар тақтасында жасыл индикатор « » жанады.



TJA жүйесі автокөліктің 60 км/сағ шамасынан аспайтын жылдамдығында жұмыс істейді. Бұл жүйе автокөлікті қозғалыс жолағының ортасында ұстап отыруға арналған. Егер жүйе жол таңбасы сызықтарын тани алмаса, ол алда жүріп бара жатқан көлік құралына бағытталады. Егер жол таңбасы сызықтары мен алда жүріп бара жатқан көлік құралы болмаса, TJA жүйесі өшеді.

ICA жүйесі автокөліктің 60 км/сағ-тан 130 км/сағ-қа дейінгі жылдамдықтар диапазонында жұмыс істейді. Бұл жүйе автокөлікті қозғалыс жолағының ортасында ұстап отыруға арналған. Егер ICA жүйесі жол таңбасы сызықтарын тани алмаса, ол алда жүріп бара жатқан көлік құралының бар-жоғына қарамастан өшеді.

Функциялық шектеулер

■ TJA/ICA жүйесінің қалыпты жұмысы келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

1. Жүргізуші қолын рульден алып тастады.
2. Жүргізуші бұрылыс сигналдарын қосты.
3. Автокөліктің жылдамдығы 1 км/сағ шамасынан төмен
4. Жүргізуші апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосты
5. Жол таңбасының анықталған сызықтары жоқ.
6. Қозғалыс жолағы тым кең немесе тым тар.
7. Бұрылыстың қисықтығы тым үлкен.
8. Жүргізуші рульді қарқынды айналдырып жатыр.
9. ACC жүйесін өшіру шарттары бар.

⚠ ҚАУІП

- Жүргізуші бүкіл сапар барысында автокөлікті басқаруға қажетті барлық әрекеттерді орындауы тиіс.
- TJA/ICA жүйесі тек қосымша функцияларды орындайды. Ол кейбір жол, ауа райы жағдайларында және автокөлікті пайдалану режимдерінде тиісінше жұмыс істемеуі мүмкін.

Кептелістегі қозғалысқа көмек көрсету жүйесін (TJA)/жолақтың ортасында автокөлікті ұстап тұру жүйесін (ICA) пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

1. TJA/ICA жүйесі — жүргізушіге көмек көрсету жүйесі. Оның шектеулері бар және сіздің автокөлігіңізге әсер ететін физика заңдарының шегінен аса алмайды. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.
2. TJA/ICA бойлық бағытта бақылау үшін ACC жүйесін, ал көлденең бағытта басқару үшін LKA жүйесін пайдаланады. TJA/ICA жүйесін пайдаланған кезде ACC және LKA жүйелерін пайдаланған кездегі сақтық шараларын сақтаңыз.
3. TJA/ICA жүйесі автоматты тежеуді қамтамасыз етпейді және қолы рульде жоқ жүргізушіге автокөлікті жүргізуге мүмкіндік бермейді. Бұрылыстарда бұрылғанда, жол қиылыстарынан өткенде, қозғалыс жолақтары біріккенде және өз автокөлігінің алдындағы қозғалыс жолағына басқа көлік құралы ауысып келгенде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жүргізуші әрдайым автокөлікті бақылауда ұстап отыруы тиіс.
4. TJA/ICA жүйесінің жұмысына ауа райы, жарық деңгейі және жол таңбасы сызығының сапасы әсер етеді. Фондық жарықтандыру нәтижесінде, күн батқанда, қараңғы уақытта, дымқыл немесе мұз басқан жолдан жарық шағылысқан кезде немесе тозу нәтижесінде жол таңбалары сызықтары анық емес көрінгенде жүйенің жұмысқа жарамдылығы айтарлықтай нашарлауы немесе толығымен жоғалуы мүмкін.
5. TJA/ICA жүйесі ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары түсті «» индикаторы жанады. Мұндай жағдайда автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгіну қажет.

Жоғарыда жүйенің жұмысына әсер етуі мүмкін факторлардың бәрі бірдей келтірілмеген. Жүйе басқа себептермен де істемей қалуы мүмкін. Жүргізуші үнемі автокөлікті бақылауда ұстауы тиіс және бұған толық жауапкершілік көтереді.

5-11. Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS)

Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS) (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

TPMS жүйесі белсенді қауіпсіздік жүйесі болып табылады. Ол нақты уақыт режимінде шиналардағы ауаның қысымы мен температурасын қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Сәйкес ақпарат ақпараттық дисплейде көрсетіледі. Шиналардағы ауаның қысымы тым төмен, сондай-ақ шиналардың температурасы тым жоғары болған жағдайда TPMS жүйесі жүргізушіге сәйкес ескерту береді.



« OK » түймесінің жоғарғы немесе төменгі жағын басқанда автокөлікті жүргізу туралы ақпарат экранына шиналардағы ауа қысымы мен температурасының мәндері шығарылады.

Автокөлік 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен біршама уақыт жүргеннен кейін шиналардағы ауаның қысымы мен температурасы аспаптар тақтасының дисплейінде нақты уақыт режимінде көрсетілетін болады. Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйінен ON күйіне ауыстырғаннан кейін (егер аккумулятор батареясы өшірілмеген болса) шиналардағы ауаның қысымы мен температурасы аспаптар тақтасының дисплейіне де шығарылады.

Егер автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан асқаннан кейін TPMS жүйесі бірнеше минут бойы бір не бірнеше датчиктен радиосигнал алмаса, ол жүргізушіге ақаулық туралы ескерту береді. Бұл кезде аспаптар тақтасында сары сигнал «(!)» жыпылықтай бастайды. Ол 75 секунд жыпылықтап тұрады, содан кейін тұрақты жарықпен жанады. Дисплейде «Abnormal Tire Pressure, Check TPMS» (Шиналарда рұқсат етілмеген ауа қысымы. TPMS жүйесін тексеріңіз) хабарламасы пайда болады. 5 секундтан кейін ол жоғалады, алайда сіз оны кейінірек қарап көре аласыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Автокөлік TPMS жүйесімен жабдықталған болса да, жүргізуші әр сапар алдында шиналарды визуалды тексеруден өткізіп, ондағы ауа қысымын бақылауы керек. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін қажет болса ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Шиналардағы төмен ауа қысымы туралы ескерту



Егер шиналардағы ауа қысымы 1,84 бардан төмен түсіп кетсе және автокөлік осы кезде біршама уақыт 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен қозғалса, жүйе шиналардағы төмен ауа қысымы туралы ескерту береді. Шиналардағы ауа қысымының төмендігі туралы ескерту берілген кезде тиісті дөңгелектің символы жыпылықтайды, шинадағы ауа қысымының ағымдағы мәні көрсетіледі және аспаптар тақтасында сары сигнал «(!)» жанады.

Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйінен ON күйіне ауыстырғаннан кейін шиналардағы ауа қысымы 1,84 бардан кем болса, жүйе шиналардағы төмен ауа қысымы туралы ескерту береді. Шиналардағы ауа қысымының төмендігі туралы ескерту берілген кезде тиісті дөңгелектің символы жыпылықтайды, шинадағы ауа


қысымының ағымдағы мәні көрсетіледі және аспаптар тақтасында сары сигнал «» жанады.

Шиналардағы ауа қысымы түсіп кеткен жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте оны 2,3 барға жеткізіп алыңыз. Осыдан кейін автокөлік белгілі уақыт ішінде 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен жүріп өткеннен кезде ескерту автоматты түрде өшеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шиналардағы ауаның жеткіліксіз қысымы жоғары отын шығынына және шиналардың шектен тыс тозуына алып келеді. Шектен тыс тозудан шина жарылып кетуі мүмкін. Шинадағы ауа қысымының төмендеу себебін анықтау қажет. Автокөлікті тексеру және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Шинаның жоғары температурасы туралы ескерту



OMT1D-4102

Егер шиналардағы ауа температурасы 85 °C-тан асса және автокөлік біршама уақыт 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен қозғалса, жүйе шиналардағы жоғары температура туралы ескерту береді. Шиналардағы ауаның жоғары температурасы туралы ескерту берілген кезде тиісті дөңгелектің символы жыпылықтайды, шинадағы ауа температурасының ағымдағы мәні көрсетіледі және аспаптар тақтасында сары сигнал «» жанады.

Егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйінен ON күйіне ауыстырғаннан кейін шиналардағы ауа қысымы 85 °C-тан асатын болса, жүйе шиналардағы жоғары ауа температурасы туралы ескерту береді. Шиналардағы ауаның жоғары температурасы туралы ескерту берілген кезде тиісті дөңгелектің символы жыпылықтайды, шинадағы ауа температурасының ағымдағы мәні көрсетіледі және аспаптар тақтасында сары сигнал «» жанады.

Шиналардағы ауа температурасы 80 °C-тан төмен түскенде автокөлікпен 30 км/сағ-тан асатын жылдамдықпен біршама уақыт бойы жол жүру шиналардағы жоғары ауа температурасы туралы ескертудің автоматты түрде өшірілуіне алып келеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер жүйе шинаның жоғары температурасы туралы ескерту берсе, автокөлікті тоқтатыңыз және шиналарды суытып алыңыз. Шиналардың температурасы жоғары болған жағдайда оларды сумен суытуға тырыспаңыз. Шиналарға зақым келуі мүмкін, бұл өз кезегінде жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін. Автокөлікті тексеру және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Функциялық шектеулер

Төменде TPMS жүйесімен ескерту берудің мүмкін себептері келтірілген:

1. Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін (қосалқы дөңгелекті орнатуды қоса алғанда) TPMS жүйесін үйрету рәсімі орындалмаған.
2. TPMS жүйесінің датчиктеріне дөңгелектерге орнатылған сырғытпайтын шынжырлардан туындайтын электрмагнитті кедергілер әсер етуі мүмкін. Бұл кедергілер жүйенің қалыпты жұмысына бөгет болады.
3. TPMS жүйесінің дөңгелек датчиктері немесе басқа компоненттері зақымдалған. Бұл жағдайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте тексерту және жөндету үшін автокөлікті ресми дилердің сервистік станциясына жеткізу қажет.
4. Сондай-ақ TPMS жүйесі автокөлікке орнатылған штаттық емес электронды жабдыққа да байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Ол жүйенің жалған ескертулер беруіне алып келуі мүмкін.
5. TPMS жүйесі радиожиілікті кедергілерге байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. TPMS жүйесінің жұмысына дәл осындай жиіліктегі (433 МГц) күшті электрмагнитті радиосигналдар әсер етуі мүмкін.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Радиокедергілердің ең көп таралған көздеріне ішкі жану қозғалтқыштары, деректер тіркегіштері, ауа тазартқыштар, кіру жүйелерінің карталары, қашықтан басқару пульттері, ұялы байланыс операторларының базалық станциялары, телемұнаралар және т. б. жатады.

5-12. Тұраққа қою көмекші жүйесі

Артқы көрініс мониторы (RVC)

Артқы көрініс мониторы камералардан алынған автокөлік артындағы кеңістіктің кескінін аудиожүйе дисплейіне шығарады және оның бетіне болжалды траектория сызықтарын қыстырады, бұл автокөлікті тұраққа қоюды жеңілдетеді және қауіпсіз етеді.

Пайдалану тәсілдері



Дисплейге артқы шолу мониторын және болжамды траектория сызықтарын шығару үшін селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз. Болжалды траектория сызықтары руль дөңгелегінің бұрылу бұрышына байланысты өзгереді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Экранда көрсетіліп тұрған кедергіге дейінгі қашықтықты тек анықтамалық шама ретінде ғана қолданыңыз (әсіресе жолдың көлбеу беткейіне жақындағанда).
- Габариттік сызықтар мен болжалды траектория сызықтары автокөлікпен салыстырғанда ендірек.
- Камера объективін балшықтан немесе қардан тазалаған кезде оны сырып алмау үшін абай болыңыз.
- Өлшемі стандартты емес шиналар орнатылған жағдайда экрандағы болжалды траектория сызықтары автокөліктің іс жүзіндегі қозғалу траекториясынан ауытқуы мүмкін. Мұндай жағдайда артқы көрініс айналарын пайдалану және кедергілерге дейінгі қашықтықты визуалды түрде анықтау қажет.


⚠ ҚАУІП

- Артқы жүріспен қозғалысты бастамас бұрын жүксалғыш есігінің толық жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Дисплейдегі кескінге қарау назарыңызды автокөлікті басқарудан бұрып әкетпеуін қадағалаңыз.
- Камераның шолу бұрышының шектеулі болуына байланысты экранда бампердің шеттеріндегі және астындағы кеңістік көрсетілмейді.
- Артқы жүріспен жүрген кезде балалардың, кішкентай жануарлардың және шағын өлшемді кедергілердің бар-жоғына ерекше назар аударыңыз, себебі камера оларды барлық уақыт анықтай бермеуі мүмкін.
- Артқы камераның объективі кең бұрышты болғандықтан, артқы көрініс мониторында көрсетілетін кедергіге дейінгі қашықтық пен іс жүзіндегі қашықтықтың арасында айырмашылық болады.
- Камераның объективін соққылардан сақтаңыз. Камера жоғары дәлдікті құрылғы болып табылады. Бұл талапты сақтамау камераның ақаулығына, оның жануына немесе қысқа тұйықталуға алып келуі мүмкін.
- Автокөлікті жоғары қысымды сумен жуған кезде су арынын камераға бағыттамаңыз. Әйтпесе, су камераның ішіне кіріп, оның объективінде конденсат түзеді. Бұл камераның ақаулығына, оның жануына немесе қысқа тұйықталуға алып келуі мүмкін.
- Артқы көрініс мониторы автокөлікті басқаруды жеңілдетеді, алайда оны пайдалану жүргізушіні артқы жүріспен жүру кезінде қалған барлық қажетті әрекеттерді орындау міндетінен босатпайды. Артқы жүріспен қозғалуды бастамас бұрын бұл маневрдің қауіпсіздігіне көз жеткізіп алу үшін артқа бұрылып қараңыз. Артқы жүріспен төмен жылдамдықпен қозғалу қажет.
- Артқы көрініс камерасының объективі кескінді ұлғайтып және бұрмалап көрсетеді, сондықтан дисплейдегі көрініс пен шынайы көріністің арасында айырмашылық болады. Сонымен бірге көзден таса аймақтар бар және кескінді дисплейге шығарарда кішігірім іркілу болады.


Айнала шолу мониторы (AVM)(автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)

Айнала шолу мониторы төрт камерадан алынған автокөлік айналасындағы кеңістіктің кескінін аудиожүйе дисплейіне шығарады және оның бетіне болжалды траектория сызықтарын қыстырады, бұл автокөлікті тұраққа қоюды жеңілдетеді және қауіпсіз етеді.


Камералардың орналасқан жері



Алдыңғы камера радиатордың қаптауышында орналасқан.




Сол және оң жақ камералар сыртқы артқы көрініс айналарының астыңғы бөлігінде орналасқан.



Артқы камера жүксалғыш есігінің ортасында артқы тіркеу белгісінің үстінде орналасқан.

Пайдалану тәсілдері



Қозғалтқышты оталдыру ажыратқышы ON күйінде тұруы, ал автокөліктің жылдамдығы 20 км/сағ-тан аспауы тиіс.

1-тәсіл. Айнала шолу мониторын қосу үшін селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз. Айнала шолу мониторы селектор тұтқасы R (артқа жүру) күйінен шығарылғаннан кейін 15 секундтан соң автоматты түрде өшеді.

2-тәсіл. Айнала шолу мониторын қосу үшін «AVM» ажыратқышын басыңыз (бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады). Айнала шолу мониторын қосу үшін « AVM » ажыратқышын қайта басыңыз (ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор сөнеді).

3-тәсіл. Айнала шолу мониторы бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде қосылады (ол үшін айнала шолу мониторының баптауларында сәйкес функция қосулы болуы тиіс). Бұрылыс көрсеткіштері өшірілгеннен кейін айнала шолу мониторы өшеді.


4-тәсіл. Айнала шолу мониторы руль дөңгелегін үлкен бұрышқа бұрған кезде қосылады (ол үшін айнала шолу мониторының баптауларында сәйкес функция қосулы болуы тиіс).

Ескертпе: егер қозғалтқышты оталдыру ажыратқышын OFF күйіне ауыстырсаңыз, сондай-ақ автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан асса, айнала шолу мониторы автоматты түрде өшеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Айнала шолу мониторы автокөлікті басқаруды жеңілдетеді, алайда бұл ретте жүргізуші дисплейдегі кедергі кескіні мен кедергіге дейінгі көрсетіліп тұрған қашықтықтың және іс жүзіндегі кескін мен қашықтықтың арасында айырмашылық болатынын ұмытпауы тиіс. Сонымен бірге көзден таса аймақтар бар және кескінді дисплейге шығарарда кішігірім іркілу болады. Сондықтан айнала шолу мониторы жүргізушіні жағдайды өз бетінше бағалау және барлық қажетті әрекеттерді орындау міндетінен босатпайды. Жүргізуші айналадағы мән-жайды қадағалауы және автокөлікті айнала шолу мониторы қосулы тұрғанда да, өшірулі тұрғанда да абайлап жүргізуі тиіс.

Көріністерді ауыстырып қосу



OMT1D-4124

Айнала шолу мониторын қосыңыз. Айнала шолу мониторын баптау режимінен шығу үшін «Артқа» түймесін басыңыз.

Айнала шолу мониторын қосыңыз. 2D және 3D режимдері арасында ауысу үшін 2D/3D түймесін басыңыз.

Айнала шолу мониторын қосыңыз. Экранға алдыңғы/артқы кең бұрышты көрініс шығару үшін алдыңғы/артқы кең бұрышты көрініс түймесін басыңыз.

Айнала шолу мониторын қосыңыз. Тиісті көріністе ауысу үшін «●» түймесін басыңыз.

Айнала шолу мониторын қосыңыз. Айнала шолу мониторының баптауларына өту үшін экранның оң жағындағы жылдам әрекет түймесін басыңыз.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Айнала шолу мониторы автокөлікті тұраққа қоюды және оны қауіпсіз басқаруды айтарлықтай жеңілдетеді. Айнала шолу мониторының жұмысымен танысу үшін бәрінен де кедергілерінің саны аз ашық кеңістіктер жақсы жарайды.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Камера объективін балшықтан немесе қардан тазалаған кезде оны сырып алмау үшін абай болыңыз.
- Камера объективінің үстіне бөтен заттар қоймаңыз.
- Айнала шолу мониторында көрсетіліп тұрған кедергіге дейінгі қашықтықтың іс жүзіндегі қашықтықтан айырмашылығы болады.
- Айнала шолу мониторын пайдаланбас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарының жұмыс күйінде және жүксалғыш есігінің толық жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Айнала шолу мониторы зауыттық жағдайларда калибрленген. Кез келген рұқсат етілмеген камераларды монтаждау немесе демонтаждау әрекеттері, сондай-ақ олардың күйін өзгерту айнала шолу мониторының жұмысына әсер етеді.
- Айнала шолу мониторы автокөлікті басқаруды жеңілдетеді, алайда бұл ретте жүргізуші дисплейдегі кедергі кескіні мен кедергіге дейінгі көрсетіліп тұрған қашықтықтың және іс жүзіндегі кескін мен қашықтықтың арасында айырмашылық болатынын ұмытпауы тиіс. Сонымен бірге көзден таса аймақтар бар және кескінді дисплейге шығарарда кішігірім іркілу болады. Сондықтан айнала шолу мониторы жүргізушіні жағдайды өз бетінше бағалау және барлық қажетті әрекеттерді орындау міндетінен босатпайды. Жүргізуші айналадағы мән-жайды қадағалауы және автокөлікті айнала шолу мониторы қосулы тұрғанда да, өшірулі тұрғанда да абайлап жүргізуі тиіс.

Жүйе баптауы



OMT1D-4125

[AVM Start Animation] (айналмалы шолу мониторының негізгі экраны). Негізгі экранға өту үшін осы тармақты таңдаңыз. Айнала шолу мониторын бірінші рет қосқан кезде дисплейге айнала шолу мониторының бас экраны шығарылады.

[Auto Zoomin View] (автоматты масштабтау). Автоматты масштабтауды қосу үшін осы тармақты таңдаңыз. Экрандағы кескіннің масштабы кедергіге дейінгі қашықтыққа байланысты автоматты түрде өзгереді.

[Door Opening Indication] (есікті ашу индикациясы). Ашық есік жағында орналасқан камерадан кескінді дисплейге шығару үшін осы тармақты таңдаңыз. Есіктегі камерадан кескінді дисплейге алдыңғы сол немесе алдыңғы оң есікті ашу арқылы да шығаруға болады.

[Vehicle Trajectory] (болжамды траектория сызықтары). Дисплейге болжамды траектория сызықтарын шығару үшін осы тармақты таңдаңыз. Дисплейге статикалық/динамикалық болжамды траектория сызықтарын, сондай-ақ автокөліктің габариттік сызықтарын селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйіне ауыстыру арқылы шығаруға болады.

[License Plate Number Display] (артқы тіркеу белгісінің үстіндегі камерадан кескін). Тіркеу белгісінің үстінде орналасқан камерадан кескінді дисплейге шығару үшін осы тармақты таңдаңыз.


[Parking Radar Display] (тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесінің дисплейі). Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесінің экранын дисплейге шығару үшін осы тармақты таңдаңыз.

[Default Setting Restoring] (зауыттық баптауларды қалпына келтіру). Зауыттық баптауларды қалпына келтіру үшін осы тармақты таңдаңыз.

Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін

Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі автокөліктің алдыңғы және артқы жағындағы кедергілерді анықтауға қызмет етеді. Бұл үшін жүйе 4 немесе 8 ультрадыбыстық датчикті пайдаланады (автокөлік модификациясына байланысты). Жүйе жүргізушіге кедергіге дейінгі қашықтық туралы дыбыстық сигналдар және аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейіндегі кескін арқылы хабарлайды. Бұл автокөлікті тұраққа қоюды жеңілдетеді және оны қауіпсіз етеді.

Тұраққа қою кезінде сигнал беру жүйесінің ажыратқышы (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін)



Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесін қосу үшін «P» ажыратқышын басыңыз (бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады). Егер селектор тұтқасы R (артқа жүру) күйінде болмаса, тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесін өшіру үшін « P » ажыратқышын қайта басыңыз.

Ескертпе: егер тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі қосулы кезде автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ-тан асса, ажыратқыш пернесіне орнатылған «P» индикатор сөнеді және тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі өшеді. Автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ-тан төмен түскенде, жүйені қайта қосу үшін «P» ажыратқышын басу қажет болады (бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесінің ажыратқышымен тек 8 датчигі бар модификация жабдықталған.
- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Пайдалану тәсілдері

4 датчигі бар модификация — қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатыңыз және селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйіне ауыстырыңыз. Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі автоматты түрде қосылады. Егер ультрадыбыстық датчик кедергіні анықтаса, аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейіне осы кедергіге дейінгі қашықтық туралы ақпарат шығарылады (ол қызыл, сары немесе жасыл түспен көрсетілген) және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

8 датчигі бар модификация — қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ON күйіне орнатыңыз және «P» ажыратқышын басыңыз (бұл кезде ажыратқыш пернесіне орнатылған индикатор жанады) немесе селектор тұтқасын R (артқа жүру) күйіне

ауыстырыңыз. Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі автоматты түрде қосылады. Егер ультрадыбыстық датчик кедергіні анықтаса, аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейіне осы кедергіге дейінгі қашықтық туралы ақпарат шығарылады (ол қызыл, сары немесе жасыл түспен көрсетілген) және ескертуші дыбыс сигналы беріледі.

Ескертпе: ультрадыбыстық датчиктердің біреуі істен шыққан жағдайда, тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі қосылғаннан кейін 2 секунд ішінде ескертуші дыбыс сигналын береді. Тұрақ тежегіші қосылғанда немесе селектор тұтқасы P (тұрақ) күйіне орнатылғанда ескерту беру тоқтатылады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


- Кедергіге дейінгі анықталатын қашықтық кедергі контурларының проекциялары мен көлденең жазықтықтағы ультрадыбыстық датчиктің арасындағы ең қысқа қашықтыққа сәйкес келеді
- Егер алдыңғы ультрадыбыстық датчиктер қосулы тұрғанда тұрақ тежегіші қосылып немесе селектор P (тұрақ) күйінде тұрса, ескертуші дыбыс сигналы берілмейді, тек аудиожүйенің бас құрылғысының дисплейінде кедергі туралы ақпарат қана көрсетіледі.
- Тұраққа қою кезінде сигнал беру жүйесін белсендіру үшін 8 датчикпен модификация кезінде бұл жүйенің бұған дейін қосылған-қосылмағанына қарамастан селекторды R (артқы жүріс) күйіне қойыңыз. Осыдан кейін селекторды басқа күйлерге қойған кезде тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесі қосулы күйінде қалады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Тұраққа қою кезінде сигнал беру жүйесі датчиктердің анықтау аймағының шегінен тыс жерде орналасқан кедергілерді анықтай алмайды.
- Автокөлік қозғалған кезде тұраққа қою кезінде шанақтың басқа жағындағы сигнал беру жүйесінің датчиктері басқа кедергілерге жақындауы мүмкін екенін ескеріңіз.

Функциялық шектеулер


Тұраққа қою кезіндегі сигнал беру жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:




Ультрадыбыстық датчиктер сым, тор қоршау, арқандар және т. б. сияқты кедергілерді анықтай алмайды.



Ультрадыбыстық датчиктер аласа объектілерді, мысалы, тастарды және т. б. анықтай алмайды.



Ультрадыбыстық датчиктер бампер деңгейінен жоғары орналасқан кедергілерді анықтай алмайды.




Ультрадыбыстық датчиктер, мысалы, борпылдақ қар, мақта, поролон және т. б. секілді ультрадыбыстық толқындарды жеңіл жұтатын объектілерді анықтауға қабілетсіз.



Егер су тамшылары датчиктердің бетіне тисе және қатып қалса, датчиктер кедергілерді анықтауға қабілетсіз болады.




Егер ультрадыбыстық датчиктердің бетін қар немесе балшық жауып тұрса, датчиктер кедергілерді анықтауға қабілетсіз болады.




Бірнеше датчик бір мезгілде кедергілерді анықтаған жағдайда сәйкес датчиктер мен кедергілердің арасындағы қашықтық дисплейде бір мезгілде көрсетіледі. Бұл ретте зуммер тек жақын кедергіге жақындау туралы ескертеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Тұраққа қою кезінде сигнал беру жүйесі датчиктердің анықтау аймағының шегінен тыс жерде орналасқан кедергілерді анықтай алмайды.
- Автокөлік қозғалған кезде тұраққа қою кезінде шанақтың басқа жағындағы сигнал беру жүйесінің датчиктері басқа кедергілерге жақындауы мүмкін екенін ескеріңіз.




Егер автокөлік тік беткейде тұрса.



Автокөлікте жоғары жиілікті радиоқабылдағыш немесе антенна қолданылған жағдайда.



Егер автокөліктің жанында ультрадыбыстық толқын көздері бар болса, мысалы, басқа автокөліктердің дыбыс сигналдары, мотоциклдердің қозғалтқыштары немесе ауыр көлік құралдарының тежелу дыбысы естіліп тұрса.



Жібіген қармен немесе жаңбырда жүрген кезде.

Ультрадыбыстық датчиктерді тазалау

Тұраққа қою кезіндегі көмекші жүйе қалыпты жұмыс істеуі үшін датчиктердің бетін жүйелі түрде қардан, балшықтан және шаң-тозаңнан тазалап отыру қажет. Ол үшін жұмсақ шүберекті немесе төмен қысымды су арынын қолданыңыз.



Ультрадыбыстық датчиктерді жууға жоғары қысымды қондырғыларды пайдаланған, сондай-ақ оларға жоғары сыртқы жүктемелер әсер еткен жағдайда датчиктер істен шығуы мүмкін. Датчиктерді баспаңыз және оларды соққы жүктемесіне ұшыратпаңыз. Бұл датчиктердің жұмысқа қабілеттілігін бұзуы мүмкін.

Егер кедергіге жақындаған кезде ескертуші дыбыс сигналын естімесеңіз, келесілерді тексеріңіз:

- Ультрадыбыстық датчиктің бетінің қармен, мұзбен немесе балшықпен жабылмағанын.
- Кедергінің сым немесе тордан жасалған шарбақ емес екенін. Датчик бетінің қатып қалмағанын.
- Автокөліктің ыстық немесе суық ауа райында ұзақ уақыт бойы тұрмағанын.
- Егер себебі анықталмаса, автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

5-13. Тежеу күшін бақылау жүйесі

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ESP)

ESP жүйесі шектен тыс немесе жеткіліксіз бұрылғыштық жағдайында автокөліктің бағдарлық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Егер жүйе шектен тыс немесе жеткіліксіз бұрылғыштықты анықтаса, ол автокөліктің тұрақтылығын арттыру үшін дөңгелектердің тежеу механизмдерін жеке-жеке іске қосады. ESP жүйесі сондай-ақ автокөліктің қозғалыс кезіндегі бойлық тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған басқа жүйелердің (ABS және EBD секілді) жұмысын қамтамасыз етеді.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
ESP жүйесін аспаптар тақтасында қосуға немесе өшіруге болады. Қосымша ақпарат алу үшін «Аспаптар тақтасы» бөлімін қараңыз.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесінің (ESP) дабылы

ESP жүйесі өшірілген кезде, аспаптар тақтасында сары сигнал «» жанады.

Жүйе жұмыс істеп тұрғанда аспаптар тақтасында сары сигнал «» жыпылықтай бастайды.

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «» тұрақты жанып тұрады.

ҚАУІП
• ESP жүйесі ақаулы болған жағдайда автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз. • Жоғары қозғалыс жылдамдығы, шұғыл бұрылыстар мен нашар жол жағдайлары тіпті ESP жүйесі жұмыс істеп тұрса да, жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін. • ESP жүйесінің жұмысы төтенше жүргізу жағдайларында автокөлікті толық бақылауда ұстап қалуды кепілдендіре алмайды. Тіпті автокөлік ESP жүйесімен жабдықталған болса да, жол-көлік оқиғасына ұшырамау үшін барлық қажетті ережелерді қатаң түрде сақтау керек.

Функциялық шектеулер

ESP жүйесін өшіріп қою қажет болатын жағдайлар:

1. Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде.
2. Автокөлікті динамометриялық стендте сынаған кезде.
3. Қалың қарда немесе борпылдақ жер бетімен жүрген кезде;

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Терең құмның немесе қиыршық тастың үстімен жүргенде автокөліктің өткіштігін жақсарту үшін ESP жүйесін өшіріп қоюға кеңес беріледі.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)

ABS жүйесі тым қатты тежелген немесе сырғанақ жолда тежелген жағдайда дөңгелектердің бұғатталуының алдын алуға көмектеседі. Бұл дөңгелектердің бос тайғанауынан және автокөліктің бүйірге сырғуынан сақтануға мүмкіндік береді, сондай-ақ автокөліктің тұрақтылығын арттырады.



Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) қалыпты тежелу кезінде емес, тек тежелу кезінде дөңгелектердің бұғатталып қалу қаупі болған жағдайда ғана іске қосылады. Егер тежелу кезінде тежегіш педалі бүлкілдесе және шу естілсе, бұл ABS жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Мұндай бүлкілдер мен шу қалыпты құбылыс болып табылады. Тежегіш педалін жібермеңіз.

⚠ ҚАУІП

- Автокөлікті абайлап басқарыңыз және бұрылыстарда жылдамдықты түсіріңіз.
- ABS жүйесі ақаулы болған жағдайда автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.
- ABS жүйесі максималды мүмкін болатын тежелу тиімділігін қамтамасыз етеді, алайда тежелу жолының ұзындығы көп жағдайда жол төсемінің күйіне байланысты.
- Сонымен бірге ABS жүйесі алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық тым аз болған жағдайда, су басқан жол телімдерінен өткенде, бұрылыстарда немесе қираған жолдарда тым жылдам қозғалғанда, сондай-ақ автокөлікті зейінсіз немесе ұқыпсыз басқарған жағдайда сізді қауіп-қатерден қорғай алмайды.
- ABS жүйесі жол төсемінің кез келген жағдайында, мысалы, құмды немесе қар басқан жолдарда тежеу жолын қысқартуға кепілдік бермейді. Тежегішті блоктау жүйесі жоқ автокөлікпен салыстырғанда, сіздің автокөлігіңізге ұзартылған тежеу жолы қажет болуы мүмкін.

Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) ақаулығының сигнал бергіші

Жүйе ақаулы болған жағдайда аспаптар тақтасында сары сигнал «(ABS)» тұрақты жанып тұрады.

⚠ ҚАУІП

Егер тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) ақаулығының сигнал бергіші және тежеу жүйесінің ақаулығының сигнал бергіші бір мезгілде жанса, автокөлікті жол жиегіне қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және автокөлікті тексерту және жөндету үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

Функциялық шектеулер

■ ABS жүйесі жұмыс істеген кезде келесідей дыбыстар шығаруы мүмкін:

1. Тежегіш педалі бүлкілдегенде пайда болатын дыбыс.
2. Шұғыл тежеу кезінде аспа компоненттерінің автокөлік шанағына соғылуының дыбысы.
3. Электрқозғалтқыштың, электрмагнитті клапанның және ABS жүйесінің гидравликалық блогындағы кері айдау сорғысының жұмысының дыбысы.
4. Тежелу барысында тежеу күштерін электронды реттегіш (EBD) араласқан кездегі электрмагнитті клапанның жұмысының дыбысы.
5. Электрмен қоректендіруді қосқанда немесе қозғалтқышты оталдырғанда ABS жүйесінің өзін-өзі тексеруі барысындағы ызыңдаған қысқа дыбыс.

■ Төменде көрсетілген жағдайларда әрдайым алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отырыңыз.

1. Қираған жолдармен жүрген жағдайда.
2. Шұңқырлары бар жолда немесе жабыны тегіс емес жолдармен жүргенде.
3. Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде.
4. Балшық, қиыршық тасты немесе қар басқан жолдармен жүргенде.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> ABS жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін шиналардың өлшемінің, олардың сипаттамасы мен протекторының күйінің үлкен маңызы бар. Ауыстырған кезде зауытта орнатылған шиналардың типтік өлшемімен, рұқсат етілген жүктемесімен және конструкциясымен бірдей шиналарды орнатыңыз. Шина істен шыққан жағдайда ақаулы шинаны жаңа түпнұсқа шинаға ауыстырту үшін ресми дилердің сервистік станциясына жүгініңіз.

> ⚠ ҚАУІП
>
> • Жаңбыр жауып тұрғанда жүргізген кезде автокөліктің жылдамдығын мұқият бақылау қажет. Дөңгелектер бос айналып немесе тайғанап тұрған жағдайда ABS жүйесі тиімсіз болып қалуы мүмкін.
> • ABS жүйесі автокөліктің тізгінін сақтап отыруға көмектесетін болса да, автокөлікті абайлап басқару және орташа қозғалу жылдамдығын және алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейін қауіпсіз қашықтықты ұстап отыру өте маңызды, себебі тіпті ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған жағдайда да автокөліктің тұрақтылығының және рульмен басқару жүйесінің тиімділігінің шегі болады.

Жүргізушінің басқа көмекші жүйелері

Электрондық тежеу күштерін реттегіш (EBD)

Электрондық тежеу күштерін реттегіш (EBD) тежегіш күштерінің алдыңғы және артқы осьтер арасында таралуын (олардың жүктемесіне байланысты) автоматты түрде реттейді. Бұл тежеу тиімділігін арттыру үшін қажет. Электрондық тежеу күштерін реттегіш (EBD) пен ABS жүйесінің бірлескен жұмысы тежеу кезінде автокөліктің тұрақтылығын арттырады. Сонымен қатар бұрылыста тежеу кезінде жүйе дөңгелектердің айналу орталығына қатысты ішкі және сыртқы тежеу механизмдеріндегі күшті реттейді, бұл тежеу кезінде автокөліктің тұрақтылығын одан әрі арттырады.

Бос айналудан сақтау жүйесі (TCS)

Орыннан шұғыл қозғалғанда, сондай-ақ жылдамдықты үдеткен кезде жетекші дөңгелектер тайып бос айналуы мүмкін. Сырғанақ (мысалы, қар немесе мұз басқан) жолда бұл автокөлікті тізгіндей алмай қалуға және апаттық жағдайға алып келуі мүмкін. Егер дөңгелек датчиктерінің сигналының негізінде TCS жүйесі жетекші дөңгелектердің айналу жиілігінің жетектегі дөңгелектердің айналу жиілігінен асып кеткенін анықтаса (бұл бос тайғанауды білдіруі мүмкін), ол оталдырудың озу бұрышын түзейді, дроссельді жапқыштың ашылу бұрышын азайтады, төменірек берілісті қосады немесе тайғанап бос айналуын доғару үшін жетекші дөңгелектерді тежеңкіреп ұстайды.

Өрде қозғала бастаған кезде көмек көрсету жүйесі (HHC)

HHC жүйесі өрге қарай орыннан қозғалғанда автокөліктің артқа жылжып кетуінің алдын алады. Автокөлік тоқтағаннан кейін HHC жүйесі бойлық үдеу датчигінің көмегімен автокөліктің беткейде тұрғанын не тұрмағанын анықтайды. Егер автокөлік қозғалыссыз күйден алдыңғы не артқы жүріспен өрге қарай қозғалысын бастаса, HHC жүйесі автоматты түрде жұмысын бастайды. Автокөлік орыннан қозғала бастағанда жүргізуші аяғын тежегіш педалінен акселератор педаліне ауыстырғанша жүйе шамамен 1–2 секунд ішінде тежеу механизмдеріндегі қысымды ұстап тұрады. Тежеу механизмдеріндегі қысым қозғалтқыштың үдеткен тарту күші артқан сайын жайымен төмендейді. Бұл автокөліктің орыннан шұғыл қозғалуының нәтижесіндегі апаттық жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.

Төтенше тежеуге көмек көрсету жүйесі (HBA)

HBA жүйесі шұғыл тежеу кезінде автокөліктің тежелу жолын қысқартуға мүмкіндік береді. Төтенше жағдайда жүргізуші әдетте уақтылы тежей бастайды, алайда тежегіш педалін жеткіліксіз күшпен басады, және бұл тежелу жолын ұзартады. Мұндай жағдайларда HBA жүйесі көмектесе алады. Егер төтенше жағдайда жүргізуші тежегіш педалін тез, алайда жеткіліксіз күшпен басса, HBA жүйесі бірден тежеу жүйесінің контурларындағы қысымды максималды деңгейге дейін көтереді. Бұл ABS жүйесінің тез әрекет етуін және тиімділігін жоғарылатады және тежелу жолын тиімді қысқартуға мүмкіндік береді.

Тарту күшін бақылау жүйесі (DTC)

Егер қалыпты жұмыс жағдайларында жүргізуші акселератор педалін тез жіберсе немесе абайсызда төмен берілісті қосса, онда қозғалтқыштың тежеу әсеріне байланысты тайғақ жолда жетекші дөңгелектер бұғатталуы мүмкін. Бұл жағдайда DTC жүйесі қозғалтқыштың айналу сәтін азайтады және жетекші дөңгелектерді бұғаттан шығарады, бұл автокөліктің жұмысын қалпына келтіреді.

Автокөліктің аударылуын алдын алу жүйесі (RMI)

RMI жүйесі динамикалық жүктеме кезінде көліктің аударылып кетуіне жол бермейді (мысалы, жолақты ауыстыру кезінде).

Көмекші тежеу жүйесі (BAS)

BAS жүйесі шұғыл тежеу кезінде автокөліктің тежелу жолын қысқартуға мүмкіндік береді. Төтенше жағдайда жүргізуші әдетте уақтылы тежей бастайды, алайда тежегіш педалін жеткіліксіз күшпен басады, және бұл тежелу жолын ұзартады. Мұндай жағдайларда BAS жүйесі көмектесе алады. Егер төтенше жағдайда жүргізуші тежегіш педалін тез, алайда жеткіліксіз күшпен басса, BAS жүйесі бірден тежеу жүйесінің контурларындағы қысымды максималды деңгейге дейін көтереді. Бұл ABS жүйесінің тез әрекет етуін және тиімділігін жоғарылатады және тежелу жолын тиімді қысқартуға мүмкіндік береді.

Тежеу басымдығы жүйесі (BOS)

Акселератор педалі мен тежегіш педалін бір уақытта басқанда бұл жүйе қозғалтқыштың айналу моментін шектей отырып, тежеуге басымдық береді.

Төтенше тежеуге көмек көрсету жүйесі (EBA)

EBA жүйесі шұғыл тежеу кезінде автокөліктің тежелу жолын қысқартуға мүмкіндік береді. Төтенше жағдайда жүргізуші әдетте уақтылы тежей бастайды, алайда тежегіш педалін жеткіліксіз күшпен басады, және бұл тежелу жолын ұзартады. Мұндай жағдайларда EBA жүйесі көмектесе алады. Егер төтенше жағдайда жүргізуші тежегіш педалін тез, алайда жеткіліксіз күшпен басса, EBA жүйесі бірден тежеу жүйесінің контурларындағы қысымды максималды деңгейге дейін көтереді. Бұл ABS жүйесінің тез әрекет етуін және тиімділігін жоғарылатады және тежелу жолын тиімді қысқартуға мүмкіндік береді.

6-1. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі..280

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі.... 280

6-2. Сіздің төтенше жағдайдағы әрекеттеріңіз.....284

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі 284

Жарық шағылыстыратын жилет. 285

Апаттық аялдау белгісі... 285

Құрал..... 286

6-3. Ақау болған жағдайда сіздің әрекеттеріңіз 286

Егер дөңгелек автокөлік қозғалысы кезінде зақымдалса 286

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының қызып кетуі..... 292

Аккумулятор батареясының қуаты таусылған кездегі әрекеттер..... 293

Егер қозғалтқыш оталмаса..... 295

6-4. Сүйреу 296

Автокөлігіңізді сүйреу 296

Ақаулы автокөлікті сүйрету..... 298

Сүйреу құлақшасын орнату 299

6-5. Сақтандырғыштар.....299

Сақтандырғыш блогы 299

Сақтандырғыштарды тексеру..... 300

Сақтандырғыштарды ауыстыру 301

6-6. Егер сізге көмек қажет болса.....301


Қызметке қанағаттану..... 301

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясы ұсынатын қызметтер..... 302

6-1. ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі

ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі

■ ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі (A түрі)




ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі — бұл шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесі. Егер автокөлік белгілі бір әсер деңгейіне ұшыраса (қауіпсіздік жастығы іске қосылса) немесе жүргізуші немесе жолаушы төтенше жағдайда болса және көмек қажет болса, барлық қажетті ақпаратты арнайы басқару түймесі арқылы сервис орталығына қолмен жіберуге болады. Осыдан кейін орталық автокөліктің орналасқан жерін бақылап, алынған ақпаратқа сәйкес жедел құтқару іс-шараларын ұйымдастыра алады.

■ ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі (B түрі)



ЭРА-ГЛОНАСС жүйесі — бұл шұғыл жедел қызметтерді шақыру жүйесі. Егер автокөлік белгілі бір әсер деңгейіне ұшыраса (қауіпсіздік жастығы іске қосылса) немесе жүргізуші немесе жолаушы төтенше жағдайда болса және көмек қажет болса, барлық қажетті ақпаратты арнайы басқару түймесі арқылы сервис орталығына қолмен жіберуге болады. Осыдан кейін орталық автокөліктің орналасқан жерін бақылап, алынған ақпаратқа сәйкес жедел құтқару іс-шараларын ұйымдастыра алады.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ
Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.



ЭРА-ГЛОНАСС жүйесінің динамигі суретте көрсетілген аймақта орналасқан.

■ Автоматты түрде шұғыл қоңырау шалу режимі

ЭРА-ГЛОНАСС диспетчерлік орталығына автоматты қоңырау шалу апат кезінде келесі жағдайларда жүзеге асырылады: бетпе-бет соқтығысу; бүйірлік соқтығысу; артқы соққы; аударылу.

Операторға автокөліктің сипаттамаларын, оның орналасқан жерінің координаттарын, қозғалыс уақыты мен бағытын сипаттай отырып, мәліметтер жиынтығы беріледі, сондай-ақ автокөліктегі адамдармен динамик арқылы байланыс орнатылады.

■ Қолмен шұғыл қоңырау шалу режимі

Қолмен шұғыл қоңырау шалу үшін «SOS» түймесін басып, кем дегенде 3 с басып тұрыңыз. Осы сәттен бастап жоғарыда сипатталған автоматты шұғыл қоңырау шалу режиміне ұқсас жұмыс алгоритмі іске қосылады.

Қолмен режимде басталған шұғыл қоңырауды болдырмау үшін байланыс орнату кезеңінде (егер жүйе операторымен байланыс әлі орнатылмаған болса) «SOS» түймесін басу керек, қоңырау тоқтатылады.

«SOS» түймесін кездейсоқ басқан кезде операторға төтенше жағдайда емес екеніңізді айтыңыз.

■ Құрылғыны сынау режимі

«ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінің операторымен автомобильдік телекоммуникациялық жүйесі.

Құрылғыны сынау үшін дилерге хабарласуды ұсынамыз. Қаласаңыз, сынақты өзіңіз өткізе аласыз. Ол үшін «SOS» түймесін қатарынан бес рет басу керек. Сынау режимінде пайдаланушы Интерфейсі блогының күй индикаторы кезекпен қызыл — сары — жасыл болып жыпылықтайды.

Сынақты жүргізу үшін дауыстық нұсқауларды орындау қажет. Сынау режимінен шығу мына кезде жүзеге асырылады:

- өнімді сынау нәтижелерімен ең аз қажетті деректерді жүйе операторына бергеннен кейін;
- сыртқы қуат өшірілген кезде.

■ Қауіпсіздік шаралары

Бұйым көлік құралының борттық желісінен жұмыс істейді. Қуат көзінен ажыратылғанда бұйым кіріктірілген қосалқы аккумулятор батареясы есебінен жұмыс істейді. Қосалқы батареяның сыйымдылығы: 500 мАсағ. Қосалқы батареяның қызмет ету мерзімі: автокөліктің қызмет ету мерзіміне тең.

Батареяны ауыстыру қажеттілігін көрсету үшін УСВ ақаулығының жалпы индикаторы қолданылады.

Резервтік батарея тек уәкілетті дилерлерде ауыстырылады. Егер өнімнің жұмысында ақау табылса, қызмет көрсету орталығына хабарласу керек. Жөндеуді өз бетінше жүргізуге тыйым салынады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Шұғыл жедел қызметті шақыру келесі жағдайларда мүмкін емес: • ұялы желінің нашар сигналы немесе ЭРА-ГЛОНАСС диспетчерлік орталығының желісі бос емес; • автокөлік мобильді желіден тыс (туннельдер, жерасты автотұрақтары және т. б.); • телекоммуникациялық жүйе құрылғысының элементтерінің ақаулары.

■ Жүйе күйінің индикаторлары

Жүйенің жұмысын визуалды бақылау үшін пайдаланушы интерфейсі блогының күй индикаторы қолданылады.

Өнімге қуат беру кезінде күй индикаторы бес секунд ішінде қызыл түспен жанады, егер өнім дұрыс болса және өзін-өзі диагностикалаудан өткен болса, күй индикаторы сөніп, өнім жұмыс режиміне өтеді.

Егер өзін-өзі диагностикалау кезінде кіріктірілген компоненттердің ақаулығы анықталса, өнім сервистік индикация күйіне өтеді.

Өнімнің күйін көрсетудің мүмкін нұсқалары кестеде келтірілген.


1-кесте. Жүйе күйлерін көрсету

Жұмыс режимі	Индикация
Оталдырудан кейін УВЭОС-ты қосу	3-тен 10 секундқа дейін қызыл түспен жанады.
«ЭРА» режимі	Ішкі диагностика сәтті өтсе, жасыл түспен жанады. Ақаулық болса, қызыл түспен жанады.
УВЭОС ақаулығы	Тұрақты қызыл түспен жанады. Ақаулық коды CAN-шинасы немесе USB-қосылымы арқылы оқылуы мүмкін.
Ұялы байланыс операторының желісі уақытша қолжетімсіз	Бес рет қысқа қызыл жыпылықтау (5 Гц) және «Ұялы байланыс операторының желісі уақытша қолжетімсіз» қосымша дауыстық нұсқауы.
«Шұғыл қоңырау» режимінде байланыс орнату	Баяу жыпылықтау қызыл/жасыл (1 Гц). Қосымша дауыстық нұсқау режим туралы хабарлайды: – «Байланыс орнату»; – «Деректерді жүйеге жіберу».
«Шұғыл қоңырау» режимінде дауыстық байланыс орнату	Тұрақты жасыл түспен жанады. Қосымша дауыстық нұсқау «Байланыс орнатылды».
«Тексеру» режимі	Жасыл түспен жанады, үш рет қысқа қызыл жыпылықтау (5 Гц), 2 секунд үзіліс, қайталау.
«Сервис» режимі	Жасыл түспен жанады, үш рет қысқа қызыл жыпылықтау (5 Гц), 2 секунд үзіліс, қайталау. Әр 7 секунд сайын дыбыс сигналы беріледі.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Диагностика кезінде ішкі компоненттердің ақаулары анықталған жағдайда дилерге хабарласу қажет.

6-2. Сіздің төтенше жағдайдағы әрекеттеріңіз

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Автокөлік сынған немесе жол-көлік оқиғасына ұшыраған жағдайда, басқа жол қозғалысына қатысушыларды қауіп туралы ескерту және жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз, бұл кезде бұрылыс көрсеткіштерінің екі индикаторы бір уақытта жыпылықтай бастайды. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін өшіру үшін ажыратқышты қайтадан басыңыз.


ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Салон дизайны жинақтамаға байланысты және әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесі қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы OFF күйінде болса да жұмыс істейді.
- Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылады.
- Баптаулардың қолжетімді нұсқалары жинақтамаға байланысты және сондықтан әр автокөлікте әртүрлі болуы мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Шұғыл тежеу сигналы

Төтенше жағдайда тежегіш педалін басқан кезде орташа немесе жоғары жылдамдықта барлық бұрылыс ажыратқыштары мен аспаптар тақтасындағы тиісті индикаторлар жоғары жиілікте жыпылықтайды. Бұл төтенше шұғыл тежеу сигналы деп аталады. Тежегіш педалін жібергенде, апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышын басқанда немесе қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатқанда, шұғыл тежеу сигналы өшеді.

Жарық шағылыстыратын жилет




Жарық шағылыстыратын жилет ұсақ-түйек тартпасында орналасқан.

Автокөліктен нашар көрінетін жағдайда шыққан кезде жарық шағылыстыратын жилетті киіңіз (жарық шағылыстыратын материалдан жасалған жолақтары сыртқа қаратылған) — мысалы, кенет пайда болған ақаулықты жою үшін немесе жол-көлік оқиғасынан кейін. Бұның арқасында басқа көлік құралдарының жүргізушілері сізді жақсырақ көріп, жол-көлік оқиғасын болдырмауға көмектеседі.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


Салон дизайны жинақтамаға байланысты және автокөліктен автокөлікке қарай өзгеруі мүмкін. Бұл нақты автокөлікке байланысты.

Апаттық аялдау белгісі



Үшбұрышты апаттық аялдау белгісі кілем төсенішінің астындағы жүксалғышта сақталады.

Кенет пайда болған ақауларды жою үшін немесе жол-көлік оқиғасынан кейін автокөлік тоқтаған кезде апаттық аялдау белгісін пайдалану басқа көлік құралдары жүргізушілеріне қауіп туралы ескертуге және қайталама жол-көлік оқиғасын болдырмауға мүмкіндік береді.




Кәдімгі жолдарда апаттық аялдау белгісі автокөлігіңіздің артында кемінде 50 метр қашықтықта орнатылуы керек.

Автомагистральда апаттық аялдау белгісі автокөлігіңіздің артында кемінде 150 метр қашықтықта орнатылуы керек.

Нашар жолда немесе бұрылыста апаттық аялдау белгісі автокөлігіңіздің артында кемінде 150 метр қашықтықта орнатылуы керек.

Құрал



1. Домкрат
2. Баллон кілті
3. Домкрат тұтқасы
4. Сүйреу құлағы
5. Баллон кілтінің ұзартқышы

6-3. Ақау болған жағдайда сіздің әрекеттеріңіз

Егер дөңгелек автокөлік қозғалысы кезінде зақымдалса

Егер автокөлік қозғалып бара жатқанда дөңгелек зақымдалса, рульді екі қолыңызбен ұстаңыз және түзу сызықпен жүре беріп, жылдамдықты біртіндеп төмендетіңіз. Автокөлікті көлік легінен алыс жерде қауіпсіз жерде тоқтатыңыз.

1. Зақымдалған дөңгелекті ауыстыруға дайындық

1-қадам. Автокөлікті қатты жабыны бар көлденең алаңда тоқтатыңыз.

2-қадам. Тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне (автоматты беріліс қорабы бар автокөлік) немесе беріліс ауыстыру тұтқасын N (бейтарап) күйіне (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік) ауыстырыңыз.


3-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне ауыстырыңыз және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

4-қадам. Барлық жолаушылардан автокөліктен шығып, көлік легінен алысырақ жақта тұруын сұраңыз.

5-қадам. Жарық шағылыстыратын жилет киіп, автокөліктің артына 50–150 метр қашықтықта апаттық аялдау белгісін қойыңыз (жол жағдайына байланысты).

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Зақымдалған дөңгелекпен жүре беруге болмайды. Әйтпесе, тіпті қысқа қашықтыққа қозғалу шинаны зақымдап, ол жөндеуге жатпайды.


2. Қосалқы дөңгелекті шығарыңыз.



1-қадам. Жүксалғыш есігін ашыңыз, жүксалғыш кілемшесін көтеріңіз және құрал жинағын алыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Құралмен жұмыс істегенде абай болыңыз — жүксалғыштың қаптауышын зақымдап алмаңыз.



2-қадам. Ұзартқышы бар дөңгелек кілтін қосалқы дөңгелекті бекіту болтының басына кигізіңіз.


3-қадам: Қосалқы дөңгелекті түсіру үшін кілтпен қосалқы дөңгелекті бекіту болтын сағат тіліне қарсы 6 бағытта бұраңыз.



4-қадам. Қосалқы дөңгелек астыңғы күйге түсірілген кезде бекіткіш ілмегін ажыратыңыз және қосалқы дөңгелекті шығарып алыңыз.


Ескертпе: зақымдалған дөңгелекті ауыстырған соң, зақымдалған дөңгелекті шешуге қарсы ретпен жинаңыз.

3. Зақымдалған дөңгелекті шешіп алыңыз.



1-қадам. Автокөлікті домкратпен көтерген кезде, автокөліктің өздігінен қозғалмауы үшін зақымдалған дөңгелектен диагональ орналасқан дөңгелектің алдына сырғытпайтын тіректерді орнату керек.

Зақымдалған дөңгелек	Сырғануға қарсы тіректің күйі
Алдыңғы сол жақ дөңгелек	Артқы оң жақ дөңгелектің артында
Алдыңғы оң жақ дөңгелек	Артқы сол жақ дөңгелектің артында
Артқы сол жақ дөңгелек	Алдыңғы оң жақ дөңгелектің артында
Артқы оң жақ дөңгелек	Алдыңғы сол жақ дөңгелектің артында




2-қадам. Зақымдалған дөңгелектің барлық дөңгелек болттарын баллон кілтімен сағат тіліне қарсы бұрап босатыңыз. Болттарды бұрап алған кезде максималды сәт пайда болуы үшін баллон кілтін болттың басына кілт тұтқасы сол жақта болатындай етіп қою керек, содан кейін сол кілттің тұтқасының ұшын ұстап, оны басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Болттарды баллон кілтімен бұрап алған кезде, кілттің болт басынан сырғып кетуіне жол бермеңіз. Әйтпесе, сіз дөңгелек болтын зақымдауыңыз мүмкін.

⚠ ҚАУІП

Осы кезеңде болттарды толығымен бұра алмаңыз. Әйтпесе, автокөліктің салмағынан дөңгелек құлап кетуі мүмкін, бұл адамдарға жарақат әкелуі мүмкін.




3-қадам. Домкратты жабыны қатты көлденең алаңға қойып, домкрат басындағы ойық автокөлік шанағындағы тірек алаңына дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ


- Домкратқа түсіруге болатын максималды жүктеме: 1200 кг.
- Автокөлікті дөңгелекті шешіп алуға жеткілікті биіктікке көтеріңіз.

ҚАУІП

Автокөлік домкратпен көтерілген кезде, адамдар жарақаттанбауы үшін дененің ешбір бөлігі шанақтың астына түспейтініне көз жеткізіңіз.



4-қадам. Домкрат басы шанақтағы тірек алаңына тигеннен кейін, домкрат тұтқасын домкратқа орнатыңыз, дөңгелек кілтін домкрат тұтқасына салыңыз, содан кейін автокөлікті көтеру үшін баллон кілтін сағат тілі бағытында бұраңыз.




5-қадам. Баллон кілтін сағат тіліне қарсы бұрап, дөңгелек болттарын бұрап алып, зақымдалған дөңгелекті шешіп алыңыз.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Шешіп алынған дөңгелекті тырнап алмау үшін оны дөңес бетін жоғары қаратып жерге жатқызыңыз.

4. Қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.




1-қадам. Дөңгелекті орнатпас бұрын дөңгелек дискісі мен күпшектің тіреу беттеріндегі барлық кірді алып тастаңыз. Қосалқы дөңгелекті күпшекке орнатыңыз және доңғалақ дискісі күпшекке жақсы тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз.




2-қадам. Алдымен дөңгелек болттарын сағат тілімен бұрап, қолмен ораңыз. Содан кейін қосалқы дөңгелекті дұрыс күйге келтіріп, барлық болттарды баллон кілтімен алдын ала бұрап бекітіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Болттардың бұрандалы бөлігіне май жағуға тыйым салынады.



3-қадам. Автокөліктің жанында бөтен адамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Автокөлікті төмендету үшін домкрат тұтқасына салынған баллон кілтін сағат тіліне қарсы бұраңыз.




4-қадам. Болттарды суретте көрсетілген ретпен баллон кілтімен бұрап бекітіңіз. Болттарды сенімді түрде бұрап бекіту үшін осы процедураны 2–3 рет қайталаңыз.


5-қадам. Зақымдалған дөңгелекті, домкратты, апаттық аялдау белгісін және барлық құралдарды орнына салыңыз.

6-қадам. Егер шинадағы ауа қысымы төмен болса, шинадағы ауа қысымын қалыпқа келтіру үшін жақын жердегі ресми дилердің қызмет көрсету станциясына қарай төмен жылдамдықпен жүріңіз.

Қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.



OMT1D-5068

1-қадам. Дөңгелекті орнатпас бұрын дөңгелек дискісі мен күпшектің тіреу беттеріндегі барлық кірді алып тастаңыз. Қосалқы дөңгелекті күпшекке орнатыңыз және доңғалақ дискісі күпшекке жақсы тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз.



OMT1D-5069

2-қадам. Алдымен дөңгелек болттарын сағат тілімен бұрап, қолмен ораңыз. Содан кейін қосалқы дөңгелекті дұрыс күйге келтіріп, барлық болттарды баллон кілтімен алдын ала бұрап бекітіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
Болттардың бұрандалы бөлігіне май жағуға тыйым салынады.


OMT1D-5070

3-қадам. Автокөліктің жанында бөтен адамдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Автокөлікті төмендету үшін домкрат тұтқасына салынған баллон кілтін сағат тіліне қарсы бұраңыз.



4-қадам. Болттарды суретте көрсетілген ретпен баллон кілтімен бұрап бекітіңіз. Болттарды сенімді түрде бұрап бекіту үшін осы процедураны 2–3 рет қайталаңыз.

5-қадам. Зақымдалған дөңгелекті, домкратты, апаттық аялдау белгісін және барлық құралдарды орнына салыңыз.

6-қадам. Егер шинадағы ауа қысымы төмен болса, шинадағы ауа қысымын қалыпқа келтіру үшін жақын жердегі ресми дилердің қызмет көрсету станциясына қарай төмен жылдамдықпен жүріңіз.

⚠ ҚАУІП

- Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекпен 80 км/сағ немесе одан аз жылдамдықпен жүріңіз, мұндай дөңгелек жоғары жылдамдықпен жүруге арналмаған. Бұл сақтық шарасын сақтамау өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелетін апатқа ұшыратуы мүмкін.
- Шағын өлшемді қосалқы дөңгелекті ұзақ уақыт пайдалануға болмайды. Шағын өлшемді қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін дөңгелек болттарын қатайту сәті келесідей болуы керек: 110 ± 10 Н·м. Шағын өлшемді қосалқы дөңгелекті стандартты дөңгелекке ауыстыру үшін жақын жердегі ресми дилердің қызмет көрсету станциясына (ұсынылған қашықтық 80 км-ден аспауы керек) төмен жылдамдықпен жүріңіз. Бұл талапты орындамау дөңгелек болттарының бұрылуына әкелуі мүмкін.
- Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелекпен жүргенде, автокөлік стандартты шиналармен салыстырғанда төмен болады. Тегіс емес жолмен жүру кезінде абай болыңыз.
- Қосалқы дөңгелек тек шұғыл пайдалануға арналған және оны өте қысқа мерзімге ғана пайдалану керек. Оны ешқашан ұзақ сапарларға немесе ұзақ уақытқа пайдаланбаңыз.
- Есіңізде болсын, берілген қосалқы дөңгелек сіздің көлігіңізде пайдалану үшін арнайы жасалған. Қосалқы дөңгелекті басқа көлікте пайдаланбаңыз.
- Бір уақытта бірнеше қосалқы дөңгелекті пайдаланбаңыз.
- Қосалқы дөңгелекті мүмкіндігінше тезірек стандарттыға ауыстырыңыз.
- Жылдамдықты күрт үдетуден, рульді күрт бұрудан, күрт тежелуден және қозғалтқыштың қатты тежелуіне әкелетін берілістерді күрт ауыстырудан аулақ болыңыз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының қызып кетуі

Егер автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы қызып кетіп, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші «H» белгісінде болса немесе аспаптар тақтасында «» қызыл сигнал бергіш қосулы болса, жолдан шығып, автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтату керек.



1-қадам. Автокөлікті қатты жабыны бар көлденең алаңда тоқтатыңыз.

2-қадам. Тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне (автоматты беріліс қорабы бар автокөлік) немесе беріліс ауыстыру тұтқасын N (бейтарап) күйіне (механикалық беріліс қорабы бар автокөлік) ауыстырыңыз.

3-қадам. Егер сіз ауаны баптау жүйесін қолдансаңыз, оны өшіріңіз. Ауаны баптау жүйесінің түтігінен тамшылаған су ақаулықтың белгісі емес.

4-қадам. Қозғалтқыш бірнеше минут жұмыс істеп болғаннан кейін, қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне қойып, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.

5-қадам. Капотты ашпас бұрын мотор бөлімінен салқындату сұйықтығы немесе бу шықпайтынына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, күйік алуыңыз мүмкін.

6-қадам. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі нормадан төмен түссе, автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Егер қозғалтқыш жиі қызып кетсе, автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.

Салқындату сұйықтығының деңгейі төмен болса, оны радиатордың кеңейткіш бағына кәдімгі суды қосу арқылы қалыпқа келтіруге болады. Алайда, осыдан кейін сіз мүмкіндік туа салысымен салқындату сұйықтығын ауыстыру үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласуыңыз керек.

Аккумулятор батареясының қуаты таусылған кездегі әрекеттер

Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын күйіне орнатыңыз және іске қосу сымдарын қосыңыз.

1 «Оң» (+) іске қосу сымының бір қысқышын қуаты таусылған аккумулятор батареясының «оң» (+) полюс терминалына қосыңыз. «Оң» (+) іске қосу сымының басқа қысқышын сыртқы аккумулятор батареясының «оң» (+) полюс терминалына қосыңыз.

2 «Теріс» (–) іске қосу сымының бір қысқышын сыртқы аккумулятор батареясының «теріс» (–) терминалына қосыңыз. «Теріс» (–) іске қосу сымының басқа қысқышын

зарядсызданған аккумулятор батареясы бар автокөлік қозғалтқышының боялмаған бөлігіне қосыңыз.

2-қадам. Егер донорлық автокөліктің қозғалтқышы сөніп қалса, оны іске қосу керек, акселератор педалін жай басып, донорлық автокөлік қозғалтқышының жоғары айналымын шамамен 5 минут сақтап тұру керек, осылайша автокөлігіңіздің қуаты таусылған аккумулятор батареясы біраз зарядталады.

3-қадам. Егер қуаты таусылған аккумулятор батареясы бар автокөлік қозғалтқышын іске қосу әрекеті сәтсіз болса, іске қосу сымдарындағы қысқыштардың жақсы байланысын тексеріп, қозғалтқышты іске қосу әрекетін қайталаңыз. Егер қозғалтқыш әлі іске қосылмаса, қуаты таусылған аккумулятор батареясын зарядтаңыз.

4-қадам. Қозғалтқышты сәтті оталдырғаннан кейін іске қосу сымдарын қосуға кері реттілікпен ажыратыңыз (алдымен «теріс» (-) сымды, содан кейін «оң» (+) сымды).

Ескертпе: қозғалтқышты оталдыру үшін сыртқы аккумулятор батареясы ретінде тек кернеуі 12 В стандартты аккумулятор батареясын ғана қолдануға болады.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Егер аккумулятор батареясының қуаты жиі таусылса, мүмкіндік туған бойда, автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.
- Сыртқы аккумулятор батареясының «теріс» (–) шығысын зарядсызданған аккумулятор батареясының «теріс» (–) шығысымен тікелей қоспаңыз.
- Сыртқы аккумулятор батареясының кернеуі 12-ден 13 В-қа дейінгі аралықта болуы керек. Оның кернеуі қалыпты екеніне көз жеткізбейінше, қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан іске қоспаңыз.
- Іске қосу сымдарын жалғаған кезде олардың мотор бөліміндегі айналмалы бөліктерге (желдеткіш, аспалы қондырғылардың белдіктері және т. б.) тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Іске қосу сымдарының дұрыс бекітілгеніне және олардың қысқыштары арасында жеткілікті қашықтық бар екеніне көз жеткізіңіз. Іске қосу сымдарының қысқыштарының бір-бірімен немесе автокөліктің металл бөліктерімен жанасуына жол бермеңіз.
- Автокөліктің қуатын өшірмес бұрын немесе оны құлыптамас бұрын, электр энергиясын тұтынушылардың өшірілгеніне көз жеткізіңіз, әйтпесе аккумулятор батареясының қуаты таусылғандықтан қозғалтқышты іске қосуда қиындықтар туындауы мүмкін.

⚠ ҚАУІП

- Тек арнайы іске қосу сымдарын пайдаланыңыз.
- Аккумулятор батареясының жанында темекі шекпеңіз, сіріңке немесе оттықтарды пайдаланбаңыз, оған ашық жалынды жақындатпаңыз.
- Егер сіз мұнда сипатталған процедураны өз бетіңізше орындау қабілетіңізге сенімді болмасаңыз, компания сізге білікті механиктен немесе ресми дилердің сервис станциясынан көмек сұрауды қатаң ұсынады.

Аккумулятор батареясын ауыстыру



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

2-қадам. Капотты ашыңыз.

3-қадам. Сымды аккумулятор батареясының «теріс» (–) клеммасынан ажыратыңыз.

4-қадам. Сымды аккумулятор батареясының «теріс» (+) терминалынан ажыратыңыз.

5-қадам. Қысым жолағын алыңыз, содан кейін аккумулятор батареясын алыңыз.

6-қадам. Жаңа аккумулятор батареясының параметрлері ауыстырылатын батареяның параметрлеріне сәйкес келуі керек.

7-қадам. Аккумулятор батареясын орнатып, алып тастауға кері ретпен қосыңыз.

Ескертпе: бұл автокөлік қызмет көрсетілмейтін аккумулятор батареясымен жабдықталған. Жаңа аккумулятор батареясының параметрлері ауыстырылатын батареяның параметрлеріне сәйкес келуі керек. Аккумулятор батареясын ауыстыру үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласу ұсынылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Пайдаланылған аккумулятор батареясында күкірт қышқылы бар. Бұл улы және коррозия тудырады. Аккумулятор батареясын жергілікті қоршаған ортаны қорғау заңнамасына сәйкес қайта өңдеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Абай болыңыз, металл құралмен аккумулятор батареясының екі полюсті терминалына бір уақытта тиіп кетпеңіз. Аккумулятор батареясының «оң» (+) терминалын және автокөлік шанағын бір уақытта ұстамаңыз.

ҚАУІП

- Аккумулятор батареясын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аккумулятор батареясының жанында темекі шекпеңіз, сіріңке немесе оттықтарды пайдаланбаңыз, оған ашық жалынды жақындатпаңыз.
- Аккумулятор батареясының құрамында улы және коррозия тудыратын күкірт қышқылы бар, сондықтан аккумулятор батареясын пайдаланған кезде қауіпсіздік көзілдірігі мен қолғап киіңіз. Аккумулятор батареясын еңкейтпеңіз немесе аудармаңыз.
- Егер электролит дененің ашық жерлеріне немесе киімге түссе, оны сілтілі сумен (сабынмен) бейтараптандырып, таза сумен шайыңыз. Қажет болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Егер қозғалтқыш оталмаса

Егер қозғалтқыш оталмаса, сіздің әрекеттеріңіз дұрыс іске қосу процедурасына сәйкес келетініне және отын бағында жеткілікті отын бар екеніне көз жеткізіңіз.

■ Қозғалтқыштың иінді білігі айналмайды немесе төмен жиілікте айналады

1-қадам. Аккумулятор батареясы полюс терминалдарындағы клеммалар таза және мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

2-қадам. Егер аккумулятор батареясы полюс терминалдарындағы клеммалар таза болып, мықтап бекітілсе, фараларды қосыңыз. Егер фаралар күңгірт болып жанып тұрса, бұл аккумулятор батареясының қуаты таусылғанын білдіреді. Бұл жағдайда қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясының көмегімен іске қосуға болады.

3-қадам. Егер қозғалтқыш әлі оталмаса, бұл іске қосу жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуін білдіруі мүмкін. Автокөлікті тексеру және жөндеу үшін дереу ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

■ Қозғалтқыштың иінді білігі қалыпты жиілікте айналады, бірақ қозғалтқыш оталмайды

1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF немесе ACC күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталаңыз.

2-қадам. Егер қозғалтқыш оталмаса, бұл бірнеше рет оталдыру әрекеттеріне байланысты оталдыру білтелерінің бензинмен толтырылғанын білдіруі мүмкін. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз және бірнеше минуттан кейін қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталап көріңіз.

3-қадам. Егер қозғалтқыш осы әрекеттен кейін де оталмаса, мүмкіндік туған бойда автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Стартер істен шықпауы үшін оны 15 секундтан артық уақытқа қосып қоймаңыз.
- Егер қозғалтқышты оталдыру қиындаса немесе ол жиі сөнсе, мүмкіндік туған бойда автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.


6-4. Сүйреу

Автокөлігіңізді сүйреу

Автокөлікті сүйрету сіздің аймағыңыздағы қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес жүргізілуі керек.

Автокөлікті сүйретпес бұрын тұрақ тежегішін өшіріңіз (тұрақ тежегішін апаттық түрде өшіру үшін «Тежегіш жүйесі» бөлімін қараңыз) және селекторды/берілістерді ауыстыру тұтқасын N (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз.

Сүйреудің дұрыс жолдары



1 Алдыңғы жетекті автокөліктер үшін: автокөліктің алдыңғы дөңгелектерін іліп сүйреу. Сүйретілетін автокөліктің эвакуаторға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

2 Алдыңғы, артқы жетекті автокөліктер үшін: автокөліктің алдыңғы дөңгелектерін іліп, артқы дөңгелектерді жылжымалы арбаға орнату арқылы сүйреу. Сүйретілетін автокөліктің эвакуаторға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.


3 Алдыңғы, артқы жетекті автокөліктер үшін: автокөліктің артқы дөңгелектерін іліп, алдыңғы дөңгелектерді жылжымалы арбаға орнату арқылы сүйреу. Сүйретілетін автокөліктің эвакуаторға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

4 Алдыңғы, артқы жетекті автокөліктер үшін: эвакуаторға толық тиеумен тасымалдау. Сүйретілетін автокөліктің эвакуаторға мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Толық жетекті автокөліктерді эвакуаторға толық тиеу арқылы тасымалдау керек.
- Егер автокөліктің дөңгелектері немесе көпірлері зақымдалған болса, эвакуаторға толық тиеу қажет.
- Шанақ (ілінбеген дөңгелектердің жанында) пен тірек беті арасында жеткілікті қашықтықты қамтамасыз етіңіз. Әйтпесе, сүйретілетін автокөліктің бампері мен түбі сүйрету кезінде зақымдалады.

Сүйреудің дұрыс емес жолдары



1 Автокөліктің алдыңғы жағынан арқан көтергіші бар эвакуатормен сүйреу.

2 Алдыңғы дөңгелектерді жолға тіреу кезінде автокөліктің артқы жағынан арқан көтергіші бар эвакуатормен сүйреу.

3 Алдыңғы дөңгелектерді жолға тіреу кезінде артқы дөңгелектерді іліп эвакуатормен сүйреу.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Автокөліктің алдыңғы және артқы жағынан кабельді көтергіші бар эвакуатормен сүйретуге тыйым салынады. Бұл шанаққа зақым келтіреді.

Ақаулы автокөлікті сүйрету

Егер эвакуаторды шақыру мүмкін болмаса, автокөлікті сымарқанды, шынжырды немесе қатты тіркемені сүйреу құлақшасына бекітіп, біраз уақыт сүйреуге болады. Сүйреудің бұл әдісіне қозғалыс жылдамдығы төмен және қысқа қашықтықтағы қатты жабыны бар жолдарда ғана пайдалануға болады.

Бұл жағдайда жүргізуші сүйретілетін автокөлікте болуы керек және руль дөңгелегі мен тежегіш педалін басқаруы керек. Дөңгелектердің, трансмиссияның, көпірлердің, рульдің және автокөліктің тежеу жүйесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Автокөлікті сүйремес бұрын тұрақ тежегішін өшіріңіз (тұрақ тежегішін апаттық өшіруді «Тежеу жүйесі» бөлімінен қараңыз), селектор тұтқасын N (бейтарап) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын ACC немесе ON күйіне орнатыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Автокөлікті ұзақ сүйретуге тыйым салынады.
- Сіздің автокөлігіңізден ауыр көлікті ешқашан сүйремеңіз, әйтпесе сіздің көлігіңіз зақымдалуы мүмкін.
- Сымарқанды, шынжырды немесе қатты тіркемені сүйреу құлақшасына мықтап бекітіңіз.
- Сүйрегіш автокөліктің жүргізушісі мен сүйретілетін көліктің жүргізушісі сүйреу ережелерін білуі керек. Әйтпесе, сүйреуге тыйым салынады.
- Көлікке зақым келтірмеу үшін оны орын ауыстырумен сүйремеңіз.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда, тежегіш жүйесінің вакуумдық күшейткіші мен рульдің күшейткіші жұмыс істемейді. Сондықтан рульді басқару және тежегіш педалін пайдалану әдеттегіден көп күш жұмсауды қажет етеді. Сүйрету кезінде өте сақ болыңыз.
- Автоматты беріліс қорабы бар автокөлікті сүйреу қажет болған жағдайда ресми дилердің қызмет көрсету станциясының немесе автокөліктерді эвакуациялауға мамандандырылған компанияның көмегіне жүгініңіз.
- Егер сүйретілетін автокөлік ауыр қозғалса, көлікке қосымша зақым келтірмеу үшін сүйретуді жалғастырмаңыз. Көмек алу үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына немесе автокөлікті эвакуациялауға мамандандырылған компанияға хабарласыңыз.

⚠ ҚАУІП

- Жарақаттанбау үшін сүйретілетін көлікте жүргізушіден басқа ешкім болмауы керек.
- Көлікті сүйрету кезінде күрт қозғалудан немесе күтпеген маневрлерден аулақ болыңыз, бұл сүйреу құлақшасына, сымарқанға, шынжырға немесе қатты тіркемеге артық жүктеме салуы мүмкін. Сүйреу құлақшасы, сымарқан, шынжыр немесе қатты тіркеме құлап, ауыр жарақатқа келіп, зақым келтіруі мүмкін.

Сүйреу құлақшасын орнату


Алдыңғы сүйреу құлақшасы


OMT1D-5110

1-қадам. Оқшаулағыш таспамен оралған жалпақ бұрағышты пайдаланып, алдыңғы сүйреу құлақшасына арналған сәндік тесік қақпағын шешіп алыңыз.

2-қадам. Сүйреу құлақшасын арнайы тесікке салып, оны сағат тілімен бұраңыз. Содан кейін құлақшаны баллон кілтімен мықтап бұрап бекітіңіз.

Артқы сүйреу құлақшасы


OMT1D-5111

1-қадам. Оқшаулағыш таспамен оралған жалпақ бұрағышты пайдаланып, артқы сүйреу құлақшасына арналған сәндік тесік қақпағын шешіп алыңыз.

2-қадам. Сүйреу құлақшасын арнайы тесікке салып, оны сағат тілімен бұраңыз. Содан кейін құлақшаны баллон кілтімен мықтап бұрап бекітіңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Автокөлігіңіз жабдықталған сүйреу құлақшасын ғана пайдаланыңыз. Әйтпесе, оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Сүйреткіш автокөлік баяу және біркелкі жылдамдықпен жүруі керек. Сүйреу сымарқанын шамадан тыс тарту автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Сүйреу сымарқанын немесе қатты ілмекті тек сүйреу құлақшасына бекітуге болады.

⚠ ҚАУІП


Сүйреу құлақшасының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Егер сүйреу кезінде құлақша бұрылса, бұл жол-көлік оқиғасына, ауыр жарақатқа немесе адам өліміне әкелуі мүмкін.

6-5. Сақтандырғыштар

Сақтандырғыш блогы

Сақтандырғыштар электр тізбектері мен құрылғыларды шамадан тыс жүктемеден қорғауға қызмет етеді. Егер қандай да бір электр құрылғысы жұмыс істемесе, тиісті сақтандырғыш жанып кетке болуы мүмкін.

Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы




1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

2-қадам. Сымды аккумулятор батареясының «теріс» (–) клеммасынан ажыратыңыз.

3-қадам. Сақтандырғыштарды тексеру немесе ауыстыру үшін мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағын шешіп алыңыз.

Алдыңғы панельдегі сақтандырғыштар блогы



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

2-қадам. Сымды аккумулятор батареясының «теріс» (–) клеммасынан ажыратыңыз.

3-қадам. Сақтандырғыштарды тексеру немесе ауыстыру үшін басқару тақтасының төменгі сол жағындағы сәндік төсемді шешіп алыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Блок қақпағының ішкі жағындағы схема бойынша күдік тудыратын сақтандырғыштарды тексеріңіз.
- Электр жүйесіне зақым келтірмеу үшін балқымалы сақтандырғыштар блогын таза ұстаңыз. Ашық қақпақ арқылы блоктың ішіне ылғалдың түсуіне жол бермеңіз.
- Автокөлікке зақым келтірмеу үшін басқару тақтасының төменгі сол жақ сәндік төсемін алып тастағанда және орнатқанда абай болыңыз. Қажет болса, бұл үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Сақтандырғыштарды тексеру




A Жарамды сақтандырғыш

B Күйіп кеткен сақтандырғыш

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Егер сақтандырғыш жанып кетсе, оны ауыстыру керек.

Сақтандырғыштарды ауыстыру



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.

2-қадам. Блок қақпағының ішкі жағындағы схема бойынша күдік тудыратын сақтандырғыштарды тексеріңіз.

3-қадам. Сақтандырғышты алу үшін арнайы пинцетті қолданыңыз.

4-қадам. Сақтандырғыштың жарамдылығын тексеріңіз. Егер сақтандырғыштың жұмыс істеп тұрғанына сенімді болмасаңыз, оны сол номиналдағы жарамды сақтандырғышпен ауыстырыңыз. Сақтандырғыштардың номиналы сақтандырғыштың өзінде және сақтандырғыштар блогының қақпағында көрсетілген.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Қосалқы сақтандырғыш болмаған жағдайда, қажет болған жағдайда электр энергиясының екінші тұтынушысынан бірдей номиналды сақтандырғышты пайдалануға болады. Бірақ қосалқы сақтандырғыштар жиынтығын сатып алып, оны автокөлікте сақтаған дұрыс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Сақтандырғыштардың немесе сақтандырғыштар блоктарының құрылымын өзгертуге тыйым салынады.
- Ауыстыру үшін тек номиналы алдыңғы сақтандырғышпен бірдей сақтандырғышты пайдаланыңыз. Жанып кеткен сақтандырғышты уақытша болса да сыммен ауыстыруға тыйым салынады. Әйтпесе, автокөліктің электр жабдықтарына ауыр зақым келуі немесе ол өртенуі мүмкін.

6-6. Егер сізге көмек қажет болса

Қызметке қанағаттану

Компания және оның ресми дилерлері клиенттерге жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсынуға міндеттенеді. Біз үшін сіздің автокөлігіңізге риза болуыңыз өте маңызды. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде проблемалар туындаған кезде келесі әрекеттерді орындау ұсынылады:

- Проблеманы ресми дилердің қызмет көрсету станциясының қызмет көрсету жөніндегі кеңесшісімен талқылаңыз. Ресми дилердің қызмет көрсету станциясының қызметкерлері туындаған проблемаларды тез шешуге мүмкіндік беретін кәсіби білімге ие.
- Егер проблеманы шешу мүмкін болмаса, техникалық қызмет көрсету бөлімінің басшысына хабарласыңыз. Ол оңтайлы шешім табады.

- Егер қызмет көрсету станциясы сіздің проблемаңызды шеше алмаса, «First Motor Group ЖШС» сатудан кейінгі қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясы ұсынатын қызметтер

Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен материалдар автокөліктің мәлімделген қызмет ету мерзімін қамтамасыз ете алады. Компания бүкіл әлемдегі ресми дилерлердің сервис станциялары үшін қосалқы бөлшектердің жалғыз жеткізушісі болып табылады. Сондықтан ресми дилерлердің сервис станцияларында қолжетімді тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

Ресми дилерлер өз ісінің мамандары болып табылады және тек олар ғана компания , Ltd тарапынан автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді орындауға ресми түрде уәкілетті. Тиісті жұмыстарды жүргізу үшін ресми дилердің техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласқан кезде станция мамандары компанияда оқытылғанын және станцияда барлық қажетті түпнұсқа қосалқы бөлшектер бар екенін ұмытпаңыз.

7-1. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету 304

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету 304

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясы ұсынатын қызметтер 304

Автокөліктің ақаусыздығын тексеру 305

7-2. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету 306

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету 306

Мотор майының деңгейін тексеру 307

Беріліс қорабының жұмыс сұйықтығының деңгейін тексеру 308

Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру 308

Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру 309

Радиатор мен кондиционердің конденсаторын тексеру .. 310

Аспалы агрегаттардың жетек белдігін тексеру 310

Шиналарды тексеру 311

Дөңгелектерді ауыстыру 313

Аккумулятор батареясын тексеру 313

Ауаны баптау жүйесінің сүзгісін тексеру 313

Алдыңғы әйнекжуғыштың сұйықтық деңгейін тексеру 314

Тазалағыш щеткаларын тексеру 314

7-3. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету 317

Алғашқы техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат 317

Техникалық қызмет көрсету регламенті 319

Техникалық деректер 325

7-1. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының екі түрі бар: автокөлік иесі өздігінен орындай алатын ағымдағы жұмыстар және жоспарлы тексерулер мен техникалық қызмет көрсету, оны орындау үшін автокөлік иесі ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласуы керек.

Жоспарлы тексерулер мен техникалық қызмет көрсету туралы толығырақ ақпарат осы тараудың төмендегі «Жоспарлы техникалық қызмет көрсету» бөлімінде берілген. Бұл операциялар ықтимал қауіптерді алдын-ала анықтауға және ақауларды жоюға мүмкіндік береді. Автокөлікке жүйелі техникалық қызмет көрсету өте маңызды. Осы нұсқаулықта келтірілген техникалық қызмет көрсету регламентін қатаң сақтаңыз. Бұл сіздің автокөлігіңіздің оңтайлы сипаттамаларына, оның дұрыс жұмыс істеуіне кепілдік береді және оның қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Автокөлік бұзылмауы үшін тек компания ұсынған пайдалану сұйықтықтарын пайдаланыңыз.

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясы ұсынатын қызметтер

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясы

Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен материалдар автокөліктің мәлімделген қызмет ету мерзімін қамтамасыз ете алады. Компания бүкіл әлемдегі ресми дилерлердің сервис станциялары үшін қосалқы бөлшектердің жалғыз жеткізушісі болып табылады. Сондықтан ресми дилерлердің сервис станцияларында қолжетімді тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.

Ресми дилерлер өз ісінің мамандары болып табылады және тек олар ғана компания тарапынан автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді орындауға ресми түрде уәкілетті. Тиісті жұмыстарды жүргізу үшін ресми дилердің техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласқан кезде станция мамандары компанияда оқытылғанын және станцияда барлық қажетті түпнұсқа қосалқы бөлшектер бар екенін ұмытпаңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Пайдаланылған мотор майын, тежегіш сұйықтығын, салқындату сұйықтығын, руль гидрокүшейткішінің сұйықтығын (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін), жарамдылық мерзімі біткен аккумулятор батареялары мен шиналарды кәдеге жарату үшін арнайы қалдықтарды жою ұйымдарына хабарласыңыз. Оларды тұрмыстық қоқыстарды жинау жүйесіне немесе көрізге тастауға тыйым салынады.

Техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

Ресми дилердің қызмет көрсету станциясына жүгінген кезде сізде қажетті құжаттар болуы керек. Орындалуы керек кейбір жұмыстарға кепілдік қолданылмауы мүмкін. Қызмет көрсету жөніндегі кеңесшімен қосымша шығындарды талқылаңыз. Автокөліктің қызмет кітапшасын мұқият сақтаңыз. Ол ақаулықтарды жоюға көмектеседі.

Автокөлік ақауларының немесе орындалатын нақты жұмыстардың жазбаша тізімін дайындаңыз. Егер жол-көлік оқиғасы орын алса немесе техникалық қызмет көрсету журналында тіркелмеген жұмыс орындалған болса, бұл туралы қызмет көрсету жөніндегі кеңесшіге хабарлауды ұмытпаңыз.

Күн соңына дейін орындалуы керек позицияларды тізімдеңіз, қызмет көрсету жөніндегі кеңесшімен жағдайды талқылаңыз және кезектілік бойынша позицияларды тізімдеңіз.

Автокөліктің ақаусыздығын тексеру

Әр сапар алдында автокөліктің жарамдылығын тексеріңіз. Бұл автокөлікті пайдалану қауіпсіздігін және оны рахаттанып басқаруды қамтамасыз етеді.

⚠ ҚАУІП
Тексеру кезінде қозғалтқышты өшіру керек.

Күнделікті тексеру
Лак-бояу жабынында сызаттардың, түссізденудің және жарықшақтардың жоқтығын тексеріңіз, дөңгелек болттарының бекітілгенін және олардың болуын тексеріңіз, пайдалану сұйықтықтарының/майлардың ағып кетпеуін және есіктердің, капоттың, жүксалғыш есігінің және әйнектердің зақымдалмағанын тексеріңіз.
Мотор майының, тежегіш сұйықтығының, салқындату сұйықтығының, руль күшейткіші сұйықтығының (автокөліктің кейбір жасалу нұсқалары үшін) және жуғыш сұйықтықтың деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда тиісті сұйықтықты қосыңыз.
Суық шиналардың қысымын және олардың күйін тексеріңіз (тозу деңгейі, кетіктер, механикалық зақымданулар және т. б.). Қосалқы дөңгелектің күйін тексеріңіз.
Белбеулердің бекіткіш тоғындарының құлыптарға сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Белбеулердің таспаларының тозбағанына немесе зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
Жарықтандыру және сигнал беру жүйесінің ақаусыздығын тексеріңіз.
Аспаптар тақтасындағы сигнал бергіштер мен индикаторлардың ақаусыздығын тексеріңіз.

Ай сайынғы тексеру
Автокөліктің шанағын жуыңыз, мотор бөлімін бөлігін тазалаңыз (радиатор мен конденсатордағы кірді, қозғалтқыштағы ағып кеткен майды алып тастаңыз), автокөліктің салонын және жүксалғышты тазалаңыз.
Қосылымдардан, түтіктерден, құбыршектерден және бактардан сұйықтықтың ағып кетпеуін тексеріңіз. Сымдардың күйін және аккумулятор батареясы клеммаларының бекітілгенін тексеріңіз, оларда коррозия белгілері жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Электр сымдарының зақымдалмағанын, ағытпалардағы нашар контактіні және сымдардың үзілмегенін тексеріңіз. Пайдалану сұйықтықтары/майлары ағып кетпейтініне көз жеткізіңіз.
Ауаны баптау жүйесінің жұмысын тексеріңіз.
Тұрақ тежегішінің жұмысын тексеріңіз.
Қосалқы сақтандырғыштар мен құралдар жиынтығының бар-жоғын тексеріңіз (домкрат, баллон кілті және т. б.).

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Пайдаланылған мотор майын, тежегіш сұйықтығын, салқындату сұйықтығын, жарамдылық мерзімі біткен аккумуляторлық батареялар мен шиналарды кәдеге жарату үшін арнайы қалдықтарды жою ұйымдарына хабарласыңыз. Оларды тұрмыстық қоқыстарды жинау жүйесіне немесе кәрізге тастауға тыйым салынады.

7-2. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету

Егер сіз автокөлікке техникалық қызметті өзіңіз көрсетсеңіз, осы бөлімде көрсетілген операцияларды дәл орындаңыз.

Онда тек көлік иесінің өзі жасай алатын техникалық қызмет көрсету операцияларына арналған нұсқаулар берілген. Сондай-ақ, арнайы құралы бар білікті маманға тапсырылуы керек операциялар бар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ


- Капотты жаппас бұрын, мотор бөлімінде құрал, шүберек және т. б. сияқты қосымша заттардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Автокөлікті ауа тазартқыштың сүзгі элементінсіз пайдалануға тыйым салынады, себебі ол қозғалтқыштың қарқынды тозуына әкеледі.
- Салқындату сұйықтығын, тежегіш сұйықтығын және жуғыш сұйықтықты белгіленген деңгейге дейін толтырып құйыңыз. Егер шанаққа сұйықтық түссе, лак-бояу жабынына зақым келтірмеу үшін оны дереу дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

ҚАУІП

- Күйіп қалмас үшін қозғалтқыш ыстық болған кезде салқындату жүйесінің кеңейткіш бағының қақпағын ашпаңыз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қолыңызды, киіміңізді және құралыңызды салқындату жүйесінің желдеткішінен және жетек белдіктерінен алыс ұстаңыз.
- Отын бағының немесе аккумулятор батареясының жанында темекі шекпеңіз, себебі ұшқын немесе ашық жалын өртке әкелуі мүмкін.
- Электрондық оталдыру жүйесі жоғары кернеуде жұмыс істейді. Сондықтан қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде немесе қозғалтқышты іске қосу ажыратқышы ON күйінде болған кезде осы жүйенің компоненттеріне қол тигізуге тыйым салынады.
- Сапардан кейін бірден қозғалтқыш, радиатор, шығатын коллектор және цилиндр блогы басының қақпағының температурасы өте жоғары болады, сондықтан оларға қол тигізбеңіз. Салқындату жүйесінің желдеткіші кез келген уақытта автоматты түрде қосылуы мүмкін. Сондықтан киім (әсіресе галстуктар) айналмалы желдеткішке түсіп кетпеуі үшін абай болыңыз.

Мотор майының деңгейін тексеру

Мотор майының деңгейін тексеру



Мотор майының деңгейін тексеру өшірулі және салқындатылған қозғалтқыштағы сүңгіштің көмегімен жүзеге асырылады.

1-қадам. Қозғалтқыш қызғаннан кейін автокөлікті көлденең алаңда тоқтатыңыз. Қозғалтқышты өшіргеннен кейін шамамен 5 минут күтіңіз.

2-қадам. Капотты ашыңыз, сүңгішті шығарып алыңыз және оны таза шүберекпен сүртіңіз.

3-қадам. Сүңгішті тегіс және біркелкі етіп орнына тірелгенше салыңыз.


4-қадам. Сүңгішті осы күйде 3 секундқа қалдырыңыз. Содан кейін сүңгішті қайтадан шығарып алып, мотор майының деңгейін тексеріңіз.



Май қозғалтқышқа немесе автокөлік шанағына тамбауы үшін сүңгінің ұшының астына шүберек салыңыз.

Қозғалтқыш қызғаннан кейін май деңгейін бірден тексермеңіз — оны біраз уақыт жұмыс істетіп қойыңыз. Қозғалтқыш өшірілгеннен кейін, майдың картер науасына ағып кетуін күтіңіз.

Мотор майын қосу



1-қадам. Қозғалтқыштың май құятын тығынын сағат тіліне қарсы бұраңыз.

2-қадам. Шұңқыр арқылы аз мөлшерде мотор майын қосып, оның деңгейін сүңгішпен тексеріңіз.

3-қадам. Егер мотор майының деңгейі рұқсат етілген шектерде болса, қозғалтқыштың май құятын тығынын сағат тілімен орап, мықтап бекітіңіз.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Пайдаланылған мотор майы мен май сүзгісін кәдеге жарату үшін тұрмыстық қоқыстарды жинау жүйесін, кәрізді немесе жерді пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл қоршаған ортаның қатты ластануына әкеледі. Оларды жергілікті табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес кәдеге жарату керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Мотор майын максималды деңгейден жоғары құюға тыйым салынады. Әйтпесе қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.
- Тек компания ұсынған мотор майын пайдаланыңыз. Әйтпесе, компания тікелей немесе жанама залал бойынша ешқандай шағымдар қабылдамайды.
- Егер ауыстырған кезде қозғалтқышқа май төгілсе, қозғалтқыштың май құятын тығынын орамас бұрын май тамшыларын шүберекпен сүртіңіз.

Қозғалтқыштың май құю аузының тығынын бұрап алғаннан кейін оны бұрандалы бөлігін жоғары қаратып қойыңыз. Әйтпесе майдың қалдықтары тығыннан қозғалтқышқа төгілуі мүмкін.

Беріліс қорабының жұмыс сұйықтығының деңгейін тексеру.

Беріліс қорабының жұмыс сұйықтығының деңгейін тексеру, толтырып құю және ауыстыру жұмыстарын кәсіпқойларға тапсырған дұрыс. Ол үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру



Сұйықтықтың деңгейі негізгі тежегіш цилиндрі бағының корпусындағы MIN және MAX белгілерінің арасында болуы керек. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі MIN белгісіне дейін немесе одан төмен түссе, бакқа тежегіш сұйықтығын құйыңыз және автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Тежегіш сұйықтығы жоғары гигроскопиялық болғандықтан, негізгі тежегіш цилиндрінің бағын мықтап жауып жүріңіз.
- Тек компания ұсынған тежегіш сұйықтығын пайдаланыңыз. Әйтпесе, компания тікелей немесе жанама залал бойынша ешқандай шағымдар қабылдамайды.

Тежегіш сұйықтығы шанақтың лак-бояу жабынына түскен жағдайда, бөлшектерд коррозияға ұшырамауы немесе шанақтың лак-бояу жабыны зақымдалмауы үшін оны дымқыл ысқышпен сүрту немесе сумен жуу керек.

ҚАУІП

Тежегіш сұйықтығын теріге немесе көзге тигізбеңіз. Тежегіш сұйықтығы дененің ашық жерлеріне немесе көзге тиген кезде, зақымдалған аймақты дереу көп мөлшерде таза сумен шайыңыз. Қажет болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру

Салқындату деңгейін тексеру



Суық қозғалтқышта салқындату сұйықтығының деңгейі MIN және MAX белгілері арасында болуы керек. Егер сұйықтық деңгейі MIN белгісіне дейін немесе одан төмен түссе, баққа сұйықтық құйыңыз және автокөлікті тексеру және жөндеу үшін ресми дилердің сервис станциясына дереу хабарласыңыз.

Салқындату сұйықтығын толтырып құю

1-қадам. Қозғалтқыш суық болғанда қозғалтқыштың салқындату жүйесінің кеңейткіш багының қақпағын ашып, салқындату сұйықтығының деңгейін MAX белгісіне дейін жеткізіңіз.

2-қадам. Қозғалтқышты оталдырып, оны қалыпты жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз. Бұл ретте салқындату сұйықтығының деңгейін үнемі бақылап отырыңыз. Егер ол MIN белгісінен төмен түссе, салқындату сұйықтығын деңгей төмендегенше толтырып құйыңыз.

3-қадам. Қозғалтқышты өшіріп, салқындағаннан кейін салқындату сұйықтығының деңгейі қалыпты екенін тексеріңіз. Олай болмаса, деңгей қалыпты болғанша жоғарыдағы әрекеттерді қайталаңыз.

4-қадам. Қозғалтқышты салқындату жүйесінің кеңейткіш багының қақпағын мықтап жабыңыз.

> ⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
>
> • Егер салқындату сұйықтығының деңгейі тым тез төмендесе, радиатордың, құбыршектердің және сұйықтық сорғысының бітеулігін тексеріңіз.
>
> Тек компания ұсынған тежегіш сұйықтығын пайдаланыңыз. Әйтпесе, компания тікелей немесе жанама залал бойынша ешқандай шағымдар қабылдамайды.

> ⚠ ҚАУІП
>
> • Қозғалтқыштың температурасы жоғары болғанда салқындату сұйықтығы жоғары қысымда болады. Күйіп қалмас үшін кеңейткіш бактың қақпағын және қозғалтқышты салқындату жүйесінің радиатор аузының қақпағын ашпаңыз.
>
> • Салқындату сұйықтығы улы. Сондықтан салқындату сұйықтығын толтырып құйған кезде өте сақ болыңыз және оны көліктің кез келген бөлігіне, денеге немесе жерге тигізбеңіз. Егер салқындату сұйықтығы дененің ашық жерлеріне немесе көзге тисе, зақымдалған аймақты дереу көп мөлшерде таза сумен шаю керек. Қажет болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Радиатор мен кондиционердің конденсаторын тексеру

Автокөлікті пайдалану кезінде конденсатор мен радиатордың алдыңғы беті жәндіктермен, жапырақтармен және басқа бөгде заттармен бітеліп қалуы мүмкін. Бұл ауа баптау жүйесі мен қозғалтқышты салқындату жүйесінің жұмысына кері әсерін тигізіп, оның қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда радиатор мен кондиционер конденсаторын тазалау қажет.

Кондиционер конденсаторы: қозғалтқыш сөніп, салқындаған кезде конденсаторды мотор бөлімінен автокөліктің алдыңғы жағына қарай радиатор арқылы сығылған ауамен үрлеңіз.


Радиатор: радиатордың бетін жылына кемінде бір рет тазалау ұсынылады. Қозғалтқыш сөніп, салқындаған кезде радиатордың қырларын сығылған ауамен немесе су ағынымен тазалаңыз, олардан жәндіктердің іздерін, жапырақтарды және басқа бөгде заттарды алып тастаңыз. Ауа мен судың қысымы 150 кПа аспауы керек. Әйтпесе, сіз радиатордың қырларын зақымдауыңыз мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Радиатор қырларының материалы жылуды жақсы өткізеді, бұл сұйықтықты тиімді салқындатуға мүмкіндік береді. Қырларды щеткамен тазаламаңыз, әйтпесе олар зақымдалып, салқындату тиімділігі төмендеуі мүмкін.
- Су ағынын қыздырылған қозғалтқыштың ыстық радиаторына бағыттауға тыйым салынады, өйткені бұл жағдайда пайда болған бу күйікке әкелуі мүмкін. Радиаторды қозғалтқыш сөніп, салқындаған кезде ғана жуыңыз.

Аспалы агрегаттардың жетек белдігін тексеру

Аспалы агрегаттардың жетек белдігі уақыт өте келе созылады, сондықтан оның керілуін үнемі тексеріп отыру керек. Белдіктің жеткіліксіз керілуі автокөліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.



1-қадам. Қозғалтқышты іске қосу ажыратқышын OFF күйіне орнатыңыз.


2-қадам. Саусақтарыңызбен белдікті ұстап, белдікті қай бұрышқа көлденең бұруға болатынын тексеріңіз.

3-қадам. Егер белдіктің бұрылу бұрышы 90°-тан асса, белдіктің керілуін реттеу үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз.

⚠ ҚАУІП

Аспалы агрегаттардың жетек белдігінің керілуін тексермес бұрын, қозғалтқышты өшіріп, суытыңыз, сонымен қатар белдіктің айналмайтынына көз жеткізіңіз.

Шиналарды тексеру




Шиналардың тозуын протектордағы тозу көрсеткіштері бойынша бақылаңыз. Шина протекторының қалдық тереңдігі шекті мәнге жеткенде, тозу көрсеткіштері анық көрінеді. Тозу индикаторларының пайда болуы шиналардың қасиеттері мен олардың жұмысының қауіпсіздігі айтарлықтай төмендегенін және шиналарды ауыстыруды қажет ететіндігін көрсетеді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Жауапкершілік танытыңыз — тозған шиналарды тастамаңыз. Оларды сіздің еліңіздегі қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес кәдеге жарату керек.

Төменде келтірілген сақтық шараларын орындаңыз. Әйтпесе, сіз басқаруды жоғалтып, жол-көлік оқиғасына ұшырауыңыз мүмкін, оның салдары ауыр жарақатқа немесе адам өліміне әкелуі мүмкін.

1. Басқа автокөлікте пайдаланылған шиналарды пайдаланбаңыз.
2. Протектордың тозу дәрежесі бойынша бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін шиналарды бір уақытта пайдаланбаңыз.
3. Егер сіз бұрын қандай жағдайда пайдаланылмағанын, шиналарды пайдаланбаңыз.
4. Автокөлікке өндірушілері әртүрлі, модельдері әртүрлі немесе протектор суреттері әртүрлі шиналарды орнатпаңыз.
5. Әртүрлі конструкциялы (радиалды және диагоналды) шиналарды автокөлікке орнатпаңыз.
6. Автокөлікке орнатылған шиналардың өлшемі спидометрдің көрсеткіштеріне әсер етеді. Егер шиналардың өлшемі (диаметрі) түпнұсқадан өзгеше болса, спидометр автокөліктің жылдамдығын дұрыс көрсетпейді. Бұл зақымы кепілдікпен өтелмейтін жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.



Шиналардағы дұрыс емес ауа қысымы отын шығынының жоғарылауына, шиналардың қызмет ету мерзімінің қысқаруына және автокөліктің тұрақтылығының нашарлауына әкеледі. Сондықтан шиналардағы ұсынылған ауа қысымын сақтау керек (шиналардағы ұсынылған ауа қысымының мөлшері жүргізуші есігінің ойығындағы тақтайшада келтірілген). Егер суық шиналардағы ауа қысымы ұсынылған мөлшерден жоғары немесе төмен болса, бұл автокөліктің ыңғайлылығына кері әсер етуі мүмкін. Қажет болса, шиналардағы ауа қысымын реттеңіз.

■ Шиналарда дұрыс ауа қысымын сақтап отырыңыз. Әйтпесе, төменде келтірілген салдар орын алуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттармен немесе өліммен аяқталатын жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін:

1. Шиналардың шектен тыс тозуы.
2. Автокөлікті басқарудың нашарлауы
3. Шиналардың біркелкі емес тозуы.
4. Шина бортының нашар тығыздалуы
5. Дөңгелек дискісінің деформациясы немесе шинаны жолда бөлшектелуі
6. Шиналардың қызып кетуіне байланысты бұзылу мүмкіндігі
7. Нашар жол жағдайларына байланысты шиналардың зақымдану ықтималдығы артады

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Уақыт өте келе шиналардағы ауа қысымы баяу төмендейді. Бұл қалыпты жағдай.
- Бірақ егер сізге шиналарды тым жиі үрлеу қажет болса, мүмкіндік туған бойда, автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.
- Егер шинадағы ауа қысымы жиі төмендесе немесе кесілгендіктен немесе басқа зақымдардан сапалы жөнделмесе, мұндай шинаны ауыстыру керек.
- Шиналардағы ауа қысымын өлшеу үшін шина манометрін пайдаланыңыз. Өлшеуді суық шиналарда жүргізіңіз. Шиналардағы ауа қысымын визуалды тексеру сізге нақты нәтиже бермейді.
- Егер автокөлік қозғалған кезде шинадан ауа шығып кетсе, қозғалысты тоқтату керек. Дөңгелегі жарылған қысқа сапардың нәтижесінде ол жөндеуге жатпайтындай зақымдануы мүмкін.
- Шина шұраларының қақпақтары дұрыс орнатылғанын қадағалаңыз. Әйтпесе, кір шұраларға түседі. Қақпақты жоғалтқан кезде оның орнына жаңа қақпақты дереу орнату керек.

Шиналарда жалпақ дақтардың алдын алу


Шиналарда жалпақ дақтардың алдын алу

Егер автокөлік жоғары температура жағдайында ұзақ уақыт тұрса, шиналар мен жер бетінің жанасу орны аздап деформацияланады, бұл «жалпақ дақ» деп аталады және бұл қалыпты жағдай. Бірақ ол қозғалыс кезінде шанақтың және рульдің дірілдеуіне әкеледі. Жүріс ұлғайған сайын шиналар қызып, бастапқы қалпына келеді, ал діріл біртіндеп жоғалады.

Автокөлік ұзақ уақыт бойы қозғалмай тұрғанда, шинаның жалпақ дағын келесі әдістермен азайтуға болады:

1. Шиналардағы қысымды басқару Тұраққа қойған кезде шиналардың жермен жанасу кезіндегі деформациясын азайту үшін шиналардағы қысымды (3,2 ± 0,2) барға дейін реттеңіз және шиналардағы қысымды айына кемінде бір рет тексеріңіз; жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сапар алдында шиналардағы қысымды қалыпты ұсынылған мәнге дейін қалпына келтіру қажет.
2. Тұрақты қозғалыс: Шиналардың қозғалыс кезінде біркелкі тозуы үшін автокөлікті 2 аптада бір рет, 30 күннен аз аралықпен басқару және әр жолы 15 минуттан артық жүру ұсынылады.
3. Ұзақ мерзімді тұрақ: Егер тұрақ 2 айдан астам уақытқа созылса, шиналар жерден толығымен ажырап, тұрақты қысымды сезінбеуі үшін шанақты көтеру үшін домкраттарды пайдалану ұсынылады.

Дөңгелектерді ауыстыру



Шиналар жиынтығының біркелкі тозуын және қызмет ету мерзімін ұзартуды қамтамасыз ету үшін дөңгелектерді кем дегенде әрбір 10 000 км жол жүрген сайын ауыстыру ұсынылады (дөңгелектерді әр 5000–7000 км сайын ауыстыру оңтайлы болып табылады). Бұл жағдайда дөңгелектерді ауыстыру аралығы сіздің жүргізу стиліңізге және жол төсемінің күйіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

Дөңгелектерді ауыстыруды кәсіпқойларға тапсырған дұрыс. Ол үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласыңыз.

Аккумулятор батареясын тексеру

Аккумулятор батареясының полюс терминалдарында тотығу белгілері бар-жоғын, клеммалардың босамағанын, оларда жарықтар бар-жоғын және қысым жолағының босамағанын тексеріңіз.

бұл автокөлік қызмет көрсетілмейтін аккумулятор батареясымен жабдықталған. Жаңа аккумулятор батареясының параметрлері ауыстырылатын батареяның параметрлеріне сәйкес келуі керек. Аккумулятор батареясын ауыстыру үшін ресми дилердің қызмет көрсету станциясына хабарласу ұсынылады.

Ауаны баптау жүйесінің сүзгісін тексеру

Ауаны баптау жүйесінің сүзгісі автокөліктің қозғалысы кезінде ауаны баптау жүйесінің желдеткіш торлары арқылы көліктің салонына сырттағы шаңның түсуіне жол бермейді. Уақыт өте келе сүзгі біртіндеп бітеліп қалады. Егер ауаны баптау жүйесінің тиімділігі

айтарлықтай төмендесе, ауаны баптау жүйесінің сүзгісін тексеріп, қажет болған жағдайда ауыстырыңыз.

ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

- Ауаны баптау жүйесінің сүзгісін ауыстыруды кәсіпқойларға тапсырған дұрыс. Ол үшін ресми дилердің сервис станциясына хабарласу ұсынылады.
- Сүзгісі алынып тасталған ауаны баптау жүйесін пайдалану салонға шаңның түсуіне және жүйенің тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.
- Автокөліктің кейбір модификацияларында кондиционер жүйесі N95 стандарты бойынша ауаны тазалауды қамтамасыз етеді.

Алдыңғы әйнекжуғыштың сұйықтық деңгейін тексеру




Егер жуғышты қосқан кезде бүріккіш тозаңдатқыштарынан сұйықтық шықпаса, жуғышты өшіріп, оның бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз. Егер бакқа сұйықтықты қосымша құйғаннан кейін де жуғыш қосылмаса, мүмкіндік туа салысымен автокөлікті ресми дилердің қызмет көрсету станциясына апарып, тексертіп, жөндетіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Антифризді жуғыш бағына құюға тыйым салынады, себебі бұл лак-бояу жабынына зақым келтіреді.
- Егер қоршаған ортаның температурасы 0 °C-тан төмен түсуі мүмкін болса, жуғыш бағына су құймаңыз, әйтпесе су қатып қалады және жуғыш істен шығуы мүмкін.
- Жуғыш бағының сыйымдылығы автокөлік модификациясына байланысты 2–4,5 л құрайды.

Тазалағыш щеткаларын тексеру



Алдыңғы әйнектазартқыш щеткалары щетканың жұмыс жиегінің күйін саусағыңызбен сырғыту арқылы тексеріңіз. Резеңке таспаның тегіс емес беті тазартқыштың тиімділігін төмендетеді.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

- Әйнектен қырауды немесе мұзды кетіру үшін тазартқыш щеткаларды пайдаланбаңыз.
- Алдыңғы әйнектегі тастардың соққыларынан пайда болған жарықшақтарды уақтылы алып тастаңыз.
- Қыс мезгілінде щеткаларға зақым келтірмеу үшін тазартқышты қоспас бұрын олардың әйнекке қатып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Майдың, силикон қосылыстарының және отынның щеткаларға түсуі алдыңғы әйнекті тазалаудың сапасын төмендетеді. Щеткаларды ластанудан тазарту үшін жуғыш сұйықтықты пайдалану ұсынылады.
- Автокөліктің кейбір модификацияларында алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру үшін тазартқыш тұтқаларын ауыстыру күйіне қою керек. Щетканы ауыстыру үшін тазартқыш тұтқаны көтерген кезде щетканы топсадан ұстаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін «Әйнектазартқыштар мен жуғыштар» бөлімін қараңыз.

Тазартқыш щеткаларға күтім жасау

1. Автокөлікті жуған кезде тазартқыш щеткаларға зақым келтірмеу үшін жоғары қысымды суды оларға тікелей бағыттамаңыз.
2. Алдыңғы әйнекте тазартылмаған жолақтар пайда болмауы үшін тазартқыш щеткаларын әйнектерге арналған тазалағышпен жүйелі түрде сүртіп отыру қажет.
3. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тазартқыш щеткаларды жылына бір немесе екі рет ауыстыру керек. Щеткаларды ресми дилердің қызмет көрсету станциясынан сатып ала аласыз.
4. Автоматты жуудан кейін жылтыратқыштың қалдықтарын кетіру үшін алдыңғы әйнек пен тазартқыш щеткаларды таза сумен жуу керек.
5. Алдыңғы әйнек құрғақ болғанда тазалағышты қоспаңыз. Бұл әйнекте сызаттар мен щеткалардың жөндеуге жатпайтын зақымдалуына әкелуі мүмкін.
6. Алдыңғы әйнекті тазарту үшін бензин, тырнаққа арналған лак бояуын кетіргіштерді, бояу еріткіштері немесе ұқсас сұйықтықтарды қолдануға тыйым салынады. Бұл щеткаларға зақым келтіруі мүмкін.
7. Алдыңғы және артқы әйнекке «жаңбырға қарсы» типті гидрофобты қосылыстарды қолдану ұсынылмайды. Уақыт өте келе мұндай қосылыстың қабаты жұқарады, бұның салдарынан щеткалар біркелкі емес тозып, жұмыс кезінде дірілдейді.
8. Егер алдыңғы әйнекте кеуіп қалған кір, жәндіктердің іздері, жапсырмалар немесе қатты кір болса, алдымен оларды дымқыл, таза шүберекпен алып тастау керек. Бұл үшін құрғақ шүберекті пайдаланбаңыз және тазартқышпен әйнектен кірді кетірмеңіз. Бұл әйнек пен щеткаларға зақым келтіруі мүмкін.

Тазартқыштарды пайдалану

1. Тазартқыш тұтқаларды қолмен іске қосуға тырыспаңыз — оларды зақымдауыңыз мүмкін.
2. Тазартқышты қоспас бұрын, алдыңғы әйнектен қарды, жапырақтарды, бұтақтарды және басқа бөгде заттарды алып тастау керек.
3. Баққа жуғыш сұйықтықты үнемі толтырып құйыңыз. Жуғыш сұйықтық ретінде осы Нұсқаулықта көрсетілген арнайы сұйықтықты пайдалануыңыз керек, оны сумен алмастыруға болмайды.
4. Қоршаған орта температурасы төмен болғанда тазалағышты қоспас бұрын щеткалардың әйнекке қатып қалмағанына көз жеткізу керек. Егер щеткалар әйнекке қатып қалса, алдымен оларды жібіту керек. Жылытқышты қосып, алдыңғы әйнектің

үрлеу режимін таңдаңыз. Щеткаларға ыс құймаңыз — бұл алдыңғы әйнектің жарылуына және щеткалардың деформациясына әкелуі мүмкін.

7-3. Жоспарлы техникалық қызмет көрсету

Алғашқы техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат

*A типі: Алғашқы 5000 км жүрілген жолға арналған техникалық қызмет көрсету картасы (автокөлікті сатып алған күннен бастап алғашқы 3 ай ішінде)
